

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**«Тұран-Астана» университеті**

**Ж.М. БҰЛАҚБАЙ**

**КОРПОРАТИВТІК ҚАРЖЫ**

**Оқу құралы**

**Астана 2011**

**УДК 336 (075.8)**

**ББК 65.26 я 73**

**Б 89**

**Пікір берушілер:**

**Сембиева Л.М.-** э.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

**Бержанова А.М.-** э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті

**Мұқан Б.Г.** - э.ғ.к., доцент

**ISBN 978-601-214-049-1**

**Бұлақбай Ж.М.**

**Б 89** Корпоративтік қаржы. Оқу құралы. Жанат Бұлақбай – Астана, 2011 - 237 б.

Оқу құралында корпоративтік қаржылардың маңызы, мәні, корпоративтік қаржыны басқару процесіндегі теориялық білім мен талдаудың тәжірибелік негіздері зерттелген, қаржылық–несиелік шешімдерді қабылдаудағы қаржылық- экономикалық есептеулердің математикалық негіздері, корпорациялардың негізгі капиталы, айналым капиталы, өніді өндіру, өткізу шығындары және оларды қаржыландыру, корпорациялардың табысының құралуы, бөлінуі және қолдану тиімділігі, меншікті капиталы, корпорацияны қаржыландырудың қарыздық көздері, капиталының құны мен құрамы, қаржылық жоспарлау, қаржылық жағдайын бағалау және қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары, корпорацияның қаржылық дәрменсіздігі және қаржылық сауықтыру жолдары баяндалады, сонымен қатар, корпоративтік қаржылар жайлы студенттердің білімін тексеруге арналған тестілік сұрақтар қарастырылған.

«Корпоративтік қаржы» оқу құралы жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтарының студенттеріне арналған.

**УДК 336 (075.8)**

**ББК 65.26 я 73**

*Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

**ISBN 978-601-214-049-1**

© Бұлақбай Ж.М. 2011

© «Тұран- Астана» университеті, 2011

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ.....</b>	<b>7</b>
<b>I БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯЛАР ҚАРЖЫСЫ: ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ОРТАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ.....</b>	<b>8</b>
1.1 Корпоративтік қаржылыр ұғымы мен мазмұны, ұйымдастыру қағидаттары, олардың функциялары.....	8
1.2 Корпорациялардың қаржы механизмі.....	10
1.3 Корпорация қаржысын ұйымдастыру жүйесі.....	11
<b>II БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ–НЕСИЕЛІК ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕРДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>13</b>
2.1 Ақшаның уақытша құндылығы түсінігі. Компания капиталының нақтылы (ағымдағы) және болашақтағы құны.....	13
2.2 Дисконттау және компаундинг.....	15
2.3 Жай және күрделі пайыздық мөлшерлемелер.....	15
2.4 Жай және күрделі есептік пайыздық мөлшерлемелер.....	17
2.5 Аннуитет.....	19
2.6 Қаржылық шешім қабылдауда ақшаның инфляциялық құнсыздануының есебі.....	20
2.7 Бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен пайыздар, бағалы қағаздардың табыстылығы.....	21
<b>III БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫ.....</b>	<b>32</b>
3.1 Негізгі капиталдың түсінігі және қаржыны ұйымдастырудағы ролі. Негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің құрамы мен құрылымы.....	32
3.2 Амортизация, оның есептелуі және негізгі капиталды жаңартудағы ролі.....	36
3.3 Негізгі қорларды тиімді пайдаланудың көрсеткіштері.....	39
3.4 Инвестициялардың мәні, инвестициялық қызметтің объектілері мен субъектілері. Инвестициялардың түрлері.....	43
<b>IV БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ.....</b>	<b>56</b>
4.1 Айналым капиталының маңызы, жіктелуі. Айналым капиталын ұйымдастыру принциптері.....	56
4.2 Нормаланатын және нормаланбайтын айналым капиталы. Өндірістік қорлар, несиелік қарыздар, ақшалай қаражаттар.....	63
4.3 Айналым капиталына қажеттілікті анықтау, оған әсер етуші факторлар.....	64
4.4 Айналым қорларының қаржыландыру көздері. Айналым капиталын	

пайдаланудың көрсеткіштері.....	69
4.5 Айналым капиталын қаржыландыруды басқару.....	74
<b>V БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯ ӨНІМІН ӨНДІРУ, ӨТКІЗУГЕ ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ.....</b>	<b>76</b>
5.1 Өнімнің өзіндік құнын құратын шығындардың экономикалық жіктелуі. Өзіндік құнның құрамы мен құрылымы.....	76
5.2 Шығындардың деңгейі көрсеткіштері, оларды төмендетудің жолдары мен резервтері. ....	87
5.3 Өнімді өндіру мен өткізу шығындарының сметасы. Өнімді өндіру және өткізудің шығындарын жоспарлау.....	89
<b>VI БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯЛАР ТАБЫСЫНЫҢ ҚҰРАЛУЫ, БӨЛІНУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ.....</b>	<b>96</b>
6.1 Кәсіпкерлікті дамытудағы табыстың рөлі, табыстың функциялары.....	96
6.2 Корпорациялардың жалпы табысы, оның құрамы мен құрылымы. Табыстың түрлері.....	99
6.3 Өнімді өткізуден түскен табыс, мүлікті өткізуден түскен табыс, мүлікті өткізуден түскен табыс, қаржылық операциялардан түскен табыс.....	103
6.4 Салық төлеуге дейінгі табыс, таза табыс.....	107
6.5 Өнімді өткізуден түскен табысты жоспарлау әдістері. ....	111
<b>VII БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ.....</b>	<b>118</b>
7.1 Корпорацияның меншікті капиталының рөлі, құрамы мен құрылымы.....	118
7.2 Жарғылық капитал - корпорацияның меншікті қаражаттарының негізгі, бастапқы көзі.....	120
7.3 Қосымша капитал.....	122
7.4 Арнайы бағыттағы қорлар (қорлану қоры, тұтыну қоры және резервтік қорлар).....	122
7.5 Меншікті капиталды пайдалану тиімділігін бағалау көрсеткіштері.....	123
<b>VIII БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ҚАРЫЗДЫҚ КӨЗДЕРІ .....</b>	<b>126</b>
8.1 Компанияның ұзақ мерзімді қарыздары, оларды пайдалану.....	126 127
8.2 Компанияның эмиссиялық қызметі. Акциялар мен облигациялар. ....	
8.3 Компанияның қаржыландырудың қысқамерзімдік қарыз көздері. Банктік несие, оны алу мен өтеу. ....	132
8.4 Қаржыландырудың жаңа құралдары: факторинг, форфейтинг, форвардтық және фьючерстік контрактілер.....	137

<b>ІХ БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰНЫ МЕН ҚҰРАМЫ.....</b>	<b>141</b>
9.1 Капиталдың бағасы мен құрылымы.....	141
9.2 Капитал құны туралы концепциялар- компанияны қаржыландыру негіздері.....	142
9.3 Капитал құнының түрлері: ішкі, нарықтық, баланстық, жою, инвестициялық құны. ....	144
9.4 Компания капиталының құны мен құрылымының өзара байланысы. Леверидж.....	150
	<b>153</b>
<b>Х БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ.....</b>	
10.1 Қаржылық жоспарлаудың мәселелері мен қағидаттары. Қаржылық жоспарды құрудың, қарастырудың, бекітудің реті. ....	153
10.2 Өндірістік жоспар көрсеткіштерімен қаржылық жоспарлаудың өзара байланысы. ....	155
10.3 Стратегиялық, ағымдағы және оперативтік қаржылық жоспар. Перспективалық және қысқамерзімдік қаржылық жоспарлау. ....	158
	162
10.4 Табыстар мен шығындар жоспары, пайда мен шығын жоспары.....	168
10.5 Табыстар мен шығындардың шахматты балансы, оның құрылымы мен мақсаты. ....	
<b>ХІ БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ.....</b>	<b>173</b>
	173
	182
11.1 Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау. ....	
11.2 Қаржылық нәтижелерді талдау.....	183
11.3 Корпорацияның қаржылық тұрақтылығына жету жолдары және қаржылық стратегиясының мәселелері.....	
	<b>186</b>
<b>ХІІ БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ДӘРМЕНСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУ.....</b>	<b>186</b>
12.1 Банкроттық ұғымы, белгілері мен қағидаттары.....	188
	190
12.2 Фирманың кризистік жағдайының пайда болуы механизмы. Компания қызметінің кризисінің факторлары. ....	192
12.3 Банкроттылық ықтималдығын болжау.....	
12.4 Банкроттық нысандары: санация, қайта ұйымдастыру, келісімдер. Қайта ұйымдастыру әрекеттерінің түрлері мен оны жүргізудің реті.....	194
	229
	236
<b>ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....</b>	
<b>ГЛОССАРИЙ.....</b>	
<b>ӘДЕБИЕТТЕР.....</b>	

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан экономикасының әлемдік шаруашылық қатынастарына, интеграциялық үрдістерге кірігуі отандық кәсіпорындардан, әсіресе ірі өндірістік бірлестіктер- корпорациялардан, қаржылық тұрақтылықтың жоғарғы деңгейін қажет етеді. Егер әрбір кәсіпорын экономикаға үлкен қаржылық нәтижелер әкелсе, онда экономика салаларының және мемлекеттің макроэкономикалық көрсеткіштері жоғарылайды. Сондықтан қазіргі кезде әрбір шаруашылық субъектісінің қаржылық қызметін басқару мәселесіне көп көңіл бөлінеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы – мемлекеттің қаржы жүйесінің ерекше саласы, орталықтандырылмаған бөлігін құрайды. Бұл ең алдымен жалпы қоғамдық өнім, ұлттық табыс және ұлттық байлық құрылатын материалдық өндіріс саласына қызмет көрсетумен айқындалады. Жоғары даму барысындағы бәсекелестік жағдайында кәсіпорын жағдайын бағалау бәсеке қабілеттіліктің қосымша факторы болып табылады және кез-келген саладағы қаржылық тұрақты кәсіпорындар санының өсуі экономиканың дамуы мен бюджетке төленетін тұрақты түсімдердің негізі болып табылады. Неғұрлым кәсіпорындардың қаржылық жағдайы берік болса, соғұрлым жалпы мемлекеттік және аймақтық ақша қорлары толығымен қамтамасыз етіледі, әлеуметтік-мәдени және қоғамның басқа да қажеттіліктері жеткілікті қанағаттандырылады.

Корпорациялар деңгейіндегі қаржылық жүйесін басқарудың қажетті құралы ретінде қаржылық жағдайдың жалпы деңгейіне әсер ететін барлық факторлардың өзара байланысы алынады.

«Корпоративтік қаржы» оқу құралының мақсаты – корпоративтік қаржылар ұғымдарын және корпоративтік қаржыны басқарудың негізгі механизмдерін игеру, қаржылық қатынастарды түсіну, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылығының мәнін түсіну, негізгі капиталды, айналым капиталын басқаруды үйрету, корпорацияның қаржылық- шаруашылық, экономикалық әл-ауқатына жетудегі әдістері мен құралдарын қолдануды дарыту.

«Корпоративтік қаржы» - 050509-«Қаржы» мамандығының студенттерінің міндетті оқу пәні және өзге экономикалық мамандықтардың студенттері үшін ерекше пайдалы курс.

Корпоративті қаржы пәнінің мазмұны меншікті қаржы ресурстарын қалыптастыру, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту, оларды бөлу мен пайдалану, сондай-ақ негізгі және айналым капиталын, табысты бөлу және қайта бөлу барысында пайда болатын ақша қатынастарының жүйесін зерттеуге бағытталған.

Студенттер берілген оқу құралы корпоративтік қаржылар ұғымын, мәнін, оның атқаратын қызметін түсінуге, кәсіпорынның қаржылық қатынастарын

басқару мен бақылау, жоспарлау мен болжамдау әдістері мен қағидаларын тәжірибеде орынды қолданға көмек көрсетеді.

## **I БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯЛАР ҚАРЖЫСЫ: ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ОРТАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

### **1.1 Корпоративтік қаржылыр ұғымы мен мазмұны, ұйымдастыру қағидааттары, олардың функциялары**

**Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы** – мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамды бөлігі және айырықша саласы, орталықтандырылмаған қаржы ресурстарының бір бөлігі. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы қаржылардың негізгі, бастапқы бөлігі болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің сипаты бойынша коммерциялық және коммерциялық емес негіздерде жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілер болып ажыратылады.

Коммерциялық кәсіпорындар қаржысы деп өндірістік капиталдарды қалыптастыру, өнім өндіріп, оны өткізу, меншікті қаржы ресурстарын жасау, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту, оларды бөлу және пайдалану процесіндегі ақшалай қатынастардың жиынтығын айтады.

Кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыру келесі қағидааттарға негізделген:

**1. Коммерциялық- шаруашылық есеп** - кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық - қаржы қызметін жүргізудің негізге алынатын қағидаты және басты әдісі. Коммерциялық есеп қағидаты кәсіпорынға оның қызметі үшін, оның *жарғылық* капиталын құрайтын қажетті *негізгі* және *айналым құралдары (капиталы)* тұрақты пайдалануға бөліп берілетінін білдіреді. Шаруашылықты жүргізудің әдісі ретіндегі коммерциялық есеп қағидаты шығындарды шаруашылық қызметтен алынған табыспен өлшеуді және табыс алуды қажет етеді.

**2. Жоспарлылық қағидаты** кәсіпорынның қаржылық қызметі өндірістің мақсаттарына, міндеттеріне, оларға жетудің белгіленген әдістеріне жетудің дәйектілігі мен мезгіліне қарай оның параметрлерін есептеу арқылы алдын ала қарастырылатынын білдіреді. Кәсіпорынның болжалды қызметі факторларының тұрлаусыздығы жағдайында қаржылық көрсеткіштерді егжейлі - тегжейлі пысықтаудың - жоспарлаудың орнына болжау қолданылады, яғни қолда бар мәліметтерді зерделеудің, өзгермелі факторларды ғылыми өңдеудің (үлгілеудің, экстраполяциялаудың) және қойтындылаудың негіінде кәсіпорынның қаржылық дамуының болжамы жасалады.

3. Кәсіпорындар мен ұйымдар **меншігінің барлық нысандарының теңдігі қағидаты** қатынастардың тұрақтылығы мен меншіктің түрлі нысандары - мемлекеттік, жеке меншік, шетел мемлекеттерінің және олардың заңи ұйымдары мен азаматтарының, халықаралық ұйымдардың нысандары дамуының мемлекет кепілдігінде жүзеге асырылады. Меншіктенуші өз білгенінше өзінің мүлкіне иелік жасайды, пайдаланады және басқарып

ұйымдастырады, оған қатысты заңға қарсы келмейтін кез келген іс - әрекет жасайды, мүлікті кез - келген шаруашылық және заңмен тиым салынбаған өзге де қызмет үшін пайдаланады.

4. Кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастырудың қажетті қағидаты басқаруың барлық деңгейлеріндегі **қаржы резервтерінің** (резервтік капитал, тәуекел қоры) болуы. Қаржы резервтері әр түрлі әдістермен өндірістік және әлеуметтік қорлардың мөлшеріне пайызбен, пайда немесе табыстан тұрақты нормативтер бойынша аударымдар арқылы жасалуы мүмкін.

Осы қағидаттарға негізделіп кәсіпорындар өздерінің **қаржы механизмін** қалыптастырады. Кәсіпорындардың **қаржы механизмі** негізгі мақсаттарына жету және дамуы үшін қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастыру, тиімді пайдалану әдістерінің жиынтығы. Кәсіпорын қызметінің мақсаты – қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және пайда табу.

**Кәсіпорындардың қаржысы** қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін пайдаланудан қалыптасады.

**Коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы** деп өндірістік капиталдарды қалыптастыру, өнім өндіріп, оны өткізу, меншікті қаржы ресурстарын жасау, қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту, оларды бөлу және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды айтады.

**Кәсіпорындардың қаржысы келесі функцияларды орындайды:**

- негізгі және айналым капиталын табыстар мен ақша қаражат қорларын қалыптастыру негізінде қамтамасыз ету (жинақтаушы функция);
- табыстар мен ақша қаражат қорларын пайдалану (бөлу функциясы);
- бақылау функциясы.

Кәсіпорындардың қаржы қорларындағы белгілі бір мақсаттарға арналған ақша қаражаттары үнемі қозғалыста болады: түседі, жинақталады, жұмсалады.

Кәсіпорындар үшін маңызды қорлар: жарғылық қор, резервтік капиталдар, қорлану қоры, тұтыну қоры, валюталық, жөндеу қорлары.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына тән негізгі белгілерді профессор К.К.Ильясов пен В.Д.Мельников келесідей анықтаған: 1) қаржы қатынастарының көп қырлылығы;

2) өндірістік капиталдардың міндетті болуы;

3) жоғары белсенділік;

4) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы бүкіл қаржы жүйесінің айқындаушы негізі болып табылады.





Сурет 1- Кәсіпорын қаржылық дамуына әсер ететін факторлар

## 1.2 Корпорациялардың қаржы механизмі

Кәсіпорындардың **қаржы механизмі** - қаржы әдістерінің көмегімен қаржы тұтқаларын пайдалану арқылы кәсіпорындардың қаржы қатынастарын басқару жүйесі.

**Кәсіпорындардың қаржы қатынастары** көп қырлы, олардың нысандары мен мақсатты бағыттары сан алуан. Кәсіпорындардың қаржы қатынастары кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметі процесінде пайда болады, олар келесі ақша қатынастарының тобынан құрылады:

- 1) басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен;
- 2) кәсіпорынның еңбек ресурстарымен;
- 3) мемлекетпен;
- 4) қаржылық - несиелік мекемелермен, ұйымдармен;

5) құрылтайшылармен.

Кәсіпорындардың қаржы механизмінің элементтері мыналар: **қаржы қатынастары, қаржы әдістері, қаржы тұтқалары.**

**Кәсіпорындардың қаржы қатынастары** көп қырлы, олардың нысандары мен мақсатты бағыттары сан алуан. Кәсіпорындардың қаржы қатынастары кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметі процесінде пайда болады, олар келесі ақша қатынастарының тобынан құрылады:

- б) басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен;
- 7) кәсіпорынның еңбек ресурстарымен;
- 8) мемлекетпен;
- 9) қаржылық - несиелік мекемелермен, ұйымдармен;
- 10) құрылтайшылармен.

**Қаржы әдістері-** қаржы қатынастарына әсер ету тәсілдерінің жиынтығы. Қаржы әдістерінің негізгілері мыналар: қаржылық жоспарлау, қаржылық болжау, қаржылық реттеу, қаржылық бақылау, қаржылық талдау, өзін-өзі қаржыландыру, қаржылық есеп, инвестициялық бағдарламалар, бағалы қағаздар шығару, салық салу, бухгалтерлік есеп-қисап жүйелері, сақтандыру.

**Қаржы тұтқалары** - кәсіпорынның шаруашылық қызметіне әсер етуші қаржылық көрсеткіштерінің жүйесі. Олар: таза табыс, қаржылық санкциялар, баға, дивидендтер, пайыздар, еңбек ақы, т.б.

### **1.3 Корпорация қаржысын ұйымдастыру жүйесі**

Кәсіпорындар ірі жүйе ретінде екі қосалқы жүйеден құралған: басқарушы (басқару субъектісі) және басқарылатын жүйе (басқару объектісі).

Басқару субъектісінің құрамы:

- қаржыны басқарудың ұйымдық құрылымы;
- қаржылық басқару бөлімдері мен басқармалардың кадрлары;
- қаржыны басқару құралдары мен әдістері.

Басқарушы жүйе қаржылық басқару бөлімдері мен басқармалардан құралған. Корпорацияның қаржы директоры бас директордың ең маңызды орынбасары. Көптеген ірі, орта кәсіпорындарда қаржы жұмысын басқару үшін қаржы департаментімен (қаржы қызметі) бірге жеке бухгалтерия құрылады.

Корпорацияның қаржы қызметінің міндеттері:

- меншікті және қарыз қаражаттарын тиімді пайдаланудың қаржылық стратегиясын құру;
- пайданың өсімін қамтамасыз етуде, рентабельділікті жоғарылатуда, жұмыскерлердің өндірістік – әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ақша ресурстарының ағынын басқаруда кәсіпорынның басшысына көмек көрсету;
- мемлекетпен, қаржылық - несиелік мекемелермен, ұйымдармен, серіктестермен, құрылтайшылармен есеп айырысуды жүзеге асыру, олардың алдындағы міндеттемелерді орындау;
- ағымдағы және ұзақ мерзімді қаржы жоспарын (бюджетін), несиелік және кассалық жоспарларды дайындау;

- өндірістік ресурстарды тиімді қолдануды, айналым қаражаттарының экономикалық негізделген нормативтеріне жеткізуді бақылау;
- кәсіпорынның қаржылық дамуына әсер ететін факторларды анықтау мен қадағалау;
- кәсіпорынның басшысына қаржылық стратегияның және оған сәйкес жоспарлардың орындалысы жайлы есеп беру.

Басқарылатын жүйе, яғни кәсіпорындағы басқару объектісі мыналар:

- қаржы ресурстары;
- қаржы ресурстарының көздері;
- қаржы қатынастары және оларды ұйымдастыру.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. «Корпоративтік қаржы» түсінігі мен мазмұны, атқаратын қызметтері.
2. Қаржыны ұйымдастыру және кәсіпкерлік қызмет тиімділігі. Корпоративтілік қаржы механизмі.
3. Корпорациялар қаржысын ұйымдастырудың ішкі жүйесі.
4. Компанияның қаржылық құрылымы.
5. Корпорациялар қаржысының рөлі мен ұйымдастыру принциптері: олардың мазмұны және кәсіпкерлік қызмет тиімділігіне әсері.

### **СӨЖ тапсырмасы:**

1. Корпоративтіліктің қаржы механизмі сызбасын сызыңыз.
2. Корпоративтіліктің қаржысын басқарудың ұйымдық құрылымының сызбасын келтіріңіз.
3. Корпорация капиталы, оның жіктелуі, қаржы ресурстарының көздері туралы эссе жазу.

## **II БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ–НЕСИЕЛІК ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕРДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### **2.1 Ақшаның уақытша құндылығы түсінігі. Компания капиталының нақтылы (ағымдағы) және болашақтағы құны**

Қаржылық операцияларға қатысатын ақшалай ресурстардың уақыт аралық құндылығы бар. Кез – келген қаржылық операцияның тиімділігін пайыздық мөлшерлеме арқылы сипаттауға болады.

**Пайыздық ақшалар** - капиталды түрлі нысанда қарызға беруден немесе капиталды инвестициялаудан түсетін кіріс.

Ұзақ мерзімді міндеттемелер мен ұзақ мерзімді дебиторлық қарыздарды бағалау және көрсету қажеттілігі ақшаның уақытша құнын анықтау әдістемесімен байланысты. Ақшаның уақытша құны теориясы әр актив болашақта экономикалық пайда әкелетін ресурс болып табылады деген тұжырыммен байланысты.

**Уақытша құнның 6 анықтамасын ажыратады:**

1. **Ағымдағы құн** - болашақта алынатын қаржылық құралдардың ағымдағы құны.

2. **Болашақ құн** - бүгінгі күнгі қаржылық құралдарының болашақтағы құны.

3. **Төлемдер** - әр уақыт кезеңінің соңында алынатын сома.

4. **Пайыз мөлшерлемесі** - болашақ немесе ағымдағы құнда анықтау үшін қолданылатын пайыз мөлшерлемесі немесе дисконт мөлшерлемесі.

5. **Уақыттық кезең** - қаржы құралдарының ағымдағы және болашақ құнын есептеу үшін қолданылатын кезеңдер саны. әдетте 1 жыл алынады, алайда 1 айға дейін қысқартылуы мүмкін. Жылдық пайыз мөлшерлемесі уақыт кезеңінің ұзақтығына сәйкестендірілуі қажет.

6. **Аннуитет** - тең кезеңдік төлемдерді сипаттау үшін қолданылатын термин. Мұндай төлемдер түсім ретінде де, төлем ретінде де қолданылуы мүмкін.

**Ақшаның уақытша құнының принциптерінен 2 салдар шығады:**

- Қаржылық операциялар кезіндегі уақыт факторын есепке алудың қажеттілігі;

- Әр түрлі кезеңдердегі ақшалай көлемдерді қосудың сәйкессіздігі.

**Пайыздық мөлшерлеме өсімнің (FV) базалық капитал мәніне ( PV ) қатынасымен анықталады.**

Есептік мөлшерлеме пайыз есептеу қарқындылығын сипаттайтын шама, өсімнің қайтарылатын немесе өскен FV шамасына қатынасымен анықталады.

**Өсім коэффициенті** - бастапқы капитал қанша есеге өскенін көрсететін көрсеткіш.

**Есептеу кезеңі** - пайыз есептелетін (кіріс алынатын) уақыт аралығы. Есептеу кезеңі ақша берілетін мерзіммен үйлеседі, есептеу аралықтарына (интервалына) бөлінуі мүмкін.

**Есептеу аралығы** (интервалы) - пайыз есептелетін ең аз уақыт мерзімі.

Пайызды анықтау мен есептеудің декурсивті және антисипативті тәсілдері қолданылады.

Декурсивті (кері бағамдық) тәсілде пайыз әрбір есептеу аралығының соңында есептеледі. Оның мөлшері берілетін капиталдың мөлшеріне орай анықталады. Кері бағамдық пайыздық мөлшерлеме берілген аралықта есептелген табыс сомасының осы аралықтың басындағы сомаға пайыздық қатынасы болып табылады ( $i = I/PV$ ).

Антисипативтік тәсілде пайыз әрбір есептеу аралығының басында есептеледі. Пайыздық ақшаның сомасы өскен сомаға орай анықталады. Берілген аралық үшін төленетін табыс сомасының осы аралықта алынған өскен сома мөлшеріне пайыздық қатынасы есептік пайыздық мөлшерлеме болып табылады. Осы тәсілмен анықталған пайыздық мөлшерлеме есептік мөлшерлеме немесе антисипативтік пайыз деп аталады ( $d = D/FV$ ).

Әлемдік практикада пайыздың кері бағамдық есептеу тәсілі кеңінен қолданылады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде пайыз есептеудің антисипативтік әдісі, әдетте, инфляция жоғары кезеңдерде қолданылды.

Пайыз есептеудің екі тәсілінде пайыздық мөлшерлеме **жай** және **күрделі** болады. Егер есептелетін бүкіл кезең бойына сол бір бастапқы қарыз ақша сомасына қолданылса, онда пайыздық мөлшерлеме **жай** пайыздық мөлшерлеме деп аталады. Егер әрбір есептеу аралығы өткеннен кейін қарыз ақша сомасына және өткен аралықтар үшін есептелген пайызға қолданылса, онда пайыздық мөлшерлеме **күрделі** пайыздық мөлшерлеме деп аталады.

Қаржылық операцияларда дисконттау коэффициенті ретінде пайыздық мөлшерлеме (математикалық дисконттау) немесе есептік мөлшерлеме (банктік дисконттау) қолданылады.

Жай пайыздар сызбасы есептеу жүргізілетін базаның өзгеріссіз қалатынын қарастырады.

Күрделі пайыздар сызбасы капитализацияны қарастырады, яғни есептеу жүргізілетін база тұрақты түрде өсіп отырады.

Күрделі пайыздардың жиі есептелуі өсірілген соманың тез ұлғаюына әкеледі.

Несие берілген және несие қайтарылған күн бір күн деп алынады. Тура пайыз күндердің тура санына негізделіп есептеледі, ал қарапайым - жыл ішіндегі күндер саны жуықталып алынады.

Несиені есептеуде келесі нұсқалар болуы мүмкін:

1) несиенің өсірілген қайтарылатын сомасын есептеуде дәл күндер саны пайдаланылады, ол жылдың әрбір күннің рет нөмірі көрсетілген арнайы кесте бойынша анықталады; қарыз аяқталатын тиісті күннің нөмірінен бірінші күннің нөмірі шегеріледі;

2) несиенің өсірілген қайтарылатын сомасын есептеуде несиені пайдаланудың жуықталған күн саны алынады, яғни бір айдың ұзақтығы 30

күнге тең болады деп қабылданады; бұл әдіс қарыз ішінара өтелгенде, нақты дәлділік талап етілмеген жағдайда қолданылады.

Жыл саны бөлшек болып келетін пайыздар есептелгенде аралыс сызбаны қолдану тиімді, себебі күрделі пайыздар бүтін санға, ал жай пайыздар бөлшек санға есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемелер есептеудің әр жиілігінде және әр түрлі пайыздық мөлшерлемелерде қаржылық операцияларды салыстыруға мүмкіндік береді.

$i$  пайыздық мөлшерлеменің үлкен емес мәндерінде жетпіс екінші мөлшерлемеге бөлу арқылы бастапқы сома күрделі пайыздық мөлшерлемені (ереже бойынша 72) қолданып есептегендегі өсімінің период санын көрсетеді.

## **2.2 Дисконттау және компаундинг**

Кез келген қаржылық операцияларда үш шама  $FV$ ,  $PV$ ,  $i$  беріледі. Олардың екеуі беріледі, ал үшіншісі анықталуы тиіс. Алғашқы алынған қарыз сомасы мен пайыздық мөлшерлеме мәні беріліп, ұлғайған соманы анықтау процесі компаундинг, яғни өсіру процесі деп аталады. Болашақта ұлғайған соманың мәні мен пайыздық мөлшерлеме (дисконттау коэффициенті) мәні беріліп, алғашқы алынған қарыз сомасын анықтау процесі дисконттау деп аталады. Бірінші жағдайда ақшалай ағынның қозғалысы, ал екіншісінде болашақтағы соманың нақтыға айналуы қарастырылады.

Компаундингтің, яғни өсіру процесінің экономикалық мәні инвестордың операция соңында қалайтын немесе алатын сомасының мөлшерін есептеуде жатыр.  $r$  пайыздық мөлшерлемесін пайдаланудан келесі анықталады,

$$FV = PV + PV * i \text{ және } PV * i > 0,$$

сонымен, уақыт ақшаны өзгерте алады, яғни ақша уақытша құндылыққа ие болады.

Дисконттаудың экономикалық мәні әртүрлі есептеу аралықтарында әр түрлі ақшалай ағынның қозғалысын уақытпен реттеуге негізделеді. Дисконттау коэффициенті инвестицияланатын капиталдан әр жыл сайын қанша қайтару пайызын қалайтынын немесе алатынын көрсетеді. Мұнда анықталатын  $PV$  болашақтағы  $FV$  мөлшерінің қазіргі мәнін көрсетеді.

Ссудалық – қарыздық операциялар коммерциялық есептеулердің негізін салады. Осындай операцияларда ақшаның уақытша құндылығы көрінеді.

## **2.3 Жай және күрделі пайыздық мөлшерлемелер**

Ссудалық жай пайыздық мөлшерлемелер әдетте қысқа мерзімді қаржылық операцияда қолданылады.

Қарыз берушіге жыл сайын пайыздарды есептеуде келесі жағдайлар тиімді болады:

- ссуда мерзімі бір жылдан аз болса, онда жай пайыздарды есептеу сызбасы тиімді;

- ссуда мерзімі бір жылдан артық болса, онда күрделі пайыздар сызбасы тиімді;

- есептеу мерзімі бір жыл және пайыздарды біржолғы есептеу кезінде екі сызба да бірдей нәтиже береді.

Келесі көрсеткіштерді қарастырайық:

$i$  (%) – ссудалық пайыздың жылдық жай мөлшерлемесі;

$i$  – жылдық мөлшерлеменің салыстырмалы мәні;

$I$  – барлық кезеңдегі жиынтық пайыздың ақшалай сомасы;

$I_{ж}$  – жыл бойы төленетін пайыздық ақша сомасы

$PV$  – бастапқы ақшалай соманың көлемі;

$FV$  – ұлғайған сома;

$k$  – өсім коэффициенті;

$n$  – жыл саны;

$\partial$  – есептеу кезеңінің күнмен саналған ұзақтығы;

$K$  – бір жылдың күнтізбелік ұзақтығы (күндер).

Ссуданы қарызға беру және оны қайтару уақыты әр уақытта 1 күн бойынша есептеледі. Осыған байланысты 2 нұсқа қарастырайық:

1 нұсқа. Күндер санын белгілі бір кесте арқылы есептелелі. Ол кестеде әр күннің ретті сандары бар. Сол арқылы ссуданы қайтару уақыты нақты есептеледі.

2 нұсқа. Мұнда 1 айда 30 күн бар деп есептеледі. Бұл көбінесе қарызды бөлшектеп қайтару кезінде қолданылады.

Келесі формулалардағы қатыстырайық:

$$i(\%) = I_2 / p * 100\% \quad (2.1)$$

$$i = I_{ж} / p \quad (2.2)$$

$$I = I_{ж} * n \quad (2.3)$$

$$FV = PV + I \quad (2.4)$$

$$k = FV / PV \quad (2.5)$$

$$n = \partial / K \quad (2.6)$$

Осы формулаларды қолдана отырып жай пайыздық мөлшерлемені пайдаланып есептеуде төмендегі негізгі формулаларды аламыз:

$$FV = PV * (1 + ni), \quad (2.7)$$

Немесе

$$FV = PV(1 + \partial / K * i) \quad (2.8)$$

Тәжірибиде, керісінше ұлғайған сома белгілі болып, алғашқы ақша сомасының көлемін табу керек болады.

Ұлғайған сома  $FV$  арқылы қазіргі  $PV$  сомасын табу дисконттау деп аталады. Ал болашақ  $FV$  сомасын табу компаундинг деп аталады.

Пайыздық мөлшерлемеларды есептеуде математикалық дисконттау түсінігі жиі кездеседі. Бірақ ол есептік мөлшерлемеларда қолданылмайды.

(2.7) формуладан дисконттау формуласын аламыз:

$$PV = FV / (1 + ni) \quad (2.9)$$

Мысал №1. Банк 10млн.теңге ссуда 2 жылға 20 % жай пайыздық мөлшерлеменен берген. Банкке қайтарылатын соманы анықтау керек.

Шешуі:

$$FV = PV \cdot (1 + ni), FV = 10 \text{ млн. теңге} \cdot (1 + 2 \cdot 0,20) = 14 \text{ млн. теңге.}$$

Мысал №2. 500 мың теңге банктік ссуда 1 наурыздан 1 маусымға 18% жай жылдық пайыздық мөлшерлеменен берілген. Банкке қайтарылатын соманы анықтау керек.

Шешуі:

$$FV = PV(1 + \frac{\partial}{K} \cdot i) \text{ формуласын пайдаланамыз.}$$

Алдымен несие берілген тәуліктер санын анықтаймыз:  $\partial = 31 + 30 + 31 = 92$  тәулік.

$$FV = 500 \text{ мың теңге} \cdot (1 + \frac{92}{365} \cdot 0,18) = 522,68 \text{ мың теңге}$$

Жылдық табыс бастапқы инвестицияланған сомаға емес, бұрын есептелген пайыздарды қоса алынған жалпы сома арқылы анықталса, онда инвестициялар күрделі пайыздық мөлшерлеме шартымен алынғаны. Мұндай жағдайда пайыздардың капитализациясы жүргізіледі, пайыз есептелетін база өсіп отырады.  $n$  –ші жылдың соңында инвестицияланған капитал келесі формулаларды аламыз:

$$FV = PV(1+i)^n \quad (2.10)$$

Қаржылық шешім қабылдауда күрделі пайыздық мөлшерлемені есептеу формуласы негізгі болып саналады, келісімдерде жылдық пайыздық мөлшерлеме мен оны есептеу саны белгіленеді. Күрделі пайыздық мөлшерлеме арқылы өскен сома:

$$FV = PV(1 + i/m)^{nm} \quad (2.11)$$

Мұнда  $m$ - бір жыл ішіндегі есептеулер саны.

Егер есептеу аралықтарының мерзімі бүтін жыл саны болмаса, онда есептеу формуласының түрі мынадай болады:

$$FV = PV(1+i)^w(1+if) \quad (2.12)$$

Мұнда  $w$ - есептеу аралығының бүтін бөлігі,

$f$ - қалдық бөлігі,

Сонымен,  $n = (w+f)$ , есептеу кезеңдерінің бүтін саны үшін күрделі пайыз формуласы, ал қалған бөлік үшін - жай пайыз формуласы пайдаланылады.

Егер есептеу аралықтарының мерзімі бүтін жыл саны болмаса, онда формуласы келесідей болады:

$$FV = PV(1 + i/m)^{wm}(1+f \cdot i/m) \quad (2.13)$$

## 2.4 Жай және күрделі есептік пайыздық мөлшерлемелер

Пайыз арқылы алынатын табыс несие беру кезінде төленсе, онда мұндай есептесу нысаны есептік деп, ал қолданылатын пайыздар аванстық немесе антисипативтік деп аталады. Бұл тәсілде пайыздар есептеу аралығы өткеннен кейін алынатын сомаға байланысты, яғни өскен сомаға қолданылады. Есептік



(дисконтты) мөлшерлеме бойынша алынған табыс, яғни несиенің қайтарылатын мөлшері мен қарызға алынған соманың арасындағы айырма дисконт деп аталады.

Төмендегілер:

$d(\%)$  - жай жылдық есептік мөлшерлеме ;

$d$  - есептік мөлшерлеменің салыстырмалы мөлшері;

$D_{ж}$  - жыл ішінде төленетін пайыздық ақшаның сомасы;

$D$  - пайыздық ақшаның жалпы сомасы;

$\partial$  - есептеу кезеңінің күнмен саналған ұзақтығы;

$K$  – бір жылдың күнтізбелік ұзақтығы (күндер).

$k$  – өсім коэффициенті;

$n$ – жыл саны;

$FV$  - қайтарылуға тиіс сома;

$PV$  - қарызға алынатын сома.

Сонда несиенің қайтарылатын мөлшерін есептеуде келесі формулалар алынады:

$$FV = PV / (1 - nd), \quad (2.14)$$

немесе

$$FV = PV / (1 - \partial / K * d) \quad (2.15)$$

Күрделі есептік пайыздық мөлшерлеме бойынша компаундинг пен дисконттау келесі формулалар бойынша жүзеге асырылады:

$$FV = PV / (1 - d)^n$$

$$PV = FV (1 - d)^n$$

Әдебиетте есептеудің декурсивті әдісінде қарыз алушы үшін тиімді, ал антисипативті – несие беруші үшін тиімді деген тұжырымдаманы жиі кездестіруге болады. Бұны тек қана алшақтық елеулі болмағанда үлкен емес пайыздық мөлшерлемелерге сәйкес келеді деп санауға болады. Бірақ пайыздық мөлшерлеменің ұлғаюымен өсірілген соманың мөлшеріндегі айырмашылық үлкен болады (бұл жағдайда ол  $n$ -нің өсуімен бірге өседі) және екі әдісті пайдалылық көзқарасынан салыстыру өз мәнін жоғалтады.

Декурсивті әдісте сияқты, антисипативті пайыздарды есептеудің әр түрлі тәсілдері болуы мүмкін (қысқа аралықта – бір жылдан аз – есептеу, жылына  $m$  рет есептеу және т.б.). Оларға дәл сондай түрмен алынған формулалар сәйкес келеді.

Осылайша, есептеу аралықтарының мерзімі бүтін жыл саны болып табылмайтын есептеу аралығы үшін мына формуланы аламыз:

$$FV = PV / (1 - i)^w (1 - if) \quad (2.16)$$

Жылына  $m$  рет пайыздарды есептеу үшін формула келесі түрде болады:

$$FV = PV / (1 - i / m)^{wm} (1 - f \cdot i / m) \quad (2.17)$$

Мұнда  $w$ - есептеу аралығының бүтін бөлігі,

$m$ - бір жыл ішіндегі есептеулер саны,

$wm$ – есептеудің барлық кезеңі ішіндегі есептеу аралықтарының толық саны,

$f$ - қалдық бөлігі,  $n = (w + f)$

## 2.5 Аннуитет

**Аннуитет** – уақыттың бірдей аралығында бірдей сома түсетін ақша ағымы. Қаржылық төлемдер немесе ақша ағымы бір қаржылық операция шеңберінде реттелген төлемдерді білдіреді. Қаржылық ағым бір меншік иесінен екінші меншік иесіне ақшалай қаражаттардың ауысуын қамтиды.

Егер аннуитеттің мерзімі шектелген болса, онда аннуитет жедел деп аталады; егер түсімдер белгісіз мерзімде ұзақ жасалатын болса, онда аннуитет мерзімсіз деп аталады.

Егер төлемдер (түсімдер) период басында келетін болса, онда аннуитет пренумерандо деп аталады, егер период соңында болса, онда постнумерандо.

Есептеуді жеңілдету үшін дисконтталатын көбейткіш көрсеткіштері қаржылық кестелерде топтастырылған.

Ұлғайған аннуитет сомасын анықтауда қаржылық төлемдер postnumerando жиі реттелген болса келесі формула пайдаланылады,:

$$FVA^{\text{postnumerando}} = R * ((1+i)^n - 1) / i \quad (2.18)$$

Мұнда  $FVA^{\text{postnumerando}}$  – ұлғайған аннуитет сомасы;

R- төлемдер,

i – жылдық мөлшерлеменің салыстырмалы мәні;

n– жыл саны.

Егер түсімдер период басында келетін болса, онда аннуитет пренумерандо деп аталады, егер период соңында болса, онда аннуитет постнумерандо деп аталады.

Егер төлемдер период басында түсетін болса, онда ұлғайған аннуитет сомасын анықтауда келесі формула пайдаланылады, ссудалық пайызды есептеу бір есептеуге артық болады:

$$FVA^{\text{prenumerando}} = (R * ((1+i)^n - 1) / i) * (1+i) \quad (2.19)$$

Немесе

$$FVA^{\text{prenumerando}} = FVA^{\text{postnumerando}} * (1+i) \quad (2.20)$$

Реттелген қаржылық төлемдердің қазіргі құны ретінде кезең басындағы дисконтталған төлемдердің барлық сомасын түсінеді.

Аннуитетті период соңында анықтаса, онда постнумерандо аннуитеттің қазіргі құны:

$$A^{\text{postnumerando}} = R * (1 - (1+i)^{-n}) / i \quad (2.21)$$

Төлемдер период басында есептелетін болса, онда пренумерандо аннуитеттің қазіргі құны:

$$A^{\text{prenumerando}} = R * ((1 - (1+i)^{-n}) / i) * (1+i) \quad (2.22)$$

## 2.6 Қаржылық шешім қабылдауда ақшаның инфляциялық құнсыздануының есебі

**Инфляция** – ақша жүйесінің дағдарысты жай-күйі. Экономикалық құбылыс ретінде инфляция көптен бері өмір сүріп келеді, әлем экономикасында ол ұзақ уақыт бойы тарихи негізде қалыптасып дамуда. Оның пайда болуын негізінен, ақшаның пайда болуымен, қызметімен байланыстырады. «Инфляция» термині латын сөзі – *inflatio* – қампаю, тұңғыш рет Солтүстік Америкада 1861-1865 жылғы азамат соғысы кезінде пайда болып, айналымдағы қағаз долларының (гринбектердің) тым көбейіп кету процесін білдірген. XIX ғасырда бұл термин сондай-ақ Англия мен Францияда қолданылды. Инфляцияның жалпы анықтамасын профессор К.К.Ильясов пен В.Д.Мельников – «тауар айналымының қажеттілігімен салыстырғанда айналыс сферасының артық қағаз ақша массасымен лықа толып кетуі, оның құнсыздануы және соның нәтижесі ретінде – тауар мен қызметтер көрсетуге бағаның өсуі, ақшаның сатып алуға жарамдылығының төмендеп кетуі», -деп көрсетеді.

Инфляция ұлттық валютаның құнсыздануы мен жалпы елдегі бағаның өсуімен сипатталады. Әр түрлі жағдайларда инфляциялық процесс біркелкі болмайды. Осылайша, егер кредитор (инвестор) ақша құралдарының құнсыздануынан пайданың бір бөлігін жоғалтса, онда қарыз алушы өз қарызын сатып алу қабілетінің төмендеуімен өтеуге мүмкіндік алады.

Ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуі шарттарында болатын қателіктер мен жоғалтуларды болдырмау үшін инфляцияның қаржылық операциялар нәтижелеріне байланысын қарастырайық және жеңіл математикалық есептеулер мен түрлендірулерді жүргізейік.

Айталық,  $FV$  – сомасы инфляцияны ескергендегі сатып алу қабілеті инфляция болмаған жағдайдағы сатып алу қабілетінің сомасына тең.  $FV$  арқылы осы сомалар айырмашылығын белгілейміз.

Пайызбен белгіленген  $\Delta FV/FV$  қатынасы – инфляция деңгейі деп аталады.

Есептеулерде инфляция деңгейінің қатыстық көлемі қолданылады – ол инфляция қарқыны  $\alpha$ .

$$\alpha = \Delta FV / FV \quad (2.23)$$

$FV_\alpha$  – ны анықтау үшін келесі теңдеуді аламыз:

$$FV_\alpha = FV + \Delta FV = FV + FV\alpha = FV(1 + \alpha) \quad (2.24)$$

$FV_\alpha$ -ның  $FV$ -тен неше есе артық екенін көрсететін  $(1 + \alpha)$  көлшемі – инфляция индексі  $I_n$  деп аталады.

$$I_n = 1 + \alpha \quad (2.25)$$

Инфляция индексінің динамикасы бірнеше жылда инфляциялық процессте болатын өзгерістерді көрсетеді. Белгілі бір периодта инфляция индексінің алдыңғы периодпен салыстырғанда жоғарылауы инфляцияның жылдамдауын ал төмендеуі – оның темперінің баяулағанын көрсетеді.

Айталық,  $\alpha$  – инфляцияның жылдық деңгейі. Бұл бір жылдан кейін  $FV_\alpha$  сомасы  $FV$  самасынан  $(1 + \alpha)$  есе көп болатынын көрсетеді. Тағы бір жыл өткен

соң  $FV\alpha$  сомасы  $FV\alpha$  сомасынан  $(1+\alpha)$  есе көп болады.  $N$  жылдан соң,  $FV\alpha$  сомасы  $FV$  сомасына қарағанда  $(1+\alpha)$  есе көбейеді. Осыдан көретініміз,  $\alpha$  инфляцияның жылдық деңгейінде  $FV$  сомасының инфляциялық өсуі  $FV$  сомасын күрделі жылдық  $\alpha$  пайыздық мөлшерлемесімен өсіруге ұқсас болады.

Әрине, жылдың орнына кез-келген уақыттық интервал (тоқсан, ай, күн және т.б.) қолданылғанда да осындай есептемелер пайдаланылады.

## **2.7 Бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен пайыздар, бағалы қағаздардың табыстылығы**

Бағалы қағаздардың экономикалық мәнін ашуда құжаттың бағалы қағаздар мәртебесіне ие болуы үшін қосымша сапаларын анықтау қажет:

1) бағалы қағаздар өз кезегінде меншік титулы нысанында мүліктік құқты немесе құжат иесі мен оны шығарушы тұлға арасындағы қарыздық қатынасты куәландыратын ақша құжаты.

2) бағалы қағаз қорларды инвестициялау туралы куәландыратын құжат ретінде қызмет етеді.

3) бағалы қағаздар – бұл нақты активтерге талап етілуі көрсетілетін құжаттар болып табылады.

4) бағалы қағаздардың экономикалық мәнін түсіну үшін маңызды сәті – олардың табыс әкелуі болып табылады.

Ақша капиталын бағалы қағаздардың әр түрлеріне салу (кәсіпорынға үлестік қатысу, вексель немесе басқа қарыздық міндеттемелер арқылы басқа кәсіпорынға қарыздар) – дамушы нарықтық экономиканың маңызды элементі. Қаржы салымдарының мақсаты – табыс алу және инфляция жағдайында капиталды құнсызданудан сақтау. Сондықтан бағалы қағаздардың әр түрлері бойынша нақты табысты дұрыс бағалай білу қажет. Алдымен, бағалы қағаздардың қазіргі кездегі бар түрлерін қарастырып, олар бойынша табыс алу мүмкіндігі мен пайыз есептеу айырмашылықтарын анықтайық.

Капиталды ұсыну формасына және табысты төлеу әдісіне байланысты бағалы қағаздар қарыздық және үлестік болып бөлінеді.

**Қарыздық бағалы қағаздар** (купондық облигациялар, вексельдер, сертификаттар) әдетте, тіркелген пайыздық мөлшерлеменен болады және болашақта белгілі бір күнде қарыздың толық сомасын пайызбен төлеуге міндеттемені білдіреді; дисконттық облигацияларға табыс номиналға жеңілдікті білдіреді.

**Үлестік бағалы қағаздар** (акциялар) ұстаушының нақты меншіктегі тікелей үлесін білдіреді және шектеусіз уақытта дивиденд алуды қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздардың басқа түрлері қарыздық немесе үлестік бағалы қағаздардан туынды бағалы қағаздар болып табылады және иегердің акция мен қарыздық бағалы қағаздарды сатып алу және сату құқығын бекітеді.

Вексель немесе басқа да қарыздық міндеттемелерді есепке алуда төлеу мерзіміне дейін есептік ставкалар қолданылады. Сонда есептік ставка (дисконт) бойынша есептелген табыс, төлеу мерзімі жеткен кезде, вексельді

сатып алған тұлғаның табысына айналады. Вексель иесі мерзімінен бұрын дисконты шегерілген көрсетілген соманы алады.

Облигациялармен операцияларда табыс көзі болып тіркелген пайыздар, сондай-ақ облигация сатып алынатын баға мен сатылатын баға арасындағы айырмашылық табылады. Облигацияның сатып алу бағасы әдетте, оның номиналымен сәйкес келеді.

Құралдарды инвестициялау номиналына жеңілдікпен облигацияларды сатып алған кезде ғана табысты болатын пайыздық төлемсіз облигациялар болады, яғни дисконтты облигациялар.

Белгілеулер енгізейік:

$N$  – облигацияның номиналды құны;

$P_0$  – облигацияны сатып алу бағасы;

$I_0$  – облигация бойынша табыс;

$N$  – пайыз есептелетін уақыт;

$i$  – пайыздық ставка;

$ic$  – күрделі пайыздардың тиімді ставкасы.

Табысты есептеуде облигация бағамы  $P_k$  түсінігі қолданылады.

$$P_k = P_0 / N * 100 \quad (2.26)$$

Сонда

$$I_0 = N(1+i)^n \quad (2.27)$$

Осы формуланы алдыңғы формулаға қойсақ:

$$I_0 = N [(1+i)^n - P_k/100] \quad (2.27)$$

Егерде табыстылықты есептеу үшін күрделі пайыздардың тиімді ставкасын қолданатын болсақ, онда келесі формуланы пайдаланған жөн:

$$I_0 = P_0 [(1+ic)^n - P_0] \quad (2.28)$$

Мысал

Номиналы 10 000 теңге, 5 жылға шығарылған облигация 120 бағамы бойынша алынған. Егерде оған жыл сайын 18% ставка бойынша күрделі пайыздар есептелетін болса, облигацияның табысы қандай?

$$I_0 = 10\,000[(1 + 0,18)^5 - 1,2] = 10\,877,6 \text{ теңге}$$

Акцияларды сатып алуда табыс көзі дивидендтер және сату бағасы мен сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық болуы мүмкін.

Тіркелген дивидендтер (акцияның номиналды құнынан белгілі бір пайыз) артқшылығы бар акциялар бойынша төленеді.

Белгілеулер енгізейік:

$P_a$  – акцияны сатып алу бағасы;

$Q$  – акцияны сату бағасы;

$N$  – акцияның номиналды бағасы;

$F$  – дивидендтер көлемі;

$I_F$  – дивидендтерден табыс;

$I_a$  – акцияларды сатып алудан жалпы табыс;

$n$  – сатып алу уақытынан сату уақытына дейінгі мерзім, жыл;

Сонда

$$I_a = I_F + Q - P_a \quad (2.29)$$

Егерде дивидендтер қайта инвестицияланбайтын болса, онда табыс мынаған тең:

$$I_F = n F N \quad (2.30)$$

Жай акциялар бойынша дивидендтер көлемі жылдың қаржылық нәтижелеріне байланысты (егерде пайда жоқ болса немесе ол тұтастай дамуға бағытталса, дивидендтертөленбеуі де мүмкін) Акционерлердің жалпы жиналысы арқылы бекітіледі.

Акцияны сатып алудың табыстылығын есептеудің күрделі пайыздардың тиімді ставкасы түріндегі формуласын шығарайық:

$$P_a + I_a = P_a(1 + ic)^n \quad (2.31)$$

Осыдан мына формуланы аламыз:

$$ic = \sqrt[n]{(P_a + I_a) / P_a} - 1 \quad (2.32)$$

*Мысал*

5000 теңге номиналы бар акциялар шығарылымындағы дивидендтер көлемі жылдық 15% тең, ал олардың құны, бағалау бойынша, жыл сайын номиналға қатысты алғанда 4% өсіп отырады. Номиналы бойынша сатып алудан түсетін және 100 осындай акцияларды 5 жылдан кейін кезекті сатудан түсетін табысты анықтау қажет.

Шешімі

100 акцияға жылдық дивидендтер көлемі мынаған тең:

$$I_F = 100 * 0,15 * 5000 = 75\,000 \text{ теңге}$$

5 жылдан кейінгі 100 акцияның құны:

$$Q_{100} = 100(5000 + 5 * 0,04 * 5000) = 600\,000 \text{ теңге}$$

Жалпы табыс:

$$I_a = 75\,000 + 600\,000 - 500\,000 = 175\,000 \text{ теңге} \quad [3]$$

Сатып алу кезінде активтің тек бастапқы құны белгілі болады, ал қалдық құны және ағымдық табыс белгісіз болады. Акцияларға құралдарды инвестициялау кезіндегі беймәлімділіктің алдын алу үшін олардың құнын бағалауда бірнеше тәсілдемелер қолданылады:

- таза пайданы капитализациялау әдісі;
- дивидендтерді капитализациялау әдісі;
- ақша ағындарын капитализациялау әдісі;

Құнды анықтау жалпы түрде келесідей формуламен беріледі:

$$P = D / K \quad (2.33)$$

P – болашақтағы табыстың қазіргі құны;

D – күтілетін табыс;

K – капитализациялау нормасы немесе тәуекел;

Шет елдердің рейтингтік агенттері бағалы қағаздарды тәуекел және табыстылықтың ара қатынастары тұрғысынан жоғары сапалы, сапаның орташа деңгейінен жоғары, орташа деңгейлі сапалы қор құралдары және спекулятивті бағалы қағаздар деп жіктейді. Белгілі бір бағалы қағазға сипатты тәуекелдің төмендеуіне байланысты оның өтімділігі жоғарылайды және табыстылығы төмендейді.

**Өтімділік** – инвестордың нақты бір мақсатына жетуі үшін қаржылық активтің тез арада ақшаға айналуы.

**Табыстылық** – қор құралының инвесторға салынған капитал бойынша пайда әкелу мүмкіндігі. Яғни, табыстылық қаржылық активтің табысы және осы активке салынған инвестиция көлемінің арқатынасы арқылы есептелетін қатысты көрсеткіш болып табылады:

$$\text{Табыстылық} = \frac{\text{Ағымдағы табыс} + (\text{активтің қалдық құны} - \text{активтің бастапқы құны})}{\text{Активтің бастапқы құны}} \quad (2.34)$$

Инвестордың басты мақсаты – тәуекел және табыс арасындағы оңтайлы қатынасқа жету. Бағалы қағаздар бойынша талаптарды қанағаттандыру басымдылығына және кепілдік дәрежесіне, сондай-ақ пайыздық төлемдердің көлеміне сәйкес табыстылықтың тәуекелге тәуелділігі анықталады. Мысалы, акционерлік қоғам жұмысын тоқтатқан жағдайында, ең алдымен, мүлктік кепілмен қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген облигациялық займдар бойынша берешек өтеледі. Тек осыдан кейін ғана мүлктің қалғаны жай акциялардың иелері арасында бөлінеді. Табысты төлеу кезінде кредиторларға облигациялар бойынша пайыздар қоғамның пайда алғанына немесе алмағанына тәуелсіз түрде төленеді. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер қоғамның осыған арнайы бағытталған ақша қорлары есебінен төленеді. Ал жай акциялар бойынша дивидендтер кәсіпорынның иелігінде қалатын таза пайда есебінен төленеді.

Ең төменгі тәуекел және соған сәйкес табыстылықтың ең төменгі нормасы қысқа мерзімді облигацияларға, ал жоғары тәуекел қарапайым облигациялар мен туынды бағалы қағаздарға тән болып келеді.

Акциялар бойынша тәуекел және табыстың өзара байланысының моделі келесі формула бойынша көрсетіледі:

$$D_o = D_{br} + \beta * (D_{rcb} - D_{br}) \quad (2.35)$$

Мұндағы:

$D_o$ - компания акцияларының күтілетін табыстылығы;

$\beta$  – осы фирманың акцияларына салымның тәуекел деңгейін бағалайтын бета- коэффициент;

$D_{br}$  – тәуекелсіз бағалы қағаздардың табыстылығы (мысалы, қысқа мерзімді мемлекеттік облигациялар);

$D_{rcb}$  – бағалы қағаздар нарығындағы акциялардың есепті кезеңдегі (ай, тоқсан, т.б.) орташа табыстылығы.

Тәжірибеде эмиссиялық бағалы қағаздардың табыстылығы мен тәуекел деңгейі арасында тікелей байланыс бар. Тәуекел дәрежесі бойынша оның минималды деңгейі ақша активтеріне салымдарға тән, бірақ олардың табыстылығы аз және инфляция жағдайындағы құнсыздануға бейім. Тәуекелдің екінші дәрежесі мемлекеттік облигациялар және коммерциялық банктердің

бағалы қағаздарына сипатты. Корпоративтік облигацияларға салымдар, белгілі акционерлік кәсіпорындар, корпорациялар, қоғамдар, компаниялардың акцияларының үшінші дәрежелі тәуекелі бар. Төртінші – басқа отын-энергетика кешеніне жатпайтын акционерлік кәсіпорындардың акцияларына салынатын қаржылық инвестициялар.

Акционерлік кәсіпорындар (қоғамдар) бағалы қағаздар бойынша келесідей табыстарды алады:

- бағалы қағаздар бойынша ағымдық төлемдер формасындағы дивидендтер мен пайыздар;
- қор портфеліндегі қаржылық активтердің бағамдық құнының өсуінен түсетін табыс;
- сыйақылар және ақша құралдарын туынды қаржы құралдарына (опцион, фьючерс) салғандағы айырмашылық;
- комиссияндық сыйақылар.

Инвестордың табысы бағамдық құн мен ағымдағы табысқа тәуелді. Қаржылық активтерден түсетін инвестордың толық табысы екі өлшемнен құралады: ағымдағы табыс және актив бағасының өзгерісінен түсетін табыс, яғни капиталдың өсімі:

$$ПД = ТД + Диц \quad (2.36)$$

Мұндағы:

ПД – инвестордың толық табысы;

ТД – инвестордың ағымдағы табысы;

Диц – актив бағасының өзгерісі.

Толық табыс – инвестициялық портфельдің тартымдылығын бағалау үшін қолданылатын маңызды көрсеткіш. Инвестор өзінің ақша қаражаттарын неғұрлым табысты қаржы активтеріне сағысы келеді. Алайда болашақ табыстардың беймәлімділігі күтілетін мәннің мүмкін болатын ауытқуларын ескеруді талап етеді, яғни, қаржы активтеріне ақша салумен байланысты тәуекелді есепке алу. Инвестициялық портфельдің табыстылығы үш өлшеммен анықталады: күтілетін, мүмкін және орташа табыстылық.

Қор портфелінің жиынтық табыстылығын анықтау үшін келесі формуланы қолданады:

$$ДИП = \frac{ПДП + РКП + НКП}{НИ * [ДС * М1/12] - [ИС * М2 / 12]} \quad (2.37)$$

ДИП – инвестициялық портфельдің табыстылығы, %;

ПДП – алынған дивидендтер және пайыздар;

РКП – жүзеге асырылған курстық пайда;

НКП – жүзеге асырылмаған курстық пайда;

НИ – қор портфеліндегі бастапқы инвестициялар;

ИС – инвестициялық портфельден шығарылған құралдар;

ДС – портфельге салынған қосымша құралдар;

М1 – қаражаттардың портфельде болу мерзімі, ай саны;



M2 – ақша қаражаттарының портфельде болмаған мерзімі, ай саны;

Инвестициялық портфельдің табыстылығын бағалаудың тағы да бір әдісі бұл – С.Россидің *арбитраждық теориясы* (Arbitrage Pricing Theory, АРТ). Бұл теория бойынша акцияның табыстылығы макроэкономикалық факторларға және диверсификацияланбайтын тәуекелге әсер ететін ішкі факторларға тәуелді. АРТ моделінде жоғары тәуекелді жою идеясы бар. АРТ моделі акцияның табыстылығы корпоративтік факторларға, макроэкономикалық факторларға тәуелді деп ұсынатын көп факторлы модель.

Қаржылық активтерді бағалаудың арбитраждық моделі келесі алғышарттардан шығады:

- әрбір инвестор тәуекелді көтермей-ақ өз портфелінің табыстылығын ұлғайтудың мүмкіндігін пайдалануға тырысады;

- эмиссиялық бағалы қағаздардың табыстылығы беймәлім факторлардың қатарына тәуелді;

Акцияның табыстылығы келесідей тәртіппен анықталады.

Арбитраждық модельге кіретін факторлардың үш тобн көрсетуге болады:

- жалпы экономикалық белсенділіктің көрсеткіштері, ЖІӨ өсу қарқыны, өндіріс көлемі, негізгі капиталға инвестициялар;

- инфляцияны сипаттайтын көрсеткіштер;

- қаржылық нарықтағы пайыздық ставканың мөлшерін және өзгерісін бейнелейтін көрсеткіштер.

**Акция табыстылығының дивидендік нормасы** келесі формуламен есептеледі:

$$Днд = \sum Д: Нса * 100 \quad (2.38)$$

Мұндағы:

Днд - акция табыстылығының дивидендік нормасы;

Д – акция бойынша дивиденд сомасы;

Нса – акцияның номиналды құны.

**Акция табыстылығының ағымдық нормасы** келесі формула арқылы анықталады:

$$Тнд = \sum Т: Цп * 100 \quad (2.39)$$

Мұндағы:

Тнд - акция табыстылығының ағымдық нормасы;

Д – акция бойынша дивиденд сомасы;

Цп – акцияны сатып алу бағасы.

Корпоративтік облигацияларды бағалау олардың ағымдық нарықтық құнын және табыстылығын анықтаумен байланысты бірнеше мәселелерді шешуді қарастырады.

Бағалы қағаздар нарығындағы жағдайды сипаттайтын көрсеткіштер:

- компанияның нарықтық құны;

- акцияға шаққандағы табыс;

- акциялардың (облигациялардың) жалпы табыстылығы;

- акциялардың (облигациялардың) капиталдандырылған табыстылығы.

Құнды қағаздарды бағалау және тәуекел жағдайында шешім қабылдауда келесі негізгі шарттар мен категорияларды ескеру керек: «тәуекел» түсінігінің әр түрлі анықтамалары белгілі, тәуекелділік кейбір қаламайтын жағымсыз жағдайлардың болуымен байланысты.

Тәуекелділіктің бірнеше түрі болады: өндірістік, қаржылық, валюталық, мүліктік және т.б.

Инвестициялық тәуекелділік- күтілетін деңгейден төмен табыстарды алу.

Қаржылық активтің табыстылығы және бұл активпен байланысты тәуекелділік өзара тікелей тәуелділікпен байланысты.

Жалпы тәуекелдәләк нақты қаржылық активке байланысты және мүмкін болатын активтен күтілетін салыстырмалы жағдаймен байланысты дисперсиямен өлшенеді.

Нарықтық тәуекелділік инвестициялық қоржынның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын нақты қаржылық активке байланысты болып, жалпы қоржындық тәуекелділік пен актив тәуекелділігінің үлесін білдіреді.

Қаржылық тәуекелділік әр түрлі өлшемдер мен әдістер арқылы бағаланады: вариация, дисперсия, орта квадраттық ауытқу. Жалпы тәуекелділікті бағалаудың тиімді әдісі актив табыстылығының вариация коэффициенті болып табылады.

Бағалы қағаздар қоржыны- табыс алу мақсатымен жеке не заңды тұлғаның иелігіндегі нарықтық бағалы қағаздар жиынтығы.

Қоржын құрамындағы қаржы активінің тәуекелі басқа жағдайларға қарағанда төмен болады.

Қоржынның күтілетін табысы күтілетін табыстар компоненттерінің орта салмағын көрсетеді.

Тиімді қоржын- белгіленген тәуекел деңгейінде ең жоғары табыстылықпен қамтамасыз етіп, берілген деңгейдегі табыс нормасында ең төменгі тәуекелді көрсетеді.

Қаржы активтердің табыстылығын бағалау моделі (Capital AFVFFV Pricing Model, CAPM ) нарықтық тәуекел мен жақсы диверсифицирленген қоржынды білдіретін қаржы активтерінің талап етілетін табыс нормасының арасындағы тәуелділікті көрсетеді.

Қоржынның жалпы тәуекелділігіне кездейсоқ тәуекелділік, яғни компания үшін спецификалық, жүйесіз тәуекелділік кіреді, оны қоржынды диверсификациялау арқылы жоюға болады, ал кездейсоқ тәуекелділік диверсификациялау жолымен элементтерге жіктелмейді.

Капитал нарығының түзуі ( Capital Market Line, CML) тиімді қоржындар үшін, яғни тәуекелді және тәуекелсіз активтері бар қоржындар үшін, «тәуекелділік/ табыстылық» тәуелділігін көрсетеді.

Бағалы қағаздар нарығының түзуі ( FVsecurity Market Line, FVML) жеке акцияларға негізделген «тәуекелділік/ табыстылық» тәуелділігін көрсетеді.

Акциялардың бета- коэффициенті  $\beta$  акциялардың нарық тәуекелділігінің өлшемі болып табылады. Ол акциялардың табыстылығын нарықтағы орта табыстылығына қарағандағы өзгерісті көрсетеді.

$\beta$  1-ге тең болуы, берілген бағалы қағаздың тәуекелділігінің орта деңгейін білдіреді, неғұрлым  $\beta$  жоғары болса, соғұрлым бағалы қағаздың тәуекелділігі жоғары.

Қоржын бетасы активтер қоржынына кіретін  $\beta$  – коэффициенттерінің орта салмақтылығын білдіреді.

Облигация- мемлекеттік орган немесе фирма шығарған қарыздық ұзақ мерзімді міндеттеме.

Бағалау позициясы бойынша облигацияны екі түрге бөлуге болады: алдын ала төлеу құқығынсыз және құқығымен.

Облигацияны бағалау негізінде аннуитеттерді бағалау алгоритмі жатыр.

Күрделі емес алгоритмдермен байланысты облигацияның табыстылығының бірнеше түрлері бар.

Артықшылығы бар акциялар мерзім біткеннен кейін міндетті жабу шартымен мерзімді облигациялар сияқты бағаланады.

Акциялардың күтілетін жалпы табыстылығы күтілетін дивидендік табыстылық пен капитализацияланған пайданың табыстылығынан тұрады.

Егер төленбеген пайда фирманың меншікті капиталының рентабельділігінен асатын табыстылығы бар жобаға реинвестицияланса, пайданы реинвестициялау фирманың акциясының бағасының өсуіне әкеледі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жай және күрделі пайыздық мөлшерлемелердің негізгі ерекшелігі неде?
2. Банкте ақша сақтау кезінде өсімнің қай түрі тиімді?
3. Жай және күрделі пайыздардың айырмашылығы неде?
4. Сізде бес жылдан кейін ала алатын сома туралы контракт бар және оны сатқыңыз келеді. Қандай есептік формулаларды қолдану қажет? Неліктен?
5. Пайыздардың қайсысының есептеуі жиі және қай шарттарда пайдалы?
6. Жыл санының бөлшек болуында қай схема бойынша пайыздар есептеу пайдалы? Неліктен?
7. Тиімді жылдық пайыздық мөлшерлеменің мәні неде?
8. Ақша ағымдарының қандай түрлерін білесіздер?
9. Қаржылық кесте дегеніміз не және оларды қалай қолданады?
10. Қандай шарттарда болашақ және дисконтталған құндар тең болады?
11. «Депозитті кітап» әдісін түсіндіріңіз.
12. «72» ережесін түсіндіріңіз.
13. Тәуекелділіктердің қандай түрлері бар және айырмашылықтары қандай?
14. Тәуекелділікті өлшеу әдістері қандай?
15. Жүйесіз тәуекелділікті басқаруға болады ма?
16. Бета- коэффициенті деген не?
17. CAPM моделі туралы не білесіз?
18. Бағалы қағаздарды бағалаудың қандай формулаларын білесіз?

## **СӨЖ тапсырмалары:**

### **Есеп №1.**

Кәсіпорын бір жылға 16 млн. тенге. қайтару шартымен 10 млн.тенге. несие алды. Пайыздық және есептік мөлшерлемелерді есептеңіз.

### **Есеп №2.**

Жай және күрделі пайыздық мөлшерлемелер сызбасын жүзеге асырғандағы капитал өсімі графигінің өзгерісінің салыстырмалы талдауын жасаңыз.

### **Есеп №3.**

Банктегі шотта 1,2 млн.тенге. бар. Банк жылына 12,5% төлейді. Капиталдың екі есе көбеюі 5 жылдан кейін мүмкін болатын ортақ кәсіпорынға салу ұсынылған. Бұл ұсынысты қабылдау керек пе?

### **Есеп №4.**

Сіздің қолыңызда 10 млн.тенге. бар және оны 5 жыл ішінде екі есе көбейткіңіз келеді. Пайыздық мөлшерлеменің тиімді ең төмен мөлшері қандай?

### **Есеп №5.**

Банк жылына 15% ұсынады. 3 жылдан кейін шотта 5 млн. тенге. болу үшін бастапқы сома қандай болу керек?

### **Есеп №6.**

9% мөлшерлемеде қай сома тиімді: 1000 ш.б. немесе 8 жылдан кейін 2000 ш.б.?

### **Есеп №7.**

Бастапқы сома 2 млн. тенге. болғандағы банкке келесі шарттармен орналастырылғандағы өскен соманы есептеңіз: а) жай және б) күрделі пайыздар, егер жылдық мөлшерлеме 15%, ал өсім периоды 90 күн, 180 күн, 1 жыл, 5 жыл, 10 жыл болса.

### **Есеп №8.**

1 млн. тенге. көлемінде 5 жыл мерзімге салымға банк жылына 8% есептейді. Егер есептеу жай және күрделі пайыздық мөлшерлеме арқылы жүргізілсе, мерзім соңында шотта қандай сома болады? а) жыл сайын; б) әр жарты жыл сайын?

### **Есеп №9.**

Ақша ағымы жайлы келесі мәліметтер келтірілген:

АҒЫМ	ЖЫЛ				
	1	2	3	4	5
А	100	200	200	300	300
Б	700	-	-	-	-
В	-	-	-	-	1200
Г	300	-	200	-	200

Әр ағымға  $i = 12\%$  болғандағы  $FV$  және  $i = 15\%$  болғандағы  $PV$  есептеңіз: а) ағымдар жылдың басында; б) ағымдар жылдың соңында.

### Есеп №10.

Постнумерандо аннуитеті сызбасы бойынша қаражат жинаудың екі жоспары талдануда, яғни ақшалай қаражат түсімдері сәйкес уақыт интервалының соңында жүргізіледі:

Жоспар 1: пайыздық есептеу жарты жылда жүргізілетін жылына  $8\%$  мөлшерлеме шартында әр жалты жыл сайын  $500$  ш.б. көлемінде депозитке салым жасалынады.

Жоспар 2: пайыздық есептеу жылына жүргізілетін жылына  $9\%$  мөлшерлеме шартында әр жыл сайын  $1000$  ш.б. көлемінде депозитке салым жасалынады.

Анықтаңыз:

а) әр жоспарды іске асыру кезінде  $10$  жылдан кейін шотта қандай сома болады? Жоспардың қайсысы тиімді?

б) егер екінші жоспарда пайыздық мөлшерлеме  $8,5\%$  дейін төмендейтін болса, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

### Есеп №11.

Пренумерандо аннуитеті сызбасы бойынша қаражат жинаудың екі жоспары талдануда, яғни ақшалай қаражат түсімдері сәйкес уақыт интервалының басында жүргізіледі:

Жоспар 1: пайыздық есептеу жарты жылда жүргізілетін жылына  $8\%$  мөлшерлеме шартында әр жалты жыл сайын  $500$  ш.б. көлемінде депозитке салым жасалынады.

Жоспар 2: пайыздық есептеу жылына жүргізілетін жылына  $9\%$  мөлшерлеме шартында әр жыл сайын  $1000$  ш.б. көлемінде депозитке салым жасалынады.

Анықтаңыз:

а) әр жоспарды іске асыру кезінде  $12$  жылдан кейін шотта қандай сома болады? Жоспардың қайсысы тиімді?

б) егер екінші жоспарда пайыздық мөлшерлеме  $8,5\%$  дейін төмендейтін болса, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

### Есеп №12.

Төленбеген қалдыққа есептелетін күрделі пайыздық мөлшерлемен жылына  $14\%$  мөлшерлемен сіз  $4$  жылға  $10000$  ш.б. қарызға алдыңыз. Әр жылдың соңында бірдей бөлшекпен қайтару қажет. Жылдық төлем сомасын анықтаңыз.

### Есеп №13.

Төленбеген қалдыққа есептелетін күрделі пайыздық мөлшерлемен жылына  $12\%$  мөлшерлемен сіз  $5$  жылға  $12000$  ш.б. қарызға алдыңыз. Әр

жылдың соңында бірдей бөлшекпен қайтару қажет. Алғашқы 2 жыл ішінде несиенің қандай бөлігі төленетінін анықтаңыз?

**Есеп №14.**

Күрделі пайыз мөлшерлемесі бойынша 10 жылдық пайыз мөлшерлемесімен 15000 доллар қарызға алынды. Әр жыл соңында тең сома бойынша қайтару қажет. Үшінші жылы қандай пайыз төленетіндігін анықтаңыз.

**Есеп №15.**

Жабылмаған қалдық бойынша күрделі пайыздық мөлшерлемесімен 5 жылға 10000 доллар қарызға алынды. Жылдық пайыздық мөлшерлеме 8- ге тең. Әр жыл соңында тең сома бойынша қайтару қажет. Төленуге тиісті пайыздардың жалпы сомасын анықтаңыз.

**Есеп №16.**

6 жыл ішінде әр жарты жыл сайын банкке 2000 доллар пренумерандо бойынша салынады. Банк әр жарты жыл сайын 10 пайыз мөлшерлемесімен есептейді. Мерзім соңында шотта қандай сома болады.

**Есеп №17.**

Егер дисконттау коэффициенті 0%, 14%, 20% , 24% тең болса, сіздің таңдауыңыз қандай болады: 5000 долларды 1 жылдан кейін алу немесе 12000 долларды 6 жылдан соң алу.

**Есеп №18.**

Келесі жағдайлар үшін 1000 доллардың болашақ құнын есептеңіз:

- 5 жыл, жылдық 8 пайызбен, әр жыл сайын пайыздар есептеледі
- 5 жыл, жылдық 8 пайызбен, пайыздардың жарты жылда есептелуі
- 5 жыл, жылдық 8 пайызбен, әр квартал сайын пайыздар есептеледі

**Есеп № 19.**

Төменде келтірілген ақшалай түсімдірдің ағымдық құнын есептендер, егер дисконттау коэффициенті 12 пайызға тең: 1) 5 млн. тенге, 3 жылдан кейін алынуға тиіс, 2) 50 млн. тенге, 10 жылдан кейін алынуға тиіс.

**Есеп №20.**

Офис салу үшін 10 жылдан кейін ғимарат сатып алу қажет. Ол үшін фирма 2 млн. доллар жинақтау керек. Ең қауіпсіз жинақтау тәсілі ретінде мемлекеттік тәуекелі жоқ бағалы қағаздарды сатып алу. Пайыздарды жарты жылдықпен есептегенде 8 пайыз мөлшерлемесімен жылдық табысты көрсетеді. Фирманың бастапқы салымы қандай болуы қажет?

**Есеп №21.**

Қайсысы тиімдірек болады- 2000 долларды бүгін алу, әлде 5000 долларды 8 жылдан кейін алғаны дұрыс па? Дисконттау коэффициенті 9 %.

## III БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫ

### 3.1 Негізгі капиталдың түсінігі және қаржыны ұйымдастырудағы ролі. Негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің құрамы мен құрылымы

Капитал салымдарының нәтижесінде кәсіпорында ( корпорацияда ) негізгі және айналым капиталдар қалыптасады. Атқарылуы үдерісінде негізгі капитал айналыстан тыс активтер формасын, ал айналыс капиталы айналымдағы активтер формасын қабылдайды.

Негізгі капитал құрамында материалдық активтер, орнатылатын құрал-жабдықтар және материалдық құндылықтарға табысты салымдар кіреді. Негізгі капитал – бұл материалдық заттық құндылықтарға ақша құралдарының жиынтығы, кәсіпорынның ( корпорацияның ) щаруашылық іс-әрекеті үдерісінде ұзақ уақыт қатысады, және ұзақ уақыт бойы ( 1 жылдан жоғары ) өз құнын дайын өнімнен біртіндеп шығарып отырады.

Кәсіпорында алғашқы капитал салымдары негізгі құралдарға жүргізіледі. Осының нәтижесінде бизнес жүйесі атқарылады және дамиды. Бүгінгі күнде табыс табу, негізгі және айналым құралдарына капитал салымдары шешімдерінің дұрыстығына байланысты. Мұндай шешімдер кәсіпорын операцияларының әрекет етуіне, жұмыс істеуіне дейін қабылданады.

«Айналымнан тыс актив» және «негізгі капитал» деген ұғымдар барабар болып табылады. Негізгі капиталға: материалдық емес актив; жаңа ұзақ мерзімді қаржылық инвестиция (салым); негізгі құрал-жабдық, оның ішінде аяқталмаған ұзақ мерзімді инвестиция кіреді.



Сурет 2- Негізгі капиталдың құрамы

Негізгі құралдар қызметіне, құрамына, функциясына байланысты келесі түрлерге бөлінеді:

- ғимараттар;
- құрылыстар;
- қондырғылар;
- машина және құрал-жабдықтар, сонымен қатар ауыр жұмыс құралдары;
- өлшеуіш және реттеуіш аспаптары;
- есептеу техникасы;
- көлік құралдары;
- өндірістік құрал-саймандар және жабдықтар;

- басқа да негізгі құралдар.

Өндірістік процеске қатысты және оған тікелей байланысты өндірістік негізгі құралдар активтік ( өндірістік жер телімдерінің шешімдеріне қызмет етеді және кәсіпорынның өндірістік мүмкіншіліктерін мінездейді ) және пассивтік ( ғимарат, құрылыс, құрал – сайман, негізгі қорлардың активтік элементтерін тұрақты атқарылуын қамтамасыз етеді.

Негізгі құралдар және негізгі құралдарға ұзақ мерзімді инвестициялардың кәсіпорынның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижесіне көп жоспарлы әрі жан-жақты әсер етеді. Мұндай әсерлерге сипаттама келесі №1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1- Негізгі құралдарға ұзақ мерзімді инвестициялардың кәсіпорынның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижесіне жан-жақты әсері

Операция мазмұны	Кәсіпорынның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижесіне әсері
1	2
<b>Негізгі құралдар түсімі</b>	
Негізгі құралдарды заңды және жеке тұлғадан өтеусіз алу.	Кәсіпорынның меншікті капиталының көлемі ұлғаяды. Бұл қаржылық жағдайының тұрақтылығына алып келеді. Екінші жағынан өнімнің өзіндік құнын жөндеуге амортизациялық шығарылымдар және шығындар көп бөлінеді. Өтеусіз алынған негізгі құралдарға қор қайтарымы аз болса, онда табыстылығы және тиімділігі азаяды.
Негізгі құралдарды сатып алу.	Кәсіпорынның айналыстан тыс активтері көбейеді, кәсіпорындағы капитал құрылымы өзгереді. Жалпы алғанда барлық капитал айналымы бәсеңдейді, өте икемді активтердің көлемі азаяды, төлемдік қабілет нашарлайды. Өндірістік шығындар транспорттық құралдарға салынатын салық сомасы бойынша көбейеді
Негізгі құралдарды ұзақ мерзімді жалға алу.	Айналыстан тыс активтер сомасы және жалға берушілер алдындағы қарыз көбейеді. Уақыт өте жалға беретін нақты ақша сомасы және жал бойынша пайыз азаяды. Таза табыс және жинақ қоры пайыз сомасы бойынша азаяды.
Негізгі құралдарды ағымдық жалға алу.	Айналыстан тыс активтер сомасы және жалға берушілер алдындағы қарыз көбейеді. Уақыт өтежалға беретін нақты ақша сомасы және жал бойынша пайыз азаяды. Таза табыс және жинақ қоры пайыз сомасы бойынша азаяды. Жалға берушінің шығындары жал көлемі сомасына ұлғаяды ( егер жалға берушінің келісілген шартында болса )
<b>Негізгі құралдардың істен шығуы</b>	
Негізгі құралдарды өтеусіз жалға алу.	Таза табыс немесе қор жинағы немесе өткен жылдағы анықталмаған табыс негізгі құралдардың қалдық құнына азаяды. Оған қосылған құралдардың істен шығуы қосылған ҚҚС. Негізгі құралдардың сомасы азаяды.



Еншілес кәсіпорынның жарғылық капиталына салым салу.	Салым қалдық баға келісімінен жоғары болса, онда кәсіпорынның өндірістік емес кірістері өседі. Басқаша айтқанда, залал таза табыстың немесе қор жинағының азаюына қатысты болады.
Негізгі құралдарды сату.	басқада өндірістен қаржылық нәтиже қалыптасады ( пайда немесе залал ). Ол кәсіпорынның табыс балансының ұлғаюына ( төмендеуіне ) әсер етеді. Негізгі құралдар көлемі азаяды, баланс өтімділігі жоғарылайды, барлық капитал айналымы тездетіледі.
Негізгі құралдарды жою.	Әрбір жойылған объекті бойынша қаржылық нәтиже көрінеді. Кәсіпорынның меншік көзі ҚҚС бойынша бюджетке төленбеген соммаға және жойылатын объектінің амортизацияланбаған соммасына азаяды.

Негізгі құралдарды қолдануда қаржылық көрсеткіштер келесі топтарға бөлінеді:

- Негізгі құралдардың көлемі, құрылымы және динамикасы бойынша көрсеткіштер.
- Негізгі құралдардың өндірісі және айналысы бойынша көрсеткіштер.
- Негізгі құралдарды тиімді пайдалану көрсеткіштері.
- Негізгі құралдарды пайдалануға тұрақтандыруға кеткен шығындардың тиімділігінің көрсеткіштері.

*Материалдық емес активтер* - ұзақ мерзімді активтерінің бір түрі, ол физикалық мағынасы жоқ, бірақ шаруашылық жүргізуші субъект үшін бағалы актив.

Материалды емес активтерге болашақта табыс әкелетін құқықтар жатады. Олардың физикалық формасы жоқ және күтілетін пайдаға байланысты болады.

Материалды емес активтердің негізгі нысандары:

- “Гудвилл” корпорацияның іскерлік аты;
- патенттер, авторлық құқықтар, сауда маркалары, жалға алынған мүлікке құқықтар;
- табиғи ресурстарды игеруге кететін шығындар құқықтары;
- формулалар, технологиялар, нұсқалар;
- ноу-хау;
- тауарлық белгі;
- лицензиялар;
- мүліктік құндылықтардың басқа да түрлері.

Материалды емес активтерге сонымен қатар ұйымдастыру шығындары жатқызылуы мүмкін.

Халықаралық стандарттарға сәйкес материалды емес активтерді бағалаудың 2 әдісі бар:

- бағалау әдісі;
- мүмкін балама әдіс.

ҚР Заңнамасына сәйкес, материалды емес активтер бағаланады:

1. жарғылық капиталға салынған құрылтайшылар салымы жақтардың келісуімен жүргізіледі. Бағалаудың мұндай түрі тәуелсіз аудитормен расталуы қажет;

2. басқа шаруашылық субъектілері мен азаматтардан сатып алынғандар – сатып алу мен оларды дайын жағдайына келтіру кеткен шығындары;

3. басқа шаруашылық субъектілері мен азаматтардан сый ретінде алынғандар үшін бағалау сараптама немесе келісілген баға арқылы жүргізіледі.

Материалды емес активтердің амортизациясының сомасы үнемі аралығында бөлініп отырады:

- падалану мерзімінде;
- 10 жылда, бірінші тану күнінен бастап.

Материалды емес активтер құны оларды пайдалану мерзіміне байланысты амортизация есептеу арқылы өтеледі. Мына әдістер арқылы жүргізіледі:

- құнды біркелкі есептен шығару;
- өндірістік әдіс;
- жеделдетіп есептен шығару;
- санның жиынтығы әдісі (кумулятивтік әдіс);
- қалдық құн әдісі.

Материалдық емес активтер келесі анықтамамен мінезделеді:

• құнды көрсеткіштері бар және өз иесіне табыс әкелуге қабілеті бар;

• қаржылық – шаруашылық іс – әрекетте 1 жылдан жоғары уақыт қолданылады;

• құқықтық бейнесі бар ақыл-ой еңбегі нәтижесі болып табылады: патент, анықтама, лицензиялық және авторлық келісім.

Материалдық емес активтердің келесідей белгілері қалыптасқан:

• Пайдалану ұзақтығы, есептік саясат нұсқау бойынша алынған ұзақ мерзімді инвестициялық құрамын ескеруге және оның алғашқы құнын жабу уақытының тиімділігін көрсетеді және мүмкіндік береді.

• Пайдалы қалдықтардың жоқтығы.

• Көп бағытты пайдалануға және кәсіпорын әрекетінің әр саласына қызмет етуге мүмкіндік береді.

• Маркетингтік қызметті құрғанда немесе қолданғанда тәуекел дәрежесінің жоғарылығы, ноу-хау пайдалану жеке және заңды тұлға ретінде қаралу ( тауарлық маркасы , белгісі. ) көптеген материалдық объектілердің сатылуы дәрежесінің төмендігінен негізінен осы белгілер әсер етеді.

• Материалдық негізінің болмауы.

Бухгалтерлік баланста материалдық емес активтер айналыстан тыс активтер құрамында көрінеді.

Материалдық емес активтер орындайтын функцияларына, атқаратын қызметіне байланысты қаржылық-шаруашылық іс-әрекетінде келесі топтарға бөлінеді:

*Зиялы меншік* - өндірістік меншік объектісі ( жарату, тиімді модельдер, тауарлық белгілер, қызмет көрсету белгілері, ноу-хау ), авторлық құқық объектілері ( барлық ғылыми, әдеби, көркем шығарылым түрлері, ақпараттық өнім, сызбалар, карталар ).

*Мүліктік құқық* – иелік етуге құқық ( жер телімдері, су арналары, және басқада ресурстар )

*Кейінге қалдырылған шығындар* - ұйым шығындары ( ғылыми ізденушілік, археологиялық іздену т.б )

*Фирманың іскерлік база беделі ( гудвилл )* - фирманың бүтін күйіндегі құны мен оның активтерінің құнының айырмашылығы .

### **3.2 Амортизация, оның есептелуі және негізгі капиталды жаңартудағы рөлі**

Негізгі капиталды тиімді басқару үшін оның жұмыс істеуі мен ұдайы жаңғырту ерекшеліктерін жан-жақты түсіну қажет.

Негізгі құрал-жабдықтың құны олар тиімді пайдаланылатын мерзім бойы ай сайынғы амортизациялық аударым арқылы бірте-бірте өтеледі. Амортизациялық аударым тиісті есепті кезеңдегі өндіріс немесе айналыс шығынына енгізіледі.

Өндіріс процесіне қатысатын негізгі құрал-жабдық бірте-бірте тозады.

**Тозу** - негізгі құрал-жабдықтың ескіру процесі. Тозудың табиғи және моральдық түрі болады.

Табиғи тозу негізгі құрал-жабдық өндіріс процесінде (табиғи тозудың пайдалану нысаны) қатысу, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықты пайдаланумен байланысты емес, әр түрлі сыртқы факторлардың: табиғи факторлардың тот басу, металдың ескіруі және т.б. ықпалынан тозу нәтижесінде (табиғи тозудың табиғи нысаны) орын алады.

Негізгі құрал-жабдықтың моральдық тозуы оның сапасының тозуымен, яғни техникалық дамумен, өндіріс әдістерінің жетілдіруімен және жаңаруымен байланысты туындайды. Техника мен технологияны жетілдіру себебінен негізгі құрал-жабдық өзінің құнын жоғалтады, яғни құнсызданады. Негізінен жаңа, неғұрлым жетілдірілген және үнемді машинаның, жабдықтың, заман талабына сай ғимарат пен құрылғының түрінің, сондай-ақ жануарлардың жаңа немесе жақсартылған өнімді түрлерінің, көпжылғы өсімдіктің түрлері мен жаңа сорттарынан жасалып, өндіріске енгізілуінен қолданыстағы негізгі құрал-жабдықты одан әрі пайдалану экономикалық тиімсіз болады.

Объектінің балансына бұрын пайдаланылған негізгі құрал-жабдық объектісі түскенде олар одан әрі тозады, ал негізгі құрал-жабдық объектісі жойылса, сатылса, басқа субъектіге тегін берілсе (сыйланса) тозу азаяды.

**Амортизациялық аударым** – тозудың ақшалай көрінісі. Амортизациялық аударым - өнімнің ( орындалған жұмыс пен қызметтің) өзіндік құнын құрайтын негізгі элементтің бірі болып табылады.

Еңбек құралының өндірістік процесте және құн құруға қатысу ерекшелігі амортизацияның объективті негізі болып табылады. Негізгі құралдың қызмет ету мерзімінің ұзақ болу салдарынан олардың құны өнімге бір өндірістік кезеңде толықтай емес, олардың табиғи және сапасының тозу шамасына қарай бөлшектеніп ауысады. Амортизация өнім құнының бөлігі ретінде бірнеше кезеңнен өтеді: ол аяқталмаған өндіріс, дайын және өткізілген өнімнің элементі ретінде болады.

**Амортизация** – актив құнын оның қызмет ету мерзімі бойы әрдайым бөлу түріндегі ескірудің құндық мәні. Амортизацияланатын құн алғашқы мен ликвидациялық құндар арасындағы айырмашылықты көрсетеді, ол жаңа негізгі құралдар алынғанда есептеледі. Амортизациялық аударымдар әрбір есептік кезеңде шығындар түрінде көрсетіледі.

Амортизацияны есептеуде келесі әдістер қолданылуы мүмкін:

- құнды біркелкі есептен шығару;
- өндірістік әдіс;
- жеделдетіп есептен шығару: санның жиынтығы әдісі (кумулятивтік әдіс); кеми беретін қалдық құн әдісі.

Субъектімен таңдалған амортизацияны есептеу әдісі есептік саясатпен анықталып, бір кезеңнен екінші кезеңге өтуі керек.

**Құнды біркелкі есептен шығару әдісі** ең қарапайым , объекттің амортизацияланатын құны ай сайын бірдей сомада есептен шығарылып отырады. Амортизациялық аударымдар мыналарды ескере отырып анықталады:

- пайдалы қызмет ету мерзімі;
- амортизациялардың шекті нормасы.

Қызмет ету мерзіміне байланысты амортизация есептеуге мысал келтірейік.

Мысал: Субъект бастапқы құны 400000 теңгеге құрылғы сатып алды, он екі жылдық қызмет ету мерзімінен кейінгі болжамдалған ликвидациялық құн – 4000 теңге. Әр жыл сайынғы амортизация сомасы былай есептеледі:

$(400000 - 4000)/12 = 33000$  теңге жылына,

$33000/12$  ай = 2750 теңге ай сайынғы амортизация сомасы.

Бұл әдіс негізгі құралды қолдану мерзімі бойы әрбір кезеңде бірдей болғанда қолданылады.

**Өндірістік әдісте** амортизациялық аударымдар объектін қолдану кезеңінде ғана есептеледі, яғни амортизация сомасы мен өндірістік қуаттылықтың арасында тікелей байланыс болады.

Сонымен бірге, қызмет етудің мерзімі маңызды емес. Өндірістік қуаттылық өнім бірлігінде, сағаттарда көрініс алады. Активтің қалдықтық құны жыл сайын өндірістік қуаттылығы көрсеткішіне ликвидациялық құнға жеткенше тура пропорционалды кемиді.

Бұл әдісті қолдану мерзімі шектеулі немесе субъектінің шаруашылық қызметі өзгергенде қолданамыз.

Мысал: Баспа станогы техникалық құжатқа сәйкес 50000 көшірме немесе 10000 сағат көлемінде жұмыс істей алады. Орнатудың алғашқы құны – 150000 теңге, ликвидациялық – 10000 теңге.

1.  $(150000\text{теңге} - 10000\text{ теңге})/50000\text{ көшірме}=2,8\text{ теңге/көшірме};$

2.  $(150000\text{теңге} - 10000\text{ теңге})/10000=14\text{ теңге/сағат}.$

Бұл әдісті қолданғанда объектінің өндірістік қуаттылығын қолдануға байланысты жылдын-жылға амортизация көлемі күрт өзгеріп отыратындықтан, амортизацияның өзгеруінің толық, нақты мәнін көрстепейтіндігін және оның қаржылық нәтижеге әсері болатындығын ескеру қажет.

**Кумулятивті әдіс** есептік коэффициентті анықтаудан тұрады. Коэффициенттің бөлімі пайдалы қызмет ету мерзіміне, ал алымы қызмет ету мерзімі аяқталуына дейін қалған жылдар санына тең.

Мысал: Дизельдік қондырғының болжамдалған қызмет ету мерзімі – 5жыл, онда бөлімі 15-ке, яғни қолдану мерзімі жылдарының сандар қосындысына  $(1+2+3+4+5=15, 15\text{-кумулятивтік сан})$  тең, әр жылғы есептік коэффициент тең:  $5/15; 4/15; 3/15; 2/15; 1/15.$

Қондырғының бастапқы орнату құны – 100000 теңге, ал ликвидациялық құн – 1000 теңге деп есептесек, амортизациялық құн 99000 теңге  $(100000-1000)$ , ал жыл сайынғы амортизация келесідей есептеледі:

Кесте 2- Жыл сайынғы амортизация сомасы

Қызмет ету мерзімі	Есептелуі	Амортизация сомасы, теңге
1-ші жыл	$99000 \times 5/15$	33000
2-ші жыл	$99000 \times 4/15$	26400
3-ші жыл	$99000 \times 3/15$	19800
4-ші жыл	$99000 \times 2/15$	13200
5-ші жыл	$99000 \times 1/15$	6600
Барлығы	-	99000

Кумулятивтік санды тезірек табу үшін мына формуланы қолданады:

$$S=N*(N+1)/2,$$

S – сандар сомасы;

N – болжамдалған қызмет ету мерзімі.

$$5*(5+1)/2=15 - \text{кумулятивтік сан.}$$

**Кеми беретін қалдық құн** әдісінде біркелкі есептен шығару әдісіндегі амортизация нормасы екі еселенеді және тек қана қалдық құнға есептеледі. Амортизацияны есептеуде, соңғы жылды қоспағанда, ликвидациялық құн есептелмейді.

Мысал: біркелкі есептен шығару әдісінде амортизациялық аударымдар нормасы – 20% делік, онда жеделдетілген амортизация үшін - 40% және қалдық құнына тіркелеген мөлшерлеме болып есептеледі. Бұл жағдайда 5 жылдық қызмет ету мерзімі бар, бастапқы құны 100000теңге, ликвидациялық құны – 1000теңге болатын станок үшін амортизация:

Кесте 3- Кеми беретін қалдық құн әдісі

Бастапқы құны	Амортизация сомасы	Қалдық құны
1-жыл 100000	40000=(40% $\times$ 100000)	60000
2-жыл 100000	24000=(40% $\times$ 60000)	36000
3-жыл 100000	14400=(40% $\times$ 36000)	21600
4-жыл 100000	8640=(40% $\times$ 21600)	12960
5-жыл 100000	11960=(12960-1000)	1000

Меншік нысанына қарамастан барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер негізгі құрал-жабдықтың тозуын есептейді. Қайта құру немесе техникалық жарақтандыру жұмыстарын жүргізу, негізгі құралдарды консервациялауға аударған кезінде амортизация есептелмейді. Сонымен бірге амортизация негізгі құралдардың мына түрлеріне есептелмейді: жер, ірі қара мал, кітапханалық қорлар, мұражай құндылықтары, сәулет пен өнер ескерткіштері, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарына, сәулет және өнер ескерткіші болып саналатын жер, кітапхана қорлары, фильм қорлары, мұражай және көркем құндылықтары, сахна-қойылым құралдары мен ғимараттарына, пайдалану жасына жетпеген өнімді мал, ірі малдар, көпжылғы өсімдік, сондай-ақ жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін жабдық, экспонат, үлгі, кабинет пен зертханалардағы және ғылыми мақсатта пайдаланылатын басқа да көрнекі құралдарға тозу құны есептелмейді.

### 3.3 Негізгі қорларды тиімді пайдаланудың көрсеткіштері

Кәсіпорындарда негізгі қорларды тиімді пайдалануды сипаттайтын басты көрсеткіш – қор қайтарылымы болып табылады. Қор қайтарымының көрсеткіші мына формуламен есептеледі.

$$K_k = K_{\theta} / K \quad (3.1)$$

мұнда:

$K_{\theta}$  - жыл ішінде өндірілген өнімнің құны, заттай немесе күн есебінен,

$K$  – негізгі өндірістік қордың орташа жылдық құны.

Бұл формула негізгі өндірістік қорды пайдалану деңгейін егжей-тегжей талдау үшін пайдаланады. Ол өндіріс пен еңбек қордың жарақтанғандығының арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Егер де еңбек қор жарақтанғанға қарағанда өндірістің қарқыны өте жоғары өсетін болса бұл өте дұрыс нұсқау болып есептеледі. Өйткені осы жағдайда ғана өндірістің тиімділігі ең жоғары дәрежеге жетеді. Қор қайтарымының

қарсы көрсеткіші - өнімнің қор сиымдылығы (  $Q$  ). Бұл өнімнің өлшеміне шаққандағы негізгі қордың құнын сипаттайды ( тенге ).

$$Q = Q_{\theta} / \Theta_{\kappa} \quad (3.2)$$

мұнда:

$Q_{\theta}$  - жыл ішінде өндірілген өнімнің тауарлы немесе қалыпты бөлігінің құны ( тенге ).

$\Theta_{\kappa}$  - негізгі өндіріс қорының орташа жылдық құны.

Қор қайтарымы көрсеткішінің артуы және өнімнің қор сиымдылығының төмендеуі негізгі қорларды пайдалануды жақсартатының немесе керісінше көрсетеді. Негізгі қорларды пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін олардың жүктеме деңгейлерін, әсіресе олардың активтерінің бөлігін арттыру, қорларды жаңарту, үдемелі жабдықтарды , қазіргі технологияны, билікті қызметкерлерді пайдалану қажет.

Негізгі өндірістік қордың нәтижесін арттырудың аса маңызды факторларының бірі – жабдықтарды пайдалануды жақсарту. Ол үшін олардың жұмыссыз тұрып қалуын азайту, ауыстыру коэффициентін көбейту жолы мен қол жетеді.

Негізгі өндірістік қорлардың техникалық жағдайын және қозғалысын талдау барысында келесі көрсеткіштер анықталады:

**Жаңару коэффициенті ( $K_{обн}$ ):**

$$K_{жан} = \frac{\text{келіп тускен негізгі өндірістік қор қуны}}{\text{негізгі өндірістік қорлардың жыл аяғындағы қуны}}; \quad (3.3)$$

**Шығу коэффициенті ( $K_{\theta}$ ):**

$$K_{ш} = \frac{\text{істе шыққан негізгі өндірістік қор қуны}}{\text{негізгі өндірістік қорлардың жыл басындағы қуны}}; \quad (3.4.)$$

**Өсу коэффициенті ( $K_{пр}$ ):**

$$K_{осу} = \frac{\text{негізгі өндірістік қорлардың осу сомасы}}{\text{негізгі өндірістік қорлардың жыл басындағы қуны}}; \quad (3.5)$$

**Тозу коэффициенті ( $K_{изн}$ ):**

$$K_{тозу} = \frac{\text{негізгі өндірістік қорлардың тозу сомасы}}{\text{осы мерзімге негізгі өндірістік қорлардың бастапқы қуны}}; \quad (3.6)$$

**Жарамдылық коэффициенті ( $K_r$ ):**

$$K_{жар} = \frac{\text{негізгі өндірістік қорлардың қалдық қуны}}{\text{негізгі өндірістік қорлардың бастапқы қуны}}.$$

(3.7)

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлармен қамтамасыз етілуін талдау. Бұл үшін келесі көрсеткіштер анықталады:

### Еңбектің нормамен жарақтануы:

$$\Phi_{\text{е.к.ж}} = \frac{\text{негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық қуны}}{\text{жұмысшылардың ең үлкен сменадағы орташа саны}}; \quad (3.8)$$

### Еңбектің техникалық жарақтануы:

$$\Phi_{\text{е.т.ж}} = \frac{\text{өндірістік жабдық қуны}}{\text{жұмысшылардың ең үлкен сменадағы орташа саны}}. \quad (3.9)$$

**Кәсіпорынның өндірістік қуаты** дегеніміз - өндірісті ұйымдастыру және техника мен технологияның белгілі деңгейінде максималды мүмкінді өнім өндірісі. Өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейін келесі коэффициенттер сипаттайды:

$$1) \text{ Жалпы коэффициент} = \frac{\text{нақты немесе жоспарлы өнім өндірісі көлемі}}{\text{кәсіпорынның орташа жылдық өндірістік қуаты}}; \quad (3.10)$$

$$2) \text{ Интенсивті коэффициент} = \frac{\text{орташа тәуліктік өнім өндірісі}}{\text{орташа тәуліктік өндірістік қуат}}; \quad (3.11)$$

$$3) \text{ Экстенсивті коэффициент} = \frac{\text{жұмыс уақытының нақты немесе жоспарлы қоры}}{\text{өндірістік қуатты анықтау кезінде қабылданған жұмыс уақытының есепті қоры}}. \quad (3.12)$$

Өндіріске жабдықты енгізу деңгейін сипаттау үшін келесі көрсеткіштерді анықтайды.

### Нақты жабдық паркін пайдалану коэффициенті:

$$K_n = \frac{\text{пайдаланылатын жабдық саны}}{\text{нақты жабдық саны}}; \quad (3.13)$$

### Қондырылған жабдық паркін пайдалану коэффициенті:

$$K_y = \frac{\text{пайдаланылатын жабдық саны}}{\text{қондырылған жабдық саны}}. \quad (3.14)$$

Нақты және қондырылған жабдық айырмашылығын жабдықтың бірлігіне шаққандағы жоспарлы орташа жылдық өнім өнімділігіне (шығымдылығына) көбейту арқылы [жұмыс істеп тұрған жабдық санының өсуі негізінде өнім өндірісін арттыру резервтерін] анықтаймыз.

Жабдықтың экстенсивті жүктелу деңгейін сипаттау үшін оның жұмысының уақыт балансы келесі уақыттар қорымен сипатталады:



– жұмыс уақытының календарлық қоры – жабдық жұмысының максимальді мүмкінді уақыты(есепті жылдағы календарлық күн саны 24 сағатқа және қондырылған жабдық санына көбейтіледі);

– жұмыс уақытының режимдік қоры (қондырылған жабдық санв есепті жылдың жұмыс күні санына және сменалық коэффициентті есепке ала отырып, күнделікті жұмыс сағатының санына көбейтіледі);

– жоспарлы қор – жоспар бойынша жабдықтың жұмыс істеу уақыты, режимдік уақыттан айырмашылығы – жабдықтың жоспарлы жөндеуде және модернизацияда болуы;

– Нақты қор.

Жабдықтың жұмыс уақытын пайдалануды сипатау үшін келесі коэффициенттер қолданылады:

$$\text{Календарлық қор коэффициенті: } K_{к.к} = \frac{T_n}{T_k}; \quad (3.15)$$

$$\text{Режимдік қор коэффициенті: } K_{р.к} = \frac{T_n}{T_p}; \quad (3.16)$$

$$\text{Жоспарлы қор коэффициенті: } K_{ж.к} = \frac{T_n}{T_{жс}}; \quad (3.17)$$

Календарлық қордағы тұрып қалулар (тоқтаулар) үлес салмағы:

$$УД_T = \frac{T}{T_k}, \quad (3.18)$$

$T_n, T_{жс}, T_k, T_p$  – жабдықтың жұмыс істеу уақытының нақты, жоспарлы, календарлық, режимдік қорлары;

$T$  – жабдықтың тоқтаулары.

Жабдықтың интенсивті жүктелуі дегеніміз орташа бір машинаның уақыт бірлігіне өндірілген өнім (машина- сағат).Жабдық жұмысының интенсивтілік көрсеткіші болып оның интенсивті жүктелу коэффициенті саналады:

$$K_{инт} = \frac{CB_n}{CB_{жс}}, \quad (3.19)$$

$CB_n, CB_{жс}$  – нақты және жоспарлы орташа сағаттық өнімділік (шығымдылық).

Жабдықты пайдалануды кешенді сипаттаушы көрсеткіш – бұл интегралды жүктеу коэффициенті:

$$JK = K_{экс} \times K_{инт}. \quad (3.20)$$

### **3.4 Инвестициялардың мәні, инвестициялық қызметтің объектілері мен субъектілері. Инвестициялардың түрлері**

Инвестиция дегеніміз – негізгі қорға қаржы жұмсау ( өндірістің негізгі қоры) босалқы қорларға, резервтерге, сондай-ақ пайда, дивиденд және басқа да табыс табу мақсатымен құнды қағаздар шығаруға ұзақ мерзімді капитал бөлу. Инвестицияны материалдық – заттық және ақшалай нысанына бөлуге болады.

Материалдық – заттық инвестицияция – ол салынуға тиісті өндірістік және өндірістік объектілер, жабдықтар, машиналар және т.б.,сонымен қатар, ол – ауыстыруға немесе техникалық парктерді кеңейтуге, материалдық заттарды басқа инвестициялық тауарларды арттыруға бағытталған, ал инвестицияның ақшалай нысаны болса, ол – ақшалай капиталдың материалдық – заттық инвестициясын жасауға, инвестициялық тауарларды қамтамасыз етуге жұмсалған.

Инвестициялар қаржы ресурстарын пайдалануды қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді күрделі қаржылар формасында жүзеге асырылады. Инвестициялардың түрлері бойынша тәуекелділік (венчурлік), тікелей, портфельдік және аннуитеттік болып бөлінеді.

Венчурлік капитал- үлкен тәуекелге байланысты жаңа саладағы қызмет көрсетудегі жаңа акциялар формасында шығарылатын инвестициялар болып табылады. Венчурлік капитал жұмсалған қаржының үлкен өтемділігі есебінде өз өзінен байланысты емес жобаларды инвестициялайды. Ол өзіне түрлі формадағы капиталды ұштастырады: несиелік, акционерлік, кәсіпкерлік.

Тікелей инвестициялау – шаруашылық субъектілерінің табыстар түсіруіне және осы субъектіні басқаруға қатысу құқығын алу мақсатындағы жалға капиталға жұмсалуды болып табылады.

Портфельдік инвестициялар- портфельді қалыптастыруға байланысты (түрлі инвестициялық құндар жиынтығы) және құнды қағаздарды сатып алу, сол сияқты басқа да активтер болып есептеледі.

Аннуитеттік- тұрақты аралық уақыт арқылы салымшыға елеулі табыс әкелетін, сақтандыру және зейнетақы қорларына жұмсалатын қаржыларды көрсетеді.

Өндірістегі жалпы инвестицияны өнім инвестиция деп атайды. Ол- негізгі капиталдың артуын қолдауға бағытталады. Жалпы инвестиция біріктірушінің екуінен қосылады. Оның ішінде біреуі –амортизация. Ол- негізгі өндіріс құралдарының ұдайы тозу және оның құнын өндірілетін өнімге көшіру процесі.


Екінші біріктіруші таза инвестиция- бұл капиталдың қаржы жұмсау негізгі қорларды арттыру, өсіре беру, ғимараттар салу, өндіру және қондыру, қосымша жабдықтар, қолда бар өндіріс қуаттылығын жаңғырту мақсатында іске асырылады.

Инвестицияны қаржыландыру көздері:


Кәсіпорынның қаржылық ресурстары:

- Меншікті қаржылық ресурстар және ішкі шаруашылық ресурстар.
- Қарыздық қаржылық ресурстар.

- Акцияларды сатудан, пайлық және еңбек ұжымының мүшелерінің , заңды тұлғалардың ж/е азаматтардың салымдары.
- Бюджеттен тыс қаржылар.
- Мемлекеттік бюджет қаржылары.
- Шет ел инвесторларының қаржылары.



Сурет 3 - Меншікті қаржылық құралдардың құрылымы.



Сурет 4 - Қарыздық қаржылық құралдардың құрылымы

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі – оның жалпы шаруашылық қызметінің ажыратылмайтын бөлігі болып табылады. Кәсіпорынның экономикасында инвестицияның маңызы орасан зор. Кәсіпорынның инвестициялық қызметі оның жалпы шаруашылық қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі өндіріс үшін ұзақ мерзімді факторлардың өсуі ерекше. Егер де кәсіпорын ойдағыдай жұмыс істейтін, өнімнің сапасын арттыратын, шығындарды азайтатын, өндіріс қуаттарын кеңейтетін, өзінің шығарған өнімдерінің бәсекеге жарамдылығын арттыратын және рынокта өзінің жайғасымын нығайтатын болса, онда капитал салу қажет және оны алу пайдалы. Сондықтан да оған инвестициялық стратегияны мұқият әзірлеп,

жоғарыдағы айтылған мақсаттарға жету үшін оны үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясы екі критериймен анықталады: 1) көлемі және; 2) ресурстар сипаты, сол сияқты нарыққа және бәсекеге жарамдығы. Бұл екеуінің біріктігін талдау кәсіпорынның стратегиясын қисынға келтіруге мүмкіндік береді.

Өндірісті кеңейтуге бағытталған инвестициялардың негізгі мақсаты - өндіріс орындарының нарыққа тауар шығару қабілеттілігін кеңейту:

- Жаңа өндіріс орындарын ашуға бағытталған.
- Жаңа өнімге тауарлар шығара алатын жалға кәсіпорындар салуға бағытталады.

- Мемлекеттік басқару ұйымдардың талаптарын орындауға бағытталған инвестициялар; Бұл инвестиция кәсіпорынның мемлекеттік ұйымдардың экономикалық стандарттар өнімнің қауіпсіздігі және басқа да жағдайларға байланысты талаптарын орындауға мәжбүр болған жағдайларда қолданылады.

Кәсіпорынның өндіріс шаруашылық іс - әрекеттің маңызды бір бөлігі өзінің өндірістік экономикалық потенциалды сақтау және ары қарай дамыту әрекеті кәсіпорынның инвестициялық іс - әрекеті деп аталады. Қазақстан Республикасының «нарықты инвестицияларды» мемлекеттік қолдану туралы заңы бойынша инвестициялық іс - әрекетке инвестицияларды атқаруға байланысты кәсіпкершілік әрекет жобаны іске асырушылар жеке және заңды тұлғалар жатады. Қазақстан Республикасында корпорациялардың инвестициялық іс - әрекеттері « Нарықтық инвестицияларды нақты қолдау туралы», «Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізуі туралы», « Салықтар және бюджетке тіндетті түрдегі төлемдер туралы» заңдарымен және де « Банкроттық жалпы бағалы қағаздар нарығы жайлы» Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар заңдары мен басқа да нормативтік актілермен реттеледі.

Жалпы түрінде инвестиция ақша қаражаты ретінде, банктік салықтар, акциялар және тағы да басқа құнды қағаздар, технология, машиналар, жабдықтар, лицензиялар, оның ішінде тауар белгілеріне, несиелер, кез- келген басқа да мүліктер немесе мүліктер құқығы, зиялы құндарды кәсіпкерлік қызмет объектілеріне немесе басқа да қызмет түрлеріне пайда және әлеуметтік нәтижеге жету мақсатына пайдаланады.

Инвестициялық қаржы жағынан анықтамалығы – бұл табыс алу мақсатында шаруашылық қызметіне жұмсалатын активтердің (қаржы) барлық түрлері. Ал экономикалық жағынан экономикалық анықтамалығы – ол құруға, кеңейтуге, қайта құруға, негізгі капиталды техникамен жарактандыруға, сол сияқты айналмалы капиталға осымен байланысты емес өзгерістерге жұмсалатын шығыстар деп түсіндіруге болады. Яғни, тауар – материалдық босалқы қорлардың өзгерістері көпшілігінде негізгі капиталға жұмсалатын шығыстар қозғалысын түсіндіреді.

Жоспарланған іске асырылған инвестициялар инвестициялық жобалар формасын қабылдайды. Инвестициялық жоба – капиталдар ұлғаюы мақсаты

мен экономикалық әртүрлі салаларын құюға бағытталған жоспарланған және орындаған немесе орындалатын шаралар жиынтығы. Инвестициялық жобаны:

- 1) тактикалық;
- 2) стратегиялық деп 2-ге бөледі.

Стратегиялық жобаларға меншік түрін өзгертетін арендалық кәсіпорын, акционерлік қоғам, жеке кәсіпорындар, біріккен кәсіпорындар, жобалар немесе өндірісті түгелімен өзгерту ( жаңа өнімді шығару, толық автоматтандыру ж/е т.б.)

Тактикалық жобалар көбінесе өндірілетін тауар көлемінің өзгеруімен, өнімнің сапасын жақсартумен, құрал – жабдықтардың жақсаруымен байланысты.

- *Инвестициялық жобаның түрлері:*

- Ескертілген жабдықтардың ауыстырылуы, бұл процес бизнестің әрі қарай дамуының жалғасы. Мұндай түрдегі жобалар ұзақ және көп қиындықты шешілетін шешімдерді қажет етпейді.

- Ағымдағы өндіріс шығындарын азайту мақсатындағы жабдықтарды ауыстыру.

- 1) Бұл жобалардың мақсаты моральдық тозған жабдықтарды жаңа инновациядағы жабдықтарға ауыстыру болып табылады. Әр жобаны бөлшектеп талдауды қажет етеді, өйткені жаңа техникалық мәнде жабдықтар қаржылық көзқарасымен тиімді емес болып келеді.

- Тауар шығарылымын жоғарылату немесе қызмет көрсету нарығын кеңейту жоғарғы деңгейдегі кәсіпорынның басқарушылық жоба бойынша өте маңызды жауапты шешімдер қабылданады. Бұл жобаның коммерциялық орындалуын бөлшектеп талдап келіп, кеңейтуді тиінақты өткізу керек және де қаржылық тиімділігі мен тауардың айналысқа шығаруды көбейту арқылы табыстың өсетіндігін алдын – ала білуіміз керек.

- Жаңа тауар шығару мақсатында кәсіпорынды кеңейту. Онша қымбат емес жабдықтарды алып, ағымдағы шығындарды көбейту.

- Экологиялық салмақ бар жобалар . Бұл инвестициялық жоба кезінде экологиялық талдау жасау міндетті элементі болып табылады. Экологиялық салмағы бар жобалар әрдайым қоршаған ортаның бұзылуымен байланысты. Бұл жобаның екі түрлі жолы бар:1) қымбат және жаңа технологияларды пайдалану, капиталдық ұсталымдарды көбейту;

- 2) арзанырақ технологияны тарту және ағымдағы ұсталымдарды көбейту.

- *Басқа жобалар түрлері.* Қабылданған шешімі азырақ маңызды жобалар.

Бұл жобалар жаңа құрылыс офисін немесе жаңа автокөлік сатып алу сияқты жобалар.

Инвестициялық жобаларды іске асыру мынандай кезеңдерден тұрады:

1. Инвестициялық ұғымды қалыптастыру.
2. Инвестициялық техникалық- экономикалық негіздеу.
3. Жобаны техникалық- экономикалық негіздеу.
4. Жер учаскесін алу және жалға алу.
5. Құрылыс – монтаж жұмыстарын жүргізіп,іске беру.

6. Объектіні қолдану экономикалық көрсеткіштің мониторингі.

Инвестициялық ұғымды қалыптастыру. Бұл кезеңде кәсіпорынның басқарушылары кәсіпорынның ағымдағы жағдайын талдайды. Және оның дамуының неғұрлым тиімді жақтарын қарастырады. Талдаудың нәтижесі ретінде бизнес ұсыныс болады және ол кәсіпорынның маңызды мәселелерін шешу бағытында пайдаланылады.

*Жобаны дайындау.* Бизнес ұсыныс өзінің бірінші тексерісінен өткеннен кейін, оны толық шешім қабылданғанға дейін дамыту керек. Бұл кезеңде жобаның жоспарын бірте – бірте орындалуына қажетті коммерциялық, техникалық, қаржылық, экономикалық, институционалдық және т.б. жақтарын қарастыру керек. Жобаны дайындау кезеңінде жобаның бөлек мәселелерін шешу үшін қажетті ақпаратты іздеу мен жинау маңызды болады. Жобалық тексеріс кезінде пайда болатын ақпараттың дәлдігі мен оны дұрыс пайдалануынан жобаның орындалуы байланысты.

*Жобаның экспертизасы.* Жобаны іске асыру алдында оның экспертизадан өтуі, жобаның өмірлік циклының аса маңызды кезеңі болып табылады.

Жобаны іске асыру кезеңіне бизнес ұсыныстың дамуынан жоба толық іске асырылғанға дейінгі уақыт кіреді. Мұнда қызметтің орындалуын талдау мен қадағалау және мемлекет ішінде немесе шет ел және отандық инвесторлардан қадағалау органдары бақылау жасауы кіреді. Берілген кезең өзіне жобаның орындалуының негізгі бөлігі болып табылатын қаржылық ағымның жеткіліктілігін тексеру мен инвесторлармен салынған ақшадан күтілетін қайтаруларды қамтамасыз етуді қосады.

*Нәтижелерді бағалау.* Нәтижелерді бақылау жобаның орындалуы кезеңінде де, толық аяқталған кезінде де жасалады. Бұл қызметтің негізгі мақсаты – жобаға салынған ұсыныстар мен олардың орындалуы деңгейін салыстыру. Көрсетілген салыстыру арқылы жобаларды дайындаушылар үлкен тәжірибе алады және оларды басқа да жобаларды іске асыру кезінде пайдаланады.

Еліміздің корпорациялары да өздерінің инвестиция саласын дамыту үшін, сол арқылы экономикалық жағдайын жақсарту, тұрақтандыру үшін инвестициялық жобаны пайдаланады. Сол арқылы керекті нәтижеге жетеді. Себебі, бұл жоба арқылы көздеген нәтижеге бірте-бірте жетіуге болады.

Инвестициялық жобаны қаржылық, экономикалық, институционалдық талдау:

**1.Қаржылық талдау.** Инвестициялық жобаның бұл бөлімі көлемді және көп еңбекті қажет етеді. Қаржылық бөлімінің жалпы сұрақтары:

1. Өткен 3 (5) жыл ішіндегі кәсіпорын жұмысының қаржылық жағдайын талдау.

2. Инвестициялық жобаның дайындау кезеңіндегі кәсіпорын қаржылық жағдайын талдау.

3. Өндірістік тауардың негізгі түрінің шығынсыздық талдау.

4. Инвестициялық жобаның жүзеге асыру процесіндегі пайда мен ақша ағымын болжау.

5. Инвестициялық жобаның тиімділікті бағалау.

Қаржылық талдау өткен кәсіпорынның жұмысы және ағымдағы жағдайы өтімділікті көрсететін негізгі қаржылық коэффициенттің, несие қабілеттілігі, кәсіпорынның табыстылығы және тиімділігін есептеу болып табылады. Негізінде бұл қиындықты тудырмайды. Қаржылық бөлімінде кәсіпорынның өткен жылдардың негізгі қаржылық есеп беру және жылдардың негізгі көрсеткіштерін салыстыру маңызды болып келеді. Егер инвестициялық жоба батыстағы стратегиялық инвестицияларды тартуға бағытталған болса, онда қаржылық есеп беру батыстық үлгіде жасалуы керек.

Шығынсыздықты талдау жүйелі түрде өзінің жұмысына негізгі тауардың сатылуын және оның дайындау өзіндік құнының құрылымы, барлық шығындарды бөлу – ауыспалы ( өндірістің көлемінің өзгеруімен байланысты өзгереді) және тұрақты (өндірістің көлемінің өзгеруімен байланысты өзгермейтін шығындар) қосады.

Шығынсыздықты талдаудың негізгі мақсаты – шығынсыздық нүктесін анықтау, яғни тауардың сатылу көлемі пайданың нөлдік мәніне сәйкес келуі. Жобаның қаржылық бөлімінің жауапкершілік бөлігі инвестициялық бөлігі болып табылады, ол өзіне келесілерді қосады:

- жоба бойынша кәсіпорынның инвестициялық қажеттілігін анықтау;
- инвестициялық қажеттіліктің қаржыландыру көздерін орындау;
- инвестициялық жобаны жүзеге асыруға тартылған капитал құнын бағалау;
- жобаны жүзеге асыру арқылы табысты және ақша ағымын болжамдау;
- жобаның тиімділік көрсеткіштерін бағалау;

**2. Экономикалық талдау.** Экономикалық талдау мемлекеттің байлығын ұлғайту мақсатында жобаға ақша салудың әсер етуін бағалау болып табылады. Экономикалық талдау орындау міндетіне мысал қарастырайық. Мына келесі шарттар бойынша «С» компаниясы бір тауарды өзгертумен айналыссын:

- мемлекеттік ұйым жеңілдік бағалары бойынша компанияға шикізатты сатады;
- мемлекетпен жасалған халықаралық нарықтан төмен бағамен компанияға сатылатын импортталған жинақ элементтері;
- кәсіпорынның мемлекеттік стандарт бойынша қызметкерлерге еңбекақыны төлейді;
- нәтижесінде тауарды кәсіпорын мемлекеттік кәсіпорынға төмен бағамен сатады, шетелдік ерікті нарыққа қарағанда.

Жобаны жүзеге асыру арқылы мемлекеттің пайдасын орнату мақсатында басқа нұсқаулармен салыстыру керек:

- компанияға шикізат пен нарықтық бағасы бойынша жинақ элементтері, әлемдік стандарт б/ша қызметкерлерге төлеу және ерікті бағалар б/ша компаниялардан тауарларды сатып алу;

- шетелден ұқсас тауарларды сатып алу (сапасы, көлемі). Сөйтіп, экономикалық талдау процесінде мемлекеттің пайдалылығын міндетті түрде анықтау болып табылады.

Экономикалық талдаудың қажеттілігі неде? Егер нарық толығымен ерікті болса, онда экономикалық талдау істеудің тиімді болып келеді. Ерікті нарықтың негізгі белгілері:

- сатып алушылар мен сатушылар молшылығы;
- барлық өндірістік факторларды жұмылдыру (еңбек, капитал, материалдар)
- сатушы мен сатып алушы қалауынша бағаны ерікті орнатады;
- нарыққа жаңа компанияның кіруіне қиыншылықтар жоқ.

Мұндай жағдай батыс мемлекетіне де тамаша болып келеді. Көптеген тауарларға жасанды түрде мемлекетпен өзгертіледі (жоғарлауы немесе төмендеуі). Себебі, ірі инвестициялық жобаға қаржылық тиімділікпен бірге экономикалық тиімділікті талдау мен экономикалық тартымдылықты бағалау қажет.

Экономикалық тиімділікті бағалауды нығайтатын жұмыстары келесідей:

1. қаржылық талдаудың нәтижесін көрсетеді;
2. экономикалық талдаудың көз қарасымен жаңа шығындар мен табыстылық жіктеледі;
3. қаржылық мәндерді экономикалыққа айналдыру;
4. ресурстарды пайдалану ж/е сондай өнімді алу үшін басқа мүмкіндіктердің құны бағалау;
5. ішкі төлемдердің барлық есебін алып тастау;
6. жыл сайынғы экономикалық ақша ағымын инвестицияның кеткен көлемімен салыстыру.

Тағы да ескертетін жағдай, экономикалық талдау ірі инвестициялық жобаларда қолданылады.

**3. Институционалдық талдау.** Институционалдық талдау инвестициялық жобаның ұйымшылдық, құқықтық, саясаттылық және әкімшілік жағдайлардың табысты орындалуын бағалайды. Оның басты міндеті инвестициялық жобамен ере жүретін ішкі және сыртқы факторлардың жиынтығын бағалайды.

Ішкі факторларды бағалау келесідей түрде берілген:

*1. Менеджменттің өндірістік мүмкіншілігін талдау.* Кәсіпорынның өндірістік менеджментін талдай отырып, міндетті түрде келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

- кәсіпорын менеджерлердің тәжірибесі мен квалификациясы;
- жобаның мақсатымен менеджерлерді сәйкестендіру және жобаның мәдениетті құндылықтары.

*2. Еңбек ресурстарын талдау.* Еңбек ресурстарын жобаның жүзеге асырылуына және жобаға, технологияға сәйкес тартылуын жоспарлау керек. Егер кәсіпорынның өндіріс мәдениеті жасалып жатқан жобаға сәйкес келмесе, қызметкерлерді оқыту немесе жаңа қызметкерлерді жалдау керек.

*3. Ұйымдастырушылық құрылымды талдау.*

Сыртқы факторлар келесі 2 аспектілер бойынша жүзеге асады:

- 1) Мемлекеттің саясатты бөлшектеп талдаудың келесі бағыттары бар:
  - шетелдік инвесторлардың ақша салуына мүмкіндік және тауарларды экспорттау;



- шикізат пен тауарлардың импорт мен экспорттың шарттары;
- еңбек туралы заңдары;
- қаржылық ж/е банктік реттеудің негізгі жағдайлары ;

2) *Мемлекеттің мақұлдауы.* Бұл фактор негізінде ірі инвестициялық жобаларды қарастырады, олар ірі масштабты мәселелерді шешуге арналған.

4. *Тәуекелді талдау.* Тәуекелді талдау барлық өзгерісті есепке алады, ол нашарлайды немесе жақсарады.

Жүзеге асырылу процесінде келесі элементтер өзгеріске ұшырауы мүмкін: шикізаттың құны, толық шығынның құны, қызмет көрсету құны, сатылу құны, бағалар және т.б. Нәтижесінде қорытынды параметр, мысалы табыс кездейсоқ болып қалады. Тәуекел таралу мүмкіншілігін және ықтималдылық мәндерін пайдаланады. Мысалы, тәуекел кері табысқа, яғни шығын ықтималдылығына тең болады. Жобадағы факторлар кең өзгерісте болса, онда жоғары тәуекелділікке тап болады.

Барлық кәсіпорындар инвестициялық қарекетпен байланысты. Инвестициялық жоба бойынша шешім қабылдау көптеген факторлармен қиындатылады. Олар: инвестицияның түрі, инвестициялық жобаның құны, қаржы ресурстардың шектеулігі, шешім қабылдаумен байланысты тәуекелділіктер.

Инвестицияны қажет ететін себептер көп болуы мүмкін, бірақ жалпы оларды үш түрге бөлуге болады: қолда бар материалды-техникалық базаны жаңарту, өндірістік қарекеттің көлемін ұлғайту, жаңа қарекеттердің түрін меңгеру. Инвестициялық жобаны қабылдау міндеті әр бағытта әртүрлі. Егер бар өндірістік қуатты ауыстыру керек болса, онда шешім оңай қабылданады, себебі кәсіпорынның басшылары жаңа өндірістің қандай сипаттамалармен қанша қаректігін нақты біледі. Ал егер негізгі әрекетті кеңейтумен байланысты инвестиция туралы шешімді қабылдау қиынға түседі. Осы жағдайда жаңа туындайтын факторларды ескеру қажет. Олар: тауар нарығында кәсіпорынның жағдайының өзгеруі, қосымша еңбекті игеру және т.б.

Инвестициялық сипаттағы бақылау шешімін қабылдау процесі негізінде болашақ ақша түсімдері мен болжаулы инвестиция көлемін салыстыру және бағалау жатыр. Өйткені салыстырылатын көрсеткіштер әр түрлі уақытқа қатысты, осындағы ең негізгі проблема оларды салыстыру. Оған әртүрлі қарауға болады, объективті және субъективті жағдайға байланысты инфляция қарқыны болатын түсімдердің көлемі, болжау көкжиегі, аналитиктердің білім деңгейі және т.б.

Қаржылық менеджмент тәжірибесі инвестициялық қызметтерді бағалаудың келесі әдістерін атап көрсетеді.

Капитал мен табысты дисконтау. Материалдық негізін ақша құрайтын қаржы ресурстары уақытша құндылыққа ие. Қаржы ресурстардың уақытша құндылығы екі аспектіде қарастырылады. Бірінші аспект ақшаны сатып алу қабілеттілігімен байланысты. Екінші аспект ақша қаражаты капитал сияқты айналымымен және осы айналымнан табыс алумен байланысты. Ақша жаңа ақшаларды тезірек жасау керек.

Табысты дисконтау- капитал салу мерзіміне байланысты табысты әкелу. Дисконтау есебімен өскен капитал мен қосымша табысты аудару үшін келесі формула анықталынады:

$$K=K^*(1+n), \quad (3.21)$$

$K$ – салымдардың бастапқы сомасынан  $t$ -мерзімінің аяғында капиталдың салымдарының мөлшері.

$K$ – салынған капиталдың мөлшерін ағымдағы бағалау, яғни бастапқы салым салынғаннан кейін бастапқы мерзімнің позициясы.

$N$ – дисконтау коэффициенті (яғни табыстылық нормасы немесе пайыз мөлшерлемесі) бірлік үлесі.

$$D=K(1+n)-K, \quad (3.22)$$

$D$ - қосымша табыс, тенгемен

Ағымдағы мезгіл позициясынан болашақ ақша түсімдерін бағалау үшін табысты дисконтау қолданылады. Инвестор капиталды салғаннан кейін, келесі жағдайларды басшылыққа алады.

Біріншіден, әр уақытта ақшаның құнсыздануы болады, екіншіден, анықталған минимум мөлшерінен төмен емес капиталға табыстың мезгілдік түсуі. Инвестор болашақта қандай табыс алатынын бағалау керек және табыстың болжанған деңгейінен жұмыстың басталуына максималды мүмкін болатын қаржылық ресурстар сомасына салуды жіберу.

Таза табыс келтіретін эффекті есептеу әдісі. Бұл әдіс бастапқы инвестиция көлемін дисконттау таза ақша түсімдерінің жалпы сомасын келтірілгеннен құралған. Өйткені ақша қаражаттардың құйылымы уақыт бойынша бөлінген. Ол аналитик инвестициялығысы келетін немесе инвестициялай алатынын жылдық қайтарылу пайызынан шыға қоятын  $r$ -коэффициенті арқылы дисконтталады. Мысалы мынандай болжам жасалынады, инвестиция ( $IC$ ) жыл ішінде басқарылады, ал жылдық табыстар  $P_1, P_2, \dots, P_n$  көлемінде. ( $NPV$ ) сәйкесінше мына формулалар бойынша есептелінеді:

$$PV= P_k / (1+r)^e ; \quad (3.23)$$

$$NPV= P_k / (1+r)^e -C-C ; \quad (3.24)$$

Егер:  $NPV > 0$ , онда жобаны қабылдау керек

$NPV < 0$ , онда жобаны қабылдамау керек

$NPV = 0$ , жоба не пайдалы емес, не зиянды емес.

Мынаны ескеру қажет,  $NPV$  көрсеткіші қаралып отырған жобаны қабылдау кезде кәсіпорынның экономикалық потенциалының өзгеруінің болжамдық бағалауын көрсетеді. Бұл жоба уақыт бойынша әр түрлі жобалардың  $NPV$  соммалауға болады. Бұл өте ерекше белгі, бұл критерияны басқалардан ерекшелейтін және оптималды инвестицияланған қоржынды талдау кезінде оны негізгі етіп қояды.

Инвестицияның табыстылық индексін есептеу әдісі. Бұл әдістің мәні бойынша алдыңғының жалғасы болып табылады. Табыстылық индексі  $PI$  мына формула бойынша есептелінеді.

$$PI = PK / (1+r)^k / IC ; \quad (3.25)$$

Егер :  $PI > 1$ , жобаны қабылдау керек

$PI < 1$ , жобаны қабылдамау керек.

$PI = 1$ , жоба не табысты емес не зиянды емес.

Таза келтірілген эффектiмен салыстырған да табыстылық индексі қатынасты көрсеткіш болады. Осыған орай, NPV мәні бірдей альтернативті жобалардың ішінен біреуін таңдап алуға қолайлы.

Инвестицияны пайдалылық үлесін есептеу әдісі. Инвестицияның пайдалылық нормасының түсінігінің астында дисконттау коэффициентінің мәні жатыр. Сонымен қатар , жобаның  $NPV = 0$ :

$$IRR = r, \text{ бұнда } NPV = f(r) = 0$$

Жоспарланған инвестицияның нәтижелігін талдауда бұл коэффициенттердің мәні мынада жатыр: IRR- берілген жобамен біріктірілетін шығындарды жоғары қатыста жіберу деңгейін көрсетеді. Мысалы, егер жоба толығымен банктің ссудасы арқылы қаржыландырылса , онда IRR-банктің пайыздық мөлшерлемесінің жіберілу деңгейінің жоғарғы деңгейін көрсетеді, оның жоғарлауы жобаны зиянды жасайды.

Инвестицияның нәтижелік коэффициенттерін есептеу әдісі. Бұл әдістің екі белгісі бар: ол табыстың көрсеткіштерін дисконттауды ұсынбайды; табыс таза пайданы PN көрсеткіштерімен сипатталады. Есептеудің алгоритімін ерекше оңай, сондықтан бұл коэффициенті тәжірибеде көп қолданады. Инвестицияны нәтижелік коэффициенті ARR орта жылдық пайданы PN инвестицияның орта көлеміне (коэффициент % алынады) бөлумен есептеледі. Инвестицияның орта шамасы капиталды салымдардың бастапқы соммасын 2 бөлгенде табылады, егер талданатын жобаны өткізу мерзімі өткенде барлық капиталды шығындар шығарылып тасталынады немесе қолдық құнының қома- қолдығын жіберсе RV онда оны бағалау шығарылып тасталу керек.

$$ARR = \frac{PN}{\frac{1}{2}(IC - RV)} \quad (3.26)$$

Осы көрсеткіш кәсіпорынның жалпы таза табысын оның іс-әрекетіне авансталған (орта баланстың нетто қорытындысы) қаражаттың жалпы сомасына бөлумен анықталады, авансталған капиталдың табыстылық коэффициентімен салыстырылады.

Өтелу мерзімін есептеу алгоритімі (PP) инвестициялаудан түсетін болжанған табыстарды бөлудің бір қалыптылығына тәуелді. Егер пайда жылдарға бір қалыпты бөлінсе онда өтелу мерзімі жылдық табыстың көлеміне бір уақытылы шығындарды бөлумен анықталады. Бөлшек сан шыққанда оны бүтін жақын санға айналдырамыз. Егер пайда бір қалыпты бөлінбесе, онда өтелу мерзімі жылдар санын тура есептеумен анықталады, ол сол жылдар ішінде инвестиция куммулятивті табыспен жабылады. PP көрсеткіші есептеудің жалпы формуласы мынандай болады.

$$PP = n Pk, \text{ мұнда } Pk > IC / 28/$$

Инвестицияны өтелу мерзімінің көрсеткішін есептеу қажет. Сонымен қатар талдауда ескеретін бірқатар кемшіліктер бар. Біріншіден, ол соңғы мезгілдердегі табыстың әсерін ескермейді. Екіншіден, ол куммулятивті табыстардың сомасы бірдей жобаларды ерекшелемейді, бірақ оларды жылдар бойынша бөлуді ерекшелейді. Бірқатар жағдайларда өтелу мерзімін есептегеннен тұратын әдістерді қолдану дұрыс бола алады. Мынандай жағдайларда:

- кәсіпорын басшылары жобаның табысты емес, көбінесе өтімділік проблемасын шешумен айналысқанда ;

- инвестиция тәуекелділіктің жоғарғы деңгейімен байланысты, сондықтан өтелу мерзімі қысқа болған сайын жобаның тәуекелділігі де аз болады.

Инвестициялық жобаның бағалаудың әрбір әдісі қаржы менеджеріне жобаның қандай да бір мінездемесін қарастырады және маңызды нысандарын, ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, тәжірибелі мамандар әрбір жобаның талдауына барлық негізгі әдестерді кешенді пайдаланады. Компьютерлік техника бұл мәселені жеңілдетеді.

Инвестициялық жобаны бағалау кезінде міндетті түрде инфляциялық процестерді ескеру керек. Инфляция шығындар мен түсімдердің нақты құнын өзгертеді. Жағымды ж/е жағымсыз ақша ағымын бірдей немесе әртүрлі инфляциялық өзгертулер кезінде бұл ағымдарды инфляция деңгейі б/ша жеке алдын-ала түзету керек. Содан кейін ғана таза номиналды ақша ағымын инфляциялық факторлардың әсерінен тазартуға ж/е таза нақты ақша ағымын алуға болады.

Ескертетін жағдай, жобаларды бастапқы қарастыру стадиясында, рентабельділігі инфляция деңгейінен төмен жобалар қабылданбайды. Мұндай жобалар к/о-ға инфляцияға қарсы қорғаныста қамтамасызете алмайды.

Төменде жобаның таза нақты құның (NPV) кірістер мен шығындардың әр түрлі инфляциямен бұзылған жағдайында анықтау формуласы берілген. Бұл формула ақша ағымының инфляциялық түзетулерін ж/е инфляциялық сыйақыны қоса алғандағы капиталдың орташа есептелуі негізінде дисконттауды бір уақытта жүргізу үшін ыңғайлы.

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{\left[ R_t \prod_{r=1}^t (1+i_r) - C_t \prod_{r=1}^t (1+i_r^1) \right] (1-T) + D_t T}{(1+k)^t} - I_0, \quad (3.27)$$

Мұндағы,  $R_t$ - базалық период бағаларымен бағаланбайтын инфляциясыз ситуация үшін  $t$  жылының номиналдық түсімі;

$I_r$  -  $r$  жылдық табыстарының инфляция қарқыны;

$C_t$  -  $t$  жылының базалық кезең бағаларымен номиналдық ақшалай шығындары;

$i_r^1$  -  $r$  жылының инфляция ұсталымдарының қарқыны;

$T$  – табысқа салық салу ставкасы;

$I_0$  - негізгі құралдарды сатып алуға кеткен бастапқы шығындар;

к –инфляциялық сыйақыны қосатын капиталдың орташа өлшенген құны;

$D_t$ - t- жылының амортизациялық аударымдары;

Мұнда келтірілген формула  $(R-C)(1-T) + DT$ . Мұндағы, R – түсім, C- ақшалай шығындар, D – амортизациялық аударымдар, T – пайдаға салық салу ставкасы таза ақша ағымын есептеу үшін негізделген.

Таза ақша ағымын моделі:

$$(R-C)(1-T) + DT = R - C - RT + CT + DT + D - D = (R-C-D)(1-T) + D.$$

Жобаның рентабельдігінің ішкі мөлшерлемесі ( IRR) жобаның таза нақты 0-ге тең болатын дисконттау мөлшерлемесін көрсетеді.

Мысал

Есептелген капиталдың орта өлшемдік құнының мәнін қолдану арқылы және төменде келтірілген инфляциялық жоба бойынша жобаның таза нақты құнның және рентабельділіктің ішкі мөлшерлемесін анықтаймыз. Содан кейін, рентабельділіктің ішкі мөлшерлемесін, рентабельділіктің ішкі мөлшерлемесі мен капиталдың орташа өлшем құнын салыстыру арқылы, берілген жобаның мақсатқа жету деңгейі туралы қорытынды жасаймыз.

Жобаның бастапқы шығындары:	8 млрд.тенге
Жоба өмірінің мерзімі:	4 жыл
Жыл сайынғы амортизациялық аударымдар:	2 млрд. тенге
Пайдаға салық салу мөлшерлемесі:	17,5 %
Инфляциялық сыйақыны қосқандағы	
Капиталдың орташа өлшем құны:	250

Кесте 4- Базалық кезең бағаларындағы түсімдер мен шығындар, млрд.тенге

Жыл	Түсімдер	шығындар
1	6	3
2	7	4
3	8	4
4	9	4
Болжамдық инфляция деңгейі		
Жыл	Түсімдер	шығындар
1	300%	200%
2	220%	180%
3	150%	120%
4	80%	100%

Шешімі:

$$\text{Таза нақты жоба құны (NPV)} = \frac{1 \cdot (6+3) - 3 + 2 \cdot (7-0,175) + 2 \cdot 0,175}{1+2,5} - 8$$

**Бақылау сұрақтары:**

1. Негізгі капиталды қалай бөлуге болады?
2. Негізгі қорларды бағалаудың қандай әдістері бар?
3. Негізгі қорларды пайдаланудың тиімділігін анықтайтын көрсеткіштерді атаңыздар.
4. Амортизацияны есептеуде қандай әдістер қолданылады?
5. Инвестицияларды қаржыландыру көздерінің құрамы қандай?
6. Негізгі құралдарды жөндеу жұмыстары қандай көздерден қаржыландырылады?

**СӨЖ тапсырмалары:**

1. Кәсіпорының және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі қорлармен қамтамасыз етілуін анықтау және олардың пайдалану деңгейін айқындау.
2. Негізгі қорларды пайдалану тиімділігін арттыру резервтерін анықтау.
3. Негізгі қорларды пайдалану барысында олардың өзгеру себептерін анықтау.
4. Негізгі қорлардың техникалық жағдайын бағалау.
5. Аналитикалық сипаттағы эссе дайындау: «Нақты кәсіпорын деректерімен оның негізгі өндірістік қорларының пайдалану деңгейіне, қозғалысына талдау жасау».


## IV КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ

### 4.1 Айналым капиталының маңызы, жіктелуі. Айналым капиталын ұйымдастыру принциптері

*Айналым капиталы* (айналым қаражаттары) – бұл кәсіпорынның ағымдық активтерге салынған капитал бөлігі. Материалды-заттай белгісі бойынша айналым капиталына келесілер жатады: еңбек құралдары (шикізат, материалдар, отын, т.б.), кәсіпорын қоймаларындағы дайын өнім, қайта сатуға арналған тауарлар, ақшалай және есептесудегі қаражаттар.

Айналым капиталының сипатты ерекшелігі оның жоғары жылдамдықпен айналуында. Айналым қаражаттарының өндіріс процесіндегі функционалдық ролі негізгі капиталдан тым өзгеше. Айналым қаражаттары өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Айналым капиталаның заттай элементтері (еңбек құралдары) әрбір өндіріс циклінде қолданылады. Олар өзінің натуралды формаларын толығымен жоғалтады, сондықтан өндірілген өнім (орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет) құнына толығымен енеді. Айналым капиталының айналыс кезеңдері сызбада көрсетілген (5- сурет).



$A - T - \dots \Theta \dots T' - A'$

Сурет 5 - Айналым капиталының айналыс кезеңдері

Капитал айналысы 3 сатыны қамтиды: дайындау (сатып алулар), өндіру және өткізу.

Кез-келген бизнес өндіріске қажетті белгілі бір ресурстар көлеміне айналатын бір шама қолма-қол ақша сомасынан басталады.


Дайындау кезеңі нәтижесінде айналым капиталы ақша формасынан өндірістік (еңбек құралдары және тауарлар) формасына өтеді.

Өндіру кезеңінде ресурстар тауар, жұмыс немесе қызметтерге айналады. Бұл сатының нәтижесі айналым капиталының өндіріс формасынан тауар формасына өту болып табылады.

Өткізу кезеңінде айналым капиталы тауардан қайтадан ақша формасына өтеді. Бастапқы ақша сомасы (A) және өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен түсім (A') көлемі бойынша сәйкес келмейді. Бизнестен түскен қаржылық нәтиже (пайда немесе шығын) бұл сәйкеспеушілікке себеп болады.

Көріп отырғанымыздай, айналым капиталының элементтері шаруашылық операциялардың үздіксіз ағынының бөлігі болып табылады. Сатып алу өндірістік қорлардың және кредиторлық борыштың өсуіне әкеледі; өндіріс дайын өнімнің ұлғаюына әкеледі; өткізу дебиторлық борыш және касса мен есеп-айырысу шотындағы ақшалай қараттың көбеюіне әкеледі. Бұл

операциялар циклі талай мәрте қайталанып, нәтижесінде ақшалай түсімдер мен ақшалай төлемдерге саяды. Айналым қаражаттары минималды қажетті мөлшердегі айналыс қорлары мен өндірістік айналым қорларының жоспарлы құрылуы мен қолданылуы үшін ақшалай нысандағы авансталатын құн болып табылады. Ол кәсіпорынның өндірістік бағдарлама мен есептесуді уақтылы жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Суретте (сурет 6) кәсіпорынның айналым қаражаттарының сызбасы көрсетілген.



Сурет 6 - Айналым қаражаттарының құрамы

Кәсіпорынның айналым қаражаттары екі функция атқарады: өндірістік және есептік. Өндірістік функцияны орындай отырып, айналым қаражаттары өндірістік айналым қаражаттарына авансталады, өндірістік үрдістің үздіксіздігін қамтамасыз етеді және өзінің құнын өндірілген өнімге көшіреді.



Өндірістің аяғында айналым қаражаттары айналыс қорлары түрінде айналыс сферасына өтеді. Онда олар екінші функциясын атқарады, бұл функцияның мәні – айналым қаражаттарының тауарлы формада ақшаға айналуы және айналыстың аяқталуы.

Айналым капиталы компоненттерінің іс – әрекеті және олардың бір формада басқа формаға ауысуы заңнамаларға ие:

1. Бірнеше рет қайталанылатын, капитал айналымын басқаруға қатысты шешімдер ;

2. Айналым капиталы компоненттері арасындағы өзара байланысты өте тығыз болады. Мысал үшін, егер де фирмада дайын өнімнің көптеген қоры болса, ол ұзақ мерзімге неше бере алады, егер фирманың үлкен көлемде нақты қолда бары болса, ол әртүрлі жеңілдіктер бере алады.

Кәсіпорынның тұрақты қызметі үшін капитал айналымы өндірістік циклдің бар кезеңдерінде және барлық формаларында болуы керек. Бір кезеңдегі айналым активінің біреуінің жоқтығы өндірістің тоқтатылуына әкеледі. Егер тауар несиеге сатылса, кәсіпорынның дебиторлық берешегін сақтау үшін айналым құралдары қажет, сатып алушылар өнімге төлем төлегенге дейін.

Айналым активтерінің толық циклдік айналысын жеткізушіден шикізат пен материалды сатып алған сәттегі уақытпен өлшейді. Кәсіпорын сатып алушыдан шикізат пен материал үшін жеткізушіге төлем төлеу үшін ақша төлемін ала алмайды. Сондықтан айналым активтерін оперативті басқару мәселесі туындайды (сурет 7)



Сурет 7 - Кәсіпорынның және корпорациядағы айналым құралдарының айналыс кезеңдері (1, б.342)

Операциялық цикл – дебиторлық берешекті және қордағы айналым құралдарының иммобилизацияланатын (шашыратылатын) жалпы уақытты сипаттайды.

$$ОЦ = ПО_3 + ПО_{Д.З}, \quad (4.1)$$

мұндағы

**ОЦ** – операциялық цикл ұзақтығы, күндер;

**ПО<sub>3</sub>** – босалқы қорлардың айналым кезеңі, күндер;

**ПО<sub>Д.З</sub>** – дебиторлық берешектің айналым кезеңі, күндер.

Өндірістік процесс мына уақыт аралықтарын қосады:

- Кәсіпорын қоймасына түскен кезден бастап өндіріске босатылғанға дейінгі материалды қорларды сақтау,
- Технологиялық процесс ұзақтығы,
- Дайын өнімді қоймада сақтау.

Капитал айналымы туралы айтылғанда қаржы менеджері мен бухгалтерлерді бұл активтерге салынған ақша құралдарының шамасы қызықтырады.

Кәсіпорын үшін қолайлы өндірістік қорларды құру және қамтамасыз ету үшін келесі әрекеттерді жүзеге асыру керек:

- Кәсіпорын қоймасына түсетін қорларды, олардың жиілік түсу есебін ала отырып азайту.
- Жыл бойына үздіксіз жұмысты қамтамасыз ететін ағымдағы және сақтандырылатын қорларды құру (1, б 341).

Ақшалай қаражат айналым жасайтын уақыт аралығы **өндірістік-коммерциялық цикл ұзақтығын** білдіреді. Ол шикізат пен материалдар үшін ақша төлеу және дайын өнімді сатудан ақша алу арасындағы уақыт аралығынан тұрады. Бұл мерзім ұзақтығына келесілер әсер етеді: кәсіпорынды жабдықтаушылардың несиелендіру мерзімі, кәсіпорынның сатып алушыларды несиелендіру мерзімі, шикізат пен материалдардың қорларда тұру мерзімі, өндіріс және дайын өнімнің қоймада сақталу ұзақтығы.

Бұл тәуелділікті нақты мысалмен көрсетейік.

**Мысал.** Кәсіпорын лак бояғыштарын өндіреді. Шикізатты сатып алудан өнімді сатуға дейінгі оқиғалар тізбегі төмендегідей:

Химиялық шикізат пен орау материалдарын (несиеге) сатып алу.....	1 қыркүйек
Материалдарды өндіріске өткізу.....	1 қазан
Жабдықтаушылармен есеп айырысу .....	15 қыркүйек
Дайын өнімді (несиеге) сату.....	15 қазан
Сатып алушылардан (дебиторлардан) ақшаның түсуі.....	1 қараша

Берілген жағдайда ақшалай қаражаттың айналу мерзімі 1,5 ай: жабдықтаушыларға шикізат пен материалдар үшін ақша төленген күні – 15 қыркүйекте басталып, сатып алушылардан ақша түскен күні – 1 қарашада аяқталады.

Ақшалай қаражаттың айналу мерзімін кәсіпорын балансы мен табыстар мен шығыстар туралы есебіндегі мәліметтер бойынша есептеуге болады.

Ол үшін келесідей көрсеткіштер есептеледі:

- 1) материал мен шикізат қорларының айналымдылығы;
- 2) кредиторлық борыш айналымдылығы;
- 3) дайын өнім қорларының айналымдылығы;
- 4) дебиторлық борыш айналымдылығы;
- 5) ақшалай қаражаттың айналу мерзімі ( $п.5 = п.1 - п.2 + п.3 + п.4$ ).

Айналым капитал элементтері өндіріс саласынан айналыс саласына және қайтадан өндіріске үздіксіз өтеді. Айналым капиталаның бір бөлігі әрдайым өндіріс саласында (өндіріс қорлары, аяқталмаған өндіріс, қоймадағы дайын өнім және т.б.), ал екінші бөлігі айналыс саласында (жөнелтілген өнім, дебиторлық қарыз, ақшалай қаражаттар, бағалы қағаздар және т.б.) болады. Сондықтан кәсіпорын айналым капиталының құрылымы мен көлеміне өндіріс қажеттіліктері ғана емес, сонымен қатар айналыс қажеттіліктері де әсер етеді.

Әр түрлі шаруашылық қызметтердің және бір саладағы жеке кәсіпорындардың өндіріс саласы мен айналыс саласында айналым капиталына қажеттілік деңгейлері әр түрлі. Бұл қажеттілік айналым капиталының заттай құрылымы мен айналым жылдамдығымен, өндіріс көлемімен, өндіріс технологиясы мен ұйыдастырылуымен, өнімді өткізу және шикізат пен материалдарды сатып алу тәртібімен және басқа да факторлармен анықталады.

Жоспарлау, есепке алу және талдау практикасында айналым капиталы мына белгілер бойынша топтастырылады:

1) өндіріс процесіндегі функционалдық роліне байланысты – айналымдық өндірістік қорлар (қаражаттар) және айналыс қорлары 2 кесте);

2) бақылау, жоспарлау және басқару практикасына байланысты- нормаланатын айналым қаражаттары және нормаланбайтын айналым қаражаттары;

3) айналым капиталын қалыптастыру көздеріне байланысты меншікті айналым капиталы және заемдық айналым капиталы;

4) өтімділігіне байланысты (ақша қаражаттарына айналу жылдамдығы) – абсолютті өтімді қаражаттар, жылдам өтетін айналым қаражаттар, баяу өтетін айналым қаражаттары;

5) капитал салымдарының тәуекел дәрежесіне байланысты – салымның минималды тәуекелі бар айналым капиталы, салымның аз тәуекелі бар айналым капиталы, салымның орташа тәуекелі бар йналым капиталы, салымның жоғары тәуекелі бар айналым капиталы;

6) материалды –заттай құрамына байланысты – еңбек құралдары (шикізат, материалдар, отын, аяқталмаған өндіріс және т.б.), дайын өнім және тауарлар, ақша қаражаттары және есеп-айырысу қаражаттары.

Айналым капиталының функционалдық белгісі бойынша айналым қорлары мен айналыс қорларына бөлінуі өндіріс және айналыс үрдісінде айналым қаражаттарының түсу уақытының талдауы мен жеке есебі үшін қажет.

Кесте 5- Айналым қаражаттарының жіктелуі

Айналым қаражаттарының топтары	Айналым қаражаттарының құрамы
<b>I. Өндіріс үрдісіндегі айналым қаражаттарының функционалдық ролі бойынша құрамы мен құрылымы</b>	
1. Айналымдық өндірістік қорлар (өндіріс саласы мен өндіріс процесіндегі айналым қаражаттары)	<p>1.1. <u>Өндірістік қорлар:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ шикізат</li> <li>✓ негізгі материалдар</li> <li>✓ сатып алынатын жартылай фабрикаттар</li> <li>✓ отын</li> <li>✓ қосымша материалдар</li> <li>✓ құндылығы төмен тез тозатын құралдар</li> </ul> <p>1.2. <u>Өндіріс үрдісіндегі қаражаттар:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ аяқталмаған өндіріс</li> <li>✓ өзі өндірген жартылай фабрикаттар</li> <li>✓ болашақ кезеңдегі шығындар</li> </ul>
2. Айналыс қорлары (айналыстағы айналым қаражаттары)	<p>2.1. <u>Өткізілмеген өнім:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ кәсіпорын қоймаларындағы дайын өнім</li> <li>✓ тиілген, бірақ әлі төленбеген өнім</li> <li>✓ қайта сатуға арналған тауарлар</li> </ul> <p>2.2. <u>Ақшалай қаражаттар:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ касса</li> <li>✓ есеп-айырысу шоты</li> <li>✓ валюталық шот</li> <li>✓ бағалы қағаздар</li> <li>✓ басқа да ақша қаражаттары</li> <li>✓ басқа кәсіпорындар және ұйымдармен есеп-айырысу</li> </ul>
<b>II. Өтімділігіне байланысты айналым қаражаттардың құрамы мен құрылымы</b>	
1. Ең өтімді активтер	<p>1.1. Ақшалай қаражаттар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ касса</li> <li>✓ есеп-айырысу шоты</li> <li>✓ валюталық шот</li> <li>✓ басқа да ақшалай қаражаттар</li> </ul> <p>1.2. Қысқа мерзімді қаржылық салымдар</p>
2. Тез өткізілетін активтер	<p>2.1. Тиілген тауарлар</p> <p>2.2. Дебиторлық қарыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ тауарлар мен қызметтер үшін</li> <li>✓ алынған вексельдер бойынша</li> <li>✓ еншілес кәсіпорындармен</li> <li>✓ бюджетпен</li> <li>✓ басқа да операциялар бойынша қызметкерлермен</li> <li>✓ басқа да дебиторлармен</li> </ul> <p>2.3. Басқа да айналым активтері</p>
3. Баяу өткізілетін активтер	3.1. Алдағы кезең шығындары және сатып алынған құндылықтар бойынша ҚҚС шегерілген қорлар

<b>III. Капитал салымдарының тәуекел дәрежесіне байланысты айналым қаражаттарының құрамы мен құрылымы</b>	
1. Салымның минималды тәуекелі бар айналым қаражаттары	1.1. Ақшалай қаражаттар: ✓ касса ✓ есеп-айырысу шоты ✓ валюталық шот ✓ басқа да ақша қаражаттары 1.2. Қысқа мерзімді қаржылық салымдар
2. Салымның аз тәуекелі бар айналым қаражаттары	2.1. Дебиторлық қарыз (күмәнді қарыздарды шегергеннен кейінгі). 2.2. Өндірістік қорлар (тұрып қалғандарды алғаннан кейін). 2.3. тауарлар мен дайын өнімнің қалдықтары (сұранысты қажет етпейтіндерді шегергеннен кейін).
3. Салымның орташа тәуекелі бар айналым қаражаттары	3.1. Құндылығы төмен тез тозатын заттар. 3.2. Аяқталмаған өндіріс. 3.3. Болашақ кезеңдегі шығындар.
4. Салымның жоғары тәуекелі бар айналым қаражаттары	4.1. Күмәнді дебиторлық қарыз. 4.2. Тұрып қалған өндірістік қорлар. 4.3 Жоғары нормативті аяқталмаған өндіріс. 4.4. Сұранысты қажет етпейтін тауарлар мен дайын өнімдер. 4.5. Алдыңғы топтарға кірмеген айналым қаражаттарының қалған элементтері.
<b>IV. Бақылау, жоспарлау және басқару практикасына байланысты</b>	
Нормаланатын қаражаттар	- айналымнан тыс өндірістік қорлар, - кәсіпорын қоймасындағы өткізілмеген дайын өнім қалдығы
Нормаланбайтын қаражаттар	- тұтынушыларға өткізілген, бірақ төленбеген дайын өнім, - есеп-айырысу мен ақшалай қаражаттардың барлық түрлері
<b>V. Айналым капиталын қалыптастыру көздеріне байланысты</b>	
меншікті айналым капиталы	- жарғылық капитал, - резервтік капитал, - бөлінбеген пайда, - қосымша төленген және төленбеген капитал.
қарыздық айналым капиталы	- банктік және банктік емес несиелер, - облигациялық займдар, - кредиторлық берешектер
<b>VI. Материалды –заттай құрамына байланысты</b>	
еңбек құралдары	шикізат, материалдар, отын, аяқталмаған өндіріс.
дайын өнім және тауарлар	Дайыу өнім, аяқталмаған өндіріс өнімдері, жартылай фабрикаттар.
ақша қаражаттары және есеп-айырысу қаражаттары.	Есеп шотындағы, кассадағы, валюталық шоттағы ақшалай қаражаттар, дебиторлық қарыздар.

## 4.2 Нормаланатын және нормаланбайтын айналым капиталы. Өндірістік қорлар, несиелік қарыздар, ақшалай қаражаттар

**Басқарылуына байланысты айналым қаражаттары** нормаланатын және нормаланбайтын болып бөлінеді. Нормаланатын қаражаттарға айналымнан тыс өндірістік қорлар, сонымен қатар кәсіпорын қоймасындағы өткізілмеген дайын өнім қалдығы түрінде болатын айналыс қорларының бөлігі жатады.

Нормаланбайтын қаражаттарға айналыс қорлардың қалған элементтері жатады, яғни тұтынушыларға өткізілген, бірақ төленбеген дайын өнім және есеп-айырысу мен ақшалай қаражаттардың барлық түрлері жатады. Нормалардың болмауы айналым капиталының осы мөлшерлері шексіз өзгеретіндігін және олардың бақылауы жоқ дегенді білдірмейді. Кәсіпорындар арасындағы қызмет етіп жүрген есеп-айырысу реті мемлекет тарапынан төлемеушіліктің өсіміне қарсы экономикалық санкциялар жүйесін қарастырады.

**Нормаланатын айналым қаражаттары** кәсіпорынның қаржылық жоспарында (бизнес-жоспарда) көрініс табады., ал **нормаланбайтын айналым қаражаттары** жоспарлау объектісі болып табылмайды.

Айналым қаражаттарын **меншікті** және **қарыздық** деп бөлінуі пайда болу көздері мен кәсіпорынға айналым қаражаттарын уақытша немесе тұрақты тарту формасын көрсетеді.

**Меншікті айналым қаражаттары** кәсіпорынның меншіктік қаражаттары есебінен қалыптасады (жарғылық капитал, резервтік капитал, жинақталған пайда және т.б). Әдетте, меншіктік айналым капиталының көлемі баланстағы пассив пен активтің айырмасы арқылы анықталады (меншіктік қаражат алынған айналымнан тыс активтер). Шаруашылық қызметтің жақсы қамтамасыз етілуі үшін айналым қаражаттарының көлемі меншікті капиталдың 1/3 бөлігі деңгейінде қалыптасады. Меншікті айналым қаражаттары тұрақты қолданыс режимінде болады.

Кәсіпорынның меншікті айналым капиталындағы қажеттілігі жоспарлау объектісі болып табылады және оның қаржылық жоспарында көрініс табады.

**Қарыздық айналым қаражаттары** банктік және банктік емес несиелер, облигациялық займдар, кредиторлық берешектер және т.б. формасында қалыптасады. Олар кәсіпорынға уақытша қолдануға беріледі. Бір бөлігі ақылы (несиелер мен заемдар), екінші –тегін (кредиторлық берешек). Кәсіпорынның қарыздық айналым қаражаттарында қажеттілігі жоспарлау объектісі болып табылады және бизнес –жоспарда (қаржыландыру стратегиясы) көрініс табады.

Әр елдерде меншікті және қарыздық қаражаттар арасында түрлі қатынас (нормативтер) қолданылады. Ресейде 50/50 қатынасы құрылады, АҚШ-та – 60/40, Жапонияда – 30/70.

Айналым қаражаттарын құру көздері капиталдың шеңберлі айналысы үрдісінде ерекшеленбейді. Яғни, өндіріс кезінде тұтынатын шикізаттар мен материалдарды қай қаражат есебінен алынғаны туралы ақпарат ешбір қолданылмайды. Алайда, айналым қаражаттарын құру жүйесі айналым жылдамдығына не оны төмендетіп, не оны жоғарылатып әсер етеді. Одан басқа

көздерді құру сипаты мен меншіктік және қарыздық қаражаттарын қолдану режимінің принциптері айналым қаражаттарын қолдану тиімділігі мен капиталды қолдану тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар болып табылады. Айналым қаражаттарын рационалды құру мен пайдалану белгілі жағдайларда айналым қаражаттарының минималды қажетті көлемімен жетістіктерге жетуге мүмкіндік бере отырып, өндіріс үрдісіне, кәсіпорынның қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайына белсенді әсер етеді.

Айналым қаражаттарын олардың өтімділік дәрежесі мен қаржылық тәуекел дәрежесі бойынша жіктеу кәсіпорынның айналымдағы қаражаттарының сапасын сипаттайды. Бұндай жіктеудің міндеті - өткізу мүмкіндігі төмен болатын ағымдық активтерді айқындау. Кәсіпорынның айналым капиталын тиімді басқару тек қосымша қаржыландыру көздерін іздеу мен тартуды ғана емес, сонымен қатар оларды кәсіпорынның активтерінде, әсіресе ағымдық активтерінде рационалды орналастыруды қарастырады.

#### **4.3 Айналым капиталына қажеттілікті анықтау, оған әсер етуші факторлар**

Айналым қаражаттарын құру мен қолдану механизмі өндіріс үрдісіне, ағымдық өндірістік және қаржылық жоспарлардың орындалуына белсенді әсер етеді.

Өнімді өткізу мен өндіріс көлемін кеңейту, өткізудің жаңа нарықтарын жаулап алу, яғни кәсіпорын капиталының айналым салаларын жаулап алу айналым қаражаттары мен жоспарлы, рационалды, тиімді, басқа сөзбен айтқанда айналым қаражаттарының минималды шамасымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл айналым қаражаттарын тиімді ұйымдастыру мен жоспарлау үшін жауапты менеджерлердің басты міндеті болып табылады.

Айналым қаражаттары шеңберлі айналымның екі сферасына қатысады: өндіріс сферасында және айналыс сферасында. Сондықтан қорлар айналым өндірістік және айналыс сферасындағы қорлар болып бөлінеді.

Айналым қаражаттары өндіріс үрдісінің үздіксіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан кәсіпорынның айналым қаражаттарына қажеттілік көлемі мен құрамы тек өндіріс қажеттілігімен ғана емес, сонымен қатар айналыс қажеттілігімен анықталады.

#### **Кәсіпорынның айналым қаражаттарына қажеттілігі көптеген факторларға тәуелді:**

- өндіріс және өткізу көлемдері;
- бизнес түрі (кәсіпорын қызметі сипаты);
- қызмет ету (бизнес) масштабы;
- өндірістік цикл ұзақтығы;
- кәсіпорын капиталының құрылымы;
- кәсіпорынның есеп саясаты және есеп жүйесі;
- кәсіпорынның шаруашылық қызметін несиелеу шарттары мен практикасы;

- материалдық – техникалық жабдықталу деңгейі;
- тұтынатын шикізат түрі мен құрылымы;
- кәсіпорын өнімін өндіру және өткізу көлемдерінің өсу қарқыны;
- менеджерлер және бухгалтерлердің тәжірибесі және т.б..

Кәсіпорынның айналым қаражаттарына қажеттілігін дұрыс есептеу жоғарыда көрсетілген факторларға тәуелді болатын өндіріс және айналыс сфераларында айналым қаражаттарының болу мерзімін есептеуден тұрады.

**Айналым қаражаттарының айналыс саласында болу уақыты** келесілерді қамтиды: олардың өткізілмеген өнімнің қалдықтары, кәсіпорын кассасындағы ақшалай қаражаттары формасында, шаруашылық жүргізуші субъектілермен есеп-айырысу мен банктердегі шоттарда болу уақыты.

**Айналым қаражаттары айналымының жалпы уақыты** (1 айналым ұзақтығы немесе айналым жылдамдығы) олардың өндіріс сферасында және айналыс сферасында болу уақыттарынан тұрады. Бұл айналым құралдарын пайдаланудың тиімділігі мен кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер ететін ең маңызды сипаттамасы болып табылады.

**Айналым қаражаттарының айналым жылдамдығы** айналым қаражаттарын өндірістік тұтыну деңгейін сипаттайды. Айналым жылдамдығы жоғары болған сайын кәсіпорынның айналым қаражаттарына қажеттілігі төмен болады. Бұған өнімді өткізу үрдістерін жылдамдату есебінен және өндірістік шығындары мен өнімнің өзіндік құнын төмендету есебінен жетуге болады.

Осылайша, айналым қаражаттарының айналым жылдамдығын кәсіпорын жұмысының ең маңызды сапалық көрсеткіштерінің бірі деп атауға болады.

Айналым қаражаттарының нормативтерін есептеудің 3 әдісі белгілі: аналитикалық, тікелей есептеу әдісі, коэффициенттік әдіс.

**Аналитикалық** немесе нормалаудың тәжірибелі – статистикалық әдісі өндірістің, жабдықтаудың және өткізудің қалыптасқан практикасын көрсетеді. Оның мәні қолда бар тауарлы-материалды құндылықтардың талдауы кезінде олардың нақтылы қорлары түзетілуінде және қажетсіз, артық құндылықтардың шығарылуында болып табылады.

**Тікелей есептеу әдісі** техника мен технологияның дамуындағы, өндірісті ұйымдастырудағы, тауарлы-материалдық құндылықтарды тасымалдаудағы және есептеу саласындағы барлық өзгерістерді есепке алғандағы кәсіпорынның қолы жеткен ұйымдастырушылық –техникалық деңгейдің жағдайларындағы айналым қаражаттардың әрбір элементі бойынша қорлардың ғылыми негізделген есебін қарастырады.

**Коэффициенттік әдіс** кезінде алдыңғы кезеңнің жиынтық нормативіне өндіріс көлемінің жоспарланған өзгеруіне және қаражат айналуының жылдамдатылуына түзетулер енгізіледі. Еге нормативтер тікелей есептеу арқылы кезең сайын нақтыланатын болса, айналым құралдарының бөлек элементтері бойынша дифференциалданған коэффициенттерді қолдануға болады.

Нормалаудың негізгі әдісі айналым қаражаттарының әрбір элементі бойынша тікелей есептеу әдісі болып табылады. Нормалаудың басқа әдістері өнеркәсіпте көмекші түрлері ретінде қолданылады.



Меншікті айналым қаражаттарының жалпы нормативтері өндіріс жоспарларын жүзеге асыру және өнімді өткізу үшін қажетті шикізат, материалдар, отын, құндылығы төмен және жылдам тозатын құралдар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім қорларын құру мақсатындағы, сонымен қатар белгіленген мерзімдегі есеп-айырысуларды жүзеге асыру үшін қажет алдағы кезең шығындарына минималды қажеттілік мөлшерінде анықталады.

Айналым қаражаттарын нормалау келесілерді қамтиды:

1) күндермен белгіленген тауарлы –материалдық құндылықтардың бөлек түрлері бойынша барлық айналым қаражаттар қорларының нормаларын жасау мен қабылдау;

2) меншікті айналым қаражаттарын жалпы және олардың әрбір элементі үшін ақшалай көріністе нормативтерін жасау. Айналым қаражаттары қорларының нормалары жылдық нормативтерді есептеу үшін бірнеше жыл бойында пайдаланады. Олар өндірістің, жабдықтаудың және өткізудің шарттары өзгерген жағдайда жылдық қаржылық жоспарларды жасау кезінде материалдық құндылықтардың бөлек түрлері бойынша нақтыланады.

Әрбір кәсіпорынның меншікті айналым қаражаттарының нормативі келесі негізгі көрсеткіштермен анықталады:

1) өнімді өндіру және өткізу көлемімен;

2) өнімді өндірудің, сақтаудың және өткізудің шығындарымен;

3) тауарлы-материалдық құндылықтар мен шығындардың бөлек түрлері бойынша айналым қаражаттары қорларының күндермен көрсетілген нормаларымен.

Айналым қаражаттарының бөлек элементтерінің нормативін есептеудің жалпы формуласын келесідей бейнелеуге болады:

$$\text{Норматив}_{эл}^{coc} = \frac{O_{эл}}{T_{\delta}} \cdot N_{эл} ;$$

Мұндағы,

Норматив  $_{эл}^{coc}$  - элемент бойынша меншікті айналым қаражаттарының нормативі;

$N_{эл}$  - берілген элемент бойынша айналым қаражаттарының нормасы;

$O_{эл}$  - кезең үшін берілген элемент бойынша айналыс (шығын, шығарылым);

$T_{\delta}$  - кезеңнің күнмен көрсетілген ұзақтығы (яғни  $\frac{O_{эл}}{T_{\delta}}$ , әрбір элементтің бір күндік шығыны).

Өндірістік қорлардың бөлек элементтері үшін біркүндік шығыны болып тоқсан үшін өндірістің сәйкесінше бабы бойынша 90-ға бөлінген шығындар сомасы саналады.

Айналым қаражаттардың ең маңызды үш элементін: шикізатты, негізгі материалдарды және сатып алынған жартылай фабрикаттарды; аяқталмаған өндіріс; дайын өнімді нормалаудың негізгі принциптерін қарастырайық.

**Материалдарды нормалау.** Материалдарға меншікті айналым қаражаттардың нормативі бір күндік шығын күні мен айналым қаражаттардың нормасының күнмен белгіленген көбейтіндісі ретінде анықталады. Күндермен бейнеленген материалдарға айналым қаражаттардың орташа нормасы жалпы алғанда материалдардың бөлек түрлері бойынша айналым қаражаттар қорының нормасынан орташа салмақтанған мөлшері ретінде есептеледі.

Күндермен белгіленген айналым қаражаттардың нормасына келесілердің мерзімі енеді:

а) транспорттық қор, шотты төлеуден келуге дейінгі жолында материалдық қор мерзімі;

б) дайындық қор, яғни материалдық ресурстарды қабылдау, түсіру, қоймалау және лабораторлық талдау мерзімі;

с) технологиялық қор, яғни өндіріске дайындық (мысалы, табиғи кептіру және т.б.) мерзімі;

д) ағымдық қор, негізгі қоймалық қор түрінде болу мерзімі;

е) сақтық (кепілдік) қор түрінде болу мерзімі (ағымдық қордың 50%).

Өндіріс уақытының есебі берілген кәсіпорынның шарттарын есепке алғандағы салалық нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

Материалдардың бөлек түрлері үшін күндермен бейнеленген айналым қаражаттар нормасының есебі келесі форма бойынша жүргізіледі.

Кесте 6- Айналым қаражаттарының нормасын есептеу

Материал түрлері	транспорттық қор	дайындық қор	технологиялық қор	Ағымдағы қор	сақтық қор	Барлық қор, тәуліктер саны (2+3+4+5+6)	Бір күндік қажеттілік, мың теңге	Айналым қаражаттың барлық қажеттілік, мың теңге (8*7)
1	2	3	4	5	6	7	8	9
А	3	1	3	20	10	37	50	1850
Б	2	1	-	6	-	9	100	900
В	5	2	3	30	15	55	40	2200
Барлығы	-	-	-	-	-	-	190	4950

Айталық, сәйкесінше тоқсанда жоспарланған шығын А материалы бойынша – 50 мың. теңге, Б материалы бойынша – 100 мың.теңге, В материалы бойынша - 40 мың.теңгені құрады. Сонда жалпы барлық материалдар бойынша айналым қаражаттың орташа салмақтанған нормасы келесіні құрайды:

$$N = 4950 \text{ мың теңге} / 190 \text{ мың теңге} = 26 \text{ күн}$$

Меншікті айналым қаражаттарының нормативі 4950 мың теңге құрайды.

**Аяқталмаған өндірісті нормалау.** Аяқталмаған өндіріске меншікті айналым қаражаттардың нормативін есептеу үшін тауарлық өнімнің өндірісіне айналым қаражаттар нормасын анықтау керек. Айналым қаражаттар нормасы

өндірістік цикл ұзақтығы мен шығындар өсімінің коэффициентінен шығып анықталады.

Өндірістік цикл ұзақтығына келесі мерзімдер енеді:

- a) өңдеу үрдісі (технологиялық қор) мерзімі;
- b) өңделетін заттардың жұмыс орындарында жату мерзімі (транспорттық қор);
- c) өңделетін заттардың құрал-жабдықтар жұмысы ритмдерінің әр түрлілігіне байланысты бөлек операциялар мен бөлек цехтар арасында болу мерзімі (айналыс қоры);
- d) заттардың массалық өндірісі кезінде ауытқулардың болу жағдайына қор түрінде болу мерзімі.

Өндірістік циклдың ұзақтығын есетеу үшін келесі мәліметтер бар болсын:

Кесте 7- Өндірістік циклдың ұзақтығын есетеу

Заттар немесе заттар тобының атауы	Заттарды дайындау кезеңі (күндермен)	Заттардың жоспарлы өзіндік құны бойынша өнімнің жалпы көлеміндегі үлестік салмағы
А	30	0,40
Б	6	0,45
В	14	0,15

Өндірістік циклдың орташа ұзақтығы ( $\bar{t}_y$ ) келесіні құрайды  $30*0,40+6*0,45+14*0,15=12+2,7+2,1=16,8$  күн.

Аяқталмаған өндіріс бойынша айналым қаражаттардың нормасын анықтау үшін өндірістік циклдың ұзақтығы туралы мәліметтерден басқа заттардың дайындық дәрежесін білу қажет. Оны шығындардың өсімі коэффициенті бейнелейді. Өңдеуге шығындары тең үлестермен жүзеге асырылатын ұйымдарда шығындардың өсімі коэффициенті келесі формула бойынша анықталады:

$$K_n = \frac{\alpha + 0,5\beta}{\alpha + \beta},$$

Мұндағы,  $K_n$  - шығындардың өсімі коэффициенті;

$\alpha$  – өндірістік үрдістің басында бір рет жасалатын шығындар;

$\beta$  - заттар өндірісінің аяқталғанына дейін келесі шығындар.

Мысалы, егер тоқсан үшін шығындар жоспар бойынша 46 млн.тг-ні құраса, соның ішінде бір реттік 24 млн.тг, ал келесілері -22 млн.тег, сонда шығындар өсімі коэффициенті келесідей болады:

$$K_n = \frac{24 \text{ млн.тг} + 0,5 * 22 \text{ млн.тг}}{24 \text{ млн.тг} + 22 \text{ млн.тг}} = \frac{35 \text{ млн.тг}}{46 \text{ млн.тг}} = 0,76.$$

Егер шығындардың қабаталуында біркелкілік болмаса, онда шығындардың өсім коэффициенті басты өнімдер бойынша шығындар өсімі, реттілігі графигі бойынша анықталады. Қарастырылған мысалды күндермен бейнеленген өндірістік циклдің орташа ұзақтығы мен шығындар өсімі коэффициенті  $k_h$  бейтіндісі ретінде анықталатын аяқталмаған өндіріс бойынша айналым қаражаттар нормасы  $12,8$  күнді құрайды ( $16,8*0,76$ ).

Аяқталмаған өндіріске айналым қаражаттары нормативі тауарлық өнімнің өндірісіне шығындар сметасы бойынша бір күндік шығын құны мен айналым қаражаттары нормасының күбейтіндісі ретінде анықталады. Егер жоспар бойынша тоқсанға шығындар сметасы 46 млн.тг-ні құраса, онда бір күндік шығын 511 мың тг болады (46000\*90). Бұл жағдайда аяқталмаған өндіріске норматив келесіге тең болады:

$$H_{ин} = 544 \text{ мың тг} * 12,8 \text{ күн} = 6541 \text{ мың тг.}$$

Сонда, аяқталмаған өндіріске айналым қаражаттарының нормативі есептеудің жалпы формуласы келесідей болады:

$$H_{ин} = \frac{C}{T} * \bar{t}_ц * K_n,$$

Мұндағы, С-жалпы өнімнің өндірісіне шығындар;

Т- кезең ұзақтығы (тоқсан, жарты жылдық және т.б);

$\bar{t}_ц$  - өндірістік циклдің күндермен көрсетілген орташа ұзақтығы;

$K_n$  - аяқталмаған өндірістегі шығындар өсімінің коэффициенті.

Өнекәсіптің бөлек салаларындағы аяқталмаған өндіріске айналым қаражаттарының нормативінің есебі өндіріс сипатина тәуелді басқа да тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

**Дайын өнімді нормалау.** Дайын өнімді айналым қаражаттарының нормативі өндірістік өзіндік құн бойынша тауарлық өнімнің бір күндік айналымы мен айналым қаражаттары нормасының күбейтіндісі ретінде анықталады. Айналым қаражаттарының нормасы өнімдер маркалары мен бөлек түрлерін таңдауға, тиелген өнім партиясын комплектілеуге, өнімдерді жабдықтаушы –кәсіпорындар қоймасынан жеткізу станциясына тасымалдау мен бууға қажетті уақытқа, сонымен қатар тиеу уақытына тәуелді қалыптасады.

Егер жоспар бойынша тоқсан үшін дайын өнім шығарылымы 54 млн.тг-ні құраса, ал айналым қаражаттары нормасы 7,7 күн болса, онда дайын өнімге меншікті айналым қаражаттары нормативі келесіге тең болады:

$$H_{ин}^{соч} = \frac{54 \text{ млн.тг}}{90 \text{ күн}} * 7,7 = 4620 \text{ мың тг}$$

Айналым қаражаттарының жалпы сипаттамасы үшін күндермен бейнеленген айналым қаражаттардың жалпы нормасы есептеледі. Оны өндіріске шығындар сметасы бойынша бір күндік шығындарға айналым қаражаттарының жалпы нормативінің бөліндісінен бөлігі ретінде анықталады.

#### **4.4 Айналым қорларының қаржыландыру көздері. Айналым капиталын пайдаланудың көрсеткіштері**

Айналым капиталының айналымдылығын бағалау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

- 1) айналым капиталының айналымдылығы, күндермен;
- 2) айналымдылықтың тура коэффициенті (айналымдар саны);
- 3) айналымдылықтың кері коэффициенті (өткізілген өнімнің 1 теңгесіне айналым қаражаттарын бекіту коэффициенті).

## Кесте 8- Айналым капиталының айналымдылығын бағалау

Көрсеткіштер	Шартты белгілер	Базистік жыл	Есепті жыл	Ауытқулар	
				абсолютті	салыстырмалы
Өнім, млн.тенге	N	79 700	83 610	3 910	4,91
Айналым қаражаттары, млн.тенге.	E	16 007	16 241	234	1,46
Таза табыс, млн.тенге	P	9 533	10 819	1 285	13,49

Мысал.

1. Айналым капиталының айналымдылығы, күндермен:

$$L = \frac{E * T}{N}$$

Мұндағы, L – айналым капиталының айналым кезеңінің ұзақтығы (күндермен);

E – айналым капиталы (қаражаттары);

T – есепті кезең (күндер);

N - өткізілетін өнім көлемі.

Кестеде берілген ақпараттарды қолданайық. Есептейміз:

- бірінші жыл үшін:

$$L_o = \frac{16007 * 360}{79700} = 72.3к$$

- екінші жыл үшін:

$$L_o = \frac{16241 * 360}{83610} = 69,93к$$

2. Айналымдылықтың тура

коэффициенті (айналымдар саны):  $K^{n*p} = \frac{N}{E}$

Есептейміз:

- бірінші жыл үшін:

$$K^{n*p} = \frac{79700}{16007} = 4.979$$

- екінші жыл үшін:

$$K^{n*p} = \frac{83610}{16241} = 5.148$$

3. Айналымдылықтың кері коэффициенті (өткізілген өнімнің 1 теңгесіне айналым қаражаттарын бекіту коэффициенті):

$$K^{обp} = \frac{E}{N}$$

Есептейміз:

- бірінші жыл үшін:

$$K^{обp} = \frac{16007}{79700} = 0.201$$

- екінші жыл үшін:

$$K^{обp} = \frac{16241}{83610} = 0.194$$

Айналым капиталының орнына жеке құраушы элементтер қолданылған кезде, айналымдылықтың жеке көрсеткіштерін анықтауға болады. Айналымдылықтың жеке көрсеткіштері ерекше айналым бойынша есептелуі мүмкін. Материалды қорлар үшін ерекше айналым олардың өндіріске шығындалуы, аяқталмаған өндіріс үшін – қоймаға тауарлардың түсуі, дайын өнім үшін – оны төлеу, тиелген өнім үшін – оны өткізу болып табылады.

Қорлардың айналымдылығын анықтау үшін айналым капиталы айналымдылығының сол көрсеткіштері қолданылады. Нақты бағалау үшін формулаларда өткізу көлемі көрсеткіштерінің орнына өткізілген өнім өндірісінің шығындары көрсеткіштерін қолдануға болады.

Көптеген кәсіпорындарда өздерінің серіктестерінің қаржылық жағдайының төлем қабілеттілігі мен сенімділігін объективті бағалау және есеп айырысу – қаржылық операциялары мен төлем тәртібінің сапасын тұрақты бақылау қажеттілігі алғаш рет туындап отыр.

Қолданыстағы ережеге сәйкес, кәсіпорынның қарыздық міндеттемелерінің оның мүлкінің құнынан екі есе сомаға өсуі оған дәрменсіздік шарасын қолданудың бір шарты болып табылады. Алайда көптеген кәсіпорын қызметінде қарыз құралдарын көп қолдану жиі кездеседі. Үмітсіз қарызгер болып табылатын, алайда акцияларға, басқа да бағалы қағаздарға, кәсіпорындар мен банктердің жарғылық капиталына белсенді қаржылық салымдар жасайтын кәсіпорындар жағдайы өмір парадоксы ретінде қалыптасуда. Пайызсыз тауарлық қарыз механизмін қолдана отырып, серіктес кәсіпорындар өнімді алдын-ала төлемсіз алады, оны ақшаға айналдырып, айналым қаражаттары ретінде пайдаланады. Егер ұзақ мерзім бойы тараптар қарыздар өтеуге тырыспаса, онда олардың қарыз сомасын төлемеу ниетін айқын байқауға болады. Осылайша, массалық төленбеген сомалар феномені аз сомалы келісімдерді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің аморальді пайдасына жүгінеді.

Дебиторлық және кредиторлық қарыздардың жағдайы, олардың көлемі мен сапасы кәсіпорынның қаржылық жағдайына үлкен әсерін тигізеді.

Дебиторлық және кредиторлық қарыздар талдауы ай сайынғы сәйкес есеп-шоттары бойынша аналитикалық есеп ақпараттары бойынша жүргізіледі. Дебиторлық қарыз айналымдылығын талдаудың негізгі мақсаты – оны жылдамдатудың жолдарын іздеу.

Дебиторлық және кредиторлық қарыздар жағдайын жақсарту үшін:

1) Жүйелі түрде дебиторлық және кредиторлық қарыздардың өзара қатынасын қадағалау керек. Дебиторлық қарыздың артылуы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына кері әсер етіп, қаржыландырудың қосымша көздерін іздестіруге мәжбүрлейді;

2) Монопольды тапсырыс берушілердің төлемеуі тәуекелін төмендету мақсатында мүмкіндігінше тапсырыс берушілер санын ұлғайтуға тырысу керек;

3) Мерзімі өткен қарыздар бойынша есеп айырысулар жағдайын бақылап отыру керек. Инфляция жағдайында кейінге қалдырылған төлемдер

кәсіпорынға орындалған жұмыстар құнының бір бөлігін ғана алуға мәжбүр етеді;

4) Уақытылы дебиторлық және кредиторлық қарыздардың жол берілмейтін түрлерін анықтау керек. Оларға жабдықтаушыларға, бюджетке мерзімі өткен қарыз, ескертулер бойынша қарыз, тұрақты пассивтер бойынша жоғарынормативті қарыздар, уақытында төленбеген тиелген тауарлар, материалды залалдың орныны толтыру бойынша қарыздар, «басқа да дебиторлар» бабы бойынша қарыздар.

Айналым капиталын қолдану тиімділігінің көрсеткіштері.

Капитал айналымдылығының өсуі:

- осы капиталды үнемдеуге (айналым капиталына қажеттілікті қысқартуға);

- өнім көлемінің өсіміне;

- алынатын пайданың ұлғаюына септігін тигізеді.

Айналым капиталын салыстырмалы үнемдеу көлемін анықтау үшін екі әдіс қолданылуы мүмкін.

Бірінші әдісте бұл көлем есепті кезеңде нақты орын алған айналым капиталының көлемі мен есепті кезеңнің алдындағы айырма ретінде анықталады:

$$\Delta E = E_o - E_o * K_n$$

Мұндағы  $E_o$  - жұмыстың базалық жылының (кезеңінің) соңындағы кәсіпорынның айналым қаражаттарының көлемі;

$E_o$  - жұмыстың есепті жылының (кезеңінің) соңындағы кәсіпорынның айналым қаражаттарының көлемі;

$K_n$  - өнімнің өсім коэффициенті.

Бұл өрнекте  $E_o$  - айналым капиталы көлемінің мәні  $K_n$  - өнімнің өсім коэффициенті арқылы қайта есептеледі. Нәтижесінде өндіріс көлемі тұрақты болған кездегі кәсіпорынға қажет болатын айналым қаражаттары көлемінің мәні есептеледі. Анықталған мән есепті кезеңдегі осы көрсеткіштің нақтылы мәнімен салыстырылады.

Мысал.

Көрсеткіштердің белгілі мәндерін қолданамыз:

$$K_n = \frac{N_o}{N_o} = \frac{83610}{79700} = 1,049$$

$$\Delta E = 16241 - 16007 * 1,049 = -550 \text{ млн.тг.}$$

Осылайша, айналым қаражаттарының айналымдылығын жылдамдату арқылы 550 млн. теңге үнемделді.

Екінші әдісте айналым қаражаттарының салыстырмалы үнемделген көлемін есептей отырып, айналым қаражаттарының әр түрлі кезеңдегі айналымдылығын салыстырады:

$$\Delta E = \frac{N}{360} * (L_o - L_o)$$

Мұндағы  $\frac{N}{360}$  - біркүндік өнімді өткізу көлемі;

$L_o$  - базисті кезеңдегі айналым қаражаттарының айналымдылығы;

$L_o$  - есепті кезеңдегі айналым қаражаттарының айналымдылығы.

$(L_o - L_o^o)$  мәнінде – айналым қаражаттарының айналымдылығындағы айырмашылық  $\frac{N}{360}$  - біркүндік өнімді өткізу көлемінің коэффициенттерінің көмегімен өткізілген өнім көлеміне келтіріледі.

Көрсеткіштердің белгілі мәндерін қолданамыз:

$$\Delta E = \frac{83610}{360} * (9.93 - 72.30) = -550 \text{ млн.тг.}$$

Айналым қаражаттары айналымдылығының ұлғаюы есебінен өнім көлемі өсімінің көлемін анықтау үшін  $N$  – кәсіпорынның өнімді өткізу көлемінің  $E$  – айналым қаражаттарының қызметі үшін қажет көлемге тәуелділігін қолданамыз.

$$N = \lambda_E * E$$

Мұндағы  $\lambda_E$  - айналым қаражаттарының айналым саны:

$$\lambda_E = \frac{N}{E}$$

Нарықтық экономикадағы негізгі көрсеткіш қаржы болып табылады. Егер қаржылық ресурстар болса, онда өнімді өткізу көлемінің өсімін қамтамасыз ету үшін қажет басқа ресурстар сатып алынуы мүмкін.

$\Delta N^\lambda$  арқылы айналым қаражаттарының айналымдылығын жылдамдату есебінен өнім көлемінің өсімін белгілейміз. Оның көлемін анықтау үшін интегралды немесе жалғаспалы қойылымдар әдістерін қолдануға болады.

Жалғаспалы қойылымдар әдісін қолдана отырып:

$$\Delta N^\lambda = \Delta \lambda_E * E_o$$

Мұндағы  $\Delta N^\lambda = N_o^\lambda - N_o^\lambda$  - айналым қаражаттарының айналымдылығын жылдамдату есебінен өнімді өткізу көлемінің өсімі;

$\Delta \lambda_E = \lambda_E^o - \lambda_E^o$  - айналым қаражаттарының есепті кезеңдегі айналым санының өсуі.

Көрсеткіштердің белгілі көрсеткіштерін қолданамыз:

$$\Delta N^\lambda = (6.148 - 4.979) * 16241 = 2745 \text{ млн.тг.}$$

Айналым капиталы айналымдылығының пайда өсіміне әсерін бағалау үшін келесі қатынасты қолданамыз:

$$\Delta P^\lambda = P_o * K^\lambda - P_o$$

Мұндағы  $K^\lambda = \frac{L_E^o}{L_E^o}$  - айналым қаражаттарының айналым санының салыстырмалы өсімінің коэффициенті;

$P_o$  - базалық кезеңдегі пайда

Көрсеткіштер мәнін қолданамыз:

$$\Delta P^\lambda = 9533 * 1.034 - 9533 = 326 \text{ млн.тг.}$$



#### 4.5 Айналым капиталын қаржыландыруды басқару

Айналым капиталының ұйымдастыру көздеріне меншікті, заемдық және тартылған қаражаттар болып бөлінеді. Меншікті айналым қаражатының жалпы көлемін кәсіпорын өзі бекітеді. Негізінде оны кәсіпорын тауарлы материалды құндылықтар қорын құруға керекті минималды қажетті қаражат арқылы анықталады. Олар жоспарлы өндірістің көлемін және өнімді өткізуді қамтамасыз етеді. Және де белгіленген мерзімде есептесуді жүзеге асыруы қажет.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлау процесінде меншікті айналым капиталының өсуін және төмендеуін жоспарлаудың соңындағы және жоспарлаудың басындағы айырмасында анықталады. Меншікті айналым капиталының өсімі ең бірінші меншікті ресурстар есебінен қаржыланады.

Меншікті айналым капиталын толықтыруға тұрақты пассивтердің пайдасында қолданылады. Ол (тұрақты пассив) меншікті қаражатқа тең болады. Тұрақты пассивтерді кәсіпорынның айналымында барлық уақытта қолданылады, бірақ оған мысалға, жұмысшыларға минималды төлеу қарыздар резерві, қызметкерлерге еңбекақы, әлеуметтік сақтандыру қорларына төлем және т.б. жатпайды. Тұрақты пассивтер ретінде айдан айға қалған еңбек ақы қарызы және әлеуметтік сақтандыруға аударым, ремонт қорының қалдық қаражаты, алдағы төлем қаражаты кіреді. Бұл қаражаттар барлық уақытта кәсіпорынның айналымында болғандықтан, олар жыл ішінде өзгереді. Айналым капиталын құру көзі ретінде осы жыл ішіндегі олардың ең төменгі соммасы алынады. Жыл ішінде кәсіпорынның айналым қаражатының қажеттілігі өзгеріп отырады. Және оны толығымен меншікті ресурс көздерінен қалыптастырады. Бұл айналым капиталының артық құрылуына, экономикалық құлдырауға алып келуі мүмкін.

Кәсіпорын сондықтан айналым капиталын қаржыландыруға заем қаражатын қолданады. Айналым капиталының қосымша қажеттілігін және уақытша пайда болған қажеттіліктерді банктің қысқа мерзімді несиесімен қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның айналым капиталында меншікті және заемдық қаражаттан басқа тартылған қаражаттар болады. Олар барлық түрдегі несиелік қарыздар, және де мақсатты қаржыландыру қаражатын тікелей тағайындалғанға дейінгі қаражат.

Айналым капиталын басқарудың 4 моделі бар. Олар:

- Идеалды модель.
- Агрессивті модель.
- Консервативті модель.
- Компромисті модель.

*Идеалды модель.* Идеалдық деген термин ұмтылатын идеал мағынасын бермейді. Ол тек қана активтермен олардың көздерінің экономикалық мазмұнына байланысына қарай айтылады.

Ағымдағы активтер = ағымдағы активтердің жүйелі бөлігі + ағымдағы активтердің ауыспалы бөлігі

Таза айналым капиталы = ағымдағы активтер - қысқа мерзімді қарыздар;

Ұзақ мерзімді пассивтер = меншікті капитал + ұзақ мерзімді қарыздар;

Базалық баланстық теңдеу: ұзақ мерзімді пассивтер = айналымнан тыс активтер;

Модель бойынша таза айналым капиталы нөлге тең, яғни ағымдағы активтер қысқа мерзімді қарыздарға тең.

*Агрессивті модель* бойынша ұзақ мерзімді пассивтер айналымдағы емес активтердің көзі және ағымдағы активтердің көзі ретінде қызмет етеді.

Ұзақ мерзімді пассивтер = айналымнан тыс активтер + ағымдағы активтердің жүйелі бөлігі;

Таза айналым капиталы = ағымдағы активтердің жүйелі бөлігі

*Консервативті модель.* Ағымдағы активтердің бөлігі сол сияқты ұзақ мерзімді пассивтер. Бұл жағдайда қысқа мерзімді қарыздар жоқ, өтімділікті жоғалтуда жоқ. Модель жасанды мінездеме алады.

Ұзақ мерзімді пассивтер = айналымнан тыс активтер + ағымдағы активтер;

Ұзақ мерзімді пассивтер = ағымдағы активтер + ағымдағы активтердің жүйелі бөлігі + ағымдағы активтердің ауыспалы бөлігі

*Компромисті модель.* Өте нақтылы, мұнда таза айналым капиталы = ағымдағы активтердің жүйелі бөлігі \* 0,5 + ағымдағы активтердің ауыспалы бөлігі. Стратегия бойынша ұзақ мерзімді пассивтерді келесі базалық теңдеу бойынша деңгейде құру көзделеді.

Ұзақ мерзімді пассивтер = ағымдағы активтер + ағымдағы активтердің жүйелі бөлігі \* 0,5 + ағымдағы активтердің ауыспалы бөлігі

Ағымдағы активтердің өзгермелі бөлігі қосымша ағымдағы активтерді бейнелейді. Ол қосымша сақтандыру қоры ретінде немесе өте қажетті кезеңде керек болатын ағымдағы активтер. Мысалы: маусымдық тауарларды сату кезінде қосымша өндірістік материалдарға деген қажеттілік.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Айналым қорлары мен айналым қаражатының мәні мен құрамы.
2. Айналым қаражатының құрамы мен құрылымы қалай сипатталады?
3. Кәсіпорында айналым қаражатын тиімді пайдалануда қандай көрсеткіштермен өлшенеді?
4. Айналым қаражаттарын айналымдылығын жеделдету жолдары.
5. Қандай фактормен айналым қаражатын қажеттілігін анықтайды?
6. Айналым қаражаттарын қалыптастырудың көздерін айтыңыз?

### **СӨЖ тапсырмалары:**

1. Айналым қаражаттарын қаржыландырудың сыртқы деректемелеріне қажеттілікті анықтау бойынша мысал келтіру.
2. Айналым қаражаттарының көлемі мен қаржыландыру саласындағы стратегиялар туралы эссе жазу.
3. Қаржыландырудың нысандарының артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіндіру.
4. Банктік кредиттің бағасын анықтауға мысал келтіру.

## **V БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯ ӨНІМІН ӨНДІРУ. ӨТКІЗУДІҢ ШЫҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ**

### **5.1 Өнімнің өзіндік құнын құратын шығындардың экономикалық жіктелуі. Өзіндік құнның құрамы мен құрылымы**

Бухгалтерлік есепте шығындар аударымдар әдісімен (жүк жөнелту бойынша) сипатталады. Қаржылық (салықтық) есептерде шығындар кассалық әдіс (ақы төлеу бойынша) арқылы сипатталады.

Шығындарды жіктеу бухгалтерлік есеп жүргізу ережелеріне сәйкес, келісімнің болуы, соманы анықтау және кәсіпорын әсерін төмендету жағдайы болған кезде бірнеше топтардан тұрады.

Бухгалтерлік есепте шығындарды мына шарттар орындалған жағдайда ғана мойындайды:

1. шығын нақты келісім бойынша, заңдық және нормативтік актілердің талаптарына, іс айналымының дәстүрлеріне сәйкес есептеледі;

2. шығын сомасы анықталған болуы мүмкін;

3. ұйым активті жіберген кезде немесе активті жіберу қатынасында анықсыздық болмаған жағдайда, нақты операция нәтижесінде ұйымның экономикалық пайдасының төмендеуі болатындығына сенімділік бар.

Егер ұйыммен жүзеге асырылған кез келген шығындарға байланысты аталған шарттардың кемінде біреуі орындалмаған жағдайда, онда ұйымның бухгалтерлік есебінде дебиторлық берешек анықталады.

Амортизацияны шығын ретінде амортизацияланатын активтер құнының негізінде, тиімді пайдалану мерзімі және ұйыммен қабылданған амортизацияны есептеу тәсілдерімен анықталатын амортизациялық аударымдар мөлшерінен анықтайды.

Шығындар бухгалтерлік есепте түсім, операциялық немесе басқа да табыстар алу мақсатына және шығынды жүзеге асыру формаларына (ақшалай, табиғи және т.б.) тәуелсіз болады.

Шығындарды табыстар мен шығындар есебінде анықтайды:

- өндірілген шығындар және түсімдер арасындағы байланысты (табыстар мен шығындардың сәйкестігі) ескере отырып;

- шығындар бірнеше есептік кезең арасында табыс алуды шарттастырған кезде және табыстар мен шығындар арасындағы байланыс нақты анықталмайтын немесе жанама түрде анықталатын кезде, шығындар мен түсімдерді есептік кезең арасында негізделген үлестіру жолымен;

- шығындар бойынша экономикалық пайда (табыстар) алынбаған кезде немесе активтердің түсуі анықталған кездегі, есептік кезеңдегі анықталған шығындар бойынша;

- салық салу базасымен есеп айырысу мақсатында олардың қолданылуына тәуелсіз, сонымен қатар сәйкес активтерді мойындаумен шарттастырылмаған міндеттемелер пайда болған кезде.

**Ұйымның шығындары** болып, активтердің (ақша қаражаттары, басқа да мүлік) шығуы нәтижесінде және (немесе) осы ұйымның капиталының азаюына

келтіретін міндеттемелердің пайда болуы (қатысушылардың шешімі бойынша салымдардың азаюынан басқа) нәтижесінде экономикалық пайданың азаюы табылады.

Бухгалтерлік есепте шығындар болып табылмайды:

- айналымнан тыс активтерді (негізгі қорларды, аяқталмаған құрылысты, материалдық емес активтерді және т.б.) иемденумен (құрумен) байланысты шығындар;
- басқа ұйымдардың жарғылық (қоймалық) капиталына салымдар;
- қайта сату (сату) мақсатынсыз акционерлік қоғамдардың және басқа да бағалы қағаздарды иемдену;
- комитент, принципалдың пайдасындағы комиссия келісімдері бойынша, агенттік және өзге де сәйкес келісімдер бойынша шығындар;
- материалды-өндірістік қорлар және өзге де құндылықтар, жұмыстар, қызметтерге алдын-ала төлемдер;
- аванстар;
- материалды-өндірістік қорлар және өзге де құндылықтар, жұмыстар, қызметтерді төлеу есебіне кепілақы;
- ұйыммен алынған несие, қарызды өтеу.

Қызметтің қарапайым түрлері бойынша өнімді өндіру және сатумен байланысты тауарларды иемдену және сатумен байланысты шығындар анықталады. Мұндай шығындар ретінде, жүзеге асырылуы белгілі бір жұмыстарды атқарау және қызметтерді көрсетумен байланысты шығындар есептелінеді.

Сонымен қатар қызметтің қарапайым түрлері бойынша шығындарға негізгі қорлар, материалдық емес активтер және амортизациялық аударымдар ретінде жүзеге асырылатын өзге де амортизацияланатын активтердің құнын өтеу жатады.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша шығындарды бухгалтерлік есепте (ақшалай сипатта аударылған) ақшалай және өзге де нысандағы төлем мөлшері немесе кредиторлық берешек мөлшеріне тең сомада есептейді.

Егер төлем анықталған шығындардың бір бөлігін ғана жабатын болса, онда бухгалтерлік есепке қабылданатын шығындар төлем және кредиторлық берешек жиынтығы ретінде анықталады (төлеммен жабылмаған бөлігінде).

Қызметтің негізгі түрлері бойынша шығындар мыналардан құрылады:

- шикізат, материалдар, тауарлар және өзге де материалды-өндірістік қорларды иемденумен байланысты шығындар;
- өнім өндіру, жұмыс жүргізу, қызмет көрсету және оларды сату мақсатында материалды-өндірістік қорларды қайта өңдеу процесінде пайда болатын шығындар;
- тауарларды сату (қайта сату) процесінде пайда болатын шығындар (негізгі қорлар және өзге де айналымнан тыс активтерді ұстау және пайдалану бойынша шығындар және оларды жарамды күйінде сақтау бойынша шығындар);
- коммерциялық шығындар;

- басқару шығындары.

Қызметтің негізгі түрлері бойынша шығындарды қалыптастыру барысында олардың залалдар мен шығындардың келесі элементтері бойынша топтастырылуы жүргізілуі тиіс:

- материалдық шығындар;
- еңбекақыны төлеуге шығындар;
- әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар;
- амортизация;
- басқа да шығындар.

Басқару мақсаттары үшін бухгалтерлік есепте шығындар баптары бойынша есептеу ұйымдастырылады. Шығындар баптарының тізімін ұйым өзі бекітеді.

Ұйымның, қызметтің негізгі түрлерінен қаржылық нәтижені қалыптастыру мақсаттары үшін есептік жылда да, оның алдыңғы есептік кезеңдерінде де анықталған барлық шығындар және ауыспалы шығындар негізінде қалыптасатын сатылған тауарлар, өнімдер, жұмыстар, қызметтердің өзіндік құны анықталады. Мұнда кезең шығындары толығымен есептік кезеңде сатылған өнімнің (тауарлар, жұмыстар, қызметтер) өзіндік құнында берілуі мүмкін.

**Кезең шығыстары болып мыналар табылады:**

- 1) тауар (жұмыс, қызмет) өткізу бойынша шығыстар;
- 2) жалпы және әкімшілік шығыстар;
- 3) пайыз бойынша шығыстар (банк несиесі бойынша, жеткізушілер несиесі бойынша, мүлік жалдау бойынша пайызды төлеу және т.б.).

**Тауарды (жұмысты, қызметті) өткізу бойынша шығыстарға мыналар кіреді:**

- 1) кәсіпорынның өткізу (сату) бөлімінің қызметкерлерінің еңбекақысы;
- 2) өткізу (сату) бөлімі қызметкерлерінің жалақысынан әлеуметтік және медициналық сақтандыру органдарына бекітілген заңнамалық нормалар бойынша аударым;
- 3) жалпы тауардың өзін және тауарды өткізу процесін қамтамасыз ететін кәсіпорынның мүлкін сақтандыру бойынша шығыстар;
- 4) тауарды өткізу жөніндегі бөлімнің қызметкерлерінің іс-сапарына байланысты шығыстар;
- 5) тауарды өткізу процесін қамтамасыз ететін негізгі құралдардың амортизациясы;
- 6) тауарды өткізу процесін қамтамасыз еткен уақыттағы қолданылатын негізгі құралдардың мазмұны бойынша шығыстар;
- 7) келісім-шартпен шарттастырылған пунктке дейін жүктерді тасымалдау. Жүкті тиеу-түсіру жұмыстары;
- 8) тауарды өткізу нарығын және нарықта тауарды өткізуді (маркетингке байланысты шығыстар) зерделеу бойынша шығыстар;
- 9) жарнамаға байланысты шығыстар;
- 10) кәсіпорын қоймаларындағы өнімнің ыдысы мен қаптамасына шығыстар (ескерту: келісім-шарттарында өнімнің ыдыссыз және қаптамасыз жіберілуі

қарастырылған немесе ыдыс құны қоймаға келіп түскен өнімнің өзіндік құнында есептелінген жағдай);

11) бекітілген келісімдер бойынша өнімді өткізу үшін өткізу ұйымдарымен төленетін комиссиялық алымдар мен аударымдар;

12) жыл бойы өткізілген өнімге жататын, табиғи залал нормалары шегіндегі өнімді тасымалдау және сақтау барысындағы биологиялық шығыстар;

13) тауарларды өткізумен байланысты басқа да шығыстар.

**Жалпы және әкімшілік шығындарға жатады:**

1. әкімшілік персоналға жататын жұмысшылардың еңбекақысын төлеу;

2. қызмет көрсетуші өндірістер мен шаруашылықтардағы персоналдың еңбекақысын төлеу;

3. заңнамамен бекітілген нормалар бойынша қызмет көрсетуші шаруашылықтардағы персоналдың және әкімшілік персоналдың еңбекақысынан аударымдар;

4. басқарудың әкімшілік аппаратын, субъекттің құрылымдық бөлімшелеріне қызмет көрсететін жұмысшыларды қамтамасыз ету, материалды-техникалық және транспорттық қызмет көрсету, соның ішінде қызметтік жеңіл көлікті ұстауға шығындар және қызмет бойынша іс-сапарларға жеке жеңіл көліктерді пайдалану үшін өтемақылар;

5. басқарудың техникалық құралдарына, байланыс түйіндері, дабылдама құралдарына, есептеу орталықтарына және өндіріске қатысты емес басқарудың өзге де техникалық құралдарына қызмет көрсету және қамтамасыз ету шығындары (алпы шаруашылық мақсатқа арналған негізгі құралдардың тозуы). Ғимараттар, құрылыстар мен жалпы шаруашылық мақсатқа арналған мүлікті пайдалануға және ағымдық жөндеуге шығындар;

6. капитал шығындарына жатпайтын өндіру салаларындағы дайындық жұмыстары бойынша шығындар (яғни, негізгі қорлар ретінде капиталданбайтын);

7. құрылып келе жатқан субъектілердің дирекцияларының мазмұны болмаған кезде – техникалық бақылау топтарының дирекциясы, сонымен қатар пайдалануға арналған объектілер мен жаңа ұйымдардың қабылдауына байланысы шығындар;

8. жобалық және құрылыс-монтаждық жұмыстарындағы кемшілікті жою бойынша, объектіге дейінгі қоймаға қорды тасымалдау кезінде пайда болған бүліну мен зақымдануды жою бойынша шығындар және т.б. аналогиялық шығындар;

9. әкімшілік басқарудың құралдары мен жүйелерін жақсарту және құру бойынша шығындар;

10. банк қызметтерін төлеу;

11. субъектінің штаттық кестесімен қандай да бір функционалдық қызметтер қарастырылмаған жағдайлардағы жалпы шаруашылық басқару бойынша бөгде ұйымдармен жүзеге асырылатын қызметтерге төлемдер;

12. әкімшілік басқару персоналының іс-сапарына байланысты шығындары;

13. әкімшілік басқару аппаратының қызметкерлерін орналастыру кезіндегі көтермеақылар;

14. конторлық, типографиялық пошта-телеграфтық және телефондық шығындар. Өкілеттік шығындар;

15. шаруашылық және өнеркәсіпте қызмет көрсететіндердің мазмұнына (мәніне) байланысты шығындар (тегін орындардың берілуі, қоғамдық тамақтану ұйымдарының коммуналдық қызметтерінің құнын төлеу және т.б.);

16. ұйымдастырылып жиналған жұмысшы күніне, кадрды дайындауға кеткен шығындар, жұмыскерлерді жұмыстан шығарған кездегі өтемақы, комиссиялық шығындар;

17. жалпы шаруашылық мақсатқа арналған негізгі құралдарды жалдау бойынша шығындар. Салықтар, алымдар, мүлік және жылжымайтын мүліктен аударымдар;

18. коммуналдық қызметке, жұмысшылардың еңбек қорғауына кеткен шығындар, субъектіні қорғауға, өртке қарсы қорғауға кеткен шығындар, сауықтыру іс-шараларына кеткен, директорлар кеңесін қамтамасыз етуге кеткен шығындар және жалпы шаруашылық нысанындағы басқа да шығындар;

19. нормадан тыс ысырап, қоймадағы тауарлы-материалдық қорлардың бүлінуі және жетіспеуі және басқа да өндірістік емес шығындар және ысырап;

20. нақты еңбекақыға дейінгі еңбекке қабілеттілікті уақытша жоғалту кезіндегі үстеме ақы;

21. қазіргі заңнамаға сәйкес өндірістік емес жұмысшыларға еңбек сіңірген жылына біржолғы сыйақылар;

22. конультациялық (аудиторлық) және ақпараттық қызметке ақы төлеу;

23. көріктендіру бойынша жұмысты орындауға кеткен шығындар;

24. қосымша берілген еңбек демалысын төлеу, жұмысшының жанұясының еңбек демалысын өткізу жеріне дейінгі және кейінгі жолақыны төлеу;

25. жұмысшының жұмыс орнына дейінгі жолақыны төлеу;

26. штат құрамының қысқаруына байланысты, ұйымның қайта ұйымдастырылуына байланысты ұйымнан босатылатын жұмысшыларға төлемақы төлеу;

27. соттық шығындар;

28. үкім шығарылған және мойындалған айыппұлдар, өсімақы, тұрақсыздық төлемі және шаруашылық келісімшарттарды бұзуына байланысты тағы басқа санкция түрлері;

29. табысты жасырғаны (төмендеткені) үшін өсімақылар, айыппұлдар;

30. ұрлық әсерінен болған залалдар, кіналы адам табылмаса немесе егер кіналы жақ есебінен қажетті соманы өтей алмаса;

**Негізгі емес қызмет шығындарына** мыналар жатады:

- ұйым активтерін уақытша қолдану (уақытша иелену және пайдалану) үшін төлемді ұсынумен байланысты шығындар;

- жана ашулар, өнеркәсіптік үлгілер және интеллектуалдық меншіктің басқа да түрлеріне берілетін патенттерге байланысты құқықтарды ұсынумен байланысты шығындар;

- өзге ұйымдардың жарылық капиталдарындағы қатысуымен байланысты шығындар;

- негізгі қорлардың, ақша қаражаттары (шетелдік валютадан басқа), тауарлар мен өнімдерден өгеше басқа да активтердің сатылуы, шығарылуы мен өзге де есептен шығарылуымен байланысты шығындар;

- бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкесқұрылатын бағалаушы резервтерге аударымдар (бағалы қағаздарға аударымдарды құнсыздандыру бойынша), күмәнді қарыздар бойынша резервтер және т.б. Сонымен қатар шаруашылық қызметтердің шартты дәйектерді мойындаумен байланысты құрылатын қорлар;

- өзге де шығындар.

**Төтенше шығындар құрамына** шаруашылық қызметтің төтенше жағдайларының табиғат апаты, өрт, апат және т.б. нәтижесі ретінде пайда болатын шығындар жатады.

Бухгалтерлік есепті жүргізу ережелеріне сәйкес *материалдық шығындарға*:

- сатылуға арналған (қызметтерді атқаруға, жұмыстарды орындауға) өнімдерді өндіру барысында шикізат, материалдар және т.б. ретінде қолданылатын активтер;

- сатуға арналған активтер;

- ұйымның басқару қажеттіліктеріне пайдаланылатын активтер жатады.

**Материалды-өндірістік қорларды иемденудің нақты шығындарына:**

- жабдықтаушымен (сатушы) келісім-шартқа сәйкес төленетін сомалар;
- материалды-өндірістік қорларды иемденумен байланысты ақпараттық және кеңестік қызметтер үшін ұйымдарға төленетін сомалар;

- кедендік баж;

- материалды-өндірістік қорлардың бірлігін иемденумен байланысты төленетін өтелмейтін салықтар;

- материалды-өндірістік қорларды иемденуге қызмет көрсететін делдал ұйымдарға төленетін сыйақылар;

- сақтау бойынша шығындарды қоса алғанда, материалды-өндірістік қорларды оларды пайдалану орнына дейін жеткізу және дайындау шығындары.

**Материалды-өндірістік қорлардың нақты өзіндік құны:**

1. ұйым өзі шығарғанда – берілген қорларды өндірумен байланысты нақты шығындарға қатысты анықталады.

2. ұйымның жарғылық (қоймалық) капиталына түсім есебіне енгізілгенде - заңнамада өзгеше көрсетілмегенде, ұйым құрылтайшыларымен келісілген олардың ақшалай бағалануынан анықталады;

3. ұйымға сыйға немесе қайтарымсыз негізде берілген, сонымен қатар негізгі қорлар мен басқа да мүліктің есептен шығарылуынан қалатын қорлар – бухгалтерлік есепке алу мерзіміндегі олардың ағымдық нарықтық құнына байланысты анықталады. Ағымдық нарықтық құны дегеніміз көрсетілген активтерді сату нәтижесінде алынуы мүмкін ақша қаражаттарының сомасы;

4. міндеттемелерді (төлемді) ақшалай емес құралдармен өтеуді қарастыратын келісімдер бойынша алынған қорлар – ұйыммен жіберілген немесе жіберілуге тиісті активтер құны есептеледі;



5. ұйыммен жіберілген немесе жіберулерге тиістілер – ұйым салыстырмалы жағдайларда сәйкес активтердің құнын анықтайтын бағаға байланысты бекітіледі.

Өндіріске материалды-өндірістік қорларды (сату құны бойынша есептелінетін тауарлардан басқа) жіберу кезінде немесе басқаша шығу кезінде де олардың бағалануы келесі тәсілдердің біреуімен жүргізіледі:

1. әр бірліктің өзіндік құны бойынша;

2. орташа өзіндік құны бойынша;

3. материалды-өндірістік қорларды уақыты бойынша алғашқы алынғанының өзіндік құны бойынша (ФИФО әдісі);

4. материалды-өндірістік қорларды уақыты бойынша соңғы алынғанының өзіндік құны (ЛИФО әдісі);

Материалды-өндірістік қорларды топтары (түрлері) бойынша жоғарыда көрсетілген тәсілдердің бірін қолдану есеп саясатын қолданудың реттілігіне байланысты жүргізіледі.

Ұйыммен ерекше тәртіпте қолданылатын материалды-өндірістік қорлар (бағалы металдар, асыл тастар және тағы басқа) немесе бір-бірін қарапайым үлгіде алмастыра алмайтын қорлар, осы қорлардың **әр бірлігінің өзіндік құнымен** бағалануы мүмкін.

Материалды-өндірістік қорларды орташа өзіндік құн бойынша бағалау қорларының әр тобы (түрі) бойынша қорлар тобының жалпы өзіндік құнын олар санына бөлу арқылы, өзіндік құнды, айдың басындағы қалдық және осы ай бойы түскен қорларды қоса жүргізіледі.

**Материалды-өндірістік қорларды уақыты бойынша бірінші алынғанының өзіндік құны бойынша бағалау** (ФИФО әдісі) мынаған негізделеді, қорларды ай бойы немесе басқа кезеңде оларды алу (келу) реті бойынша қолданады, яғни өндіріске (сатуға) бірінші болып түскен қорлар айдың басына есептелген, қорлардың өзіндік құнын ескеріп, уақыты бойынша бірінші алынғанының өзіндік құны бойынша бағалауы керек. Бұл әдісті қолдану кезінде, айдың соңына алып қойған қордағы (қоймадағы) материалды-өндірістік қорларды бағалау уақыты бойынша соңғы алынғанының нақты өзіндік құны бойынша жүргізіледі, ал сатылған өнім, тауар, жұмыс, қызметтің өзіндік құнына уақыт бойынша бұрын алынғанының өзіндік құны ескеріледі.

**Материалды-өндірістік қорларды уақыт бойынша соңғы алынғанының өзіндік құны бойынша бағалау** (ЛИФО әдісі) мынаған негізделеді, өндіріске (сатуға) алғаш келіп түскен қорлар, алу реттілігіне байланысты соғысының өзіндік құны бойынша бағаланады. Бұл тәсілді қолдану кезінде, айдың соңына қалған қордағы (қоймадағы) материалды-өндірістік қорларды бағалау уақыты бойынша бұрын алынғанының нақты өзіндік құны бойынша жүргізіледі, ал сатылған өнім, тауар, жұмыс, қызметтің өзіндік құнына уақыты бойынша соңғы алынғанының өзіндік құны ескеріледі.

Қорлардың әр тобы (түрі) бойынша есептік жыл бойына бағалаудың бір әдісі қолданылады. Есепті мерзімнің соңындағы қорларды бағалау (сату құны бойынша есептелетін тауарлардан басқа) қорларды бағалаудың қабылданған әдісімен оларды шығарылу кезімен байланысты жүргізіледі, яғни орташа

өзіндік құн қорларының әр бірлігінің өзіндік құны бойынша, алу уақыты бойынша бірінші немесе соңғысының өзіндік құны. Бухгалтерлік есепте қорлар олардың жіктеліміне (топтар (түрлер) бойынша бөлумен) сәйкес, өнімді өндіру, жұмысты орындау, қызмет көрсетуде немесе ұйымның басқару қажеттіліктері үшін қолдану тәсілі бойынша сипатталады. Есептік жылдың соңында қорлар бухгалтерлік баланста олардың бағалану тәсілдері бойынша анықталған құнымен көрсетіледі.

Еңбек үшін төлем шығындары және әлеуметтік қажеттіліктер аударымдары ұйымның шығындар элементі ретінде, салықтық заңнамада көрсетілген шығындарға ұқсас болды.

«Еңбек үшін төлем шығындары» элементінде кәсіпорынның негізгі өндірістік персоналының жалақысына жұмсалатын шығындар көрсетіледі, оның ішінде жұмысшылар мен қызметкерлердің өндірістік нәтижелері үшін берілетін сыйақылар, ынталандырушы және өтемдік төлемдері, сонымен қатар негізгі қызметке қатысты кәсіпорын жұмысшылар штатының құрамынан тыс адамдар үшін еңбекақы шығындары да бар. Еңбек үшін төлем шығындарының құрамына мыналар кіреді:

1. кесімдік бағалау, тарифтік мөлшерлеме және берешек қызметақыларға байланысты, кәсіпорында қабылданатын еңбек төлемінің түріне және жүйесіне сәйкес аударылған, орындалатын жұмыс үшін еңбекақы;

2. ынталандырушы сипаттағы төлемдер: өндірістік нәтижелер үшін сыйақылар (табиғи сыйақылар құнын қосқанда), кәсіби шеберлік және еңбектегі үлкен жетістіктер үшін тарифтік ставкалар мен қызметақыларға үстемелер;

3. жұмыс тәртібі мен еңбек жағдайларымен байланысты өтеу сипатындағы төлемдер, соның ішінде: түнгі уақытта жұмыс істеу үшін, үстеме жұмыс үшін, көпкезекті тәртіптегі жұмыс және демалыс және мейрам күндеріндегі жұмыс үшін, мамандықтарды бірлестіру, қызмет көрсету аумағын кеңейту үшін, ауыр, зиян және өте зиян еңбек жағдайындағы және заңнамада берілген жағдайлардағы жұмыс үшін қызметақылар мен тарифтік ставкаларға үстемелер мен қосымша ақылар;

4. заңнамаға сәйкес жұмысшыларға экономиканың әркелкі салаларымен тегін берілетін коммуналдық қызметтер, тамақ, азық-түлік, заңнамаға сәйкес кәсіпорын жұмысшыларына берілетін тегін тұрғын үйге төлемдер бойынша шығындар құны (тегін үй, коммуналдық қызметтердің берілмеуі үшін ақшалай өтемақы сомасы);

5. заңнамаға сәйкес тегін беріліп, тұрақты жеке қолдануда қалатын (немесе төмендетілген бағалар бойынша жеңілдіктердің сатылуымен байланысты олардың сомасы) заттардың (арнайы киімдерді қосқанда) құны;

6. заңнамаға сәйкес кезекті және қосымша демалыстар (пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы) үшін, сонымен қатар медициналық тексеруден өтуге байланысты мемлекеттік міндеттемелерді орындаумен байланысты уақытты төлеу;

7. ұйым қайта ұйыдастырыуымен байланысты босатылатын жұмысшыларға, заңнамада көрсетілген жағдайлардағы штаттар мен жұмысшылар санын қысқартумен байланысты жұмысшыларға төлемдер;

8. заңнамаға сәйкес еңбек сіңірген жылдарына біржолғы сыйақылар (берілген кәсіпорында мамандығы бойынша жұмыс өтілі үшін үстемақы);

9. заңнамаға сәйкес жүргізілетін аудандық, экологиялық коэффициенттер бойынша және шөлді, сусыз және таулы аймақтарда жұмысы үшін төлемдер; заңнамада қарастырылған экологиялық жағымсыз жағдайлы аумақтардағы үздіксіз жұмыс өтілі үшін жалақыға үстемелер;

10. жоғарғы немесе орташа арнайы оқу орнын бітірген жас мамандарға жұмыс басталар алдындағы демалысты төлеу;

11. заңнамаға сәйкес жұмысшылар мен қызметкерлерге оқуға жіберу мерзіміне берілетін төлемдер;

12. заңнамада қарастырылған жағдайлардағы төмен төленетін жұмысты атқарғаны үшін төлемдер; еңбекке қабілеттілікті уақытша жоғалту жағдайында заңнамада бекітілген қосымша үстемақы төлеу;

13. уақытша орынбасу және алдындағы жұмыс орны бойынша қызметінің мөлшерін белгілі бір мерзім аралығында сақтаумен өзге кәсіпорындар мен ұйымдардан жұмысқа тұрған жұмысшыларға төленетін еңбекақыдағы айырмашылығы;

14. тарифтік мөлшерлеме, вахтадағы жұмыс кестесімен қарастырылған кәсіпорынның орналасқан жерінен (жинау пункті) жұмыс орнына дейінгі жолға және кері жолға қызметінің мөлшерінде, сонымен қатар ауа райы жағдайларына байланысты және транспорттық ұйымдардан болатын жолдағы кешігу күндері үшін төленетін сомалар (вахталық әдіспен жұмыстарды орындау жағдайында);

15. кәсібилікті жоғарылату және кадрларды қайта дайындау жүйесінде жұмысшылар, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларына өндірістен қол үзіп, оқуға жіберілген мерзіміне негізгі жұмыс орны бойынша жалақы мөлшері;

16. донор-жұмысшыларға тексерілген, қан тапсырған және әр қан тапсырған күннен кейінгі берілетін демалыс күні үшін төлем.

17. кәсіпорынның штатының құрамында тұрмайтын жұмысшылар еңбекке төлем, азаматтық-құқықтық сипаттағы келісімдер бойынша орындалатын жұмыс үшін төлем, оның ішінде егер орындалатын жұмыс үшін жұмысшылармен есеп айырысу тікелей кәсіпорынның өзімен жүргізілсе, мердігерлік келісімді де біріктіреді. Мұнда орындалған жұмыс үшін қызметкерлерге еңбек төлемі қаражаттарының мөлшері мердігерлік келісім бойынша осы жұмыстар (қызмет) және төлем құжаттарының және тағы басқа сметаларына байланысты анықталады.

«Әлеуметтік сақтандыру үшін аударымдар» элементінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына бюджетке төленетін әлеуметтік салық сомасының жиынтығымен белгіленген нормадағы аударымдар көрсетіледі.

Негізгі құралдар бухгалтерлік есепке бастапқы құны бойынша қабылданады. Негізгі құралдардың төлем үшін алынған бастапқы құны деп ұйымның сатып алу, құрылыс және дайындаудың нақты шығындары мойындалады.

Негізгі құралдарды алу, құрылыс және дайындаудың нақты шығындарына жатады:

- жеткізушіге (сатушыға) келісімге сәйкес төленетін сомалар;

- ұйымдарға келісім бойынша құрылыс мердігері және тағы басқа келісім бойынша орындалған жұмыс үшін төленетін сомалар;
- ұйымдарға негізгі құралдарды алуымен байланысты ақпараттық және кеңестік қызметер үшін төленетін сомалар;
- негізгі құрал объектісін иелену құқығына байланысты жасалған тіркеу алымдары, мемлекеттік баждар және өзге де ұқсас төлемдер;
- кедендік баждар;
- негізгі құралдар объектілерін алумен байланысты төленетін, өтелмейтін салықтар;
- негізгі құрал объектілері делдалдық ұйымдар арқылы алынып төленетін сыйақылар;
- негізгі құралдар объектілерін алу, құрылыс, дайындықтармен тікелей байланысты өзге де шығындар. Сонымен қатар бухгалтерлік есепте негізгі құралдар объектілерін қабылдауға дейінгі аударымдар, егер олар осы объектіні алу, құрылыс немесе дайындауға тартылған қарыз құралдары бойынша пайыздар.

Негізгі құралдар объектілері мен құны амортизациялық аударымдардың нәтижесінде өтеледі.

Есептік жыл мерзімінде негізгі құралдар объектілері бойынша аударымдар қолданылатын тәсілге тәуелсіз ай сайын жылдық соманың 1/12 мөлшерінде аударылады. Мерзімдік сипаттағы өндірістік ұйымдарда қолданылатын негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдардың жылдық сомасы есептік жылдағы ұйымның жұмыс кезеңі аралығында біркелкі аударылады.

Кәсіпорынның шығаратын тауарларының мөлшерін рынокқа ұсынуы, оны өндіруге кететін шығындарына және сол тауарлардың рынокта сатылатын бағаларына тікелей байланысты болады. Бұдан шығатын қорытынды, тауарларды өндіру және оны сатуға кететін шығындарды білу кәсіпорынның шаруашылық жүргізудегі тиімділігінің басты жағының бірі болып саналады.

Шығындар – бұл кәсіпорын өзінің өндіретін өндіретін және коммерциялық қызметін іске асыру үшін өндіріс факторларының ақшалай түріндегі шығындары. Өндіріс процесіндегі айқын шек қоятын шығындар және олардың маңызы мен практикалық қызметіндегі анықтайтын межесі болып табылады. Кәсіпорынның шығындары өндірістік белгісіне қарай 3 түрге бөлінеді:

- өзіндік құн құрайтын өнімдерді өндіру және сатуға кететін шығындар. Бұл капиталдың ауыспалы айналымы арқылы сатудан түскен ақшалай түсімді жабатын ағымдағы шығындар;
- өндірісті ұлғайтуға және жаңартуға кететін шығындар. Әдеттегідей, бұл жаңа немесе жаңғыратын өнімге жұмсалатын бір жолғы ірі күрделі қаржы шығындары;
- өндірістің әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй, тұрмыстық қызмет көрсету және осыған ұқсас басқа да мұқтаждарға кететін шығындар.

Олар негізінде пайданың есебінен бөлінетін арнаулы қорлардан қаржыландырылады.

Өндірістік шығындар келесідей жіктеледі:

1. Экономикалық элементтер – шығындардың экономикалық элементтері.
2. Өзіндік құнының статьялары - өзіндік құнының калькуляция статьялары.
3. Технологиялық процестерге қатыстылығы - негізгі және қосымша.
4. Құрамы – бірэлементтілік және кешенділік.
5. Өнімнің өзіндік құнына қатысудың тәсілі - тікелей және жанама.
6. Өндірістік процестегі ролі - өндірістік және өндірістен тыс.
7. Мақсатқа сәйкес жұмсау - өндірістік және өндірістік емес.
8. Жоспарға қатысу мүмкіншілігі - жоспарлы, жоспарсыз.
9. Өнімнің көлеміне қатысты - тұрақты және ауыспалы.
10. Шығу мерзімділігі - күнделікті және бір жолғы.
11. Дайын өнімге қатысы – аяқталмаған өнімге кететін шығындар, дайын өнімнің шығындары.

Практикалық маңызы болатын тұрақты және ауыспалы шығындарға бөлу. **Тұрақты шығындар** осы кезеңдегі уақыт ішіндегі сомасы өнімді өндіру және оны сатудың мөлшеріне, құрылымына тікелей тәуелді болмайды. Тұрақты шығындарға жататындар: міндетті заемдық ақылар, есепті төлемдер, ғимараттар және жабдықтардың амортизациясы, сақтандыру жарналары және т.б.

**Ауыспалы шығындар** - бұл осы кездегі уақытта өнімді өндірудің мөлшеріне және сатылуына тәуелді болмайтын шығындар. Мысалы, еңбекақы шығындары, шикізаттар, отын, энергия, көлік қызметі және т.б. Тұрақты және ауыспалы шығындардың арасындағы айырмашылықтың елеулі маңызы бар. Тұрақты шығындар керек десе, жалпы алғанда, өндірілмеген өнімге де төленуге тиісті, ал ауыспалы шығындармен кәсіпкер өндіріс көлемін өзгерту жолымен басқаруы мүмкін.

Шығындар экономикалық және бухгалтерлік болып ажыратылады. Экономикалық шығындар деп кәсіпорынның ресурстарды пайдаланғаны үшін жеткізушілерге төлейтін төлемдердің барлық түрлерін айтады. Олар екі түрден тұрады: сыртқы (анық немесе ақшалық) және ішкі (күңгірттік немесе өзінен-өзі түсінікті). Сыртқы шығындар - бұл ресурстарды жеткізушілерге ақшалай түріндегі төлемдері; шикізаттар төлемдері, материалдар, отын, еңбекақы, тозуды есептеу және т.б. Бұл топтағы шығындар бухгалтерлік шығындарға жатады. Кәсіпорынның ішкі шығындары күңгірт, өзінен өзі түсінікті сипаттамада болады. Олар кәсіпорын иелерінің қарамағындағы ресурстарды өндірісте пайдаланғанын нақтылап көрсетеді: жерді, ғимараттарды, олардың жеке еңбектері және т.б. үшін кәсіпорын ресми төлемейді.

### **Өндірілетін өнімнің өзіндік құны.**

Кәсіпорынның іс-әрекетіндегі басты көрсеткіштердің бірі - өнімнің өзіндік құны. Бұл өнімді өндіруге және оны сатудағы ақшалай нысанында көрсетілетін шығындардың жиынтығы. Сөйтіп, жалпы өндірістік тиімділігін анықтайды.

Өзіндік құнның экономикалық мазмұны - жұмсалған шығындардың орнын толтыру және соның есебінен өндірілетін барлық элементтердегі жай ұдайы өндірісті, өндірістік қорларды және жұмыс күштерін қамтамасыз ету. Осы арада, кәсіпорынның өзіндік құнының маңызды элементтері: амортизация, жұмсалған материалдық ресурстардың құны, еңбекақы - бұл шығындардың басты статьялары.

Сонымен қатар, кәсіпорын бір уақытта басқа да шығындарды іске асырады: өздерінің қызметкерлеріне сыйлық, банктік несиеге процент төлеу, әлеуметтік объектілерді ұстау, бюджеттен тыс қорларға аударым жарналарын жасау - бұл шығындар кәсіпорынның қосымша шығындарын құрайды.

Өзіндік құн тиімділіктің мынадай маңызды көрсеткіштері: пайда және пайдалылығының деңгейі мен серпінін анықтайды. Өзіндік құнының маңызы оның орындалу функцияларымен анықталады.

1.Өзіндік құн өнім құнының кең бөлігі болып табылады. Мұның мәнісі, өнімнің өзіндік құны арқылы өндіріс қаражаттарын жұмсауды қамтамасыз етеді.

2.Өзіндік құн көтерме сауда бағасын қалыптастырудың негізі болып табылады, оның есепсіз жүргізілуі бағаның құрылуына негіздеме бола алмайды.

3.Өзіндік құнының негізінде пайданы, кейбір бұйымдардың пайдалылығын, яғни оларды шығарудың мақсатқа сай екендігін есептеу.

Бұл айтылғандардан өнімнің өзіндік құнына деген көзқарасты төмендетуге болмайтындығын көруге болмайды. Өзіндік құнның деңгейіне кәсіпорынға қатысы бар және қатысы жоқ факторлар ықпал етеді. Мысалы, кәсіпорынға табиғи жағдайлар, оның ішінде шикізат көздерін және өнім тұтынушыларда территориялық қашықтығы, шикізатқа баға деңгейі, отын, жабдықтар, электроэнергия және көлік тарифтері және т.б.

### **5.2 Шығындардың деңгейі көрсеткіштері, оларды төмендетудің жолдары мен резервтері**

Шығындарды жүйелі түрде төмендету - кәсіпорындардың жұмыс істеу тиімділігін арттырудың негізгі құралы болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында залалды кәсіпорындарды қаржылай қолдау қағидаға жатпайды.

Ұлттық экономиканың барлық салаларында өндіріс шығындарын төмендетудің мына төмендегі негізгі бағыттарын айтуға болады:

- ғылыми – техникалық прогрестердің жетістіктерін пайдалану;
- өндіріс және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру;
- экономикалық процестерді мемлекет тарапынан реттеу.

Ғылыми – техникалық прогрестің жетістіктерін іске асыру - бұл бір жағынан өндіріс қуатын, шикізат және материалдар, оның ішінде отын – энергия ресурстарын көптен-көп пайдалану, ал екінші жағынан тиімді жаңа машиналарды, жаңа технологиялық процестерді іске асыру.

Шығынның белгілі бір мөлшерін мейлінше тиімді ету - шаруашылықты жүргізудің әр түрлі мәселелерін шешуге келгенде басты талап осы болып отыр. Тек қанша өнім өндірілгендігінің ғана емес, оны өндіруге қанша еңбек жұмсалғандығының да маңызы зор. Мәселенің бұлайша қойылуы мынаны аңғартады: шикізат пен материалдарды жұмсай отырып немесе машиналар мен механизмдерді пайдалана отырып, шикізаттардың әрбір бөлігін неғұрлым көп өнім алуға, әрбір станок пен технологиялық процестердің түсімін өсіруге, шығындарын бұйымдардың өзіндік құнын төмендетіп, кәсіпорындардың пайдасын көбейтуге, өндірістің тиімділігін арттыруға жету керек.

Егер кәсіпорын ұжымдарының ішкі шаруашылық резервтерін тауып, пайдаланудың негізгі бағыттарын қорытындылауға талпыныс жасалса, онда оларды үш топқа бөлуге болады. Өндіріс тиімділігі, біріншіден, негізгі өндіріс қорлардың пайдалануын жақсартудың, екіншіден, айналмалы өндіріс қорларды пайдаланудың және үшіншіден, қазіргі еңбек шығындарының нәтижелігін жақсартудың есебінен арттыру.

Өндірісті және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіруге келсек, онда бұл процесс ысырапты қысқарту есебімен шығындарды үнемдеумен қатар барлығы да тәжірибе жүзіндегідей болады, яғни нақты еңбектің шығынын үнемдеу. Қазіргі кезеңде нақты еңбекті үнемдеудің экономикалық дамуы қоғамдық еңбекті үнемдеумен салыстырғанда недәуір салмақты нәтиже береді. Қазіргі таңда өндірісті ұйымдастыруды жетілдірудің екі негізгі мектебі бар: америкалық және жапондық. Бұл өндірісті материалдық – техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету, оларды экономикалық жағынан ынталандыру және т.б. көптеген жүйелер. Өндіріс шығындарын төмендетуде мемлекеттік ғылыми – техникалық прогресс жөніндегі бағдарламалары мен мемлекеттік стандарттар елеулі орын алады.

Өнімнің өзіндік құнын арзандату - еңбек өнімділігін арттырудың шартқа айналған объективті бейнесі, экономикалық заң әрекетінің нақты нысаны, осыған сәйкес өндірістік шығын үнемі кеміп, жанды еңбек үнемі өнімдірек болып отырады. Өзіндік құнның арзандау көрсеткіштері өндіргіш күштердің дамуына сәйкес өткен және қазіргі еңбектің үнемделу дәрежесін бейнелейді.

Өзіндік құнды кемітудің басты факторлары:

- өндірістің техникалық деңгейін көтеру;
- өндірістің материал, отын, энергия және еңбек сыйымдылықтарын төмендету;
- басқару және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру;
- технологиялық процестерді қуаттылықпен негізгі қорларды пайдалануды жақсарту, т.б.

Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерінің негізгі көздері ( $P \downarrow C$ ):

1) өндіріс көлемінің артуы ( $P \uparrow VBP$ );

2) еңбек өнімділігінің артуы есебінен; шикізат, материалдарды, электр энергиясын, отынды, жабдықты үнемді пайдалану; өнімді емес шығындарды қысқарту есебінен; өндірістік ақауды жою есебінен өндіріс шығындарын қысқарту ( $P \downarrow Z$ ).

Резервтер шамасы келесі формула бойынша анықталады:

$$P \downarrow C = C_m - C_n = \frac{Z_n - P \downarrow Z + ДЗ}{VBB_n + P \uparrow VBB} - \frac{Z_n}{VBB_n}$$

Мұндағы:  $C_m, C_n$  - өнімнің мүмкін және нақты өзіндік құны деңгейлері;

ДЗ - өнім шығысын арттыру резервтерін игеру үшін қажетті қосымша шығындар.

Шығындарды төмендету резервтері шығындардың әрбір бабы бойынша анықталады.

Еңбек ақы бойынша шығындар өнімділігі – сәйкес шараларды енгізуге дейінгі ( $UTE_0$ ) және кейінгі ( $UTE_1$ ) еңбек сыйымдылықтарын айырмасы мен жоспарланған орташа сағаттың еңбек ақы ( $OT_{ж}$ ) деңгейін және жоспарланған өнім көлеміне ( $VBP_{ж}$ ) көбейту арқылы анықталады:

$$P \downarrow ZП = \left( UTE_1 - UTE_0 \right) \times OT_{ж} \times VBB_{ж}$$

Материалдық шығындарды төмендету резервтері келесі түрде анықталады:

$$P \downarrow MЗ = \left( UP_1 - UP_0 \right) \times VBP_{ж} \times Ц_{ж}$$

Мұнда,  $UP_1, UP_0$  – ұйымдастыру-техникалық шараларды енгізуге дейінгі және кейінгі өнім бірлігіне жұмсалған материалдар шығындары;

$Ц_{ж}$  – материалдарға жоспарлы бағалар.

### 5.3 Өнімді өндіру мен өткізу шығындарының сметасы. Өнімді өндіру және өткізудің шығындарын жоспарлау

Шығындар сметасы айналым қорын реттеу үшін маңызды рөл атқарады, өнімнің іске асырылуын және табысын жобалайды. Кәсіпорынның қаржылық жоспарын жасауда және де өндірістік жоғарылау тиімділігінде қолданылады.

Өнімнің өзіндік құны – бұл бағаның өндірістік өнімнің процесінде, табиғи ресурсында, шикізатта, материалдарда, жанармайда, энергияларда, Негізгі фондтарда еңбек ресурстарында және басқа да өндірісте және оны іске асыру шығындарында қолданылатын өзіндік құн болып табылады. Өндірістік жұмыс жағдайын көтерудің бір тиімділігі ол - өнімнің өзіндік құнын төмендету.

Өнімнің өзіндік құнын талдау объектілері болып келесі көрсеткіштер табылады: тауарлы өнімнің толық өзіндік құны; тауарлы өнімнің 1 теңгесіне



шаққандағы шығын; салыстырмалы тауарлы өнімнің өзіндік құны; шығындар элементтері мен баптары. Мәліметтер жинау қайнар-көздері: кәсіпорынның өнім өндіру мен сату шығындары есебі, өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау, негізгі және қосымша өндірістер бойынша шығындар есебі мәліметтері және т.б. Кәсіпорындарда өзіндік құн есебі және жоспарлануы шығындар элементтері мен калькуляциялық баптар бойынша жүргізіледі.

Шығындар элементтері: материалдық шығындар (шикізаттар мен материалдар, жартылай фабрикаттар, отын, энергия); еңбекақы, негізгі құралдардың амортизациясы, басқа да шығындар (материалды емес активтердің тозуы, арендалық төлем, міндетті сақтандыру төлемдері, банк несиелері бойынша пайыздар, өнімнің өзіндік құнына кіретін салықтар, бюджеттен тыс қорларға төлемдер және т.б.).

Элементтер бойынша шығындарды топтастыру, материал-сыйымдылығын, энергиясыйымдылығын, еңбексыйымдылығын, қорсыйымдылығын зерттеу және шығындар құрылымына техникалық прогресстік әсерін анықтау үшін қажет.

Калькуляция баптары бойынша шығындарды топтастыру, ресурстардың қайда, қандай мақсатта және қандай мөлшерде пайдаланылғанын көрсетеді. Ол көпноменклатуралы өндірісте өнім түрлерінің өзіндік құнын есептеу үшін қажет. Калькуляцияның негізгі статьялары: шикізат және материалдар, қайтарымды қалдықтар, жартылай фабрикаттар, технологиялық мақсаттарға, отын мен энергия, өндіріс жұмысшыларының негізгі және қосымша еңбекақысы, машиналар мен жабдықтарды пайдалану шығындары, ақау шығындары, коммерциялық шығындар.

Шығындар тікелей және жанама болып бөлінеді. **Тікелей шығындар** өнімнің белгілі түрлерін өндірумен байланысты (шикізат, материалдар, өндірістік жұмысшылар еңбек ақысы және т.б.).

**Жанама шығындар** өнімнің бірнеше түрлерін өндірумен байланысты және олар калькуляциялау объектілеріне сәйкесті базаға пропорционалды бөлу арқылы жатқызылады (жұмысшылардың негізгі және қосымша еңбекақысына, немесе барлық тікелей шығындарға, өндірістік алаңға т.б.). Мысалы, негізгі өндірістік құралдарды күту шығындары, жалпыөндірістік және жалпышаруашылық шығындар.

Өндіріс көлеміне байланысты шығындар тұрақты және өзгермелі болып бөлінеді. Тұрақты шығындар өндіріс көлемінің өзгерісіне қарамастан тұрақты болып қала береді (амортизация, ғимараттарды жалға беру, жұмысшылардың мерзімді еңбек ақысы, әкімшілік-шаруашылық аппаратының еңбек ақысы), ал өзгермелі шығындар өнім өндірісі көлеміне пропорционалды өзгеріп отырады (өндіріс жұмысшыларының істелеген жұмысына еңбек ақы, технологиялық отын, энергия).

**Тауарлы өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындарды талдау.** Тауарлы өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындар жалпы шығындарды өнім

көлеміне бөлімен анықталады:  $Z_r = \frac{Z_o}{TII}$ .

Бұл шығындарға тікелей 4 фактор әсер етеді:

- өндірілген өнімнің құрылымының өзгеруі;
- жеке өнімдердің өндірісіне кеткен шығындар деңгейінің өзгеруі;
- тұтынылған материалдық ресурстарға баға мен тарифтердің өзгеруі;
- тауарлық өнімге бағаның өзгеруі (кесте 9).

Кесте 9- Өзіндік құнға өнім құрылымының әсер етуін талдау

Өнімнің аты	Өнім саны				Өнім бірлігінің өзіндік құны	
	Жоспар		Нақты		Жоспар	Нақты
	Дана	Үлес салмағы, %	Дана	Үлес салмағы, %		
1	2	3	4	5	6	7
А	45	59	40	57	100	100
Б	20	26	20	29	120	130
В	11	15	10	14	50	60
Жалпы	76	100	70	100	-	-

Кесте 10- Барлық өнімнің өзіндік құнының ауытқуы

Өнімнің аты	Барлық өнімнің өзіндік құны, теңге			Жоспардан өнімнің өзіндік құнының ауытқуы
	Жоспар	нақты	өнім бірлігінің жоспарлы өзіндік құны мен өнімнің нақты саны мен нақты құрылымы	
1	2	3	4=алдыңғы 9-кестедегі (6*4)	5
А	4500	4000	4000	-500
Б	2400	2600	2400	+200
В	550	600	500	+50
Жалпы	7450	7200	6900	-250

Нақты құрылым бойынша өнім бірлігінің орташа жоспарлы өзіндік құны

$$(C_{1н.құр}^n) = \frac{6900}{70} = 98,57.$$

Жоспарлы құрылым бойынша өнім бірлігінің орташа жоспарлы өзіндік құны

$$(C_{2ж.құр}^n) = \frac{7450}{76} = 98,02,$$

$98,57 - 98,02 = +0,55$  теңге - өнім құрылымының өзгерісінен болды.

Бұл айырмашылықты (0,55) өндірілген өнімнің жалпы нақты санына көбейту арқылы құрылым өзгерісі әсерінен нақты өндірілген өнім өзіндік құнының жоспардан жалпы ауытқуын анықтаймыз ( $\pm C_{құр}$ ).

$$\pm C_{құр} = (C_{1н.құр}^n - C_{2ж.құр}^n) \times П_n^к = +0,55 \times 70 = +38,5 \text{ теңге}$$

Бұл нәтижені басқа да әдіспен анықтауымызға болады.

$6900 - 7450 = -550$  теңге – бұл айырмашылық өнім көлемі мен өнім құрылымы өзгерістері әсерінен нақты өндірілген өнім өзіндік құнын жоспардан ауытқуын көрсетеді.

Өнім көлемі өзгерісінің әсері нақты және жоспарлы өндірілген өнім көлемінің айырмашылығын жоспарлы құрылымдағы өнім бірлігінің орташа жоспарлы өзіндік құнына (98,02) көбейту арқылы анықтаймыз:

$$(70 - 76) \times 98,02 = -588,52 \text{ теңге}, \quad -550 - (-588,5) = 38,5 \text{ теңге}$$

Алдында аталған факторлардың тауарлы өнімнің бір теңгесіне шаққандағы шығындарға әсерін келесі есептеу әдістері бойынша аңқталады.

Алдымен тауарлы өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындардың нақты көлемінің жоспардан ауытқуын анықтаймыз:

$$\pm \text{УЗ} = \text{УЗ}_n - \text{УЗ}_{\text{жс}} = \frac{\sum U_{\kappa}^n \times C_u^n}{\sum U_{\kappa}^n \times \Pi_u^n} - \frac{\sum U_{\kappa}^{\text{жс}} \times C_u^{\text{жс}}}{\sum U_{\kappa}^{\text{жс}} \times \Pi_u^{\text{жс}}},$$

Мұндағы,  $C_u^{\text{жс}}$  - өнім бірлігінің жоспарлы өзіндік құны;  $C_u^n$  - өнім бірлігінің нақты өзіндік құны;  $\Pi_u^{\text{жс}}$  - өнім бірлігінің жоспарлы бағасы;  $\Pi_u^n$  - өнім бірлігінің нақты бағасы;  $U_{\kappa}^{\text{жс}}$  - өнімнің жоспарлы құрылымы;  $U_{\kappa}^n$  - өнімнің нақты құрылымы.

Енді факторлар әсерінің көлемін анықтаймыз:

1) Өнім құрылымының өзгерісі әсері

$$\pm \text{УЗ}_{\text{кyp}} = \frac{U_{\kappa}^n \times C_u^{\text{жс}}}{U_{\kappa}^n \times \Pi_u^{\text{жс}}} - \frac{U_{\kappa}^{\text{жс}} \times C_u^{\text{жс}}}{U_{\kappa}^{\text{жс}} \times \Pi_u^{\text{жс}}};$$

2) Жеке өнімдердің шығындар деңгейінің өзгерісі әсері

$$\pm \text{УЗ}_{\text{зи}} = \frac{\sum U_{\kappa}^n \times C_u^{n \pm \text{ицм}}}{\sum U_{\kappa}^n \times \Pi_u^{\text{жс}}} - \frac{\sum U_{\kappa}^n \times C_u^{\text{жс}}}{U_{\kappa}^n \times \Pi_u^{\text{жс}}},$$

Мұндағы:  $C_u^{n \pm \text{ицм}}$  - өнім бірлігінің нақты өзіндік құны және материалды шығындарға жоспарлы баға барысындағы өзіндік құны;  $C_u^{\text{жс}}$  - өнім бірлігінің жоспарлы өзіндік құны және материалдық шығындарға жоспарлы баға барысындағы өзіндік құн; ицм – материалдарға бағаның өзгерісі ( $\text{ицм} = \Pi_u^n - \Pi_u^{\text{жс}}$ );

3) Тұтынылған (пайдаланылған) материалдық ресурстарға баға мен тарифтердің өзгеруі:

$$\pm \text{УЗ}_{\text{цм}} = \frac{\sum U_{\kappa}^n \times C_u^n}{\sum U_{\kappa}^n \times \Pi_u^{\text{жс}}} - \frac{\sum U_{\kappa}^n \times C_u^{n \pm \text{ицм}}}{\sum U_{\kappa}^n \times \Pi_u^{\text{жс}}} \text{ немесе } \pm \text{УЗ}_{\text{цм}} = \frac{\sum U_{\kappa}^n \times (\Pi_u^n - \Pi_u^{\text{жс}})_u}{\sum U_{\kappa}^n \times \Pi_u^{\text{жс}}};$$

4) тауарлық өнімге бағаның өзгеруі:

$$\pm \text{УЗ}_{\text{ц.м.п.}} = \frac{U_{\kappa}^n \times C_u^n}{U_{\kappa}^n \times \Pi_u^n} - \frac{U_{\kappa}^n \times C_u^n}{U_{\kappa}^n \times \Pi_u^{\text{жс}}}.$$

**Тікелей материалды шығындарды талдау.** Материалдық шығындар – бұл тікелей шығындар. Олар келесі факторларға тәуелді: өнім өндіру көлемінің өзгеруі; құрылымның өзгеруі; өнімдер өзіндік құнында шығындар деңгейі .

Тауарлы өнім көлемінің өзгерісінен тікелей шығындар ауытқуын өнім көлемінің өсу қарқынына базисті (жоспарлы) материалдық шығындарды түзету арқылы анықтаймыз:

$$C_{\text{м}(N')} = \frac{540 \times 110}{100} = 594 \text{ ақшалай бірлік},$$

$$\Delta C_{(N)} = \frac{C_{\text{м}}^{\text{жс}} \times \Delta \text{ТП}}{100},$$

Мұнда  $\Delta TP = 10\%$  - тауарлы өнім көлемінің өсу қарқыны (өсіңкілік).

$$\Delta C_{(N)} = \frac{540 \times 10}{100} = 54 \text{ акшалай бірлік.}$$

Кесте 11- Материалдық шығындарға факторлар әсерін анықтау үшін мәліметтер

Көрсеткіштер	Жоспар	нақты көлем мен құрылым жоспар бойынша материалдық шығындар	нақты	өсу қарқыны, %
Тауарлы өнім көлемі, мың теңге	1500	-	1650	110
Материалдық шығындар құны, мың теңге	540	613	627	116

Құрылым өзгерісі әсерінен тікелей шығындар ауытқуы  $C_{m(D)}$  келесі әдіс бойынша анықталады:

$$\Delta C_{m(D)} = C_{m(D)} - C_m^{жс} - \Delta C_{(N)} = 613 - 540 - 54 = 19 \text{ акшалай бірлік немесе}$$

$$\Delta C_{m(D)} = 613 - 594 = 19 \text{ акшалай бірлік}$$

Тікелей шығындардың өзіндік құндағы деңгейлерінің өзгерісі әсерінен ауытқуы келесі формула арқылы анықталады:

$$\Delta C_{m(Z)} = C_m^n - C_{m(D)} = 627 - 613 = 14 \text{ акшалай бірлік,}$$

$$\Delta C_m = (C_m^n - C_m^{жс}) - \Delta C_{(N)} - \Delta C_{m(D)} = (627 - 540) - 54 - 19 = 14 \text{ акшалай бірлік}$$

Тікелей шығындарға факторлар әсерін келесі аналитикалық кестеде көрсетеміз.

Кесте 12- Тікелей шығындарға факторлар әсерін анықтау

Шығындар баптары	Шығындар			Жоспардан ауытқуы, (+,-)			
	Жоспар	Тауарлы өнімнің нақты көлеміне		барлығы	Соның ішінде		
		жоспар	нақты		өнім көлеміне байланысты	өнім құрылымына байланысты	Шығын деңгейлеріне байланысты
1	2	3	4	5=4-2	6	7=3-2-6	8=4-3
Материалдық шығындар, мың теңге	540	613	627	+87	+54	+19	+14

**Тікелей еңбек шығындарын талдау.** Тікелей еңбек ақы шығындары өнім өндірісі көлеміне, тауарлы өнімге, оның құрылымына және өнімдерінің шығындар деңгейіне тәуелді. Бұл факторлар еңбек сыйымдылығы мен 1 адам – сағатқа есептелген еңбек ақы деңгейіне тәуелді.

Бұл факторлардың әсерін анықтау үшін келесі мәліметтер болу керек: өнім өндіруге кеткен тікелей еңбек ақы сомасы, мың теңге

- жоспар бойынша:  $\sum \langle VBB_{жсi} \times UTE_{жсi} \times OT_{жсi} \rangle = 16096$

- жоспар бойынша жоспарлы құрылымдағы өнімнің нақты өндірісіне:  $\sum \langle VBB_{жсi} \times UTE_{жсi} \times OT_{жсi} \rangle \times K_{III} = 16096 \times 1,026025 = 16515$

- өнімнің нақты өндірісіне шығындардың жоспарлы деңгейі бойынша:  $\sum \langle VBB_{ни} \times UTE_{жсi} \times OT_{жсi} \rangle = 17153$

- нақты еңбек ақының жоспарлы деңгейі кезінде:  $\sum \langle VBB_{ни} \times UTE_{ни} \times OT_{жсi} \rangle = 15589$

- нақты:  $\sum \langle VBB_{ни} \times UTE_{ни} \times OT_{ни} \rangle = 17045$

Тауарлы өнімнің жалпы көлеміне тікелей еңбек ақы бойынша артық шығыны 849 мың теңгені құрайды (17045-16096).

Соның ішінде:

1) өнім өндірісі көлемінің артуына байланысты:

$$\Delta ZP_{VBB} = 16515 - 16096 = +419 \text{ мың теңге}$$

2) өнім өндірудің құрылымының өзгеруіне байланысты:

$$\Delta ZP_{кур} = 17153 - 16515 = +638 \text{ мың теңге}$$

3) өнімнің еңбек сыйымдылығының азаюына байланысты:

4)  $\Delta ZP_{UTE} = 15589 - 17153 = -1564 \text{ мың теңге}$

5) еңбек ақы деңгейінің жоғарлауына байланысты:

$$\Delta ZP_{OT} = 17045 - 15589 = +1456 \text{ мың теңге}$$

Жеке өнімдер өндірісіне еңбек ақы келесі факторларға тәуелді.

$$UZP_i = VBB_i \times UTE_i \times OT_i.$$

Кесте 13- Өнім түрлері бойынша тікелей еңбек ақыны факторлы талдау

Өнім	Өнім өндірісі көлемі, теңге		Еңбек сыйымдылығы, адам-сағ.		Орташа сағаттық еңбек ақы деңгейі	
	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	Нақты
1	2	3	4	5	6	7
A	57600	50400	15,5	15,0	5,0	5,50

Кесте 14- Еңбек ақы сомасының өзгеруі

Тікелей еңбек ақы сомасы, мың теңге				Еңбек ақы сомасының өзгеруі			
$ВВП_{жс}$ $УТЕ_{жс}$ $ОТ_{жс}$	$ВВП_{н}$ $УТЕ_{жс}$ $ОТ_{жс}$	$ВВП_{н}$ $УТЕ_{н}$ $ОТ_{жс}$	$ВВП_{н}$ $УТЕ_{н}$ $ОТ_{н}$	барлығы	Оның ішінде		
					ВВП	УТЕ	ОТ
1	2	3	4	5	6=2-1	7=3-2	8=4-3
4464	3906	3780	4158	-306	-558	-126	+378

**Жанама шығындарды талдау** Жанама шығындар: жабдықты күту және пайдалану шығындары, жалпыөндірістік және жалпышаруашылық шығындар, комерциялық шығындар. Жабдықты күту және пайдалану шығындары: технологиялық жабдық пен машиналар амортизациясы, пайдалану шығындары, жүктерді ішкі зауыттық көшіру шығындары, т.б. Кейбір шығындар тұрақты болып есептеледі. (амортизация), ал кейбір шығындар өнім көлеміне толық немесе жартылай тәуелді, олар өзгермелі болып саналады. Бұл шығындардың өнім көлеміне тәуелділік деңгейі коэффициенттер арқылы анықталады. Жоспарлы шығындарды нақты өнім көлеміне есептеу үшін келесі формула пайдаланылады:

$$Z_K = Z_{жс} \frac{(100 \pm \Delta ПП \% \times K_3)}{100},$$

Мұндағы:  $Z_K$  – нақты өнім көлеміне келтірілген шығындар;  $Z_{жс}$  – жоспарлы шығындар;  $\Delta ПП$  – тауарлы өнім көлемі бойынша жоспардың артығымен орындалуы (орындалмауы), % ;  $K_3$  – шығындардың өнім өндірісі көлеміне тәуелділік коэффициенті

**Бақылау сұрақтары:**

1. Өзіндік құн сметасы.
2. Тауарлы өнімнің бір теңгесіне шаққандағы шығындарды анықтау.
3. Тікелей материалдық шығын, жанама шығындар құрамы.
4. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау

**СӨЖ тапсырмалары:**

1. Кәсіпорынның мысалында тауарлы өнім өндірісіне кеткен шығындарды талдау.
2. Кәсіпорынның мысалында тауарлы өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындарды талдау.

## **VI БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯЛАР ТАБЫСЫНЫҢ ҚҰРАЛУЫ, БӨЛІНУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

### **6.1 Кәсіпкерлікті дамытудағы табыстың ролі, табыстың функциялары**

Батыстың экономикалық теория мектептерінде кәсіпорын табыстарын талдағанда мынандай экономикалық категориялар қолданылады:

- жалпы (жиынтық) табыс, өзінің өнімін өткеруден алынған;
- орташа табыс, өткерілген өнім бірлігіне есептелінген;
- шектелген табыс, қосымша өнімді сату арқылы жалпы табыстың ұлғаюы.

Қазақстан Республикасында аралас әлеуметтік – бағытталған нарықтық экономика жағдайында бұрынғы мемлекеттік экономикада қолданылған экономикалық категориялар сақталады: өндіріс шығындары, өзіндік құн, жалпы және таза табыс, пайда, рентабельділік, рентабельділік деңгейі. Осы экономикалық категориялар мемлекеттік кәсіпорын секторында ғана емес, сондай – ақ әр түрлі мемлекеттік емес кәсіпорын секторында да қолданылады.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның қызмет етуінің экономикалық мақсаттылығы табыс алумен анықталады. Кәсіпорынның табыстылығы абсолюттік және қатысты көрсеткіштермен сипатталады. Табыстылықтың қатысты көрсеткіші – бұл табыстар сомасы.

Табыстылықтың көрсеткіштер жүйесі ең алдымен қаржылық нәтижелердің абсолютті көрсеткіштерінен тұрады: өнімді өткізуден түскен табыс; жалпы табыс; негізгі қызметтен түскен табыс; негізгі емес қызметтен түскен табыс; салыққа дейінгі табыс; салықтан кейінгі табыс; таза табыс.

Табыс екі функцияны атқарады: мемлекеттік бюджет табыстарының көзі мен кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік даму көзі.

Табыс өз функцияларын тиімді орындауы үшін келесі негізгі шарттар қажет:

1. Өнімге баға еңбек өнімділігін үздіксіз жоғарылату мен өзіндік құнды төмендетуді ескере отырып, қоғамдық қажетті еңбек шығындарын анағұрлым дәлдікпен жақындатылып алынуы тиіс.

2. Өнімді калькуляциялау жүйесі мен өнімнің өзіндік құнын анықтау ғылыми негізделген болуы тиіс.

3. Табысты бөлу механизмі активті роль атқарып және өндіріс дамуы мен оның тиімділігін арттыруда ынталандырушы фактор ретінде қызмет атқаруы тиіс.


4. Табыстың тиімді пайдаланылуы тек қалған барлық қаржылық тұтқалар жүйесінде мүмкін болады.

Табыстылық көрсеткіштерін талдау міндеттеріне:

- Табыстылықтың абсолютті көрсеткіштерінің жоспарының орындалуын бағалау.
- Таза табыстың құралуының құрамдас элементтерін зерттеу.
- Табысқа әсер етуші факторлардың әсерін анықтау және сандық өлшеу.

- Табысты бөлу бағыттарын, пропорцияларын, тенденцияларын зерттеу.
- Табысты арттыру резервтерін анықтау.
- Табыстың әртүрлі көрсеткіштерін (коэффициенттерін) зерттеу.

Табыс – кең таралған, кең түрде қабылданатын, сонымен қатар өте маңызды қолданылатын көп мағыналы ұғым. Сөздің кең мағынасында табыс ақшалай бейнедегі кез келген ақша қаражатының түсімі немесе материалдық құндылықты алуды көрсетеді.



Сурет 8 - Кәсіпорынның табыстарын қалыптастыру

Кәсіпорынның табысы олардың активтерінің артуы немесе капитал меншігінің көбеюіне әкелетін міндеттемелердің кемуі. «Табыс» ұғымы жалпы мемлекетке (ұлттық табыс), кәсіпорындарда (жалпы табыс, таза табыс), ал жеке тұлғаларда (халықтың ақшалай табысы, жеке табыс) болып қолданылады.

Қаржы есептілігін дайындау және таныстыру принциптерінде акционерлердің салымдарымен қатысы жоқ капиталдың көбеюіне әкеліп соқтырған есепті кезеңнің ішінде активтердің көбеюі не азаюы немесе міндеттемелердің азаюы нысанында табыс экономикалық пайданың ұлғаюы ретінде танылады. Табысқа компанияның түсімі де, басқа түсімдер де кіреді. Компанияның табысы - олар қызметтің әдеттегі түрлерінен келіп түскен қаражаттың түсуі, олар әр түрлі аталады, оның ішінде сату, сыйақы, пайыздар, дивидендтер және лицензиялық төлемдер. Осы стандарттың мақсаты белгілі бір операциялардың және жағдайлардың түрлерінен пайда болатын табыстардың есептеу тәртібін анықтауынан тұрады.

Табысты есепке алу кезіндегі басты мәселе оны тану кезеңін анықтаудан тұрады. Табыс компанияның сенімді түрде өлшенетін болашақ пайданы алу мүмкіндігі болған жағдайда танылады.

Табыстың пайда болуы, қалыптасуы бірқатар есептеулерден тұрады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізгенде баланс көрсеткіштерімен қатар қаржылық есеп берудің басқа да нысандарының көрсеткіштерін қолдану қажет, әсіресе кәсіпорынның жыл бойғы барлық табыс сомасын осы кәсіпорынның өзінің қызметін жүргізу үшін жұмсалған барлық шығындар сомасымен салыстырудан тұратын қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есепті қолдану керек, оның баланстан айырмашылығы ол кәсіпорынның мезеттік суреті және қатып қалған қаржылық жағдайы ғана емес, ол капитал қозғалысы, есепті кезеңдегі субъектінің қаржылық нәтижесі болып табылады. Сондықтан кәсіпорынның балансына қарағанда, бұл құжат талаушы адам үшін анағұрлым маңызды және ақпараттық болып табылады. Ол



кәсіпорын табыс немесе зиян әкелетін анықтау үшін табыстар мен шығынар туралы жеткілікті мөлшерде бөлініп алынған анық көрсеткіштердің көмегімен белгілі бір кезеңдегі кәсіпорынның қызмет нәтижесіне баға береді.

Батыс тәжірибесінде, балансты есеп берудің басты нысаны ретінде бөлініп қарастыратын біздің елге қарағанда, табыс және зиян туралы есепке біршама басымдылық берілуі кездейсоқ емес. Атап айтқанда, дәл осы үлгі американдық, Ұлыбритандық және Жаңазеландиялық фирмалардың жылдық есебінде бірінші болып келтіріледі. Субъект қызметінің қаржылық нәтижесі туралы есеп бухгалтерлік есептің “Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп” стандартымен анықталады. Стандарт, негізгі қызметтен алынған табыс пен шығынды, төтенше жағдайлардың және тоқтатылған операциялардан болатын табыс пен зиянды, сондай-ақ, есеп кезіндегі есептік бағаның, есеп саясатының өзгеруінен және қаржылық есептегі елеулі қателерді түзетуден болатын әр түрлі табыс және шығындарды ашудың тәртібін анықтайды.

Бұл есептің жасалуы бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес келесідей түрде болады.

#### Кесте 15- Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп

Көрсеткіштер	Код	Табыстар	Шығындар (зиян)
1. Негізгі қызметтен алынатын табыс	010		*
2. Сатылған өнімнің (жұмыс, қызметінің) өзіндік құны	015	*	
3. Жалпы табыс	020		
4. Кезең шығындары:			
- жалпы және әкімшілік шығындар	025	*	
- пайыздарды төлеу шығындары	030	*	
- сату бойынша шығындар	035	*	
5. Негізгі қызмет бойынша табыс (шығын)	040		
6. Негізгі емес қызмет бойынша табыс (шығын)	045		
7. Салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс (шығын)	050		
8. Табыс салығы	055	*	
9. Салық салынғаннан кейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс (шығын)	060		
10. Төтенше жағдайлардың болатын табыс (шығын)	065		
11. Таза табыс (шығын)	070		

Кәсіпорын қызметінің қорытынды қаржылық нәтижесі – өнім (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс пен қаржылық және инвестициялық қызметтен түскен табыс пен төтенше жағдайдан түскен табыстар мен шығындар сальдосының алгебралық сомасын ұсынатын есеп кезеңіндегі қызметтен түскен табыс (шығын).

Жиынтық табысты еспетудің формуласы төменде көрсетілген:

$$T = T^{\Theta} + T^K + T^И + T^Г$$

Мұндағы:  $T$  – кәсіпорынның жиынтық табысы (шығыны)  
 $T^{\Theta}$  – өнім (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс  
 $T^K$  – қаржылық қызметтен түскен табыс  
 $T^И$  – инвестициялық қызметтен түскен табыс  
 $T^T$  – төтенше жағдайдан түскен табыс.

Өнім(жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс келесі келесі форудамен есептелінеді:

$$T^{\Theta} = N^{\Theta} - C^{\Theta\text{НД}} - C^{\text{кезең}}$$

Мұндағы:  $N^{\Theta}$  – өнім (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс (ҚТС, акциз, т.б. салықтарды есептемей)


$C^{\Theta\text{НД}}$  – өткізілген өнімнің өзіндік құны (өндірістік)


$C^{\text{кезең}}$  – кезеңдік шығындар (коммерциялық және басқарушылық).

Өнім (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс кәсіпорынның өнірістік циклының аяқталуын, кәсіпорынның өніріске авансталған құралдардың ақшалай формаға қайтарылуын және барлық құралдар айналымының басынан басталуын сипаттайды. Өнім өткізу көлемінің өзгеруі кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелеріне өте сезімтал әсер етеді, сондықтан қаржылық департамент өнім шығару мен өткізу процесін күн сайын бақылау қажет

## 6.2 Корпорациялардың жалпы табысы, оның құрамы мен құрылымы. Табыстың түрлері

Нарықтық қатынас жағдайында кез келген кәсіпорын негізгі (операциялық), негізгі емес (қаржылық және инвестициялық) және төтенше қызмет түрлерінен табыс алуы мүмкін ( 9 сурет).





Сурет 9 - Кәсіпорынның табысының жіктелу түрлері

Операциялық қызмет - заңды тұлғаның кіріс алатын негізгі қызметі және инвестициялық және қаржы қызметіне жатпайтын өзге де қызметі. Аталмыш кәсіпорын осы қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылады.

Инвестициялық қызмет - ұзақ мерзімді актив сатып алу және сату, сондай-ақ өтелетін қарыз беру және алу жөніндегі қызмет.

Қаржылық қызмет - заңды тұлғаның нәтижесінде меншікті капиталдың және қарыз қаражаттың мөлшері мен құрамы өзгертін қызметі.

Табыстылықтың бірінші абсолютті көрсеткіші - өнімді өткізуден түскен табыс. Ол қосымша құнға салынатын салық (ҚҚС), акциздер т.б. салықтар мен міндетті төлемдерді шегергендегі, сонымен қатар қайтарылған құнын, сатудан жеңілдіктерді және бағаға жеңілдіктерді шегергеннен кейінгі сома.

Қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері жөніндегі есептің берілген статьясы бойынша негізгі қызметтен түскен табыс бейнеленеді. Ол тауарлы – материалдық запастарды өткізуден, қызмет көрсетуден алынған, сонымен қатар негізгі қызметке байланысты сыйақы, пайыздар, дивиденттер, қаламақы мен ренталар түрінде бейнеленеді.

Өнімді өткізуден түскен табыс құрылымында анағұрлым үлкен үлес салмақты дайын өнім мен тауарларды өткізуден түскен табыс алады. Оның шамасы өнім өндірісі деңгейімен анықталады.

Табыстылықтың екінші абсолютті көрсеткіші ретінде жалпы табыс есептеледі. Ол өнімді өткізуден түскен қаржылық нәтиже болып табылады және өнімді өткізуден түскен табыс пен өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны арасындағы айырма ретінде анықталады.

Жалпы табысқа әсер етуші маңызды фактор ретінде өндірістік өзіндік құн есептеледі, сондықтан оның төмендеуі жалпы табыс шамасына үлкен әсер етеді.

Өнімді өткізу көлемінің натуралдық мағынада артуы табыстың артуына әкеледі. Сұранысқа ие өнім өндірісі көлемінің артуы күрделі салымдар көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Ал бұл табысты анағұрлым өнімді жабдықты сатып алуға, жаңа технологияларды игеруге, өндірісті ұлғайтуға бағыттуды талап етеді.

Бұл жол қазіргі кезде көптеген кәсіпорындар үшін инфляция, бағалар өсуі мен ұзақ мерзімдік несие алу мүмкіндігінің болмауынан қиындық тудырады.

Кәсіпорын табыстары ең алдымен бағалар өсуі есебінен жоғарғы қарқынмен өседі. Бағалар өсуі кері фактор болып есептелмейді, егер де ол негізделген болса, яғни өнім сұранысының өсуімен, шығарылатын өнімнің техника – экономикалық параметрлерінің жақсаруымен байланысты болса.

Табыс – кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесін сипаттайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Табыстың артуы кәсіпорын мүмкіншілігінің артуын және оның іскерлік белсенділігін арттырады. Таза табыс бойынша меншік иелерінің табыс мөлшері, дивиденд және басқа да табыстардың көлемі анықталады, жеке және қарыздық құралдар рентабельділігі, авансталған капиталдың және әр акцияның табыстылығы анықталады.

Табысты есепке алу кезіндегі басты мәселе оны тану кезеңін анықтаудан тұрады. Табыс компанияның сенімді түрде өлшенетін болашақ пайданы алу мүмкіндігі болған жағдайда танылады. Халықаралық қаржы есептілігінің стандарты бұл белгілерді қанағаттандыратын жағдайларды анықтайды және осылайша табыс танылады. Сонымен қоса, оның ішінде бұл белгілерді қолдану бойынша тәжірибелік нұсқаулар бар. Бухгалтерлік стандарт мынадай операциялар және жағдайлардан пайда болатын табысты есептеуде қолданылуы керек:

- a) тауарларды сатудан;
- b) қызметтерді көрсетулерден;
- c) пайыз, лицензияланған төлемдер және дивидендтер әкелетін компания активтерін басқа жақтарымен пайдаланудан.

Тауарларға компанияның сату үшін шығарған, немесе қайта сату үшін сатып алынған өнімі кіреді, оның ішінде, бөлшек саудамен айналысатын саудагер қайта сату үшін сатып алынған тауарлар немесе жер және басқа да мүлік.

Қызмет көрсетуге белгілі бір мерзім ішінде шартта келісілген компанияның міндеттерді атқаруы. Қызметтер бір кезең ішінде немесе бірден көп кезеңдерде көрсетілуі мүмкін. Қызмет көрсетуге арналған кейбір шарттар құрылыс шарттарымен тікелей байланысты, мысалы, жоба жетекшілері және архитекторларға қызмет көрсетуге арналған шарттар. Бұл шарттардан келетін табыс осы Стандартта қаралмайды, бірақ 11-«*Құрылыс салуға жасалған шарттар*» IAS Халықаралық стандартпен белгіленген құрылыс шарттарының талаптарына сәйкес көрінеді.

Компания активтерін басқа ұйымдардың пайдалануы табыстың мынадай нысандарда пайда болуына әкеліп соқтырады:

- a) пайыздар - ақша қаражатын немесе оның баламаларын немесе компанияға тиесілі соманы пайдаланғаны үшін төлемдер;

б) лицензияланған төлемдер - компанияның ұзақ мерзімді активтерін, мысалы, патенттерді, тауар белгілерін, авторлық құқықтарды және компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланғаны үшін төлемдер; және

с) дивидендтер - пайданы акционерлік капиталды иеленушілер арасында олардың белгілі бір сыныптың капиталына қатысуына қарай теңбе-тең бөлу.

**Табыс** - компанияның әдеттегі қызметі барысында, осындай ағын акционерлердің жарналары есебінен болатыннан өзге капиталдың ұлғаюына әкеліп соқтырғанда туындайтын кезең ішіндегі экономикалық пайданың жалпы ағыны.

Табысқа тек компаниямен алынған және оның өз жеке шотына түсуі міндетті экономикалық түсімдердің жалпы түсімі. Үшінші тараптың пайдасына түскен сатылым салығы, тауарлар және қызметтерден алынатын салық және қосымша құн салығы сияқты сомалар компанияға түсетін экономикалық пайда болып табылмайды, және жеке капиталдың өсуіне әкелмейді. Сондықтан олар табыстан алынып тасталды. Агенттік қарым-қатынас кезінде тап осылай экономикалық пайданың жалпы ағыны компанияның өз капиталының ұлғаюына әкеліп соқтырмайтын мақсатты пайдасына жиналатын сомадан тұрады. Мақсатты пайдасына алынған сомалар табыс болып табылмайды. Табыс делдалдық сыйақы сомасы болып табылады.

Табыс алынған немесе алынуға тиіс қарама-қарсы ұсыну әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Әділ құн - жақсы хабардар, осындай мәмілені жасауды қалаған және бір-бірінен тәуелсіз тараптардың арасында мәміле жасағанда активке ауыстыруға болатын немесе міндеттемені реттеуге болатын сома.

Операциядан пайда болатын табыс сомасы, әдетте, компания және сатып алушы немесе акцияны пайдаланушы арасындағы шартпен анықталады. Ол компаниямен ұсынылатын қандай да бір сауда жеңілдігінің сомасы немесе санға жеңілдіктерді ескере отырып, алынған немесе алынуға тиіс қарама-қарсы ұсыну әділ құн бойынша бағаланады.

Көпшілік жағдайда қарама-қарсы ұсыну ақша қаражаты немесе оның баламалары нысанында ұсынылады, ал табыс сомасы - алынған немесе алынуы күтілетін ақша қаражаттарының немесе оның баламаларының сомасы. Алайда, ақша қаражаттарын немесе оның баламаларының табыстың кейінгіге қалдырған жағдайда қарама-қарсы ұсынудың әділ құны алынған немесе алынуы күтілетін ақша қаражаттарының номиналды сомасынан азырақ болуы мүмкін. Мысалы, компания сатып алушыға пайызсыз кредит ұсынуы мүмкін немесе тауарларды сату кезінде қарама-қарсы ұсыну ретінде одан нарықтағыдан төмен пайыз ставкасын алуға вексель қабылдай алады. Шарт шын мәнінде қаржы операциясы ретінде болғанда, қарама-қарсы ұсынудың әділ құны шартты пайыз ставкасының көмегімен барлық болашақ түсімдердің дисконттауымен анықталады. Пайыздың ендірілген ставкасы:

а) ұқсас төлем қабілеттілік рейтингімен эмитенттің бірдей қаржы құралына арналған басым ставкадан; не

б) қаржы құралының номиналдық сомасына дисконт ретінде қолдану олардың қаржы құралдарымен төлем жасаған кезде тауарлар мен қызмет көрсетулердің ағымдағы сату бағасын алуға мүмкіндік беретін пайыздық ставкадан тұратын нақтырақ анықталатын шама.

Тауарлар немесе қызметтер сипаты және көлемі жағынан бірдей тауарлар немесе қызметтерге айырбасталған жағдайда, айырбас табыс пайда болатын операция ретінде қаралмайды. Бұл белгілі бір жерде уақытша негізде сұранысты қанағаттандыру үшін әр түрлі жерлерде жабдықтаушылар қорды ауыстырған кезде май немесе сүт өнімдерінде жиі болады. Ерекшеленетін тауарлар немесе қызметтер тауарлар сатылғанда немесе қызметтер көрсетілгенде айырбасталса, онда айырбас табысты жасайтын операция ретінде қаралады. Табыс ауыстырылған қаржы құралдары немесе оның баламасы сомасына түзетілген алынған тауарлар немесе қызметтердің әділ құны бойынша өлшенеді. Алынған тауарлардың немесе қызметтердің әділ құны сенімді өлшене алмаған жағдайда, табысы ауыстырылған қаржы құралдары немесе оның баламасы сомасына берілген тауарлардың немесе қызметтердің әділ құны бойынша өлшенеді.

### **6.3 Өнімді, мүлікті түскен табыстар. Қаржылық операциялардан түскен табыс**

**Тауарларды сатудан түскен табыс** мынадай аталған талаптар қанағаттандырылғаннан кейін танылуы тиіс:

- а) компания сатып алушыға тауарларды иеленумен байланысты елеулі тәуекелдерді және сыйақыларды аударғанда;
- б) компанияның әдетте иелену құқығымен байланысты қауымдасатын және сатылған тауарларды бақыламайтын дәрежеде басқаруға қатыспағанда;
- с) табыс сомасы сенімді өлшенгенде;
- д) компанияға мәмілемен байланысты экономкалық тиімділіктің пайда болуы ықтимал болып табылғанда;
- е) мәмілемен байланысты кеткен немесе күтілетін шығындар сенімді өлшенуі мүмкін болғанда.

Компанияның сатып алушыға иеленумен байланысты елеулі тәуекелдерді және сыйақыларды аударғанда беру кезін бағалауы мәміленің шарттарымен танысуын талап етеді. Көпшілік жағдайда иеленумен байланысты елеулі тәуекелдерді және сыйақыларды аударғанда меншіктенудің заң құқығын берумен немесе меншікті сатып алушыға берумен сәйкес келеді. Бұл көпшілік бөлшектеп сатуда болады. Иеленумен байланысты елеулі тәуекелдерді және сыйақыларды аударудың басқа жағдайларында бір уақытта меншіктенудің заң құқығын берумен немесе меншікті сатып алушыға берумен сәйкес келмейді.

Егер компания иеленудің елеулі тәуекелдерін сақтап қалса, мәміле сату болып табылмайды және ол бойынша табыс танылмайды. Компания бірқатар жағдайда иеленудің елеулі тәуекелін сақтай алады. Компанияның иеленумен байланысты елеулі тәуекелдерді және сыйақыларды сақтап қалу жағдайларына мысалдар:

а) стандартты кепілдеме міндеттерімен өтелмейтін қанағаттандырылмаған қызмет үшін жауапкершілікті сақтап қалғанда;

б) нақты сатудан алынған табыстар тауарларын сату нәтижесінде сатып алушымен алған табысыпен байланысты болғанда;

с) жіберілген тауарлардың қондырылуы міндетті болғанда, ал қондыру компаниямен орындалмаған шарттың айтарлықтай бөлігін алып отыр;

д) сатып алушы сату шартында анықталған себептермен және компанияның пайда алуына сенімі болмаған жағдайда сату мәмілесін бұзуына құқығы бар.

Егер компания иеленумен байланысты елеусіз тәуекелдерін сақтап қалса, мәміле сату болып табылады және ол бойынша табыс танылады. Мысалы, сатушы оған тиесілі соманың жинақталуын қамтамасыз ету үшін өзіне меншіктік заң құқығын қалдыруы мүмкін. Осындай жағдайда егер компания иеленумен байланысты елеулі тәуекелдерін және сыйақыларын аударса, мәміле сату болып табылады және табыс танылады. Иеленудің елеусіз тәуекелін сақтайтын компанияның тағы бір мысалы ретінде, клиенттің сатып алғанына қанағаттанбаған жағдайда, ақшаның қайтарылуына кепіл болатын бөлшек сауда дүкені бола алады. Егер сатушы болашақ қайтарымдарды сенімді бағалай алса және алдыңғы тәжірибе мен басқа да елеулі факторлар негізінде қайтару бойынша міндеттемені өзіне алса, мұндай жағдайларда табыс сату кезінде танылады.

Компанияға экономикалық пайданың мәмілемен байланысты тиісті ағынның пайда болуы ықтимал болған жағдайда ғана табыс танылады. Кейбір жағдайларда қарама-қарсы ұсыныс алмағанға дейін немесе бар белгісіздік жойылмағанға дейін ол ықтимал бола алмайды. Мұндай белгісіздік, мысалы, осы шетел мемлекетінде жүзеге асырылған сату бойынша тиісті қарама-қарсы ұсыныстарды жіберуге шетел мемлекеттерінің органдары рұқсат беруіне қатысты болуы мүмкін. Рұқсат берілгеннен кейін белгісіздік жойылады және табыс тиісінше танылады. Алайда табысқа қосылып кеткен соманы инкассациялау туралы белгісіздік пайда болған кезде соңына дейін алынбаған сома, немесе алынуы ықтимал болған сома басынан танылған табыс сомасының түзетуі сияқты емес, шығыс ретінде танылады.

Сол мәмілеге немесе басқа жағдайға қатысты табыс және шығыстар бір мезгілде танылады; бұл процесс әдетте табыс және шығыстың сәйкестігі деп аталады. Егер табыстың танылуы үшін керекті басқа талаптар орындалса, шығыстар, соның ішінде кепілдік міндеттемелері және тауарларды тиіп жөнелтуден кейін пайда болған басқа шығындар сенімді бағалануы мүмкін. Алайда шығындардың сенімді бағалабаған жағдайда табыс таныла алмайды, мұндай жағдайда тауарды сатқаннан кейін алынған кез келген қарама-қарсы ұсыну міндеттеме ретінде танылады.

Қызмет көрсету болжанатын мәміленің нәтижесі сенімді бағалана алған жағдайда, осы мәмілемен байланысты табыс есеп беру күніне мәміленің аяқталу сатысына қатысты танылуы тиіс. Мынадай талаптар орындалса, мәміленің нәтижесі сенімді бағалануы мүмкін:

а) табыс сомасы сенімді өлшенсе;

б) компанияға экономикалық пайданың мәмілемен байланысты тиісті ағынның пайда болуы ықтимал болып табылса;

с) есепті күнгі жағдайы бойынша мәміленің аяқталу сатысын сенімді өлшеу мүмкіндігі болса; және

д) мәмілені жүзеге асыру үшін кетірілген шығынды және оны аяқтау үшін қажетті шығынды сенімді өлшеу мүмкіндігі болса.

Мәміленің аяқтау кезеңі бойынша табыс тану көбінесе «дайын болуына қарай» әдісі деп атайды. Осы әдіске сәйкес табыс қызмет көрсету кезінде танылады. Осы негіздегі табысты тану қызмет көрсету бойынша қызмет масштабы туралы және есеп кезеңі ішіндегі қызмет нәтижелері туралы маңызды ақпаратты қамтамасыз етеді. 11-«Құрылыс салуға жасалған шарттар» IAS-та табыстың тануын осы негізде қажет етеді. Аталған Стандарттың талаптары жалпы табысты және қызмет көрсетуді болжап отырған мәміле бойынша тиісті шығыстарды тану үшін қолдануға болады.

Сәйкес келетін ағымның компанияға мәмілемен байланысты экономикалық пайданың шығуы ықтимал болған кезде ғана табыс танылады. Алайда, табысқа кірген соманың инкассациялануы жөнінде белгісіздік туған жағдайда, соңына дейін алынбаған сома немесе өтелу мүмкіндігі жойылған сома, басынан танылған табыс сомасының түзетуі сияқты емес, шығыс ретінде танылады.

Компания мәмілеге қатысқан басқа жақтармен мынадай:

а) ұсынылуы және тараптардың алуы тиіс қызметке қатысты әрбір жақтың пікір айту құқығын;

б) болжанып отырған қарама-қарсы ұсынуды; және

с) өзара есеп айырысу тәртібін және талаптарын келістіргеннен кейін әдетте сенімді бағалауды жүзеге асыра алады.

Компанияда әдеттегі қаржылық жоспарлау мен есептіліктің тиімді ішкі жүйесі болуға тиіс. Мәміленің орындалуына қарай шарт бойынша табыс пен шығындарды бағалауды тексереді және қажеттілігіне қарай қайта қарайды. Мұндай қайта қараулардың қажеттілігі шарттың нәтижесі сенімді түрде бағалана алмайтынын білдірмейді.

Мәміленің аяқталу сатысы әр түрлі тәсілдермен анықталуы мүмкін. Компания орындалған жұмыстың сенімді өлшенуін қамтамасыз ететінін пайдаланады. Шарттың сипатына байланысты бұл әдістер мынадай:

а) орындалған жұмысты бақылауды;

б) қызметтердің жалпы көлеміне пайызбен есеп беру күніне ұсынылған қызметтер, не

с) есеп жасау күнгі келтірілген шарт бойынша шығынның мәміле бойынша жалпы шығынның бағалау шамасына теңбе-тең арақатынасы. Есеп дайындау күнінде келтірілген шығындарға тек осы күні көрсетілген қызметті көрсететін шығындар жатады. Шарт бойынша бағалау жиынтық шығындарға тек көрсетілген немесе көрсетілуі тиісті қызметтерді көрсететін шығындар кіреді.

Тапсырыс берушілерден алынған аралық төлемдер және аванстар көрсетілген қызметтерді көрсетпейді.



Тәжірибелік мақсат үшін, белгілі бір кезең аралығында қызметтер саны белгісіз мөлшерде көрсетілсе, егер қандай да болмасын басқа бір әдіс аяқталу сатысын жақсырақ көрсеткені туралы дәлелдеме болмаса, белгілі бір кезең ішінде табыс түзу сызықты әдіс негізінде танылады. Белгілі бір әрекет басқаға қарағанда маңызды болып саналса, табысты тану осы әрекетті жүзеге асырғанға дейін кейінге қалдырылады.

Қызмет көрсетуді шамалайтын операция нәтижесі сенімді бағаланбаған кезде табыс тек өтелген шығыстардың тану шамасына ғана танылуы тиіс.

Мәмілені орындаудың бастапқы кездерінде оның нәтижесін сенімді бағалау көп ретте қиын болады. Соған қарамастан мәмілені жүзеге асыру барысында жұмсалған шығындар компаниямен өтелу ықтималдығы болуы мүмкін. Сондықтан шарт бойынша жұмсалған шығындардың күтілетін орнын толтыру қаншалықты деңгейде болса, табыс соншалықты танылады. Мәміле нәтижесін сенімді бағалау мүмкін болмағандықтан, пайда танылмайды.

Мәміле нәтижесі сенімді бағалана алмаса және жұмсалған шығындардың өтелуі ықтимал болған жағдайда, табыс танылмайды, ал жұмсалған шығындар шығыс ретінде танылады.

Қаржылық операциялардан түскен табыс- басқа ұйымдардың пайыздар, лицензиялық төлемдер және дивидендтер әкелетін компания активтерін пайдалануынан шығатын табыс. Қаржылық операциялардан түскен табыс белгіленген мынадай жағдайларда пайда болады:

а) мәмілемен байланысты компанияға экономикалық тиімділіктің тиісті ағынының пайда болуы мүмкін болғанда;

б) табыс сомасының сенімді бағалану жағдайының негізінде танылуы тиіс.

Қаржылық операциялардан түскен табыс мынадай негізде танылуы тиіс:

а) пайыздық табыс, пайыздық тиімді мөлшерлемесі әдісі негізінде танылуға жатады;

б) лицензияланған төлемдер тиісті шарттың мазмұнына сәйкес есептеу әдісі бойынша танылуы тиіс;

с) дивиденддер акционерлердің төлемді алуына құқығы орнағанда ғана танылуы тиіс.

Пайызы бар инвестицияны сатып алу алдында төленбеген пайыздар жинақталып қалса, бұдан әрі пайыздарды алу екі кезеңге бөлінеді: сатып алу кезінде және сатып алғаннан кейінгі; алғаннан кейінгілердің бір бөлігі ғана табыс ретінде танылады. Үлестік бағалы қағаздарға арналған дивидендтер таза сатып алу кірісінен жарияланса, онда бағалы қағаздардың бастапқы құнынан шегеріледі. Егер осындай бөлісуді тек арбитраждық тәсілден басқасымен жүзеге асыру қиын болса, дивидендтер, үлестік бағалы қағаздардың бастапқы құнының бөлігін ашықтан ашық өтеуді білдірмесе, табыс ретінде танылады.

Егер шарт мазмұнын ескере отырып табысыты тану үшін басқа сәйкес келетін жүйелі ұтымды негіз болмаса ғана, лицензияланған төлемдер тиісті шарттардың талаптарына сәйкес жинақталады және әдетте осы негізде танылады.

Компанияға экономикалық пайданың мәмілемен байланысты тиісті ағынның пайда болуы ықтимал болған жағдайда ғана табыс танылады. Алайда, табысықа кірген соманың инкассациялануы жөнінде белгісіздік туған жағдайда, соңына дейін алынбаған сома немесе өтелу мүмкіндігі жойылған сома, басынан танылған табыс сомасының түзетуі сияқты емес, шығыс ретінде танылады.

#### **6.4 Салық төлеуге дейінгі табыс. Таза табыс**

Қазіргі уақытта табыстың сыртқы сипаты келесі көрсеткіштермен сипатталады, олар: өнімді өткізуден түскен табыс, салалық пайда, қарапайым қызмет түріне байланысты пайда, іске асырудан тыс табыс, операциялық, кездейсоқтық, салық төлеуге дейінгі табыс, таза табыс, маржинальды пайда, кәсіпкерлік пайда және т.б.

Таза табыс – еңбекақы қорын қалыптастырғаннан кейін қалатын кәсіпорынның жалпы табыс бөлігі; айналымдағы пайда және салық сомасы. Таза табыс кәсіпорын бюджеті мен ақшалай жинақталымының кірісін қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.

Кәсіпорынның таза табысы – ол кәсіпорын жұмысшыларының еңбегімен құрылған қосымша өнімнің қаражат мөлшері, сонымен қатар өнімнің жүзеге асырылу бағасы бойынша және толық өзіндік құн арасындағы айырмашылық, кәсіпорынның ақша жинақтарының басты көзі және мемлекет бюджет табысы болып табылады. Кәсіпорынның таза табысы еңбекті өтеу қорының құрылғаннан кейін қалатын кәсіпорынның жалпы табысының бөлігі. Ауылшаруашылықта таза табыс пайда және айналымдағы салық түрінде көрініс табады. Жеңіл өндірісте таза табыс көлемі айналымдағы салықпен есептелсе, ірі өндірісте – ол пайдамен көрінеді. Таза табыс сонымен қатар жалпы мемлекеттік ресурстарда да көрініс табады.

Таза табыстың (бөлінбейтін) түрі төмендегі 10 суретте бейнеленген.

Кәсіпорынның (ұйымның) таза табысының бөлінісі мен оларды қолдану белгіленген мемлекеттік жанама әдіс арқылы реттеледі. Таза табыс кәсіпорынның меншігінде толық иемденеді және соған сәйкес инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуде қаржылық басқару пәні ретінде танылады, қаржылық нарық шеңберінде еркін ақша қаражаттарының қолданысы, мүлікке салық салу, жеке тұлғалардың табысы жатады.

Кәсіпорын иелегінде қалған таза табыс меншік иелерінің (акционерлер, үлескерлер, қатысушылар) шешімімен бөлініске түседі. Менеджерлер тарапынан жыл басында меншік иелері бір жылға, кварталға табыстың бөлу сметасын құрады. Соған қоса әрекет етуші заңдарда бекітілген салықтар мен жинақтар осы таза табыспен өтеледі. (мысалы, үстеме пайда салығы).

Кәсіпорын иелігіндегі таза табыс екі бөлікке бөлінеді: Жарғыда қарастырылған мақсат үшін бір жылға бөлінетін және бөлінбейтін. Соңғысы жыл (тоқсан) соңындағы бөлінбейтін пайданың жоспарланатын мөлшерін көрсетеді.



Сурет 10 - Кәсіпорын иелігіндегі таза табыстың бөлінісі

Акционерлік қоғамдарда бөлінетін пайдадан салық төленгеннен кейін бекітілген дивидендтер төленеді. Мұндай дивидендтерге артықшылығы бар акциялар мен облигациялар, яғни олардың мөлшері шығарылымына байланысты анықталған. Сонымен қатар, акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер өз резервтік қоры мөлшерін қызмет етуші заңдар мен нормативті актілермен есептелген көлемде болуы қажет.

Кәсіпорын иелігінде қалған жоспарлы пайданың бөлінуі дивидендтер мен резервтік қор өтелгеннен кейінгі пропорциясы кәсіпорынның стратегиялық және тактикалық міндеттермен анықталады. Олардың құрамында: кәсіпорын перспективасы (дамуға бағытталған немесе инвестицияға пайданың бөлінісі мен тұтыну пропорциясына байланысты), жаңа инвесторды (дивиденттік төлемдерді арттыру) және жалданбалы жұмысшыларды (пайданың әлеуметтік-мәдени шараларға, әлеуметтік сала қорына, балалар мекемелеріне бағытталады) және т.б тарту қажеттілігі.

Жыл ішінде пайда (табыс) арнайы белгіленген қорларға, мақсат бойынша қаржыландыруға (мектепке дейінгі балалар мекемелерін және әлеуметтік инфрақұрылым объектісіне), тұрғын үй коммуналды шаруашылық шығындарын өтеуге, жарғылық қорды толықтыру, қысқа мерзімді қарыздар бойынша пайыздарды өтеуге, негізгі құралдардың ұзақ мерзімге жалға беру бойынша пайыздарды өтеуге, үлес және акциялар бойынша дивидендтер

төлеуге және т.б бағытталуы мүмкін. Пайданың кейбір бөлігі бөлінбей қалуы мүмкін.

Жыл ішінде пайда бекітілген смета арқылы қолданылады. Кәсіпорын иелігінде қалған пайда есебімен жоспарлы шығындардан басқа кейбір бюджеттен тыс қорларға төлемдер төленеді, орындалушы шығындар, жарнамаға кеткен шығындар, бекітілген нормалар мен нормативтердің артуына байланысты кадрларды дайындау мен қайта даярлау салықтық заңнамаларды бұзғаны үшін айыпты санкциялар жасалады.

Жыл соңында кәсіпорында табыстар мен шығыстар туралы және есептік жылда пайданың қолданылу туралы есеп құрылады, сол арқылы бөлінбеген пайда сомасы анықталады.

Акционерлік қоғамдарда бұл есеп түрі (бухгалтерлік баланс) тәуелсіз аудиттік ұйым арқылы тексеруден өтеді және басылымға шығады.

Сондықтан, кәсіпорын қаржысы өз жүйесінде жалпы мемлекеттік мақсатқа бағытталған және ақша қорларының қалыптасуы мен қолданумен байланысты ақшалық қатынастар жүйесі болып табылады.

Пайданың әрекет ету тәртібіне сәйкес келесідей ретпен бөлініске түседі. Алғашқы болып одан бюджетке салық салынады. Салық салынатын пайдадан есептік жыл сома мөлшері азаяды; бюджетке, табысқа, дивидендке, пайызға, алынатын акцияға, облигация және басқа да бағалы қағаздарға салынатын ренталық төлемдер, басқа кәсіпорында қызметіндегі табыстар.

Кәсіпорын таза табысы есептік жылдың пайдасы және жеңілдіктер бойынша салық көлемі арқылы анықталады. Таза пайданы қолдану кәсіпорын өзімен есептеледі. Табыстардың қолданудың негізгі бағыты келесідей: резервті капиталға аударымдар, жинақ қорлары және тұтыну қорлары және т.б.

АҚ-да таза табыстың бөлінісі – ол ұйымның (кәсіпорынның) дивидендтік саясаттарының басты негізі болып есептеледі. Дивидендтік саясат шеңберінде негізгі сұрақ болып қоғамның акциялар курсы реттеу туралы немесе ұйымның меншікті капиталының өсу темпі мен өлшемі туралы немесе тартылған сыртқы кәсіпорын қаржыландыру мөлшері туралы сұрақ туындайды.

Таза табысты капиталдандыру кәсіпорын жеке қаржыландыру көздері арқылы ұйымның қызметін жетілдіру үшін жүзеге асырылады. Соған сәйкес қосымша көздерді тарту және жаңа акцияларды шығаруға кәсіпорын шығындары қаржыландыруды төмендетеді. Алайда, меншік иелерінің саны өзгеріссіз қалғандықтан ұйымның қызметін басқару жүйесі тұрақты болып қалады. Таза табыстың капиталдандыру мөлшері ұйымның капиталдандыру мөлшерінің өсу темпін анықтап қана қоймай, сонымен қатар сату рентабельділігін, активтердің айналымдылығын, көрсететін көрсеткіштердің қаржылық тұрақтылығының қорын арттыруды бағалауға мүмкіндік береді.

**Табыс бойынша бизнес құндылығын бағалау** инвестор тарапынан ағымдық шығындармен оның болашақтағы табысын анықтауға негізделген. Табыс бойынша шығында анықтау уақыт бірлігі мен тәуекелді есептеу арқылы жүзеге асады. Табыс бойынша компания құндылығын анықтау менеджерлер, меншіктер, мемлекет үшін дұрыс басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік

береді. Кәсіпорынды табыс бойынша бағалау 2 әдіс арқылы жүзеге асырылады: олар **капиталдандыру** және **табысты дисконттау** әдістері.

Капиталдандыру әдісі болашақтағы таза табыс немесе ақша ағымдары ағымдағы мөлшермен сәйкес келсе немесе оның өсу қарқыны айқын белгіленген болған жағдайда қолданылады. Осыған орай табыс мөлшері кәсіпорын немесе корпорация үшін маңызды көрсеткіш болғандықтан, бизнес соған сәйкес артып отырады.

Таза табыс көрсеткішін әдетте тез тозуға ұшырағыш активке ие кәсіпорындарды бағалау үшін қолданылады. Ал кейбір жылжымайтын мүлікке ие, баланстық құны төмендей отыра өзгеріссіз қалатын компаниялар ақша ағымдарын қолданылады.

Капиталдандыру әдісін негізгі мәні болып, компания бағасын анықтауға мүмкіндік беретін және жыл сайынғы есептелетін әдіс ретінде қарастырылады. Осы әдісті қолданғанда кейбір сұрақтар туындауы мүмкін: біріншіден, кәсіпорынның таза табысын қалай анықтаймыз және екіншіден, капиталдандыру ставкасын қалай таңдауға болады деген сұрақтар жиі кездеседі.

Таза табысты есептеу кезінде есептеліп жатқан уақыт аралығын нақты білу шарт болып табылады. Бұл тұрғыда уақыт аралығы өткен мерзімнің кейбір аралығы болуы мүмкін немесе табысты анықтау өткен уақытпен қоса болашақтағы орындалуы мүмкін болжау түрінде де кездеседі.

Келесі анықтауға қиындық келтіруші сәт ол капиталдандыру ставкасын анықтау болып табылады. Әдетте, капиталдандыру мөлшерлемесі компания табыстылығының тұрақтылығына байланысты болады. Егер пайданың өсуі тұрақты болса, капиталдандыру мөлшерлемесін төмендету қолданылады, ал керісінше болса, мөлшерлемені арттыруға тура келеді. Кейбір жағдайларда компанияны бағалау үшін жалпы пайда қолданылады. Ол көбінесе қызмет саласында бизнестің нарықтық құндылығын айқындауға қолданылады. Капиталдандыру әдісінің негізгі мағыздылығы болып, ол бизнес табыстылығын және тәуекел деңгейін көрсетеді. Алайда бұл әдіс тез дамушы компаниялар үшін тиімді. Тәжірибе тұрғысынан кең көлемді иеленген әдістің бірі ол дисконттау болып табылады. Яғни, болашақтағы табысты дисконттау әдісі болашақтағы даму перспективасын сипаттаушы әдіс.

Болашақтағы табысты дисконттау әдісінің негізгі кезеңдері болып келесілер саналады:

- Жалпы табыстарды талдау және болжау.
- Шығындарды талдау және болжау.
- Инвестицияларды талдау және болжау.
- Әр жоспарланатын жылға ақша ағымдарын есептеу.
- Дисконт мөлшерлемесін таңдау.
- Жоспарланатын уақытта алынатын табысты анықтау.
- Дұрыстамаларды енгізу.

Табыстың өсу деңгейі тұрақты болуы қажет және ол дисконт мөлшерлеме сiнен артық болмауы шарт.

Жалпы дисконттау әдісі арқылы кәсіпорынды бағалау бірнеше жағымды жағы да, жетіспеушіліктері де кездеседі. Ол арқылы біз инвесторлар үшін маңызды болып табылатын компанияның болашақтағы табыстылығын анықтай аламыз. Сонымен қатар, дисконт көмегімен инвестициядағы тәуекелдерді, инфляция деңгейін, және нарық жағдайын анықтаймыз. Бұл әдіс компанияның экономикалық көнергендігін біле аламыз, яғни компания активтерді жинақтау арқылы нарықтық құндылығын арттырады. Әлемдік тәжірибе көрсенкендей бұл әдіс кәсіпорын немесе компанияның нарықтық құндылығын анықтайды, алайда оның қолданылуы болжамдаудың толық жүргізілмеуіне байланысты қиындық келтіреді.

## 6.5 Өнімді өткізуден түскен табысты жоспарлау әдістері

Тауарлы өнімнің жалпы табысына аталған факторлар әсерін анықтау үшін келесі аналитикалық кесте 16 құрамыз.

Кесте 16- Жалпы табысты анықтау

Көрсеткіштер	Жоспар	Жоспар бойынша нақты өткізілген өнім	нақты
1.Өткізілген өнімнен табыс	20850	19745	23179
2.Өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны	16435	15741	16996
3.Жалпы табыс	4415	4004	6183

Жалпы табыстың нақты шамасы жоспардың 1768 млн теңгеге артық (6183-4415). Бұл ауытқуға келесі факторлар әсер еткен:

- 1) өткізілген өнімнің өзіндік құны;
- 2) өнім бірлігінің бағасы;
- 3) өткізілген өнім көлемі (саны);
- 4) өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерімтер.

Осы факторлар әсерін есептейміз:

**1 фактор.** Өнімнің өндірістік өзіндік құнының өзгерісінің әсерін тбу үшін өткізілген өнімнің нақты өзіндік құнынан өткізілген өнімнің нақты көлемінің жоспарлы өзіндік құнын шегереміз:

$$П_s = \sum g^h_i \times S^H_i - \sum g^ж_i \times S^ж_i = 16996 - 15741 = 1255 \text{ млн. тенге,}$$

Мұндағы:  $g^h_i$  - өткізілген өнімнің нақты көлемі;  $S^H_i$  - өнім бірлігінің нақты өзіндік құны;  $S^ж_i$  - өнім бірлігінің жоспарлы өзіндік құны.

Сонымен 1255 млн теңгеге жалпы табыс төмендеген, яғни артық жұмсау орын алған.

**2 фактор.** Жалпы табыстың нақты шамасының жоспардан ауытқуына бағалар өзгерісінің әсерін келесі формула бойынша есептейміз:

$$П_ц = \sum g^h_i \times P^H_i - \sum g^ж_i \times P^ж_i = 23179 - 19745 = 1255 \text{ млн. тенге,}$$

Мұндағы:  $P^H_i$  ,  $P^ж_i$  - сәйкесінше нақты мен жоспарлы өнім бірлігінің бағалары.

Яғни бұл фактор әсерінің шамасы өткізілген өнімнен түскен нақты түсімнен өткізілген өнімнің нақты шамасына есептелген жоспарлы мәнін шегеру арқылы есептейміз. Сонда жалпы табыс баға факторы есебінен 3434 млн теңгеге өскен.

**3 фактор.** Жалпы табыстың ауытқуына өткізу көлемінің әсерін анықтау үшін ең алдымен өткізу көлемі бойынша жоспардың орындалу деңгейін анықтау керек. Табыс шамасы бұл фактордан тікелей пропорционалды байланыста болғандықтан, жоспарлы табысты өткізу көлемі бойынша орындалу процентіне көбейту керек.

Өткізілген өнімнің көлемін есептеу үшін әртүрлі бағалаулар ұсынылады: өткізу бағалары бойынша, өндірістік өзіндік құны бойынша. Бірінші әдіс экономисттермен теріске шығарылып отыр: өткізілген өнімнен түскен табыс (түсім) өзгерісі тек өткізудің нақты көлеміне ғана емес, сонымен қатар өткізілген өнім табыстылығына да құрылымдық өзгерістерге байланысты әсер етеді. Қазіргі кезде бағалар күнделікті үлкен өзгерістерге ұшырап отырады, сондықтан өткізу көлемін өндірістік өзіндік құн бойынша бағалау анағұрлым тиімді болып табылады.

Жалпы табысқа тауарлы өнімнің өткізу көлемінің өзгерісінің әсерін келесі есептеулер бойынша анықтаймыз:

$$1) N_{жс}^c = \frac{S_n}{S_{жс}} \times 100\%,$$

Мұндағы,  $N_{жс}^c$  – өндірістік өзіндік құн бойынша өткізу көлемінің жоспарының орындалу деңгейі;

$S_n$ ,  $S_{жс}$  – сәйкесінше нақты, жоспарлы өткізілген өнімінің өндірістік құндары.

Сонымен тауарлы өнімді өткізу бойынша жоспар 3,4% аса орындалған:

$$N_{жс}^c = \frac{S_n}{S_{жс}} \times 100\% = \frac{16996}{16435} \times 100\% = 103.4\%, \quad 103.4 - 100 = 3.4\%$$

$$2) P_{\Pi} = \frac{P_{жс} \times I_c^{жс}}{100\%} - P_{жс},$$

Мұндағы,

$P_{\Pi}$  – өткізілген өнімнің табысқа әсері

$P_{жс}$  – жоспарлы жалпы табыс

Нәтижесінде 105 млн. теңгеге жалпы табыс жоспардан тыс алынған:

$$P_{\Pi} = \frac{P_{жс} \times I_c^{жс}}{100\%} - P_{жс} = \frac{4415 \times 103.4}{100\%} - 4415 = 1501.1 \text{ мың теңге}$$

**4 фактор.** Аналитикалық жұмыс теориясы мен практикасында жалпы табысқа өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістер әсерін есептеудің 2 әдісі бар:

1) өткізілген өнімнің нақты көлеміне жоспар бойынша жалпы табыс сомасын өткізу көлемі бойынша жоспардың орындалу процентіне түзетілген жалпы табыстың жоспарлы шамасымен салыстыру жолымен:

2) өткізілген өнімнің нақты көлеміне жоспар бойынша табыс пен жоспарлы талдаудың айырмасынан өткізу көлемінің өзгерісі факторының әсерінің сомасын шегеру арқылы есептеледі.

Практикада екінші тәсіл жиі қолданылады.

Сонымен  $4004 - 4415 = -411$   $-411 - 150 = -561$ .

Құрылымдық өзгерістер әсерінен жалпы табыстың жоспарымен салыстырғанда 561 теңге алынбаған.

Ал бірінші тәсіл бойынша :  $4004 - \left( \frac{4415 - 1034}{100} \right) = -561$

Жалпы табысты талдау нәтижелерін келесі кестеге топтастырайық:

Кесте 17- Жалпы табыстың ауытқуына негізгі факторлар әсері

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге	Жоспарлы табысқа, %
1.Өткізілген өнімнің өзіндік құнының жоғарылауы	- 1255	-28,4
2.Келісім бағалар деңгейінің жоғарылауы	+3434	+77,7
3.Өнімді өткізу көлемінің жоғарылауы	+150	+3,4
4.Өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістер	-561	-12,7
Барлығы	-1768	+40,0

Жоспардан тыс жалпы табыс келісілген бағалар деңгейінің жоғарылауы мен өнімді өткізу көлемінің жоғарылауы нәтижесінде алынған.

Егер кәсіпорын өнімнің өзіндік құнының жоғарылауына жол бермегенде өткізілген өнім құрамында құрылымдық өзгерістер жоспармен салыстырғанда орын алмаған болар еді және жалпы табыс 1816 мың теңгеге ( $1255+561$ ) артқан болар еді.

Енді жалпы табысқа әсер етуші негізгі факторлар ретінде келесі өзгерістер есептеледі: өткізілген өнімге бағалар; өткізілген өнімнен түскен табыс; өткізілген өнімнің 1 теңгесіне келетін шығындар.

Табыстылықтың келесі үшінші абсолютті көрсеткіші ретінде негізгі қызметтен түскен табыс есептеледі. Ол жалпы табыс пен кезең шығындарының айырмасы ретінде есептеледі:

$$D^o = D^b - P^n$$

Мұндағы,  $D^b$  – жалпы табыс;  $P^n$  – кезең шығындары

Жалпы табыс шамасы неғұрлым жоғары, ал кезең шығындары төмен болса, онда негізгі қызметтен түскен табыс соғұрлым жоғары болады.

Қаржылық жоспарлаудың негізгі элементі - қаржылық болжамдау. Ол кәсіпорынның жоспарлық бюджетін есептеу негізін құрады, өз кезегіне бұл бюджет өзіне толық құжат жиынын кіріктіреді: өткізу жоспары, өндіріс жоспары, өндірістік қор бюджеті, тікелей материалды шығыстар жоспары (немесе күнтізбесі), еңбекақы төлеу бойынша жоспар, өндірістік, өткізу және ұйымдастырушылық шығыстар жоспары, кірістер туралы жоспарлы есептеме, ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы жоспар, төлемдік күнтізбе және жоспарлы баланс. Қаржылық менеджменттің қысқа және ұзақ мерзімді аспектілерінің интерференциясы қаржылық болжамдауда ең ашық нысанда берілген. Қаржылық болжамдаудың бастапқы нүктесі – сату болжамы және



оған сәйкес келетін шығыстар болжамы; соңғы нүктесі мен мақсаты сыртқы қаржыландыруда қажеттілікті есептеу болып табылады.

Қаржыландыру қажеттіліктерін болжамдаудың негізгі қадамдарын белгілейік:

1. Статистикалық немесе басқа әдістер арқылы сату болжамын құру.

2. Ауыспалы шығындар болжамын құру.

3. Сатудың қажетті көлеміне жету үшін қажетті негізгі және айналым құралдарына инвестициялар болжамын құру.

4. Сыртқы қаржыландыру қажеттілігін есептеу және қаражаттар көздерінің рационалды құрылымының қалыптасу қағидасын ескере отырып, сәйкес көздерді іздеу.

Бірінші қадамды маркетингтер жасайды. Екінші, үшінші және төртінші қадамдарды қаржыгерлер орындайды.

Қаржылық болжамдаудың екі негізгі әдістері бар. Олардың бірі – бюджеттік, ол ақша ағымдарының концепциясына және бизнес жоспардың қаржылық бөлімін есептеуге негізделеді. Екінші әдіс бұл – «сатулардан пайыздар әдісі» (бірінші модификация) және «формула әдісі» (екінші модификация) [31,421-425б.].

Сонымен, барлық есептеулер үш жорамал негізінде жасалады:

1. Белгілі бір пайызға сату көлемінің өсуі кезінде ауыспалы шығыстар, ағымдағы активтер және ағымдағы міндеттемелер соншалықты пайызға өседі. Бұл ағымдағы активтер де, ағымдағы міндеттемелер де жоспарлы кезеңде өткізуден түскен түсімнен бұрынғы пайызды құрады.

2. Негізгі құралдар құнының өсу пайызы болжамдау кезеңінің басында жүктелмеген негізгі құралдардың болуын есепке ала отырып және бизнестің технологиялық жағдайларына сәйкес айналымды өсірудің берілген пайызы арқылы және өндірістің қолда бар құралдардың материалды және моральді тозу деңгейі арқылы есептеледі.

3. Ұзақ мерзімді міндеттемелер және акционерлік капитал болжамға өзгеріссіз алынады. Бөлінбеген табыс таза табысты дивидендтерге және өткізілген өнімнің таза рентабельділікке бөлу нормасын есепке ала отырып болжамдалады: негізгі кезеңнің бөлінбеген табысына болжамданатын таза табыс (болжамданған өткізілген өнімнен түскен табысты өткізілген өнімнің таза рентабельділігіне көбейту) қосылады, кейін дивидендтер (таза табысты дивидендтерге бөлу нормасына көбейтілген болжамданатын таза табыс алынып тасталады.

Мұның бәрін есептегеннен кейін қажетті активтерді пассивтермен жабуға жеткіліксіз пассивтерді анықтайды, бұл қосымша сыртқы қаржыландыру болып табылады. Сонымен қатар бұл соманы келесі формула арқылы есептеуге болады:

$$C = A_{\text{факт.}} * \text{ООТ Т осімі} - П_{\text{факт.}} * \text{ООТ Т осімі} - \frac{\text{Таза Табыс}_{\text{факт.}}}{\text{ООТ Т}_{\text{факт.}}} * \text{ООТ Т}_{\text{болжам}} * \left(1 - \frac{\text{Дивидендтер}_{\text{факт.}}}{\text{Таза Табыс}_{\text{факт.}}}\right),$$

мұндағы, С – қосымша сыртқы қаржыландыру қажеттелігі;

$A_{\text{факт.}}$  – есепті баланстың өзгеретін активтері;

$P_{\text{факт.}}$  – есепті баланстың өзгеретін пассивтері;

ӨӨТТ - өнімді өткізуден түскен табыс.

Формула есепті кезең активтері, ӨӨТТ өсімінің қарқыны және таза табысты дивидендетерге бөлу нормасы қаншалықты жоғары болады, қосымша сыртқы қаржыландыру қажеттелігі соншалықты жоғары болады, және есепті кезең пассивтері және өткізілген өнімнің таза рентабельділігі қаншалықты жоғары болады, қосымша сыртқы қаржыландыру қажеттелігі соншалықты төмен болатыны дәлелдейді.

Бұл жағдайды «Көкшетау Минералды Сулары» АҚ-да қарастырамыз. 2008 жылы бойынша өткізу рентабельділігі:

$$\text{Откізу Рентабельділігі} = \frac{\text{Таза Табыс}}{\text{ТТ}} \times 100\% = \frac{1688460 \text{ мың теңге}}{627091870 \text{ мың теңге}} \times 100\% = 0,27\%$$

2007 жылғы өткізу рентабельділігі 0,27% құрайды.

Төленген дивиденд сомасы 337 692 теңге (бір акцияға төленген дивиденд (125 теңге)\*жай акция саны (2565) + артықшылығы бар акция саны (135)). Төленген дивидендтердің таза табыстағы үлесі 20 % құрайды.

Өнімді өткізуден түскен табыс өсімі

1. 2006 жылмен салыстырғанда 2007 жылы:

$$\frac{497143000 \text{ теңге}}{360522000 \text{ теңге}} * 100\% = 137,9\% ;$$

2. 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылы:

$$\frac{627091870 \text{ теңге}}{497143000 \text{ теңге}} * 100\% = 126,1\% ;$$

ӨӨТТ орташа өсімі:

$$\frac{137,9\% + 126,1\%}{2} = 132\% .$$

ӨӨТТ 2009 жылға болжамды өсімі 132% құрайды. ӨӨТТ 2009 жылы сомасы 827761268 теңге. Сонымен, болжамды 2009 жылғы балансты «сатулардан пайыздар әдісі» бойынша есепті 2008 жылғы баланс негізінде 6 кестеде көрсетуге болады.

Кесте 18- «Көкшетау Минералды Сулары» АҚ-ның болжамды балансы, мың теңге

Актив	2008 ж. балансы	Болжамды баланс	
		Есептелуі	2009 ж. болжамды
1. Ағымдағы активтер	106 455 020	106 455 020*1,32	140 520 626,4
2. Ұзақ мерзімді активтер	171 687 980	171 687 980*1,32	226 628 133,6
Баланс	278 143 000	278 143 000*1,32	367 148 760

Пассив			
1. Қысқа мерзімді міндеттемелер	51 713 210	51 713 210*1,32	68 261 437,2
2. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	143 760 090	өзгеріссіз	143 760 090
3. Жарғылық капитал	17 713 560	өзгеріссіз	17 713 560
4. Бөлінбеген табыс	1 688 460	1 688 460+1 688 460 * 0,27 - 1 688 460*0,27*0,20	2 053 167,4
5. Басқа меншікті капитал	63267680	өзгеріссіз	63267680
Баланс	278 143 000	пассив баптарының қосындысы	295 055 934,56

Сыртқы Қаржыландыру қажеттілігі = 367 148 760 теңге – 295 055 934,5 теңге = 72 147 531,5 теңге

Екінші модификация, яғни «формула әдісі» бойынша сыртқы қаржыландыру қажеттілігін есептейміз:

$SQ = 278\,143\,000 \text{ теңге} \times 0,32 - 51\,713\,210 \text{ теңге} \times 0,32 - 1\,688\,460 \text{ теңге} \times 0,27 \times (1 - 0,32) = 89\,005\,760 - 16548227,2 - 310\,001,3 = 72\,147\,531,5 \text{ теңге.}$

Сонымен, болжамдалған сату көлемін қамтамасыз ету үшін 34065606 (140 520 626,4 теңге – 106 455 020 теңге) мың теңге сомасында ағымдағы активтерді қажет етеді. Ұзақ мерзімді активтерінің қажетті өсімі 54 940 153,6 теңге (140 520 626,4 теңге – 171 687 980 теңге) құру қажет. Қысқа мерзімді міндеттемелер өсімі: 16 548 227,8 теңге (68 261 437,2 теңге – 51 713 210 теңге) және бөлінбеген табыс: 364 707,4 теңге (2 053 167,4 теңге – 1 688 460 теңге), 89 005 759,6 теңге (34065606 теңге + 54 940 153,6 теңге) сома көлемінде ұзақ және қысқа мерзімді қаржылық қажеттіліктердің өсімін өтей алмайды. 72 147 531,5 теңге теңге (89 005 759,6 теңге - 16 548 227,8 теңге – 364 707,4 теңге) сомасында дефицит орын алады.

Нәтижелер үш рет бірдей болды. Кәсіпорын қаржыгерлері 79597751 мың теңге меншікті немесе қарыз қаражаттарын табу тиіс.

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясын құру, оның ішінде болжамды баланс жасау кәсіпорынның болашақтағы жағдайын шамамен көрінісін ұсынуға мүмкіндік береді. Қаржылық стратегия кәсіпорынның нақты мақсаттарын анықтап, оларға байланысты міндеттер қалыптасады.

Қаржылық стратегияның нақты міндеттері төмендегідей болып келеді:

- табысты жоғарылату;
- инвесторларды тарту;
- компанияның қаржылық тұрақтылығын қамт ету;
- оны басқару жүйесін жетілдіру.

Компанияны стратегиялық қаржылық басқарудың негізі стратегиялық қаржылық жоспарлау болып табылады. Оның шегінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын жетілдіру, табыстылық өсімін, басқа қаржылық көрсеткіштердің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін экономикалық даму жолдарының анықтау және нақтылау жүргізіледі.

Жоғарыда аталған барлық қадамдарды орындай отырып, кәсіпорында дұрыс жасалған қаржылық стратегия кәсіпорынның ақшалай қаражаттармен еркін маневр жасауға, төлемдерді өз уақытылы жүргізуге және өндірісті кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Алайда, бұл тұрақтылық оптималды болуы тиіс, өйткені қаржылық ресурстардың артықшылығы қаражаттардың тұрып қалуын білдіреді, ал жетіспеушілігі кәсіпорынның дамуына кедергі жасайды.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Табыстылықтың абсолютті көрсеткіштерінің жоспарының орындалуын бағалау.
2. Таза табыстың құралуының құрамдас элементтерін зерттеу.
3. Табысқа әсер етуші факторлардың әсерін анықтау және сандық өлшеу.
4. Табысты бөлу бағыттарын, пропорцияларын, тенденцияларын зерттеу.
5. Табысты арттыру резервтерін анықтау.
6. Табыстылық көрсеткіштерін (коэффициенттерін) атаңыз.

**СӨЖ тапсырмасы:**

1. Бір мысал үшін залалсыздық нүктесін анықтаудың үш әдісін қолданыңыз. Есептеулерді жазбаша орындаңыз.

## VII БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ

### 7.1 Корпорацияның меншікті капиталының рөлі, құрамы мен құрылымы

Кәсіпорын қолданатын экономикалық ресурстар әр түрлі болып келеді. Кәсіпорынның тиімді қызмет етуі үшін, белгілі бір ұзақ мерзімді қолданатын ресурстың, яғни капиталдың болуы аса маңызды. Табиғи және еңбек ресурстары сияқты капитал да өндіріс факторы болып табылады. Капитал мақсатты түрде пайда алу үшін өндіріске салынған қаражат болып табылады.

Бір жағынан капитал ретінде, акционерлік капитал соммасы, эмиссионды табыс пен бөлінбеген пайданы қарастырады. Ал сонымен қатар, капитал деп барлық ұзақ мерзімді қаражат көздерін қарастырады.

Бірінші жағдайда, капитал – кәсіпорын иелерінің қызығушылығы. Мұнда капитал мөлшері сол кәсіпорынның активтерінің құны мен ұйымның басқа үшінші тұлғалардың (кредитор, мемлекет және т.б) берешегінің айырмасы ретінде есептеледі. есептеу барысында қандай бағалаулар қолданса, онда капитал көлемі әр түрлі есептелуі мүмкін. Бұл әдістме бухгалтерлер арасында кең тараған.

«Капитал» терминін негізгі (ұзақ мерзімді активтер, сонымен қатар аяқталмаған өндіріс) және айналым (ұйымның барлық айналым құралдары) капиталы деп бөле отырып, ұйымның активтерін сипаттауға жиі қолданады. Бұл әдіс экономистер арасында кеңінен таралған.

Капитал - ұйымның активтерін қалыптастырудағы барлық құралдардың ақшалай, материалды және материалды емес формадағы инвестицияланған соммасы дегенде анықтамасы бар. Бұл жағдайда, капитал мүліктік комплекс ретінде қарастырылады, оның көмегі арқылы оның иесі болашақта пайда алуын болжайды, яғни оның табыс әкелу мүмкіндігі. Мұндай тракттауда капитал заттық және құндық формада болады. Капитал заттық формасында қор ретінде аталады. Қорлардың құндық бағасы қаражат деп аталады.

«Капитал» термині көбінесе қатыстылығы бойынша қаражат көздерімен, сонымен қатар активтерге де қолданады.

Мұндай жағдайда, қаражат көздерін сипаттай отырып, «пассивті капиталды» білдірсе, активтерді сипаттай отырып «активті капиталды» білдіреді және оны негізгі (аяқталмаған құрылысты бірге алғандағы ұзақ мерзімді активтер )капитал мен айналым (барлық айналым қаражаттары) капиталы деп бөледі.

Батыс әдебиеттерінде капитал деп активтер мен операцияларды қаржыландыруға қолданатын барлық қаражат көздері, сонымен қатар, ұзақ және қысқа мерзімді берешек пен артықшылығы бар және жай акцияларды (баланс пассиві) қарастырады.

Капитал түрлерін жүйелеу 19 - кестеде көрсетілген.

Кесте 19- Негізгі классификациялық белгілері бойынша капитал түрлерін жүйелеу

Кәсіпорынға тиістілігі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Меншікті капитал</li> <li>• Қарыз капиталы</li> </ul>
Қолдану мақсаты бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қарыз капиталы</li> <li>• Өндірістік капитал</li> </ul>
Инвестициялау формасы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қаржылық формадағы капитал</li> <li>• Материалды формадағы капитал</li> <li>• Материалдық емес формадағы капитал</li> </ul>
Инвестициялау объектісі бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Негізгі капитал</li> <li>• Айналым капиталы</li> </ul>
Айналым процессіндегі болу формасы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ақшалай формадағы капитал</li> <li>• Материалды формадағы капитал</li> <li>• Тауар формасындағы капитал</li> </ul>
Меншік формасы бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жеке капитал</li> <li>• Мемлекеттік капитал</li> </ul>
Іс-әрекеттің ұйымдық-құқықтық формалары бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Акционерлік капитал</li> <li>• Пайлық капитал</li> <li>• Дербес капитал</li> </ul>
Иелерінің қолдану сипаты бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмыс істейтін капитал</li> <li>• Жұмыс істемейтін («өлі») капитал</li> </ul>
Тарту көздері бойынша	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық (отандық) капитал</li> <li>• Шетелдік капитал</li> </ul>

Корпорациялар өзінің құрылу барысында, яғни шаруашылық қызметпен айналысу үшін белгілі бір мөлшерде мүліктерге ие болу тиіс. Осы жоғарыда аталған мүліктердің ақшалай өлшемге айналдырылмағандағы жиынтығы ұйымның **меншікті капиталы** болып саналады. Кәсіпорын алғаш құрылған кезде оның капиталы Қазақстан Республикасы заңында қаралған мөлшерден кем болмауы тиіс және де ол сол ұйымның құрылтайшыларының, акционерлерінің ақшалай, заттай және басқадай түрде қоғамға қосқан үлестерінен құралады. Бұл сома, яғни кәсіпорынның капиталы осы ұйымның қызметі барысында тапқан таза табысы және басқа да көздерден, тегін түскен мүліктер мен ақшалай қаржылар есебінен өсіп отырады.

Жалпы кәсіпорынның есебін жүргізу барысында жұмыс істеп тұрған, қызмет атқарушы яғни қолданыстағы капиталы және оның құрамы мен құрылымыбухгалтерлік баланстың активінде көрсетілсе, ол капиталдың қаржыландыру көздірі баланстың пассивінде көрсетіледі.

Ұйымның барлық қызмет атқарушы капиталы айналыстан тыс және айналыстағы активтер болып екіге бөлінеді. Оларды қызмет атқару мерзіміне қарай «негізгі (айналымнан тыс) активтер» және «айналымдағы активтер» деп

екіге бөлінеді.

Негізгі активтер негізгі құралдардан, материалдық емес активтерден, ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардан, аяқталмаған құрылыстан құралады. Жалпы айналымнан тыс активтер шаруашылық субъектінің материалдық-техникалық базасын жасауға және дамытуға арналады.

Ал айналымдағы активтер кәсіпорынның қызмет атқару барысында пайда табуға негізделеді. Соған сәйкес олардың қатарына ақша қаржаттары, қысқа мерзімдік қаржылық салымдар, тауарлық-материалдық қорлар, дебиторлық борыштар және басқа да активтер жатады.

Меншікті капиталды пайдалану кәсіпорын үшін келесі жағымды жақтармен ерекшеленеді:

1. Тартудың қарапайымдылығы, меншікті капиталды көбейтуге байланысты қойылатын шешімдер басқа бір шаруашылық етуші субъект келісімін алмай-ақ, ұйымның иелері мен менеджерлерімен қабылданады.

2. Қызметтің барлық салаларында пайданы арттыру қабілетінің жоғары болуы, яғни оның барлық нысандарында оларды қолданған кезде несиелік пайыздарды төлеуді қажет етпейді.

3. Ұйым дамуының қаржылық тұрақтылығын, ұзақ мерзімді кезеңге төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету, сонымен қатар банкроттық тәуекелділікті төмендету.

Сонымен қатар, меншікті капиталды пайдаланудың келесі кемшіліктері де бар:

1. Тарту көлемнің шектеулілігі, нарық конъюктурасының тиімді кезеңінде ұйымның инвестициялық және операциялық мүмкіндіктерін кеңейту.

2. Капиталды қалыптастырудың альтернативті қарыз көздерімен салыстырғандағы жоғарғы құны.

3. Тартылған қарыз қаражаттарыңызсыз меншікті капиталдың рентабельділік коэффициентін өсіру мүмкіндігін пайдаланбауы, яғни тартылған қаражатсыз ұйым қызметінің қаржылық рентабельділік коэффициентін өсіру мүмкін емес.

Осылайша, тек қана меншікті капиталды қолданатын ұйым жоғарғы қаржылық тұрақтылыққа ие болады, бірақ өзінің даму қарқынын шектейді және салынған капиталының пайдасын арттырудың қажылық мүмкіндіктерін пайдаланбайды.

## **7.2 Жарғылық капитал - корпорацияның меншікті қаражаттарының негізгі, бастапқы көзі**

Корпорация капиталы оның негізгі құралдары мен айналымдағы қаржыларынаң құнынан құралады. Ұйымның меншікті капиталының көздері болып мыналар саналады:

- жарғылық капитал;
- резервтік капитал;
- бөлінбеген пайда.

Корпорациялар өздерінің қызмет атқаруы барысында меншікті қаржыларынан басқа қарыз қаражаттарында пайдаланады. Ал олардың

қатарына қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелер, қарыздар, алынған аванстар және басқа да кредиторлық борыштар жатады.

Жарғылық қор меншік иесінің жарғысында қаралған қызметтерін қамтамасыз ету үшін инвестициялық қаржылардың сомасы болып табылады. Акционерлік қоғам тек атаулы акцияны құжаттамалық немесе құжаттамасыз нысанда шығаруы мүмкін.

Өткен (күші жойылған) акция эмиссиясының қорытындысы жөніндегі есеп бекітілмей қосымша эмиссияны тіркеу немесе акция эмиссиясының күшін жоюға болмайды.

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталын акцияның атаулы құнын арттыру немесе оның қосымша санын орналастыру арқылы ұлғайтуға болады. Акцияның атаулы құнын арттыру арқылы жарғылық капиталды ұлғайту жөніндегі шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталын қосымша акция орналастыру арқылы арттыру жөніндегі шешімді акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі (Қадағалау кеңесі) қабылдайды. Директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесінің) осы құқығы акционерлік қоғам жарғысында қарастырылған. Қосымша акцияны қоғам жарғысында белгіленген жарияланған акция саны шектерінде ғана орналастыруға болады. Жарғылық капиталды қосымша акция орналастыру арқылы ұлғайту жөніндегі мәселені акционерлердің жалпы жиналысы шешеді. Сонымен бірге қоғам жарғысына жарияланған акция туралы ережеге өзгеріс енгізу жөніндегі шешім де қабылданады.

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталын қосымша акция орналастыру арқылы ұлғайту жөніндегі шешімде:

- жарияланған акция көлеміндегі қосымша орналастырылатын жай және артықшылықты акцияның әрбір түрінің саны;
- қосымша акция орналастырудың тәсілі мен оның бағасы;
- жазылу арқылы орналастырылған қосымша акцияларды төлеудің нысаны;
- орналастырудың өзге талаптары анықталуы тиіс.

Кәсіпорындар жарғылық капиталды қосымша акция орналастыру немесе оның атаулы құнын арттыру арқылы ұлғайту акционерлік қоғамның мүлкінің есебінен ғана жүзеге асырылады. Акционерлік қоғам мүлкінің есебінен ұлғайтылатын жарғылық капиталдың сомасы таза активтің құны мен оның жарғылық және резервтегі капиталының мөлшері арасындағы айырмадан аспауы тиіс. Жарғылық капитал қоғам мүлкінің есебінен қосымша акция орналастыру арқылы ұлғайтылған жағдайда, осы акциялар барлық акционерлердің арасында бөлінеді. Мұның өзінде оның әрқайсысына акционерге тиесілі акция сияқты сол санаттағы акция оған тиесілі акция санына үйлесімді бөлінеді.

Жарғылық капитал атаулы құнды төмендету немесе жалпы акциялар санын қысқарту, оның ішінде қоғам басшылығының оның бөлігін сатып алып, кейін өтеу (егер осы тәртіптеме қоғам жарғысында қарастырылса) арқылы азайтылуы мүмкін.



Егер осы тәртіптеме нәтижесінде жарғылық капиталдың мөлшері осы заңнамада белгіленген барынша аз мөлшерінен кем болатын болса, онда қоғам жарғылық капиталды азайтуға құқықсыз. Жарғылық капиталды төмендету жөніндегі шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Акционерлік қоғам жарғылық капиталдың азайғаны жөнінде 30 күндік мерзімде хабарлануы тиіс. Кредиторлар жарғылық капиталдың азайғаны жөнінде өздеріне хабарлама жолданған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей оның міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды тоқтатуды және осыған байланысты залалды, мысалы, облигациялық қарызды өтеуді талап етуі құқылы. Акционерлік қоғам жарғысына жарғылық капиталды төмендетумен байланысты енгізілетін өзгеріс кредиторларға хабарланғанын растайтын дәлел (қоғамның жарғылық капиталын төмендету жөніндегі жазбаша хабарлама) болса мемлекеттік реттеуден өтеді.

Акционерлік қоғам жарғысында жарғылық капиталды акцияның бөлігін сатып алу және өтеу арқылы азайту қарастырылған жағдайда, осындай мүмкіндікке жол беріледі.

Акционерлік қоғамның жарғылық капитал корпорацияның меншікті капиталының ең тұрақты бөлігіне жатады. Оның мөлшері, әдетте, өзінің меншік нысанын өзгертпеген кәсіпорында (акционерлік қоғамға қатысты жоғарыда атап өтілген жағдайды қоспағанда) жыл бойы өзгермейді.

### **7.3 Қосымша капитал**

Қосымша капитал мүліктің құнын қайта бағалаған кезде оның өсуін, эмиссиялық кірісті, тегін алынған құндылықты және басқа да түсімді білдіреді.

Қосымша капиталдың құрамына мыналар кіреді:

- 1) акционерлік қоғамның эмиссиялық кірісі (қосымша төленген капитал);
- 2) айналымнан тыс активті қосымша бағалаудан түсетін сома (қосымша төленбеген капитал);
- 3) басқа ұйымдардан тегін алынған мүлік;
- 4) мақсатты қаржыландару қаражатының инвестициялық ресурс нысанындағы түсімі және басқа да түсім;

**Қосымша төленген капитал** - қоғамның өзінің акцияларын олардың атаулы құнының артық бағаға сатқан жағдайда пайда болған құн айырмашылығынан туындайды.

**Қосымша төленбеген капитал** - кәсіпорынның өзінің меншігіндегі негізгі құралдары мен инвестицияларын қайта бағалаған уақыттағы олардың құнының өскен сомасынан және т.б жағдайлардан туындайды.

### **7.4 Арнайы бағыттағы қорлар (қорлану қоры, тұтыну қоры және резервтік қорлар)**

**Қорлану қоры дегеніміз** корпорацияның түскен табысынан барлық шығындарды алып тастағаннан қалған соманы қорлануға жіберуі. Бұл қор әр түрлі жағдайларда пайланылады.

**Тұтыну қоры дегеніміз** корпорацияның таза пайдасының бір бөлігін тұтынуға жұмсауы, бұл қордағы сома еш уақытта ұлғаймайды, себебі тұтынуға жұмсалады.

Акционерлік қоғамдар мен басқа да ұйымдар өздерінің таза пайда есебінен жоғарыда айтылғандай резервтік капитал құрады. Бұл резервтік капиталдың мөлшері қоғамның жарғысында белгіленеді. Резервтік капиталдағы жинақталған сома алдын ала болжанбаған, төтенше жағдайлардан болатын шығындарды жабу үшін жұмсалады. Жалпы резервтік капиталдағы жинақталатын сомаларды жұмсау тәртібі акционерлік қоғамның жарғысында бекітіледі. Резервтік капиталдың жұмсалуына байланысты азаюы келесі есепті кезең ішінде қоғамның жарғысында көрсетілген мөлшерге тең етіп қайта қалыптастыруды қажет етеді. Кәсіпорындарда резервтік капиталдың есебі «резервтік капитал» бөлімінің: **«Заңмен белгіленген резервтік капитал», «Басқадай резервтік капитал»**-деп аталатын шоттарда есептеледі.

Акционерлік қоғамдар немесе басқада ұйымдар өздерінің тапқан таза пайдасының есебінен әртүрлі бағыттарға байланысты қорлар құруына болады. Бұндай бағытта құрылған қор сомаларын керекті уақытында жұмсалғаннан кейін қайта қалыптастыру кәсіпорын үшін міндетті болуы саналмайды.

## **7.5 Меншікті капиталды пайдалану тиімділігін бағалау көрсеткіштері**

Меншікті капиталды пайдалану тиімділігін бағалау үшін келесі экономикалық көрсеткіштер практикалық мәнге ие болады: қаржылық тұрақтылық, рентабельділік және меншікті құралдардың айналымдылық коэффициенттері.

1) Қаржылық тұрақтылық өлшеуіштерінің құрамына:

Берешек коэффициенті (Кбер):

$$Кбер = \frac{ҚК}{МК}$$

Мұндағы ҚК – соңғы есептік мерзімге бухгалтерлік баланс бойынша қарыздық капитал;

МК – сол мерзімге меншікті капитал.

Көрсеткіштің ұсынылатын мәні – 0,67 (40%/60%). Қарыздық және меншікті капитал арасындағы қатынасты білдіреді.

2) Қаржыландыру коэффициенті (Кқар):

$$Кқар = \frac{МК}{ҚК}$$

Көрсеткіштің ұсынылатын мәні – 1,5 (60%/40%). Меншікті және қарыздық капитал арасындағы қатынасты білдіреді.

3) Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті (Кқт):

$$Кқт = \frac{МК}{БВ}$$

БВ – бухгалтерлік баланс валютасы.

Көрсеткіштің ұсынылатын мәні – 0,5-тен жоғары (50%-дан жоғары).

4) Тұрақты экономикалық өсу коэффициенті (Ктәө):

$$Ктәө = \frac{ҚИтп}{МК}$$

ҚИтп – қайта инвестицияланған таза пайда;

МК – меншікті капиталдың орташа құны.

5) Меншікті капитал құрылымының коэффициенті (Кк):

$K_k = \text{инвестицияланған капитал} / \text{қорланған пайда}$ ,

Мұндағы: Инвестицияланған капитал=Жарғылық капитал+Қосымша капитал+Мақсатты қаржыландыру;

Қорланған пайда=Резервтік капитал+Бөлінбеген пайда.

6) Меншікті капитал рентабельділігінің көрсеткіштері құрамына:

$R_{mk} = TP / MK \times 100$ ;       $R_{ak} = TP / AK \times 100$ ;       $R_{ta} = TP / TA \times 100$ ,

$R_{mk}$  – есепті кезеңдегі меншікті капиталдың рентабельділігі, %;

$MK$  – меншікті капиталдың орташа құны;

$TP$  – есепті кезеңдегі таза пайда;

$R_{ak}$  – акционерлік капиталдың рентабельділігі, %;

$AK$  – есепті кезеңдегі акционерлік капиталдың орташа шамасы;

$R_{ta}$  – таза активтердің рентабельділігі, %;

$TA$  – есепті кезеңдегі таза активтердің орташа құны.

7) Меншікті капиталдың рентабельділігін және базалықпен салыстырғанда есепті кезеңдегі оның шамасына әсер еткен факторларды бағалау үшін Дюпонның үш факторлық үлгісін қолданады:

$R_{mk} = TP / CT \times CT / A \times A / MK = TP / MK \times 100$ ,

$CT$  – тауарларды сатудан түскен түсім;

$A$  – есепті кезеңдегі активтердің құны;

$TP$  – таза пайда;

$MK$  – есепті кезеңдегі меншікті капиталдың құны.

Берілген формула меншікті капиталдың рентабельділігінің ауытқуына айтарлықтай дәрежеде әсер еткен факторларды белгілеуге мүмкіндік береді және берілген өзгерістер себептерін анықтайды:

- сату рентабельділігінің ауытқуы ( $TP/CT$ );
- активтердің айналымдылығының ауытқуы ( $CT/A$ );
- капитал құрылымының ауытқуы ( $A/MK$ );
- көрсетілген факторлардың байланыстылығының ықпалы.

8) Меншікті капиталдың айналымдылығын күндік бір айналымның айналымдылық және ұзақтық коэффициенті арқылы көрсетеді.

$AK_{mk} = CT / MK$ ;     $AK_{ak} = CT / AK$ ;     $AK_{ta} = CT / TA$ ;

$AU_{mk} = K / AK_{mk}$ ;     $AU_{ak} = K / AK$ ;     $AU_{ta} = K / AK_{ta}$ ;

Мұндағы:  $AK_{mk}$ ,  $AK_{ak}$ ,  $AK_{ta}$  – меншікті капиталдың, акционерлік капиталдың және таза активтердің айналымдылық коэффициенттері, айналым санымен;

$AU_{mk}$ ,  $AU_{ak}$ ,  $AU_{ta}$  - меншікті капиталдың, акционерлік капиталдың және таза активтердің бір айналым ұзақтығы, күнмен;

$CT$  – тауарларды сатудан түскен түсім, нарықтық бағамен;

$K$  – есепті кезеңдегі күндер саны (жыл – 365 күн, тоқсан – 90 күн).

“Меншікті капитал” акционерлік қоғамның “таза активтері” түсінігімен тығыз байланысты. Жоғарыда айтылғандай қоғамның таза активтері жарғылық капитал шамасынан төмен болмауы қажет.

Таза активтер=Есепке алынған активтер – Баланс пассиві бойынша міндеттемелер

Қорытындылай келе, меншікті капитал айналымнан тыс активтерді жабу және қоғамның меншікті айналым құралдарын қалыптастыру болып табылады. Олар есепті кезеңдегі қоғамның тұрақты төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажет. Меншікті айналым құралдарының алдағы мерзім (тоқсан, жартыжылдық, жыл) соңына жоспарланған сомасын активтер мен пассивтердің болжамдалған балансы бойынша анықтайды, яғни акционерлік қоғамның болашақ төлем қабілеттілігін болжайды.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Меншікті капиталға әсер етуші факторларды сипаттау.
2. Кәсіпорынның меншікті капиталды қалыптастыру саясатының мақсаттары.
3. Жарғылық капитал, қосымша капитал құрамы..
4. Дивидендтік саясатта қолданылатын әдістер.
5. Акционерлік қоғамның меншікті капиталды пайдалану тиімділігін бағалау көрсеткіштері

#### **СӨЖ тапсырмасы:**

1. Акционерлік қоғамның меншікті капиталының құны туралы эссе жазыңыз.
2. Жай акцияның құны мен артықшылығы бар акцияның құнын анықтаңыз мысалмен.

## VIII БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ҚАРЫЗДЫҚ КӨЗДЕРІ

### 8.1 Компанияның ұзақ мерзімді қарыздары, оларды пайдалануы

ҚЕХС сәйкес міндеттемелерге негізгі үш қасиет тән:

- міндеттемелер активтерді беру немесе қызметтерді көрсету арқылы қанағаттандыруы мүмкін;
- міндеттеме оны тудыратын қандай да бір оқиғамен байланысты болуы тиіс;
- міндеттеме екі жақты келісілген болуы тиіс.
- Міндеттемелер ұзақ және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

ҚЕХС қарастырылғандай қысқа мерзімді міндеттемелер төмендегіше сипатталады:

- оны белгілі бір операциялық циклдің ішінде өтеу қарастырылатын болуы тиіс;
- қайта сату мақсатында ұсталынады;
- есепті кезеңнен бастап 12 ай ішінде өтелуі қажет;
- қысқа мерзімді міндеттемені өтеу мерзімін кейінге қалдыра алмайды.

**Ұзақ мерзімді қарыз капиталы** несие және қарыздар нысанында тартылады, негізгі капиталды қаржыландыруға жұмсалады.

Ұзақ мерзімді міндеттемелер деп төлеу мерзімі баланстағы нақты күннен бастап бір жылдан астам уақытты алатын міндеттемелерді айтамыз. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің туындау себептері өте көп. Мәселен, жаңадан құрылған фирма үшін, акционерлік капиталға қарағанда сырттан акционерлік капитал алған жеңілдірек.

Ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелерді шығару туралы шешімді қабылдау кезінде акциямен салыстырғанда ұзақ мерзімді қарыз міндеттемелердің артықшылықтары қарастырылады:

- Акционерлердің бақылауы. Облигация иелерінің дауыс құқығы жоқ болғандықтан акционерлер компанияның үстінен өз бақылауын жоғалтпайды.
- Салықтық тиімділік. Көптеген елдерде қарыздық міндеттемелер бойынша пайыздар пайдаға салынатын салықты есептеу кезінде рұқсат етілетін шегерімге жатқызылады. Ал дивиденттер бойынша мұндай жеңілдік берілмейді
- Қаржылық леверидж. Бұл меншікті капиталдың қарыздық құжаттарды тарту есебінен көбейту. Егер компания өзінің активтерін пайдалана отырып, пайыздық міндеттемелерге қарағанда көбірек ақша тапса, екі ортадағы айырма капиталды немесе акционерлік табысты көбейтеді.

Дегенмен міндеттемелерді көбейту компания үшін қауіпті. Ұзақ мерзімді міндеттемелерді бағалау және өлшеу қағидалары негізінен үшке бөлінеді:

- Ұзақ мерзімді міндеттемелер қарызға алынған тауарлар мен қызметтердің әділ нарықтық құнымен тіркеледі.

- Пайыздарды кезең сайын төлеп отыру қарыздың берілген күніндегі нарықтық пайыздық ставкаға негізделген. Нарықтық пайыздық ставка – бұл операциялардағы нақты келісетін ставка және ол талап етілетін болашақтағы төлемдердің нақты құнының қатынасына тең.
- Баланстың күніне ұзақ мерзімді қарыздың қалдық құны, бұл барлық қалған төлемдердің нақты құны.

Пайыздық ставка- қарыз толық төленгенге дейін өзгермейді.

Осы аталған үш қағида ұзақ мерзімді қарыздарды және пайыздарды төлеу бойынша шығындарды бағалауға негіз болады.

## **8.2 Компанияның эмиссиялық қызметі. Акциялар мен облигациялар**

Корпорацияның қаржыландыру көздерін ұлғайту жолдарына мыналар жатады:

- кәсіпорын пайдасы; акциялар шығару;
- құрылтайшылар және пай қосушылар санын арттыру;
- облигациялар шығару жатады.

Акция – акционердің қоғамдағы үлесін немесе меншігін куәландыратын бағалы қағаз. Ол иемденушісіне компанияның капиталының, мүлкінің, кірісінің бір бөлігіне заң жүзінде меншік құқын береді. Компания қанша уақыт жұмыс істеп тұрса, акция да сонша уақыт қолданылады. Бірақ осы уақыт ішінде акцияның иесі сан рет өзгеруі мүмкін. Акционер оны екінші нарықта сатуына болады. Акция белгілі бір жағдайда акционерлік қоғамның өз капиталын ұлғайтуға және оны инфляциядан қорғау үшін жұмсауға болатын бағалы қағаздардың бірден бір түрі. Акция – компанияның акционерлер алдындағы қарыз міндеттемесі. Компанияның өз акциясын қайта сатып алатын құқы бар.

Акция бірнеше түрге жіктеледі. Бір жағынан, бір акционерден басқа біреуге беру тәсілі бойынша: атаулы және иесі ұсынушы болып екіге бөлінсе, екінші жағынан, корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша – жай және артықшылықты акция деп те – екіге бөлінеді. Корпорация тек өзінің жарғысында бекітілген акцияларды ғана шығара алады. Атаулы акция – иесі міндетті түрде корпорацияның реестрінде тіркелуі тиіс акция. Акционерлер кітабында қанша және қай уақытта алғандығы туралы жазылған акция иесі ғана акционер деп есептеледі. Ұсынушыға арналған акция – иесінің аты-жөні корпорация кітабында тіркелмеген акция. Кітапта ұсынушыға арнап шығарылған акцияның жалпы саны ғана көрсетіледі. Жай акцияларды иеленушілердің корпорацияның тапқан пайдасының мөлшеріне байланысты дивидендтер алу құқы, жиналыстарда дауыс беру арқылы корпорацияны басқаруға қатысу құқы және корпорация жабылып қалған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін мүліктің бір бөлігін алу құқы бар. Құқықтар акция мөлшеріне сәйкес көлемде жүзеге асырылады. Әрбір жай акция өз иесіне бір дауыс үлесін береді. Әйтседе жай акция дивиденд алуға кепілдік бермейді. Артықшылықты акциялар (немесе преференциалды) – меншік туралы ерекше сертификат. Олар корпорация пайдасының деңгейіне қарамастан белгіленген мөлшерде неғұрлым нақты дивиденд төленуі

қамтамасыз етеді. Преференционалды акция дауыс құқын бермейді. Ол дауыссыз бағалы қағаз.

Акциялардың жаңа эмиссиясы есебінен қосымша капиталды тарту – қымбат әрі ұзақ процесс екендігін атап өту қажет. Сондықтан қаржы ресурстарын тартудың берілген кезіне акциялардың жаңа пакеті эмиссиясының салдарын бағалап, мұқият жүргізу керек.

Корпорациялық қаржы тұрғысынан алғанда, эмиссиялық саясаттың Негізгі мақсаты бағалы қағаздар нарығынан ақша ресурстарының қажетті көлемін минималды мерзім ішінде тарту болып табылады.

Қойылған мақсатқа сәйкес акционерлік қоғамның (корпорацияның) эмиссиялық саясаты қор нарығына меншікті акцияларын шығару және орналастыру есебінен ақша құралдарының қосымша көлемін тартуға байланысты жалпы инвестициялық стратегияның бөлігін білдіреді.

Акция бірнеше түрге жіктеледі. Бір жағынан, бір акционерден басқа біреуге беру тәсілі бойынша: атаулы және иесі ұсынушы болып екіге бөлінсе, екінші жағынан, корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша – жай және артықшылықты акция деп те – екіге бөлінеді. Корпорация тек өзінің жарғысында бекітілген акцияларды ғана шығара алады. Атаулы акция – иесі міндетті түрде корпорацияның реестрінде тіркелуі тиіс акция. Акционерлер кітабында қанша және қай уақытта алғандығы туралы жазылған акция иесі ғана акционер деп есептеледі. Ұсынушыға арналған акция – иесінің аты-жөні корпорация кітабында тіркелмеген акция. Кітапта ұсынушыға арнап шығарылған акцияның жалпы саны ғана көрсетіледі. Жай акцияларды иеленушілердің корпорацияның тапқан пайдасының мөлшеріне байланысты дивидендтер алу құқы, жиналыстарда дауыс беру арқылы корпорацияны басқаруға қатысу құқы және корпорация жабылып қалған.

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің кең таралғаны – облигация.

Облигация - ұзақ мерзімді негізде капиталдың үлкен сомасын қорғау үшін компаниялармен және мемлекеттік ұйымдармен шығарылатын қарыздық куәлік.

Әдетте облигациялар бизнесті кеңейту және дамыту мақсатында қаражаттарды тарту үшін шығарылады.

Облигациялар – фирма эмитентпен қарыздың негізгі сомасын және пайызын инвесторларға төлеу жөнінде берген формальді уәдесі болып табылады.

Облигациялық келісімдер – облигацияның мерзімін, эмитент пен облигацияны иемденушінің құқықтары мен міндеттемелерін, қарыздың атаулы сомасын, пайыздық ставкамен пайыздарды төлеу мерзімі, өтеу мерзімін қамтиды.

Облигацияларды төлеудің кепілшісі қажетті тіркеуді жүргізетін және міндеттеме мен пайыздарды төлейтін қаржылық мекеме болып табылады. Инвесторлар эмитент пен инвестордың арасындағы келісімдік міндеттемелерді білдіретін облигациялық сертификатты иемденеді.

Облигацияларға қойылатын **баға** атаулы құннан **пайыз** түрінде белгіленеді.

Егер облигация 103 ½ бойынша белгіленсе, атаулы құны 1000 ш.б. облигация үшін 1035 ш.б. (100\*1,035) төлейді дегенді білдіреді, яғни үстінен сыйақы төлейді.

Егер облигация 87,62 бойынша белгіленсе, онда ол шегеріммен сатылады. Атаулы құны 1000 ш.б. облигация үшін 876,2 ш.б. ғана төлейді.

Бағалы қағаздар нарығының дамуымен бірге облигация әр-түрлі сипатқа ие болуда. Мәселен, облигациялар қамтамасыз етілген болуы мүмкін, яғни компанияның нақты бір активтері түрінде кепілмен қамтамасыз етіледі, ал қамтамасыз етілмеген облигациялар тек компанияның абырой беделіне сәйкес шығарылған.

Облигациялар сериялық деп аталады. Олар бір рет шығарылғаннан кейін бірнеше өтеу мерзіміне ие болады. Тіркелген облигациялар бір рет шығарылғаннан кейін бір мезгілде өтеледі.

Тіркелген облигацияның аты-жөні және мекен-жайы осы облигацияларды шығарған компаниямен есепке алынады.

Купондық облигацияның иегері тіркеуге алынбайды. Бірақ мұндай облигацияның арнайы үзінді купондары әрбір купонда жинақталған пайыз сомасы және оларды төлеу мерзімі жайлы ақпараттарды қамтиды.

Облигациялар әдетте төмен құнмен шығарылады. Мұндай облигациялар инвесторларға өз капиталын әр-түрлі құнды қағаздарға салуға мүмкіндік беріп, инвесторлық тәуекелдікті азайтады.

Инвесторлар әр-түрлі инвесторлық мақсатқа саясат туралы ақпараттармен жеке таныс болып келеді. Нәтижесінде, облигацияның көптеген түрлері шығарылады. Облигациялар бойынша қарыздар, сондай-ақ өтелмеген шегерімдер мен үстеме ақылар баланста ұзақ мерзімді міндеттеме түрінде көрсетіледі.

Облигацияларды шығару және сату әдетте апталарға немесе айларға созылады.

Облигацияның шартын анықтау және шығару, нарықтық жағдайын зерттеу аралығындағы уақытта компания эмитенттің қаржылық жағдайы және нарықтағы жағдайы өзгеріп кетуі мүмкін. Мұндай өзгерістер облигацияның өтімділігі мен оларды өткізу бағасына ықпал етеді. Егер нарықтық пайыздық ставка тең болса, онда облигация атаулы құнымен сатылады. Бұл жағдайда пайыздарды төлеу инвесторға табыс әкеледі.

Атаулы құны бойынша шығарылған облигация.

Мысалы, «Транс» корпорациясы 1 қаңтар күні 9% облигацияны 1 млн ш.б. сомасына 5 жылға шығарды. 1 шілдеде төлеуі тиіс. Облигациялар атаулы құнымен шығарылған. Облигацияны шығару кезінде төмендегідей жазу жазылады:

Дт	Ақша қаражаттары	1 000 000
Кт	Төленуге тиісті	1 000 000
	Пайыздардың сомасы –	$1\,000\,000 * 9\% * 1/2 = 45\,000$
Дт	Пайыз бойынша шығын	45 000



Кт	төленуге тиісті пайыз	45 000
Дт	Төленген пайыз	45 000
Кт	Ақша	45 000

Көбіне нарықтық ставкамен белгіленген ставка бір-біріне сәйкес келе бермейді. Нарықтық ставкамен эмиссия бағасындағы өзгерістер бір-біріне байланысты. Егер нарықтық ставка (12%) белгіленген ставкадан (10%) жоғары болса, облигацияны шығару бағасы атаулы құннан артық болмауы керек. Өйткені, облигация инвесторға нарықтық ставкаға тең табыс әкелуі керек. Себебі инвесторлар 10% пайда әкелетін облигацияға атаулы құны 10 000 ш.б. төлеуге келіспейді. Егер дәл осындай бәсекелес облигация 12 % табыс әкелетін болса.

Егер нарықтық пайыздық ставка белгіленген ставкадан жоғары болса, облигациялар шегеріммен бағада өткізіледі.

Егер жылына 2 рет төленетін болса, онда кезеңді көбейтіп, пайызды азайтамыз. Мысалы, 5 жыл 10% алынса және жылына 2 рет төленетін болса, онда 10 кезең 5 % деп аламыз.

Мысал: Компания 5 жылдық облигацияны 1 млн ш.б. 9% жылдық. Бірақ инвестор өзінің салған қаражатынан 10% табыс алғысы келеді. Облигацияның айналым мерзімінің ішінде, ол әрбір жарты жыл сайын 45 000 ш.б., яғни 10 кезеңге 45 000 алып тұрады. Сондай-ақ 5 жылдан кейін 1 млн ш.б. қайтарып алады. Облигацияның өткізу бағасын табу үшін нарықтық ставка бойынша дисконттық төлемдерді анықтаймыз.

Облигацияның өткізу бағасын анықтау: Ағымдағы құны 10%, 5 кезең  
 $(1 \text{ млн} * 0,6209) = 620900$

Анықталған ағымдағы құны 5%, 10 кезең  
 $(45 \text{ 000} * 7,7217) = 347476$

Облигацияның өткізу құны :  $620900 + 347476 = 968376$

Дт Төленуге тиісті облигация бойынша шегерім 31624

Дт Ақша 968376

Кт Төленуге тиісті облигация 1000 000

Облигацияны шығарғаннан кейін балансқа төмендегідей жазба енгізіледі.

Дт Төленуге тиісті облигация 1000 000

Дт Төленуге тиісті облигация бойынша шегерім 31624

Кт Ұзақ мерзімді міндеттеме жиынтығы 968376

Төленуге тиісті облигация бойынша шегерім шоты төленуге тиісті облигация шотына контрпассив болып табылады.

Егер нарықтық пайыздық ставка белгіленген ставкадан төмен болса, облигация сыйақымен сатылады.

Облигациялар бойынша төленетін пайыздар бойынша шығындар жыл сайын көрсетілетіндіктен, облигация жеңілдіктер мен сыйақылар облигация шығарылатын жылдар аралығына бөлінуі тиіс. Жеңілдіктерді былайша бөлу облигацияның жеңілдігіне есептен шығару деп аталады. Есептен шығарудың екі әдісі бар:

- тура сызықты әдіс;

- тиімді пайыздық ставка әдісі.

Тура сызықты әдіс:

1) Төлеудің жалпы мерзімі анықталады. Жылына төлеу саны \* облигация мерзімі.

2) Әрбір пайыздық соманы төлеген сайын шегерілетін облигация жеңілдігінің сомасы= Облигациялық жеңілдік/ төлеудің жалпы санына.

3) Төленетін пайыздық сомасы=номиналдық құн \* номиналдық пайыздық ставка \* мерзімі.

4) Пайыздың төленетін күніне пайыздық шығындардың жалпы сомасы= төленетін пайыздық сомасы+облигациялық жеңілдік сомасы.

Сонымен, 1 шілде күні берілетін бухгалтерлік жазу

Дт Пайыз бойынша шығын	48162,4
Кт Жеңілдік	3162,4
Кт Ақша	45000

Тиімді пайыздық ставка әдісі – бұл әдіс келесі формула бойынша анықталынады:

Пайыздар бойынша шығын – төленуге тиісті пайыздар = амортизация сомасы Бұл әдіс кезінде облигацияның бүкіл мерзіміне тұрақты пайыз деңгейі көрсетіледі.

Егер облигацияның нарықтық құны атаулы пайыздық ставкадан төмен болса, облигация атаулы құнынан жоғары сатылады.

Мысал: корпорация 9 % облигацияны 5 жылға, атаулы құны- 1 млн ш.б. шығарды. Облигацияның нарықтық пайыздық ставкасы 8 %. Облигацияның өткізу бағасын анықтаймыз.

$$\text{Ағымдағы құны } 8\%/5 = (1000\ 000 * 0,68066) = 680660$$

$$\text{Анықталған ағымдағы құны} = (45\ 000 * 8,1109) = 364990, \\ 680660 + 364990 = 1\ 045\ 650$$

Дт Ақша қаражаттары	1 045 650
Кт Төленуге тиісті облигация	1 000 000
Кт Облигация бойынша сыйақы	45 650

Сыйақы облигацияның мерзімі ішінде пайыздық табыс шотынан көшіріліп отырады. Облигацияларды айналыстан алу үшін сол сәттегі облигацияның баланстық құны атаулы құнына тең болу керек. Облигацияны айналыстан шығару кезінде төмендегідей жазба беріледі:

Дт Төленуге тиісті облигация	1 000 000
Кт Ақша қаражаттары	1 000 000

Кей жағдайда компаниялар өздерінің облигацияларын уақытша сатып алады. Сатып алынған меншікті облигациялар атаулы құнымен төленуге тиісті, облигациялар шотына қарсы шотта есепке алынады. Егер содан кейін осы облигациялар сатылса, қарсы шот жабылып, төленуге тиісті облигация шоты азайтылады.

Егер компания өзінің қарыздық міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтегісі келсе, сол өтеу сәтіне облигацияның баланстық құнын анықтау тиіс. Яғни сыйақыны немесе жеңілдікті амортизациялау қажет.

Төленген сома мен баланстық құнның арасындағы айырмашылық баланста қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу нәтижелерінің туындауы пайда немесе залал ретінде көрсетілуі қажет.

Облигациялар компанияның басқа бағалы қағаздарына айналдыруға жарайтын болса, мұндай облигацияларды айналымды облигациялар деп атайды. Мұндай айырбас облигация ұстаушының шешіміне сәйкес жүзеге асырылады. Облигацияны акцияға айналдыру шарты облигациялық келісім шартта сатушы үшін облигацияны тартымды ету үшін жасалынады.

Облигацияны жай акцияға айналдыру кезінде акциялар облигацияның ағымдағы құнымен есепке алынады. Ал облигация мен оған берілген жеңілдік және сыйақы ешқандай пайда немесе залал көрсетілмесе, есептен шығарылады.

Мысал: Компания 1 шілдеде облигацияны сатып алды, сыйақы- 14470. Акционердің шешімі бойынша барлық облигациялар құны – 80 ш.б., жай акцияға ауыстыру құны- 10 000 ш.б. 1 облигация 40 жәй акцияға тең. 100 облигация ауыстырылды.

Дт	Облигация	1 000 000
Дт	Сыйақы	14470
Кт	Жай акция	320 000
Кт	Номиналдан артық төленген капитал	694 470

### **8.3 Компанияның қаржыландырудың қысқамерзімдік қарыз көздері. Банктік несие, оны алу мен өтеу**

Ағымдағы міндеттемелерге төленуге тиісті шоттар, төленуге тиісті вексельдер, есептелінген міндеттемелер, болашақ кезең табыстары, қысқа мерзімді несиелер мен овердрафт, ұзақ мерзімді несиенің ағымдағы бөлігі, т.б. кредиторлық қарыздар жатады.

Төленуге тиісті қысқа мерзімді вексельге жазбаша түрде берілген ақшалай міндеттеме түріндегі берілген борыштар жатқызылады. Вексель кепілдендірілген және кепілдендірілмеген, пайыздық және пайыздық емес болып бөлінеді. Пайыздық вексельдің пайыздық ставкасы болады. Бұл ставка белгіленген пайыздық ставка деп аталынады. Ал пайыздық емес вексельде пайыздың дәл ставкасы көрсетілмейді, оның орнына жанама түрдегі пайыз нормасы көрсетіледі, ол пайыздық табыс деп аталады. Пайыздық соманы анықтау үшін қарыздың негізгі сомасынан пайыздық ставка және уақытын көбейтеміз.

Пайыздық вексельдер пайыздық ставкасын және негізгі соманы анық көрсетеді, бұл вексель бойынша вексельді алушы номиналды соманы және пайыздық соманы алады.

Пайыздық емес вексельдер вексельдің номиналды құны негізгі соманы да, пайыздық соманы да қамтиды. Мысалы, компания 1 млн 120 мың сомасына жылдық пайыздық емес вексель жазып, 1 млн сомасында ақша алды.

$$1\ 120\ 000 / 1\ 000\ 000 * 100\% = 12\ \%$$

Осы вексель бойынша пайыздық соманы есепке алудың екі қағидасы бар:

- 1) нетто – салмағы;
- 2) жалпы (номиналды).

**НЕТТО** 1 қазан 2001 вексельді берді

Дт Ақша қаражаттары 1 000 000

Кт Төленуге тиісті вексель 1 000 000

31 желтоқсан 2001Дт Пайыздар бойынша шығындар  $1\,000\,000 \cdot 12\% \cdot 3/12 = 30\,000$ 

Кт Төленуге тиісті вексель 30 000

1 қазан 2002Дт Пайыз бойынша шығын  $1\,000\,000 \cdot 12\% \cdot 9/12 = 90\,000$ 

Кт Төленуге тиісті вексельдер 90 000

Дт Төленуге тиісті вексель 1 120 000

Кт Ақша қаражаттары 1 120 000

**ЖАЛПЫ (Номиналды)** 1 қазан 2001

Дт Ақша қаражаттары 1 000 000

Дт Жеңілдік 120 000

Кт Төленуге тиісті вексель 1 120 000

31 желтоқсан 2001

Дт Пайыздар бойынша шығын 30 000

Кт Жеңілдік 30 000

1 қазан 2002

Дт Пайыз бойынша шығын 90 000

Кт Жеңілдік 90 000

Дт Төленуге тиісті вексель 1 120 000

Кт Ақша қаражаттары 1 120 000

Несиенің мәнін анықтаған кезде бірқатар әдістемелік принциптерді ұстану керек, несиелердің барша түрі формалардан тәуелсіз оның мәнін көрсетуі керек:

- несие мәмілесі тұтасымен алғанда несиенің мәнін ашуы керек. Егер бір мәміледе несие қайтарылмаса, онда өзінің қайтарылатын қасиетін жоғалтатыны білдіреді;

- несиенің мәнін талдауда несиенің құрылымын, қозғалыс сатыларын, несиенің негізін қарастырған жөн.

Несиеде өзгермейтін, тұрақты болып қалатын жәйіт - құрылым. Өзге экономикалық категориялар сияқты несие де бір-бірімен өзара әрекетке түсетін бірнеше элементтен тұрады. Ондай элементтерге ең алдымен несиелік қатынастың барлық субъектілері, сондай-ақ жоғарыда анықтағанымыздай, бұл субъектілерге несие беруші мен қарызға алушылар жатады. Оларды бөлуге және бөлек қарастыруға болмайды. Оларды бірге қарасты жағдайда ғана несиенің мәнін анықтауға болады.

Несие беруші — несиелік мәміленің қарыз ұсынатын жағы. Мұны іске асыру үшін онда ақшалай қаражаттың белгілі бір қоры болуы керек. Ол ақша өзінікі болуы немесе басқа біреуден қарызға алған болуы да мүмкін.

Қазіргі уақытта қарызға ақша ұсынатын негізгі несие беруші - банк болып табылады. Ол кәсіпорындардың, ұйымдардың, кеңселер мен халықтың уақытша бос қаражаттарын шоғырландырып, оларды қарызға алушыға уақытша

пайдалану үшін несиені түрінде ұсынады. Бұл ретте банктен алған несиені тек қарызға алушы ғана емес, сондай-ақ соңғысы да меншік иесіне тартылған ресурстарды қайтаруға міндетті. Бұл арада банк бір жағдайға несиені беруші болса, екінші жағдайда — қарыз алушы болып көрінеді.

Қарызға алушы — несиелік қатынастар жағы, несиені алып, алған қарызды қайтаруға міндетті жағы. Қосымша ақшалай қаражатқа уақытша мұқтажы туғандар қарызға ақша алушылар болып табылады. Қазіргі заман талабына сай қарызға алушылар — кәсіпорындар, кәсіпкерлер, халық, мемлекеттер мен банктер болуы мүмкін. Алайда, қарызға алушы қарызға алынған қаражаттың меншік иесі болып табылмайды, өндіріс саласында, айналымда оны ол өз қалауымен қолданады. Бұл жағдайда ол алынған ақшадан гөрі, яғни шаруашылықта ауыспалы айналым қоры таусылғаннан кейін оны іске асырып, пайдаланғаны үшін өтемақы төлеп, қарызды артық көлемде төлейді.

Несиелік мәміледе қарызға алушы несиені берушіге тәуелді, оған несиені беруші өз талаптарын қояды. Алайда, қарызға алушы мен несиені беруші несиені қатынастарының толық құқықты жақтары болып табылады. Олар міндетті түрде қатысуы керек және бұл жағдайда олар орындарын ауыстыруы мүмкін. Несиені беруші — қарызгер болуы мүмкін. Несиені беруші мен қарызға алушы өзара іс әрекеттерінде қарама-қайшылықтың бірлігі сипатын көрсетеді. Несиелік мәміленің қатысушылары ретінде олар оны қарама-қарсы жақтарында тұрады. Олардың мүдделері де бөлек, несиені беруші неғұрлым жоғары пайыздық несиені бергісі келеді, қарыз алушыға мүмкіндігінше арзан несиені алып, қосымша қаржылар табу мүддесі болады.

Несиенің экономикадағы орны мен рөлі, оның атқаратын қызметтерімен сипатталады. Жалпы несиенің экономикалық категория ретінде мынадай қызметтерді атқарады: - қайта бөлу; - айналыс шығындарын үнемдеу; - айналыстағы нақты ақшалардың орнын уақытша алмастыру; - капиталдың шоғырлануын жеделдету; - ғылыми-техникалық прогресті желелдету.

Несиенің қайта бөлу қызметі кез келген елдің ұлттың экономикасының толық қанды жұмыс жасауына өз үлесі несиенің бұл қызметінің көмегімен экономикалық жүйенің бір саласынан екінші бір саласына капитал ағымы болады.

Несиенің айналыс шығындарын үнемдеу қызметінің іс жүзіне асуы несиенің экономикалық мәнінен туындайды. Шаруашылық субъектілеріндегі ақшалай қаражаттардың түсуі мен жұмсалыуы арасындағы уақытша болатын алшақтық кей жағдайларда қаржылай ресурстарға деген қажеттілікті туындатады.

Ал келесі, қызметі, яғни несиенің айналыстағы нақты ақшалардың орнын уақытша алмастыруы. Қазіргі несиелік шаруашылықты мұндай орнын алмастыруға толық мүмкіндік бар.

Капиталдық шоғырлану процесі қызметі экономиканың тұрақты дамуына жағдай жасау үшін маңызды болып табылады. Мұндай міндеттерді шешуде несиенің бұл қызметі өндірістің ауқымын ұлғайта отырып, пайда алуға мүмкіндік береді.

Несие формасы — бұл несие қатынасының сырттай нақты көрініс табуы. Ол несие қатынасының мәні мен ұйымдастырылуын синтездейді. Несие қатынасының формасы мен мазмұны ажырағысыз әрі диалектикалық жағнан біртұтас болады. Несие қатынасының формасы оның мазмұны мен дамуына сәйкесуі керек.

Таңдап алынған жіктеу өлшеміне қарай несиенің мынадай ең маңызды формаларын бөліп көрсетуге болады:

- қызмет ету саласына қарай — ұлттық және халықаралық несие;
- несие мәмілесінің объектісіне қарай — ақшалай және тауарлық несие;
- несие қатынасының субъектісіне қарай — банктік, коммерциялық, халықаралық тұтынушылық несиелер.

Жоғарыда қарастырылған несие формаларының көптеген түрлері болады. Несие түрлері — бұл оның несиелерді жіктеу үшін пайдаланатын, экономикалық-ұйымдастырушылық белгілері бойынша ең детальданған сипаттамасы, яғни, несиенің іс-тәжірибедегі нақты қосымшасы.

а) Қазақстанда несие түрлері былайша жіктеледі: несиелеу объектінің экономикалық белгілері бойынша:

- айналым қаражатын қалыптастыруға берілетін несие;
- негізі құрал-жабдықты қалыптастыруға берілетін несие;
- ТМҚ аясында шұғыл қажеттілікке, сондай-ақ, нормативтен тыс қорлардың аясында уақытша қажеттілікке берілетін несие;
- өндірістің маусымдық шығыны аясында берілетін несие;
- жол үстіндегі (жолдағы) есеп айырысу құжаттары аясында берілетін несие, аккредитивтер;
- төлем несиелері.

ә) Қамтамасыз етілуі бойынша:

- жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен, ТМҚ-пен, кепілділікпен, сактандыру келісімшарттымен толық қамтамасыз етілген;
- ішінара қамтамасыз етілген;
- қамтамасыз етілуі болмайтын банкілік (сенімділік).

б) Қайтарылу мерзімі бойынша:

- қысқа мерзімді;
- орта мерзімді;
- ұзақ мерзімді.

в) Өтелу тәртібі бойынша:

- бөліп-бөліп төлеу (мерзімін ұзарту);
- бір жолғы өтеу;
- кезең сайын (бір қалыпты емес) өтеу.

г) Тәуекелді деңгейі бойынша:

- субстандартты;
- стандартты
- күмәнді;
- сенімді;
- сенімсіз;
- ұзартпалы.

ғ) Арқылылығы бойынша:

- қалыпты пайыздық мөлшерлемесі;
- жоғары пайыздың мөлшерлемесі;
- төмен пайыздың мөлшерлемесі;
- пайызсыз.

д) Салалық бағыты бойынша:

- сауда-саттық несиесі;
- өнеркәсіп несиесі;
- ауылшаруашылық несиесі;
- құрылыс несиесі;

ж) Ашылатын шот турлері бойынша:

- жай ссудалық шот бойынша несие;
- арнайы ссуда шоты бойынша несие;
- контокорренттік шот бойынша несие;
- овердрафт бойынша несие;
- несие желісі бойынша несие.

Несиенің айрықша түріне жылдам сатылатын мүлікпен немесе құқықпен қамтамасыз етілген, қысқа мерзім ссуда мөлшері бойынша тіркелетін ломбардтық несие жатады.


Ломбардтық несиені негізгі әр алуан турлеріне құнды қағаз кепілдігімен, тауар кепілдігімен, талап кепілдігімен берілетін несиелер жатады. Қарыз алушы ломбардтық несиені өз қалауына шектеусіз пайдалана алады.

**Жаңартпалы несие** (ағл. Revolve- айналыста болу, кезең сайын ауыстырып отыру) - ссуда капиталының ұлттық және әлемдік нарықтарында жаңғыртпалы несие. Ол белгіленген берешек лимиті шегінде және өтеу мерзімі шегінде несие келісіміне қатысушы елдер арасында қосымша келісімсіз автоматты түрде беріледі.

Несие желісі қарыз алушының алдындағы несие ұйымының оған несие келісімшартының белгіленген әрекет етуі кезеңі ішінде белгілі бір мақсатқа және келісілген мөлшерде несиені беру жөніндегі заң тұрғысынан рәсімделген міндеттемесі. Несие желісінің ашылуы несие беруші мен қарыз алушының ұзақ уақытқа созылатын тығыз ынтымақтастығын білдіреді.

**Несие жүйесі** — жалпы банктердің (ұлттық және коммерциялық) және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктік емес мекемелердің жиытығы.

Несие жүйесі ұғымы банк жүйесіне қарағанда кеңірек, яғни мұнда өзге де несиелік мекемелер қамтылады. Әр елдің өзіндік ерекшелігіне қарай несие немесе банк жүйесінің құрылымы қалыптасады. ҚР-дағы несиелік жүйе екі буыннан тұрады: біріншісі — банктік жүйе, ал екіншісі — парабанктік жүйе (банктік емес мекемелер). Қазақстан Республикасының несиелік жүйесінің құрылымы мынадай сызбамен берілген.



Сурет 11 - ҚР-ның несиелік жүйесі

#### 8.4 Қаржыландырудың жаңа құралдары: факторинг, форфейтинг, форвардтық және фьючерстік контрактілері

Форвардтық келісім екі жақты жасасқан кезде бір валютаны екінші валютаға айырбастау белгілі бір анықталған уақыттан кейін және де айырбастау курсы мәмілені жасасу кезінде бекітіледі. Форвардтық курсты есептеудің Негізі тек қана мәмілені бекіту кезіндегі спот курсы болып қана табылмайды, сонымен қатар, екі валюта бойынша проценттік ставкасы белгіленеді.

Бұл кезде экспортер келісім шарт бекітеді. Болашақта валюта түсімінің эквиваленттік санасын бағдарлайды: форвардтық мәміле екі жақтық келісімі бір валютаны екінші валютаға конвертация жасауы бір уақыт ішінде және бір курспен болады. Импортерге және экспортерге де қай уақытта төлем берілуі белгісіз болуы мүмкін. Сол себепті кәсіпорындар сақтанғысы келеді. Осыған байланысты екі жағы да уақытша опцион-форвардтық шарт жасайды. Премиялық форвардтық валюта курсына санағанда банк қысқа уақыт кезінде сатып алуды жөн көреді. Ал, сатқанда – ұзақ уақытта. Ал, дисконт курсына санағанда керісінше болады. Тәжірибеде кәсіпорындар форвардтық мәміледі көрсетілген уақытында шартты орындай алмауы мүмкін. Себебі, экспортерге ақша түспеген немесе импортердің ақша төлеу күні уақыты болған жоқ. Тауар түсу кешігуі немесе керек құжаттардың толық берілмеген себептері берілмеуі



мүмкін. Осындай жағдайда, импортер өзінің банкісіне сатылған тауардың ақысына шетел валютасын бере алмайды. Банк своп мәміле көмегімен форвардтық мәміледе көрсетілген төлем уақытын ұзарта алады. Кәсіпорын банкіге арнаған өтінішінде форвардтық мәміледі көрсетілген ақының мерзімін бұрынғы курспен ұзартуға сұрайды. Форвардтық нарықта құнды қағаздарды стандарттық сауда арқылы биржада өткізу қажет болды. Соған байланысты фьючерстік контракт дегеніміз – бұл стандартталған форвардтық контракт. Форвардтық контракт құнды қағаздың контрактілерді фьючерс арқылы сатуға икемдейді.

Халықаралық фьючерстік валюта нарығы 70 жылдың басында Чикагода, ал, фьючерстік проценттік ставка нарығы 1978 ж. Чикаго және Нью-Йоркта басталды.

Фьючерстік операциялар форвардтық операциялардан келесі белгілері арқылы ерекшеленеді:

1. Фьючерстер бұл стандарттық контрактілер. Олармен мамандандырылған биржаларда сауда жасайды. Ал, форвардтық контрактілерде биржадан тыс сауда жасайды.

2. Фьючерстік контрактіде барлық шарттары (бағадан басқалары) биржа арқылы анықталынады. Форвардтық контрактілерде контрагенттер өздерінің келісімі бойынша контрактте қол қойғанда, барлық шарттары бірдей анықталынады.

3. Сатып алушы мен сатушы арасында сауда-биржа арқылы болған себептер фьючерстік контрактілер иесіз болады. Ал, форвардтық контрактілерде иелері көрсетіледі.

4. Фьючерстік сауданы мемлекет органдары ұйымдастырады және бақылайды. Ал, форвардтық саудада үкіметтің қатысы жоқ.

Фьючерс – тұрақты табасты бағалы қағаздарды тұрақты бағада алдағы уақытта жабдықтау контрактісін айтады. Еркін нарықта нақты сатушылар мен сатып алушылар арасында контрактілер жасауға ешкім тыйым салмаса да, фьючерстік мәмілер негізінен биржада жасалады.

Ұйымдастыру қатынасындағы жүйе опционға ұқсас; клиент брокерлік кеңсе арқылы бұйрығын береді, ол бұйрық залдағы тұрақты жұмыс жасайтын өкілге жетеді, кейінгі оның орындалуы немесе орындалмауы нарықтағы нақты жағдайға байланысты анықталады. Негізгілері ретінде мынадай бұйрықтар қолданылады; нарықтық, тоқта, шектеулі. Сауда «еркін айкай» тәсілімен жүзеге асады. Опциондық мәмілерден басты айырмашылығы, мұнда арнайы бекітілген дилер жоқ. Олардың орнында «еденде сауда жасаушылар» деп аталатындар жұмыс жасайды. Олар фьючерсті өз аттарынан сатып алып және сатқанымен опциондық саудағыдай міндеттемелерді орындамайды. Саудагерлердің кейбіреуі бір жолғы операцияларды жүзеге асыру мақсатында залда бір күндік қызметке алады. Екінші топты брокерлер құрайды, олар қарапайым делдалдық қызмет атқарады.

Факторинг-компаниясы экспортерге, яғни тауарды сатушыға несиелік шартымен бірқатар қызметтер көрсететін, оның ішінде қарызды іздестіру экспорттық операцияларды есепке алу, несиелік бақылау және т.б. Факторинг

жүйесі экспорттардың қысқа мерзімді несиелер берудегі мүмкіндігін ұлғайтады, ал форфейтинг нарығындағы мәмілелер орта мерзімді коммерциялық несиелеуге арналған қаражаттар көзі болып табылады. Форфейтингке байланысты операциялар айналымсыз қаржыландыру деген атпен дамыды, оның мәніне келсек, ол экспорттардың импорттарға қоятын талаптары бойынша құқығын форфейтер – банкіге беруін, яғни соңғысының құқықты өзіне ұстап немесе халықаралық нарықта сата алумен сипатталады.

Форфейтинг бойынша операциялар экспорттардың сатып алушыға вексельдік несиелер шартындағы несиелеу мерзімін созуына, олардың 5 жылға дейін, кейде 8, одан да көп жылдарға дейін созуға мүмкіндік береді, себебі оның форфейтер – банктің өзіне тәуекелді алуы, инвесторлардың өз қаражаттарын ұзақ уақытқа орналастыруға ынтасын арттырады. Форфейтингтік операцияларға қатысушы банкілерге ресурс ретінде еуровалюталар нарығы қызмет етеді. Сондықтан да форфейтинг бойынша есеп мөлшерлемесі сол нарықтағы орта мерзімді несиелер бойынша пайыз деңгейімен тығыз байланысты. Негізгі мәміле валютасына неміс маркасы, америка доллары және швейцария франкі жатады.

Валюталық бағамдар өзгерісімен байланысты шығындарды болдырмау үшін «своп» операцияларының бірнеше түрін пайдаланады. «Форвардқа» қарсы «спот» жағдайындағы «своп» мәмілелері кеңінен таралған. Бұл жағдайда бір мезгілде екі контракт жасалады: біріншісі – «спот» бағамы бойынша нақты валютаны сатып алу; екіншісі – «форвард» бағамы бойынша осы валютаны мерзімінде сату.

«Форвардқа қарсы форвард» жағдайында жүзеге асырылатын «своп» несиелер түрі бар. Мұнда да екі контракт жасалады. Біріншісінің мерзімі, мысалы, бір айдан соң бітсе, екіншісінікі – екі айдан кейін бітеді. Бірінші ай өткеннен соң операция «форвардқа қарсы спот» жағдайында өтеді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Компанияның ұзақ мерзімді қарыздарды қаржыландыру көздерін тарту мен пайдалану мақсаты.
2. Ұзақ мерзімді қарыздарды қаржыландыру көздерін тарту түрлері.
3. Қысқа мерзімді қаржыландыру көздері.
4. Несиелеу әдістері, қаржыландырудың жаңа құралдары.

### **СӨЖ тапсырмасы:**

1. Екі кәсіпорынның меншік қаражаттарының таза пайдалылығын анықтап, қаржылық тұтқаның тиімділігін анықтаңыз.

Көрсеткіштер	Кәсіпорындар	
	А	Б
1. инвестицияны пайдаланудың нетто-нәтижесі, мың тг.	1200	1500
2. қаржылық шығындар, мың тг.	-	175
3. меншікті капитал	1000 мың тг	1000 мың тг
4. актив	1000 мың тг	2000 мың тг

5. салық салуға тиісті пайда,мың тг.		
6. корпорациялық табыс салығы , мың тг.		
7. таза табыс,мың тг.		
8. меншікті қаражаттардың таза пайдалылығы,%		

**2.** Қаржылық тетікті анықтаудың екі концепциясын пайдаланып мысал келтіріңіз.

## **IX БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰНЫ МЕН ҚҰРАМЫ**

### **9.1 Капиталдың бағасы мен құрылымы**

Микро және макроэкономика деңгейінде капиталды тану тәсілі әртүрлі. Микроэкономика деңгейіндегі капитал — тәсілдері мен аясына қарамастан табыс (жалпы пайыз) алу үшін пайдалануға болатын жеке тұлғалар байлығының бір бөлігі. Маршалл макроэкономика деңгейінде капиталға, еңбек және жермен қатар, материалдық игіліктер өндіру үшін пайдалануға болатын өндірістік құралдардың барлық жиынтығын жатқызады. Капитал — баламалы пайдаланудан гөрі үлкен кіріс әкеле алатын байлық, оны банк пайызын алу үшін ақшадай сақтаған дұрыс. Байлықты капиталға ай-налдыратын жағдай — оның пайыздан асып түсетін табыстылығы болып та-былады.

"Капитал - ақша мен төлемдік міндеттемеден тұратын "сатып алу күшінің қоры", — деп санайды Шумпетер. Ол қорға қоғамның прогрессивты дамуын қамтамасыз ететін өндіріс құралдары алынады. Егер басқаша жағдайда, экономикалық прогресс болмаса, капитал жоқ болса, яғни, онда ол өз функциясын орындамайды, өзін бейтарап ұстайды. Қазіргі экономикалық теория капиталды өндірістік тұтынуға арналған, адам еңбегімен жасалынған өндіріс құралы деп біледі. Ол жер, еңбек және кәсіпкерлік қабілеттермен қатар өндіріс процесі үшін қажетті фактор болып саналады.

Капитал құны былай түсіндіріледі: өзін өзі ақтау үшін жаңа капитал салымдарын әкелуге тиісті табыс. Капитал құны бизнеске салынған капитал сомасынан пайыздық мөлшерлеме түрінде көрінеді.

Әдетте капитал құны – альтернативті құн деп есептеледі. Капитал құнының қолданылу аясы – капитал салымдарының экономикалық тиімділігін бағалауда. Инвестиция тиімділігін бағалайтын дисконт мөлшерлемесі, бұл кәсіпорынға салынатын капитал құны. Осылайша, кәсіпорынның капитал құны – ақша жобасын жүзеге асыруда табыстылықтың минималды нормасы.

Капитал құнына қарсы міндетті пайда.

Капитал салымынан міндетті пайда, мысалы 10% десек, онда таза табыс ол көрсеткіштен асуы қажет. Басқа сөзбен айтқанда, 10% инвестициялаудың капитал құны болып саналады.

Мысал ретінде, қауіпсіз жобаның құнын бағалайық. Міндетті пайда нормасын қалай есептейміз? Қаржылық нарықта инвестициялаушының ағымдық мөлшерін білсек болғаны. Осылайша, қауіпсіз жобаның капитал құны қауіпсіз мөлшерлемеге тең.

Яғни, «міндетті пайда», «дисконттық мөлшерлеме», «капитал құны» терминдері бір бірімен тығыз байланысты. Капитал құны көбінесе капитал салымының тәуекелділігіне байланысты. Бұл жеке меншік компаниялардың негізгі принципі болып табылады.

Капитал құны ең алдымен займдарды қолданудың әдістеріне байланысты болады.

Көбінесе кәсіпкерлер осы ережені есте сақтамайды да қате пікірді ұстанады: капитал салымы ең алдымен осы капиталға қалай қол жеткізгеніне байланысты деп қателеседі.

## **9.2 Капитал құны туралы концепциялар компанияны қаржыландыру негіздері**

Капиталды басқару (баланс пассивімен) оның құнының бағасы көмегімен жүзеге асады.

**Капитал құны** – бұл түрлі қаржы көздерінен тартылған капитал үшін корпорация төлейтін баға. Мұндай бағаның концепциясы мынадан шығады: капитал өндіріс факторы ретінде корпоративті топтың ағымдық және инвестициялық шығын деңгейіне әсер ететін белгілі құнды білдіреді. Бұл концепция корпоративті қаржыны басқару жүйесіндегі анықтаушы болып табылады.

Шетел экономистері капитал құнын әрқалай түсіндіреді. Ф.Ли Ченг және Д.И. Финнерти бойынша, «капиталды тарту немесе капитал құнына ұсталымдардың бағасы – инвестициялық шешімдерді қабылдауда маңызды этап болып табылады. Бірақ ұсталымдардың бағасы өте маңызды, мысалы облигацияларды шығару, ғимараттарды жалға алу, инвестициялық стратегия таңдау т.б. Сонымен, қаржылық менеджменттің басты мақсаты компания құнының максимизациясы болып табылады, ал бұл мақсатқа жетудің әдістерінің бірі капиталды тартудағы ұсталымдарды азайту.»

Барлық капитал құнын немесе оның жеке элементтерін бағалауды капитал иесінің салық салымдарының табысын есепке ала отырып жасау қажет. Салық факторы талап етілетін табысқа да әсер етеді.

Капиталды құраушы элементтер капитал құрылымы немесе ақша құралдары арқылы есептеледі. *Ақша тұрғысынан* капитал элементтерін есептеу үшін қолданылады:

Қарыз және меншік капиталының баланыстық бағалануы. Бұл тәсіл екі негізгі кемшілікке ие: біріншіден, нарықтық бағаға сәйкессіздігі, екіншіден, жай және артықшылықты акцияларды капиталдың бір элементі ретінде қарастыруы;

Нарықтық бағалау. Капитал элементінің жартысы капитал элементінің нарықтық бағасын, жалпы нарықтық бағаға V бөлумен анықталады. Бұл тәсіл теориялық тұрғыдан дұрыс, бірақ нарықтық баға болмаған кезде баланстық мәндер қолданылады (әсіресе қарыз капиталы үшін).

*Капитал құрылымы* бойынша есептеу:

Нақты құрылымы бойынша, капитал элементтерінің нарықтық және баланстық мәндері негізінде.

Мақсатты құрылымы бойынша, алдағы даму перспективаларына болжам ретінде қарастырылады.

Капитал құнының орташа өлшем есебіне баланстың пассивінің барлық элементтері кірмейді: қысқа мерзімді міндеттемелер, банктік ссудалар.

Капитал құнын балаудың теориялық мәселелерін шешу ғылыми тұрғыдан ғана емес, тәжірибелік мақсаттар үшін де өте маңызды. Нақты айтқанда мыналар үшін: жеке меншік иелері, сатып алушылар, сатушылар, инвесторлар. Бағалаудың маңыздылығы компанияның қалыптасу этаптарында көптеген ерекшеліктерге ие. Маңызды этаптарға келесілер жатады:

- компанияны құру кезеңі;
- меншік иелерін ауыстыру сәттері;
- қайтақұрылым жасау кезеңі;
- бизнес ауқымын кеңейту немесе азайту бойынша шешімдер қабылдау үрдісі;
- компанияның қайтақұрылу немесе ликвидациялау кезеңі.

Әлемдік тәжірибеде бағалауға түрлі көзқарастар бар. Ескере кету қажет, қазақстандық компанияларға бағалау жұмыстары жүргізілгенде капитал құнын толық, объективті бағалау жүзеге асырылады.

90-жылдардың басында, отандық тәжірибеде нарықтық экономикаға өтумен байланысты, мемлекет меншігіне алынатын объектілерді жекешелендіру бойынша бағалау жүргізу қажет болды.

Шетелдердегі теориялар бойынша капитал құнын бағалаудың әлемдік тарихы бар. Нарықтық құн бойынша кәсіпорынның сарапшылық бағалау ережелері XXIII ғасырда белгілі неміс математигі Г. Лейбницпен жасалды. Бұл жерде капитал құнын бағалау бухгалтерлік есеп әдісі ретінде баяндалды, және оның іс жүзінде қолданылуы XVI ғасырда Л. Пачоли мен А. Ди Пиетро еңбектерінде жазылды. Шетелдердегі дәстүр бойынша жүргізілген әдістерді қазіргі тәжірибеде әбден қолдануға болады.

Қазіргі ресейлік әдебиетте мүлікке баға беру мен оны жүргізу туралы сұрақтарда дуализм орын алады. Мысалы, В. Григорьев және И. Островкин былай деп санайды: «Бағалау – бұл объектінің құнын анықтау үрдісі» /7/. Орыстың «бағалау» деген сөзі объектінің құнын емес, бағасын білдіреді, себебі «баға» және «құн» бір біріне адекватты емес ұғымдар. «Баға» деген объектіні жүзеге асыру барысында жеке меншік иесі алатынын көрсетеді, ал «құн» объектіге кеткен шығынды білдіреді.

«Баға» сөзіндегі кейбір түсініспеушіліктер кездеседі. Мысалы, ағылшын тілінде баға деген келесі мағыналарды білдіреді: бағалар, құн, объектінің сандық және сапалық көрсеткіштері. Яғни, бұл сөздердің диалектикалық ортақ бірлігі бар. Сондықтан «баға» терминін бағлау деп қана түсінбей, объектінің құнын білдіретінін білген жөн.

Бағалаудың практикада кең қолданылуы орын алып отыр, ол көптеген объектер мен мақсаттар үшін қолданылады.

Әр объектіге сәйкес бағалауда келесі қажеттіліктер пайда болады: толық қалыптастырылған құн, негізделген нарықтық құн, ликвидация құны, утилизация құны.

Объектінің құнына көптеген жағдайлар әсер етеді, көбінесе: бағалаудың ақпаратын қолданушылардың қызығушылығы, уақытқа байланысты ақша құнының өзгеруі. Мысалы, қолданылу тиімділігіне байланысты объектіні меңгеру түрлі жағдайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда сатып алушы объектінің пайдалылығын, құнын, болашақта табыс әкелу мүмкіндігін қарастырады.

Компания капитал өсуін және объектіні алғандағы факторлардың өзгеру пропорционалдығын көздейді.

Қаржылық талдау сұрақтары қарастырылатын әдебиеттерде әдістерді классификациялауға көп мән беріледі. Мысалы, С. Хансон Уилсон әдістердің үш тобына үлкен мән береді: шығындырды өтеу әдісі, нарықтық және салыстырмалы құн әдісі, болашақ пайданы бағалау әдісі.

Арнайы әдебиеттерде, бұдан да көп классификацияларды кездестіруге болады. Мысалы өз жұмысында В. Григорьев пен И. Островкин үш әдісті қолдана отырып, мүлікті бағалауды ұсынады: мүліктік, пайдалылық және салыстырмалы /7/. Мүліктік көзқарасқа мыналар жатады: активтерді жинау, баланстық құн, шығындарды өтеу әдісі, ликвидациялық құн әдісі. Пайдалылық принципі: пайданы капиталдандыру әдісі; ақша ағынын дисконттау әдісі. Салыстырмалы принципке: сату келісімдерінің талдауы, сала коэффициенттерінің әдісі.

### **9.3 Капитал құнының түрлері: ішкі, нарықтық, баланстық, жою, инвестициялық құны**

Теориялық зерттеу мен тәжірибелік жалпылау бойынша келесі әдістер қорытындыланды:

- Өткізу уақытына қарай.
- Бағалау ақпаратының тұтынушылары бойынша.
- Капиталдың функциялану үрдісі бойынша.


Осы және басқа да ғылыми әдебиеттердегі ақпараттарға сүйене отырып, келесідей бағалаудың түрлерін алдық: есептік (бухгалтерлік), қаржылық (бюджеттік), нарықтық (маркетингтік) әдістер.

Төменде осы әдістерді толығырақ қарастырайық:

**Есептік әдісте**, ереже бойынша, капитал құнының тарихи және ағымдық бағасы есептеледі: өзіндік құн, қалыптасқан құн, ағымдағы нарықтық құн, ликвидациялық құн.

**Маркетингтік (нарықтық) әдіске** объектінің ағымдық және болашақ құны қолданылады. Олар келесілерді қолдануға негізделеді: капитал нарығы әдісі, сату анализі, сала коэффициенттері әдісі.

**Қаржылық бағалау** объектінің болашақ құнына негізделеді: пайданың капиталдануы, ақша ағымдарының дисконтталу әдісі.



Сурет 12 - Компания капиталын бағалау әдістерінің классификациясы

Қолданылатын ақпараттық базаға байланысты капитал құнын анықтаудағы түрлі бағыттарды 20 - кестеде берілген әдістермен классификациялауға болады.



Кесте 20- Капиталдың нарықтық құнын бағалау модельдері

Көзқарас	Әдістер
Активтер тұрғысынан (мүліктік көзқарас)	Материалды активтердің таза баланстық құны
	Материалды активтердің таза нарықтық құны
	Қайтақалыптастыру құнын бағалау
	Ликвидациялық құнды бағалау
Нарықтық ақпараттар талдауы мен компания-аналог әдісі	Капитал нарығы әдісі
	Сату келісімдері әдісі
	Салалық коэффициенттер әдісі
«Қолма қол ақша ағымы» тұрғысынан көзқарас (табыстылық көзқарасы)	Нормаланған табыс капиталдануының әдісі
	Болашақ ақша ағындарының дисконтталу әдісі

**Активтер тұрғысынан және мүліктік көзқарас, немесе активтерді жинау көзқарасы** келесі баланстық әдістерді қамтиды: материалды активтердің таза баланстық құны, материалды активтердің таза нарықтық құны, қайтақалыптастыру құнын бағалау, ликвидациялық құнды бағалау. Барлық баланстық әдістер нақты бухгалтерлік есептемеден «қашады». Барлық **баланстық әдістер** бойынша, баланста көрсетілген меншікті капитал, компанияның барлық активтері мен пассивтері арасындағы айырмашылық ретінде қарастырылады. Бұл көрсеткішті компанияның меншікті капиталының баланстық құны деп атауға болады. *Таза баланстық әдісті* қолдану бойынша компанияның баланстық құнынан материалдық активтер құны шегеріледі. Бұл әдістің кемшілігі – материалдық активтердің нарықтық құнын ескермеу және материалды емес активтердің кейбір кемшіліктерін – қарапайымдылығын елемеу /9/. *Материалды активтердің таза нарықтық құны* әдісі материалдық активтерді нарықтық көрсеткіштерге сай дұрыстауды білдіреді. Ең алдымен инфляцияның әсер етуі ескеріле отырып дұрысталады. Содан кейін арнайы нарықтық көрсеткіштер ескеріледі. Дұрысталған баланстық құн жай ғана бухгалтерлік құжаттарға негізделген баланстық құнға қарағанда әлдеқайда тиімдірек. Осы екі әдісті қолдану компанияға дұрыс шешім жасауға ықпал етеді.

*Шығындарды өтеу құнын бағалау* кезінде компания бизнестің пайдалылығын қарастырады. Қайтақалыптастыру құнын бағалауда шығындардан арылып, қайта қалыптасады.

*Ликвидациялық құнды бағалау* компанияның ликвидациясы кезінде қолданылады. Компания өз қызметін тоқтатып, акцияларын сатады. Ликвидациялық құн өзінің активтерін сатқаннан алатын ақшалай сома. Көптеген бағалаушылардың ойынша ликвидациялық құнның болуы дұрыс емес

деп санайды, себебі оның нәтижелері бизнестің құнын есептеуде күмән келтіртеді.

Салыстырмалы көзқарас өзіне капитал нарығын, сату келісімі әдісін және салалық коэффициенттер әдісін кіріктіреді.

Капитал нарығы әдісі түрлі мультипликаторлар арқылы жүзеге асады. Акцияның нарықтық бағасының таза табысқа немесе ағымдық ақша ағынына, материалды активтердің баланстық құнына, таза ақша ағынына, жүзеге асырудан түскен пайдаға, меншікті капиталға қатынасы болып табылады. Акцияның нарықтық құны әрбір компания үшін маңызды көрсеткіш. Дж. Ван Хорн атап көрсеткендей: «компанияның нағыз құнын бағалау кезінде инвесторлар акциялардың бағасына назар аударады, себебі ол компанияның әлеуетті табысын көрсетеді». Бұл әдістің кемшілігіне компанияларды бағалау күрделілігі және мультипликаторлардың көптігі /11/. Әдістің қарапайымдылығы ең басты артықшылығы болып табылады.

*Сату келісімі әдісі* компанияның көптеген активтерінің құнын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдістің мәні бағаланушы компанияның құны сатылу бағасын білдіреді.

*Салалық коэффициенті* әдісі салалық, тұрақты мультипликаторларды білдіреді. Дамыған экономика жағдайында салалар бойынша мәліметтер сауда ассоциацияларында, компания иелерінде арнайы бұқаралық ақпарат құралдарында шығарылады.

**«Қолма қол ақша ағыны»** немесе **«пайда ағыны»** тұрғысынан көзқарас екі негізгі әдіске сүйенеді: нормаланған табыстың капитализациясы, болашақ ақша ағындарының дисконтталуы. Таза табыстың капиталдану әдісі табыс ағынын анықтайды және капитализация нормасын қолдана отырып, оны ағымдық құнға айналдырады:  $құн = таза\ табыс / капитализация\ коэффициенті$ .

Таза табыс деген компанияның табатын пайдасы. Ал капитализация коэффициенті бағалау құнын беретін мөлшерлеме /13/. Сонымен қатар капитализация коэффициенті нарықтағы ағымдық жағдайды бейнелеуі қажет, яғни альтернативті инвестиция үшін нарықтық ақпараттар қолданылуы керек.

*Капитализация әдісін* әдетте болашақ табыстар ағымдыққа теңесетіні болжанатын болса, егер олардың қарқыны жоғары болып, табыс өсуі күтілетін жағдайда қолданылады.

Осы әдістің кемшілігіне қолданылуының тар шеңберін, барлық компаниялардың қолдану мүмкінсіздігін, ақпараттың жетіспеушілігін жатқызуға болады.

*Болашақ табысты дисконттау* әдісі шетелдік практикада көп таралған. Оның экономикалық мағынасы бағалау уақытына жеткізу деп түсіндіріледі. Бұл сонымен қатар компаниялар үшін инвестициялық жоба ретінде де қаралады. Себебі оның құны инвестициялық құнның таза дисконттық табысы ретінде саналады (NPV) /15/.

Бизнес құнын анықтау үрдісі ақша ағымының анықтамасына әкеледі, ереже бойынша жоба кезеңінде; болашақ түсімдердің құны анықталады. Ақша ағымдарының түрлері: меншікті капитал және қарызсыз негізде. Ақша ағымдары номиналды (инфляцияны қоса алады) және нақты (инфляциядан

тазартылған) болады. Дисконттау мөлшерлемесі ақша ағымының түріне байланысты, ең бастысы дисконт мөлшері ақша ағынына сәйкес болуы қажет. Меншікті капитал ақшалай ағыны жиі қолданылады. Осыған арналған дисконт мөлшері капиталды активтерді бағалау моделі бойынша анықталады (САРМ) немесе суммалау (қосу) әдісі. Екі әдіс те тәуекелсіз табыс мөлшерімен анықтауды негіздейді. Дегенмен, бұл әдіс табыс тәуекеліне әкеледі дейді, сондықтан мұқият қараған жөн.

Жоғарыда келтірілген салыстыруларға мынадай нәтиже жасауға болады: капиталды бағалау үшін компания түрлі мақсаттарға байланысты, бағалаудың ақпараттық мүмкіндіктерін қолданады, оның ішінде:

- Өзіндік құны бойынша – капиталдың қалыптасу көздері үшін.
- Ағымдық құн бойынша – капиталды функцияландырушы активтер үшін.
- Болашақ құны бойынша – капитал құнының табыстары және болжам құру шығындары үшін.

Қазіргі теорияларда қолданылатын барлық көзқарастар артықшылықтармен қатар кемшіліктерге де ие. Мысалы уақыт факторына назар аударылмайды, ал уақыт факторы объектінің өзгеруін анықтауда өте маңызды.

Қазақстандық компаниялардың көбінесе шығындарға ұшырауы біздің еліміздегі бағалық қызметтің тар шеңберде дамуынан болып отыр. Бизнесті бағалауға екі фактор әсер етеді: инфляциялық үрдістер және нарық конъюктурасының өзгеруі. Инфляция және құрылымдық өзгерістер отандық компаниялардың құнына, ең бастысы олардың негізгі құралдарының құнына ықпал етті. Бұл инфляция факторы 1992-1996 жылдары байқалды. Инфляцияның негативті факторларына қарсы соңғы кездері меншік формасына қарамастан негізгі қорлардың бағасын қайта қарастыру жүргізілуде. Ол Госкомстат негізінде жасалған қайта қалыптастыру стандарты және нарық құнын тікелей бағалаумен жүргізіледі.

Негізгі қорлардың қайта бағалануы шығындар көмегімен жүзеге асырылса, өте сәтті болмайды. Дегенмен, кәсіпқой бағалаушыларды тартумен компанияның нарықтық құнын анықтау, нақты нәтиже берер еті, бірақ бұл өте қиын және барлық компаниялардың мүмкіндігі бола бермейді.

Бизнесті бағалауға нарықтық құрылымдарды қолдану мүмкіндігі нарықтық толық дамымауымен және нарықтық ақпаратқа деген сенімсіздікпен шектеледі. Шынымен, қазіргі кезде компаниялардың акцияларын сатып алу арқылы жекешелендіру жүргізілуде, ал ереже бойынша, акционерлер мен еңбек ұжымының жұмыскерлері тарапынан төмен бағамен сатылуда.

Көп жағдайда акциялардың стратегиялық пакеттері аралас компаниялармен сатып алынатындықтан, акциялардың нарықтық құны тауар нарықтарына қарағанда пайдалы болады. Сонымен қатар, нарықтық әдістердің қолданылуы бағалауды қажет етпейтін жабық компаниялардың кесірінен қиынға соғады.

Қазақстанда талапқа сай келмейтін немесе ликвидті емес акционерлік қоғамдар жеткілікті. Оның барлығы елде бағалы қағаздар нарығының жеткілікті дамымауында. Шаруашылық ұйымдастырушы менеджменттен

қарағанда, корпоративті басқару меншіктердің қолында (акционерлер, инвесторлар) /16/.

Қазақстанда жекешелендірудің бастапқы этапында барлық бағалаулар Халықаралық талаптарға сай келмейтін бухгалтерлік есептемеге сүйенетін. Осылайша, бизнестің кәсіптік бағалануына өтпелі кезеңнің барлық жақтарын мұқият қарап, нарықтың даму бағытын зерттеу қажет болды.

Басқарушылық шешімдердің бағалауға әсер етуіне әлемдік тәжірибеде табыстылық (пайдалылық) принципін қолдану ұсынылады /17/. Осы принциптің қолданылу нәтиесін келесі кестеден көруге болады:

Кесте 21- Көзқарастарды (принциптерді) салыстыру талдауы

Көзқарастың сипаты	Көзқарастың аты		
	мүліктік	Салыстырмалы	табыстылық
Капитал құрылымын ескереді	+ -	+	+
Капитал құрылымының өзгеруін ескереді	-	+ -	+
Барлық болашақ табыстарды ескереді	-	+ -	+
Тәуекелдерді ескеруге мүмкіндік береді	-	+	+

Ескерту: + берілген сипатқа ие;

- берілген сипатқа сай келмейді;

+ - сипатқа сай келуі де, келмеуі де мүмкін

Берілген талдау нәтижесі бойынша капитал құрылымын ескеретін көзқарастың дұрыс екендігі дәлелденді.

Табыстылық принципі бойынша есептелеген компанияның құны жалты түрде мына формуламен анықталады:

$$Value = \sum \frac{C_I}{(1+r)^i} + \frac{V_{end}}{(1+r)^{n+1}} ; \quad (4.1)$$

Мұндағы:

Value – капитал құны;

$C_I$  - I уақыт аралығындағы еркін ақша ағымы;

$V_{end}$  – компания қызметін тоқтатқаннан кейінгі қалдық құны;

n – компания қызметінің мерзімі;

r – дисконттау мөлшерлемесі.

Егер компанияның ликвидациялық құны нөлге тең және әр жылғы ақша ағыны уақыт бойынша тура, тұрақты I қарқынымен өсіп отырады десек, онда бұл формуланы келесідей бейнелеуге болады (Гордон формуласы):

$$Value = \frac{C_I}{r - i} \quad (4.2)$$

#### 9.4 Компания капиталының құны мен құрылымының өзара байланысы. Леверидж

Егер корпорация өндірістік-сауда қызметінде меншікті және қарыздық капиталды бірдей қолданса, онда меншікті капитал табыстылығын банк несиесін тарту есебінен өседі. Қаржылық менеджмент теориясында меншікті капитал табыстылығының қарыздық капиталды пайдалану есебінен өсімі *қаржылық тұтқа (леверидж) тиімділігі* деп аталады. Сонымен, *қаржылық леверидж* дегеніміз шаруашылық субъектінің табыстылығы (рентабельділігі) мен кредиторлық берешек арасындағы өзара байланыс.

Аталмыш параметрді сипаттамас бұрын «активтер табыстылығын» анықтап алу керек  $T_a$ :

$$T_a = T_T / A * 100\%$$

мұндағы  $T_T$  – табыс салығын төлеуге дейінгі табыс,

$A$  – есептегі кезеңдегі активтердің орташа құны.

Активтер табыстылығы – корпорациядағы өмірлік маңызы бар көрсеткіш.

Несиенің орташа есептік пайыздық мөлшерлемесі мына формуламен анықталады:

$$НОЕПМ = \dot{K}Ш_n / \dot{K}К * 100$$

мұндағы: НОЕПМ – несиенің орташа есептік пайыздық мөлшерлемесі,

$\dot{K}Ш_n$  – есептегі кезең ішіндегі алынған несиелер бойынша нақты қаржылық шығындар,

$\dot{K}К$  – есептегі кезеңде тартылған қарыздық қаражаттың жалпы сомасы.

Қаржылық тұтқа тиімділігін (ҚҚТ) есептейтін жалпы формула:

$$ҚҚТ = (1 - C_{nc}) * (T_a - СП) * ҚК / МК$$

мұндағы  $(1 - C_{nc})$  – салық корректоры (түзетуші),

$T_a$  – активтер табыстылығы,

НОЕПМ – несиенің орташа есептік пайыздық мөлшерлемесі,

$ҚК / МК$  – «қаржылық тұтқа иығы» немесе қаржылық тұтқа индексі (қарыз және меншікті капитал ара қатынасы) коэффициенті.

Салық корректоры салық салудың әртүрлі деңгейіне байланысты ҚТТ қандай дәрежеде байқалатынын көрсетеді. Ол кәсіпорын қызметіне тәуелді емес, өйткені табысқа салынатын салық мөлшерлемесі заңды түрде бекітіледі.

Қаржылық тұтқаны басқару процесінде дифференциалданған салық корректоры төмендегі жағдайларда қолданылуы мүмкін:

1.Егер кәсіпорын қызметінің әр түрі бойынша салық салудың дифференциалданған ставкасы бекітілсе;

2.Егер кәсіпорын қызметінің жеке түрлері бойынша табысқа салынатын салық жеңілдіктері қолданылса;

3.Егер кәсіпорынның кейбір еншілес фирмалары өз еліндегі табысқа салынатын салық жеңілдігі бар Еркін экономикалық аймақта (ЕЭА), сондай-ақ шетелдегі ЕЭА –та жүзеге асырса.

ҚТТ-нің екінші қаулысы – дифференциал. Дифференциалдың оң шамасы неғұрлым жоғары болса, ҚТТ-нің мәні де соғұрым салмақтырақ болады.

Бұл көрсеткіш динамикасы жоғары болатын қаржылық тұтқаны басқару процесінде үнемі мониторинг өткізіп тұруды қажет етеді.

ҚТТ-нің үшінші құраушысы – Қаржылық тұтқаның индексі (қарыз және меншікті капитал ара қатынасы коэффициенті (ҚК/МК)) қаржылық тұтқаның әсер ету күшін сипаттайды, қандай капиталдың (не қарыз капиталының, не меншікті капиталдың) жоғары екенін көрсетеді.

Есептеудің бұл тәсілі кәсіпорынға қарыздық қаражаттардың қауіпсіз көлемін анықтауға, яғни несие берудің мүмкіндігі бар жағдайларын анықтауға мүмкіншілік береді. Қаржылық тұтқаның тиімділігін анықтаудың бұл тұжырымдамасын Батыс Еуропа экономистері ұсынған. Ол Еуропаның Франция, Германия сияқты елдерінде кең қолданылады.

Осы қолайлы мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін дифференциал және қарыз коэффициенті арасындағы өзара байланыс пен қайшылықты анықтау қажет. Өйткені, баланс пассивінде қарыздық қаражат ұлғайған жағдайда қарызға қызмет көрсету бойынша қаржылық шығындар өседі, ол дифференциалдық оң мәнін азайтуға әкеліп соғады.

Қаржылық левериджге баға беру меншікті және ұзақ мерзімді тартылған қаржылық ресурстар арасындағы оңтайлы қатынасты анықтауға мүмкіндік береді. Қаржылық левериджге баға беру – табысқа салынатын салық ставкасы мен активтердің жалпы рентабельділігін ескере отырып, меншікті және қарыздық капитал қатынасын анықтау.

Қаржылық леверидж деңгейі компанияның қаржылық қатер дәрежесінде және акционерлер талап ететін пайда нормасына тікелей пропорционал әсер етеді. Төлейтін пайыз сомасы неғұрлым жоғары болса, таза табыс соғұрлым аз болады.

Сонымен, қарыздық капитал үлесі неғұрлым көбірек компания қаржылық леверидж деңгейі жоғары немесе қаржылық жағынан тәуелді компания, ал қызметін тек меншікті қаражаттар есебінен қаржыландыратын компания тәуелсіз компания деп аталады.

Өндірістік және қаржылық леверидж қосылса, өндірістік-қаржылық леверидж деген түсінікке тоғысады, « жиынтық (құрамдастырылған) тұтқа», «жиынтық тұтқаның (DTL) күші» деп аталады. Оның деңгейі (DTL) төмендегі көрсеткіш арқылы бағаланады:

$$DTL=DOL*DFL$$

мұндағы DOL - өндірістік леверидж, DFL – қаржылық леверидж.

Капитал ағымдағы және болашақ периодтағы оның иегерінің байлығының негізі ретінде көрініс табады. Капитал – фирманың нарықтық құнының маңызды өлшемі. Ең алдымен, бұл таза активтер көлемін анықтайтын жеке капиталға қатысты. Сонымен бірге, қолданылушы жеке капитал көлемі қосымша табыс әкелетін қарыз капиталын тарту параметрлерін сипаттайды.

Кәсіпорын капиталын бағалау бизнесті кешенді бағалаудың компоненті ретінде капиталдың тарихи құнын анықтауға, оның ағымдағы құнын есептеуге және капиталдың болашақ құнын анықтауға негізделуі тиіс.

**Талқылауға, талдауға арналған сұрақтар:**

1. Капитал бағасы мен құрылымы
2. Капитал құнының түрлері
3. Капитал құнын бағалау әдістері
4. Қаржылық тұтқа тиімділігіне анықтама беріңіз.
5. Қаржылық левиридж қалай есептеледі?

**СӨЖ тапсырмасы:**

1. Бір кәсіпорын мысалында қаржылық левиридждің оның қызметінде алатын орны туралы баяндаңыз.
2. Компания капиталының құнын, компанияның құнын анықтауға мысал келтіріңіз.

## Х БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

### 10.1 Қаржылық жоспарлаудың мәселелері мен қағидаттары. Қаржылық жоспарды құрудың, қарастырудың, бекітудің реті

Кәсіпорындағы қаржылық басқарудың тиімділігі тек осы жағдайларда ғана мүмкін болады: қаржылық ресурстар, олардың көздері, шаруашылық субъектілер қарым-қатынасы кезінде.

*Жоспарлау* – бұл зерттеме мен сандық және сапалық білдіру мақсатты орнатуларды қабылдау, сонымен қатар ең тиімді жетістіктерінің жолдарын анықтау.

Кәсіпорындардағы қаржылық жоспарлау бұрыннан бері іске асырылып келе жатыр.

Әрбір нарықтық экономика күрделі және ұйымдасқан әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде сапалы қаржылық жоспарлауды қажет етеді. Әрбір кәсіпорын кері салдар кезінде қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты жауапкершілігі болады.

Қаржылық жоспарлауды жүргізген кезде осындай факторларды қарастыруға болады:

1 Кәсіпорынның шамалы бөлігі.

2 Мемлекеттік бизнестің тиімді құқықтық- нормативтік базасының болмауы.

Тиімді қаржылық жоспарлаудың жүзеге асырылуында үлкен компаниялардың мүмкіндіктері көп болады. Оларда көптеген қаржы-қаражаттары болады. Осы қаржылар арқылы олар жоғары білікті мамандарды өзіне тарта алады.

Шағын компанияларда мұндай мүмкіндіктер бола бермейді. Олардың қаржы-қаражаттары жетіспейді. Бірақ та шағын компаниялар ірі компанияларға қарағанда қаржылық жоспарлауды көп қажет етеді.

Шаруашылық субъектіге байланысты **қаржылық жоспарлаудың маңызы мен мәні** мыналар болып табылады:

- стратегиялық мақсаттарды қаржылық көрсеткіштердің нақты формаларын іске асырады;

- қаржылық ресурстармен қамтамасыз етеді;

- бәсекелестік кезінде кәсіпорын жобасының өмірге деген қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді;

- сыртқы инвесторлардан қаржылық көмектерді алуға құрал ретінде қызмет етеді.

Жоспарлау бір жағынан қаржы облысындағы қате іс-әрекеттермен байланысты, ал екінші жағынан – пайдаланылмаған мүмкіндіктердің азайған санымен тікелей байланысты болады.

Кәсіпорындардағы **қаржылық жоспарлаудың негізгі міндеттеріне** мыналар жатады:

- өндірістік, инвестициялық және қаржылық ісіндегі керекті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету;



- капиталға деген тиімді салымдарының жодарын анықтау және оның рационалды падалануының сатысын бағалау;
- бюджетпен, банктермен және контрагенттермен рационалды қаржылық қатынастардың орнатылуы;
- акционерлер және басқа да инвесторлардың қызығушылықтарын сақтау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайын, төлемқабілеттілігін және несиеқабілеттілігін бақылау.

Жалпы қаржылық жоспар қаржылық ресурстармен қамтамасыз етеді және кәсіпорын экономикасына қатты әсер етеді.

**Қаржылық жоспар құру қағидаттары:**

1 Кәсіпорындағы бүкіл қаржылық жоспарлар бір-бірімен тығыз болуы қажет және бір жүйені құру қажет;

2 жүйенің үзіліссіздігі;

3 меншік иесі негізгі тұлға қандай да болмасын шешім қабылданғанда бір бастаушылық;

4 қаржылық жоспарлардың мәліметі коммерциялық құпия және есептеулермен қатысты барлық ақпарат, тек ішкі қолдануға арналған. Бизнес жоспардың бірінші кезеңі-қаржылық жоспар (кәсіпорын қаржылық ресурстарының жоспары) одан кейін өндіріс, жабдықтау, өткізу, 12, б. 123/Сонымен қаржылық жоспар аяқтаушы кезең болып табылады;

5 ғылымилық қағидалары;

6 нарық сұранысына сай болу, яғни нарық конъюктурасын есепке алу, төлем қабылетті сұранысты ұйымдастыра білу;

7 қаражатты қолдану және алу мерзімдерінің сай келуі;

8 шығындардың жоспардан асып кетуінемесе жоспарлы өткізуді орындамаған жағдайда маневрлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

9 тиімділікті қамтамасыз ету. Жаңа инвестицияға капитал салғанда үлкен көлемде қайтарымды болуы (керек), нақты кезеңмен салыстырғанда;

10 инвестицияларды шығындарды қаржыландырудың арзан әдісімен қамтамасыз ету керек, яғни меншікті капитал, бюджеттік ассигнациялар арқылы;

11 кәсіпорынның төлем қабілетінің әр кезеңде, әр уақытта қамтамасыз ету, қаржылық жоспардың негізі -өзін-өзі қамтамасыз ету қағидаты

**Қаржылық жоспарлау тәжірибесінде келесі әдістер қолданылады:** экономикалық талдау әдісі, нормативтік әдіс, баланстық есеп әдісі, ақша ағыны әдісі, көпварианттылық әдісі, экономикалық-математикалық модельдеу әдісі.

- *Экономикалық талдау әдісі* – ол негізгі заңнаманы, натуралды және бағалы көрсеткіштердің қозғалу тенденцияларын және кәсіпорынның ішкі резервтерін анықтауға мүмкіндік береді.

- *Нормативтік әдістің* мәні мынау болып табылады – қаржылық ресурстар мен көрсеткіштеріндегі шаруашылық субъектілердің тұтынуы орнатылған нормалар мен техникалық-экономикалық нормативтерге байланысты болады. Бұл нормативтерге мыналар жатады: салықтар мен алымдар мөлшерлемелері, амортизациялық аударымдардың нормалары және т.б. Сонымен қатар, шаруашылық субъектінің нормативтері де қолданылады. Соңғы әдістер, соның

ішінде стандарт-кост және маржинал-костинг ішкі шаруашылық нормалардың қолданылуына негізделеді.

- *Баланстық есеп әдісі* қаражаттардың болашақтағы тұтынуын анықтайды. Көбінесе мерзімнің таңдалуына үлкен назар аударылуы керек: ол кәсіпорынның қалыпты пайдаланылуының кезеңіне сәйкес келуі тиіс.

- *Ақшалар ағыны әдісі* әмбебап мінездемеге негізделген. Бұл әдіс қаржылық жоспарлар құруға және қажетті қаржылық ресурстардың келу мерзімін және өлшемді болжамдауға арналған құрал ретінде қызмет етеді. Бұл әдіс баланстық смета әдісіне қарағанда көбірек ақпарат береді.

- *Есептің көпварианттылық әдісі* жоспарлы есептің альтернативті варианты зерттемесінен тұрады. Бұл ең жақсысын таңдауға көмектеседі. Соның ішінде, критерийлер әр түрлі болуы мүмкін.

- *Экономикалық-математикалық модельдеу әдісі* – қаржылық көрсеткіштер мен негізгі факторлар арасындағы қарым-қатынастың тығыздығын сандық жағынан көрсетуге мүмкіндік береді.

Қаржылық жоспарлау бірнеше кезеңдерді қамтиды:

Бірінші кезең: өткен жылдың қаржылық көрсеткіштерінің сараптамасы жасалады, бұл үшін арнайы қаржылық құжаттар қолданылады: бугалтерлік баланс, пайда және шығын есебі, ақша қаражаттарының қозғалысының есебі.

Екінші кезең: болжамдық құжаттарды құруды қарастырады, яғни болжамдық баланс, пайда және шығын есебі, ақша қаражатының қозғалысы, бұлар ұзақ мерзімді жоспарға кіреді және ғылыми анықталған кәсіпорынның бизнес жоспарының құрамына енеді.

Үшінші кезең: ағымдық қаржылық жоспар құру арқылы болжамдық құжаттық көрсеткіштері анықталады.

Төртінші кезең: оперативтік қаржылық жоспарлау жүзеге асады.

Қаржылық жоспарлау процесі жоспарларды қолданысқа енгізу және оның орындалуын қадағалаумен анықталады.

Қаржылық жоспарды *перспективтік, ағымдық, оперативтік* деп бөлуге болады.

## **10.2 Өндірістік жоспар көрсеткіштерімен қаржылық жоспарлаудың өзара байланысы**

Кәсіпорын қызметін тиімді басқарудың шешуші шарты ретінде фирманың *ішкі қаржы жоспарларының* да мәні арта түсті. Қазіргі кезде көптеген фирмалар, акционерлік қоғамдар және басқа кәсіпорындар қаржылық жоспарлауда да жалпы дүниежүзілік стандарттарға көше бастады. Әңгіме барлық белгіленетін шараларды қаржымен қамтамасыз етуде маңызды орын алатын бизнес – жоспар жасау туралы болып отыр. Осы мақсатпен қаржы жоспары және қаржыландырудың стратегиясы жасалынады.

*Бизнес-жоспар* – бұл кәсіпкерлік қызметтің техникалық-экономикалық негізінде сайма-сай болатын құжат. Ол мемлекеттік кәсіпорындардың экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларына қарағанда жекеше кәсіпорындар қатынастарының барлық жақтарын анағұрлым толық қамтиды.

Бизнес-жоспар өнімінің немесе қызметтер көрсетудің, ерекшеліктерін, олардың бәсекелестік қабілетін, өтім рыногын бағалауды (рынок болжамы), маркетинг стратегиясын, өндірістік, ұйымдық және заңдық жоспарларды, тәуекелдікті бағалауды және сақтандыруды сипаттайтын бөлімдерді қамтиды.

Қаржы бизнес-жоспары бірқатар кестелер мен баланстарды - өнім өткізудің болжамын, табыстар мен шығыстардың кестесін, ақшалай шығыстар мен кірістердің балансын кіріктіреді. Кейбір кәсіпорындар активтер мен пассивтердің балансын және графигін (залалсыздыққа жетудің есеп-қисабын) қосымша жасайды.

Сөйтіп, нарықтық ортада қаржылық жоспарлау анағұрлым жоғары сапалық деңгейде жүзеге асырылады және ғылыми әдістерді, қазіргі заманғы техникалық құралдарды және берік ақпараттық базаны пайдалана отырып бұл процесті жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа нысандарымен және әдістермен молаяды.

Ағымдағы қызметті жоспарлаудың ерекшелігі - өзара байланысты операциялық және болжамдық бюджеттер жүйесін білдіретін бас бюджетті құруда; ұзақ- және қысқа мерзімде ондай бюджет құру *бюджет дайындау* деп аталады. Бюджетті дайындау өз ішінен блоктарға бөлінеді.

Блок 1. *Сату бюджеті*. Бұл блоктың мақсаты - сату көлемін  $S_b$  толығымен есептеу. Компанияның даму стратегиясы, оның өндірістік қуаты мен сату нарығының сыйымдылығына қатысты болжамдарға байланысты потенциал сатылатын өнімдер көлемі  $Q_k$  (натурал бірлікпен өрнектеледі) анықталады. Сату көлемін құндық түрде өрнектеу үшін болжамдық сату бағалары  $p_k$  қолданылады.

Есеп өнімнің негізгі түрлері бойынша жүргізіледі. Базалық алгоритм теңдеуі төмендегідей:

$$Q_p = Q_s + FGe = Q_n - FGs$$

мұндағы:

$Q_s$ - сату көлемінің болжамы,

$FGe$  - жоспарланған кезең аяғындағы мақсатты қалдық,

$FGs$ - жоспарланған кезең басындағы өнім қалдығы,

$Q_n$ - кезең бойынша дайын өнімге жалпы қажеттілік,

$Q_p$ - қарастырылып отырған кезеңдегі өндіріс көлемінің болжамы.

Блок 2. *Өндіріс бюджеті*. Бұл блоктың мақсаты - өткен блок нәтижелері және өндірілген, бірақ сатылмаған өнімнің мақсатты қалдықтарын ( өнім қоры) есептеу негізінде өндіріс көлемін болжау. Өнімнің әр түрі үшін есептеу алгоритмі натурал бірлікпен жүргізіледі.

Блок 3. *Шикізат пен материалдардың тікелей шығындары бюджеті* өндіріс көлемі ( алдыңғы блок), өндірілген өнім бірлігіне жұмсалатын шикізат шығындарының нормативі, кезеңнің басы мен аяғындағы шикізаттың мақсаттық қоры туралы мәліметтер мақсатында жасалады. Мұнда шикізат пен материалдарға қажеттілік, сатып алу көлемі мен тұтыну шығындарының жалпы мөлшері анықталады. Мәліметтер натуралы бірлікпен де, ақшамен де өрнектеледі.

Блок 4. *Тікелей еңбек шығындары бюджеті*. Бұл блоктың мақсаты - тікелей өндіріске қатысатын еңбек ресурстарын тартудың жалпы шығындарын есептеу

(құнымен өрнектеледі). Мұнда мәліметтер ретінде екінші блоктағы өндіріс көлемі туралы есеп нәтижелері алынады. Есептеу алгоритміне көптеген факторлар ықпал етеді, оған еңбекті нормалар және жұмысшылар жалықысын төлеу жүйесі де бар. Дербес жағдайда егер белгілі өнімді немес оның құраушысын өндірудің сағатпен бекітілген нормативі, сағат ішіндегі тарифтік ставка белгіленсе, еңбектің тікелей шығындарын есептеуге болады.

Блок 5. *Айнымалы үстеме шығындар бюджеті.* Мұнда есептеу алгоритмі компанияда қабылданған базалық көрсеткіштерге (өндіріс көлемі, сағатпен есептелген тікелей еңбек шығындары, т.б.) байланысты үстеме шығындар статьялары (амортизация, электроэнергия, сақтандыру, басқадай жалпы цех шығындары, т.б.) бойынша жүріледі

Блок 6. *Шикізат, дайын өнім қорының бюджеті.* Мұнда есеп жүргізуге қажет мәліметтерге натурал бірлікпен алынған дайын өнім, шикізат пен материалдар қорының мақсатты қалдықтары (2 және 3 блоктар), шикізат пен материалдардың бірлігіне белгіленген бағалар туралы мәліметтер, сондай-ақ, дайын өнімнің өзіндік құны туралы мәліметтер жатады.

Блок 7. *Басқару және коммерциялық шығындар бюджеті.* Мұнда жалпы заводтық (тұрақты) үстеме шығындардың болжамдық бағасы есептеледі. Шығындардың статьялық құрамы әртүрлі факторларға сай, оның ішінде компания қызметінің ерекшелігіне де сай анықталады.

Блок 8. *Өткізілген өнімнің өзіндік құнының бюджеті.* Мұнда компанияда қабылданған өзіндік құн есептеу әдістемесі негізіндегі алгоритмді пайдалану арқылы өткен блоктар мәліметтері арқылы есеп жүріледі.

Блок 9. *Болжамдық баланс.* Мұнда негізгі баланстық статьялар (ақша қаражаттары, дебиторлық берешек, қорлар, айналымнан тыс активтер, кредиторлық берешек, ұзақ мерзімді пассивтер, т.б.) бойынша қалдықтарды болжау қажет. Әр топталған баланстық өзінше мини-баланс болып саналатын стандарт алгоритм бойынша бағаланады.

Блок 10. *Пайда мен залал туралы болжамдық есеп.* Мұнда өнім өткізу көлемінің болжамдық мәндерін, өткізілген өнімнің өзіндік құнын, коммерциялық және басқару шығындарын, қаржылық сипаттағы шығындарды (ссудалар және займалар бойынша төленетін пайыздар), төленетін салықтарды және т.б. есептеу қажет. Мәліметтердің көп бөлігі операциялық бюджетті құру барысында қалыптасады. Салық және басқадай міндетті төлемдер мөлшерін орташа пайыз бойынша есептеуге болады.

Блок 11. *Ақшалай қаражаттар бюджеті.* Бұл форманың болжамдық нұсқасы нұсқасы әртүрлі әдіспен есептелуі мүмкін. Бюджет дайындау шеңберінде ұзақ мерзімге болжамдық есеп жасау кез-келген компанияның қаржылық қызметінің бөлінбес бөлшегі болып саналады.

### 10.3 Стратегиялық, ағымдағы және оперативтік қаржылық жоспар. Перспективалық және қысқамерзімдік қаржылық жоспарлау

Қаржылық жоспарды *перспективтік, ағымдық, оперативтік* деп бөлуге болады.

Қаржылық жоспарлаудың перспективасы негізгі көрсеткіштерді анықтайды, өндірістің кеңейуінің ырғағын және пропорциясын бұл ұйымның (кәсіпорынның) мақсаттарын іске асырудың негізгі формасы болып табылады. Қазіргі заманғы қаржылық жоспарлаудың келешегі бір жылдан үш жылға дейінгі кезеңді қамтиды, бірақ та бұл кезең шартты, себебі экономикалық тұрақтылық және қаржылық ресурстардың көлемін болжамдау мүмкіндігі мен олардың қолдану бағыттарына байланысты болады. Жоспарлаудың перспективасы ұйымның қаржылық стратегиясын өңдеу және қаржылық қызметті болжамдауды білдіреді.

Қаржылық стратегияны өңдеу қаржылық жоспарлаудың үлкен бөлігін өзіне қосады, себебі ол экономикалық дамудың жалпы стратегиясының маңызды бөлігі болғандықтан, ол жалпы стратегияның мақсаттары мен бағыттарымен келісуі керек. Қаржылық стратегия кәсіпорынның жалпы стратегиясына өз ықпалын тигізеді. Қаржылық нарықта жағдайдың өзгеруі қаржылық стратегияның сонымен бірге шаруашылық жүргізуші субъектінің жалпы стратегиясының өзгеруіне ықпалын тигізеді.

Қаржылық стратегия қаржылық қызметтің ұзақ мерзімді мақсаттарды және оларға жетудің жолдарын анықтайды. Қаржылық стратегияның мақсаттары дамудың жалпы стратегиясына бағынып және кәсіпорынның нарықтық құнын максималдауға бағытталуы қажет. Қаржылық стратегияны өндегендегі маңызды сәт оның кезеңдерін іске асыруды анықтау болып табылады. Оған көптеген факторлар ісер етеді:

- макроэкономикалық процестердің динамикасы;
- отандық қаржылық нарықты дамыту тенденциялары;
- кәсіпорынның керек-жарақ саласы және өндірістік қызметтің спецификасы.

Қаржылық стратегияның негізі ұйымның қаржылық саясаты болып табылады. Ол қаржылық қызметтің негізгі бағыттарына бағытталады: салықтық, амортизациялық, дивидендтік, эмиссиялық. Қаржылық стратегияның қалыптасуында тәуекелдер факторын есептеу маңызды болып табылады.

Перспективалық қаржылық жоспарлаудың қорытындысы үш қаржылық болжамдық-құжаттарды өңдеу болып табылады:

- пайда мен шығын туралы есеп;
- ақшалай қаражаттардың қозғалысы;
- бухгалтерлік баланс.

Пайда мен шығынның есебін болжамдаудың көмегімен болашақ кезеңдегі алынатын пайда анықталады.

Пайда мен шығындардың есебін болжамдау келесілерден тұрады:

1. өнімдерді өткізуден түскен түсім (ҚҚС мен акциздерді қоспағанда);
2. өнімдерді өткізудегі өзіндік құн;

3. коммерциялық шығыстар;
4. басқарушылық шығындар;
5. өткізуден түскен пайда пайда (шығын);
6. алынатын пайыздар;
7. төленетін пайыздар;
8. басқа өндірістен түскен табыстар;
9. басқа операциялық табыстар;
10. басқа операциялық шығындар;
11. қаржылық-шаруашылық қызметтен түскен пайда (шығын)
12. басқа өткізуден тыс табыстар;
13. басқа өткізуден тыс шығындар;
14. жоспарлық кезеңдегі пайда (шығын);
15. пайдаға салық;
16. жоспарлы кезеңдегі бөлінбеген пайда(шығын).

Перспективті қаржылық жоспарлау кәсіпорынның кеңейтілген өндірістің пропорционалын, көрсеткіштік және темпін анықтайды, ол бір жылдан үш жылға дейін жасалады. Перспективті жоспарлау қаржылық стратегияны жасау және қаржылық қызметтерді болжамдауды қосады.

Кәсіпорынның ұзақ мерзімді бағдарламалары және мақсаты стратегиялық жоспарларды қарастырады. Қаржылық стратегиялық негізінде кәсіпорынның қаржылық қызметінің бағыты бойынша қаржылық саясат таңдалады. Салықтық, амортизациялық, дивиденттік, эмиссиялық және т.б.

Перспективті жоспарлау негізін болжамдар құрайды, яғни ол компанияның нарықтағы стратегиясының бейнесінде болады. Болжам (грекше-алдын-алу) кәсіпорынның мүмкін қаржылық жағдайын ұзақ перспективаға зерттеу.

Болжамдау жоспарлаумен салыстырғанда жоспарды жүзеге асыру оның міндеті болып табылады, өйткені оның міндеті мүмкін өзгерістердің алдын-алу.

Перспективті қаржылық жоспардың нәтижесі, ол негізгі қаржылық құжаттарды дайындау болып табылады:

1. пайда және шығыс есебінің болжамы;
2. ақша қаражатының қозғалысының болжамы;
3. бұғалтерлік баланс болжамы.

Ағымдық қаражаттылық жоспарлау жүзеге асатын жоспарлау болып табылады, ол перспективті жоспардың құрамдас бөлігі болып табылады және оның көрсеткішін нақтылайды.

Ағымдық жоспарлау 3 құжаттан жасалады, пайда және шығын есептемесінің жоспары, бұғалтерлік баланс жоспары.

Ағымдық жоспарларды бір жылға жасайды. Жылдық қаржылық жоспар кварталдық және айлық болып бөлінеді, өйткені жыл ішінде ақшаға қажеттілік өзгеріп тұрады.

Қаржылық жоспарды жасау мерзіміне байланысты ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

Ұзақ мерзімді 10 жылдан 25 жылға дейін.

Орта мерзімді осы кездерге дейін 5жылға бодатын ұзақтығы, қазір сыртқы ортаның талаптарының өзгерісіне байланысты 3-ға қысқартылды.Қысқа мерзімді көбіне 1-жылдық,сирек 2 жылдық болады.Бұл жоспар ресурстарын нақты қолдану тәсілдерін қарастырады,ұзақ және орта мерзімді жоспарлауда қарастырылған мақсаттар,орындау үшін.Ұзақ және орта мерзімді жоспар бір-біріне қарама-қарсы келмейді,өйткені олар бір-бірін жалғастырушы.

Қаржылық жоспарды жасау және ұйымдастыру кәсіпорын қызметкерлерінің сауатты жүргізілген кепілі.Ол тек қана кәсіпорын жұмысының шығынсыздығы үшін ғана емес, заман талабына сай өзіне бейімделгіш қойылған мақсаттың масштабына байланысты,тактикалық және *оперативтік* қаржылық жоспар болып бөлінеді.

Стратегия грек термині, бастапқыда әскери салада қолданған. Кәсіпорын масштабында стратегиялық жоспарлау жағдайдың қаржылық анализі нәтижесі және сыртқы ортаның өзгеру болжамы,белгілі кезеңге қаржылық қызметтің стратегиясы.

Стратегиялық жоспар-бұл жай ғана ойдағы мақсаттар және оны жүзеге асырудың ыңғайлы әдістері емес.Ойдағыны шынайы қабылдау стратегия болып табылады.

Стратегиялық жоспар- бұл дер кезінде сыртқы және ішкі жағдайға әсер ету.Көп кәсіпорындар белгісіз жағдайда жұмыс істейді, сондықтан да орта мерзімді,кейде қысқа мерзімді қаржылық жоспарлау қолданады.

Стратегиялық жоспарлау дамудың бағыттаушы функциясы болып табылады және глобальді идеясын қосады. Анықтамалық қаржылық стратегия тактикалы жоспарды жасау арқылы жүзеге асады,ол болса оперативті жоспарлау арқылы жүзеге асады.Термин «тактика» грек сөзі,бұл да басында әскери салада қолданған,алға қойылған мақсаттарға жету үшін құралдар және күштермен маневр жасауды білдіреді.Анықтамалық қаржылық жоспарда тактикалық жоспарлау стратегиялық мақсаттарға жету үшін ұйымдасқан ресурстарын орналастыруды білдіреді.Ақпараттық қаржылық жоспарды тактикалық жоспарлау стратегиялық мақсаттарға жету үшін ұйымдастырудың ресурстарын орналастыруды білдіреді. Тактикалық жоспарлау қысқа және орта мерзімдерді қамтиды.

Оперативтік жоспарлау ресурстарды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін, қаржылық жоспарды жасау процесі.Оперативтік жоспарлау ағымдық реттеу жасап отырады,жұмыс бағытын,тұрақтылықты қалыптастырады.

Стратегиялық жоспар үлкен жауаптылықты және қызметтің масштабты қамтылуын қажет етеді, сондықтан да қаржылық стратегияны жасау жауапкершілігін ұйым басқарушысы мойнына алады.

Оперативтік қаржылық төлем календарын, кассалық жоспар және қысқа мерзімді несиені қажетті анықтауды құру және жүзеге асыруды қарастырады.

Төлем календарын құру 6 кезеңнен тұрады:

1. өнімді өткізу көлемін анықтау;
2. жоспарлау кезеңін талдау;
3. ақша қаражатының болжамды көлемін есептеу;
4. жоспарлы кезеңдегі болжамды ақша қаражаттарын бағалау;

5. ақша салымдарын анықтау;

6. қорытындылау, кәсіпорында артықшылықтар, әлде жетіспеушіліктер болады ма, соны көрсетеді.

Кәсіпорындар төлем календары мен қатар салық календары жасалады, онда қай салықта және қашан төлеу керектілігі көрсетіледі. Бұл уақытты өткізіп алу және пенядан сақтайды. Төлем календарынан бөлек кассалық жоспар құрылады. Ақша қаражатының айналымының жоспары, яғни ол кассадағы қолма-қол ақша қаражатының кіріс мен шығысын көрсетеді.

Қаржылық жоспарлауды аналитикалық хаттаманы құрумен аяқтайды. Онда жылдық қаржылық жоспардың негізгі көрсеткіштерінің сипаттамасы беріледі: шығыстардың, кірістердің көлемі және құрылымы, бюджетпен сәйкестігі, коммерциялық банктер және контрагенттермен қарым-қатынасы.

Кәсіпорынның жоспарлы қаржы ресурстарын қамтамасыз етілгендігі және қаржыландыру көздерінің құрылымы жайлы қорытынды аналитикалық хаттаманы аяқтайды.

Кәсіпорынның қаржысының тиімді басқарушылық шарты, ол қаржылық жағдайдың анализі.

Қаржылық талдаудың мақсаты:

1. қаржылық жағдайдың көрсеткішінің өзгеруін анықтау;
2. қаржылық жағдайға әсер ететін факторларды анықтау;
3. қаржылық жоспардың сандық және сапалық өзгерісін анықтау;
4. белгілі кезеңдерді кәсіпорынның нарықтық жағдайын бағалау;
5. нарықтық жағдайдың өзгеру тенденциясын анықтау.

Қаржылық жағдайдың талдамасы келесі талдамалар түрлерін жүргізуді қамтиды:

1. есепті кезеңде қаржылық көрсеткіштердің өзгеру және алдын-ала қаржылық жағдайды бағалау:

2. кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық төлемі қабылетінің талдамасы;
3. кәсіпорынның балансының өтімді және несие қабылетінің талдамасы;
4. қаржылық көрсеткіштер талдамасы;
5. айналым қаражатының қолданылымын талдау;
6. кәсіпорынның банкротының мүмкіндігін бағалау.

Жоспарлау-ол адамның жұмыс жемісіне белгілі бір шешімді қабылдау жүйесі, болжамдау ол көрсеткіштердің алдын-ала анық болған параметрлер негізінде есептеледі.

Қаржылық жоспардың негізгі міндеті:

1. меншікті қаражаты және ресурстардың негізінде кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді.

2. табысты өндірістің көлемін ұлғайту арқылы көбейту, мемлекеттік реттеу жүйесін оптимизациялау, яғни табысты жоғарлату, салық салуды азайту.

3. кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, яғни міндеттер бойынша бүкіл есептемелерді уақытында жүргізі, ноың ішінде бюджетпен, бюджеттен тыс нормалармен және несиегерлермен есеп айырбасулар.



Шет елде бизнес жоспар өзінше бір now-now болып табыладысондықтан ешбір кітапта басылып шықпайды.

Кәсіпорын өзінің методологиялық негізіне негізделе отырып және бизнес жоспарды пайдалана отырып жоспар бар, ал ресурстар жоқ болып қалу жағдайда мүмкін.Ал шетелдік кәсіпорындардың жоспары болса қызметтің тұрақты жағдайына есептеледі.

Қаржылық жоспарлау объектілері:

-өнімді,қызметті,жұмысты өткізуден түскен түсім,барлық есептеу жүйесінің негізінде (қолма-қол,қолма-қолсыз,бартер,валюта);

-табыс,оны құру,бөлу және қолдану;

-әлеуметтік бағыттарды қолдану, тұтыну, жинақтылық, резервтік, сақтандыру және олардың құрылымы, пайдаланылуы;

-бюджеттің,бюджеттен тыс қорғажіне өзге аударымдардың көлемі.

#### **10.4 Табыстар мен шығындар жоспары, пайда мен шығын жоспары**

Табыстар болжамын жүргізу кезінде тәжірибеде келесі әдістер қолданады "шығындар - көлем - пайда". Ол келесі мүмкіндіктерді білдіреді:

- өндірістің көлемін және өнімнің сатылуын анықтау;

- күтілетін пайданың размерін белгілеу;

- қаржылық жоспарлаудың икемділігін үлкейту.

"Шығындар- көлем – пайда" әдісін залалсыздықты талдау деп атайды. Бұл әдістің мәні пайданың нөлге теңдігін немесе залалсыздық нүктесін табу болып табылады.Шынымен де нарықтағы кәсіпорынға пайда алу туралы емес, қашан пайда алатынын білу керек. Ол үшін өндірістің көлемі,шығындар және пайда арасында арнайы талдау жүргізіледі.

Балансты болжамдау перспективалық қаржылық жоспарлаудың негізгі құжаттарының құрамына кіреді."Баланс" түсінігі (француз тілінен - balance-таразы) тұрақтылықты, пассив пен активтердің теңдігін білдіреді,яғни, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қолданатын жабдықтары ақшалай түсімдерге тең болуы қажет. Баланста, капиталдың көздері (пассив) және оларды орналастыру жабдықтары (актив) орын алады. Активтер мен пассивтердің балансы ақшалай жабдықтардың қандай актив түріне бағытталғанын және қандай пассивтердің есебінен осы активтерді қаржыландыруды бағалау үшін қажет. Активтердің балансында жабдықтардың активті бөлігін аламыз. Олар ағымдағы активтер (банктегі есепшот,касса,дебиторлық қарыз), қорлар және тіркелген активтер. Пассивте кәсіпорынның жеке және қарыз жабдықтары,оларды құрылымы және үш жылғы кезеңдегі жоспарланған өзгерісі көрсетіледі.

Пайда мен шығындарды болжаудың есебі кәсіпорынның қаржылық операциялардың динамикасын көрсетеді, ал балансты болжау ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын,статистикасын, тіркелген бейнесін көрсетеді. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің активтердің өсуі пассивтердің өсуіне сай келеді,себебі, кредитордың қарызы (шикізат қалдығы бойынша міндеттемелер, энергия,басқа да қызметтер) өседі, сонымен бірге тартылған

және қарыздық жабдықтарға қажеттілік өседі.

Ақшалай жабдықтардың қозғалысын болжау - бұл қаржылық құжат соңғы жылдары ресей тәжірибесінде көп қолдана бастады. Ол ақшалай қаражаттың ағымдық, инвестициялық, қаржылық қызметі бойынша қозғалысын көрсетеді. Ақшалай жабдықтардың қозғалысын болжау қаржылық менеджрге ақшалай жабдықтардың көзін анықтауға және оны қолдануды бағалауға көмектеседі. Ақшалай қаражаттардың қозғалысын болжаудың көмегімен ұйымның шаруашылық қызметіне қанша ақшалай жабдықтарды салу керектігін білуге болады.

Ағымдағы қаржылық жоспарлау (бюджеттеу) - бұл іске асыруды жоспарлау; ол болашақ жоспардың негізгі бөлігі ретінде қаралады және оның көптеген көрсеткіштері бар. Ұйымның (кәсіпорынның) жылдық бюджетін жасау, қабылдау және оның қолдануын бақылау бюджеттеу деп аталады. Халықаралық тәжірибеде бюджеттеу - ұйымдарды басқаруға бағыттылған, қаржылық қорытынды және ақшалай жабдықтардың қозғалысын және оны есептеуді жоспарлаудың әдісін көрсететін менеджменттің бір элементі. Бюджеттеудің көмегімен шешілетін негізгі басқару міндеттеріне мыналар жатады:

- кәсіпорынның мақсатына жетуін қамтамасыз ететін операцияларды жоспарлау;
- бизнестің бірнеше түрін және құрылымдық бөлімдерін координациялау;
- жоспарлық тәртіпті қамтамасыз ететін материалдық және қаржылық шығындарды тиімді бақылау;
- қаржылық жауапкершілік және олардың жетекшілерінің жоспарды орындауын бағалау;
- құрылымдық бөлімнің менеджерлерінің мақсатына жетуін ынталандыру.

Бюджеттеу – басқару технологиясы сияқты үш маңызды бөлімнен құралады:

- бюджеттеудің технологиясы- бюджеттің түрлері мен формалары, мақсатты көрсеткіштер (қаржылық экономикалық көрсеткіштердің жүйесі негізінде бюджет құрылады), бюджет консолидациясының тізімі және кәсіпорынның жиынтық бюджеті;

- кәсіпорынның қаржылық құрылымының қалыптасуын қарайтын ұйымның процестік бюджетінен, бюджеттік регламенттен, бюджеттік процестің кезеңдерінен, құжаттық айналымның графикасынан, ішкі нормалық құжаттардың жүйесінен;

- ақпараттық технологияларды қолдану. Бюджет саласында ақпараттық технологияларды қолдану басқару есебі арқылы ғана мүмкін.

Перспективалық қаржылық жоспарлауға қарағанда жылдық бюджетте нақты есептеу әдістері қолданылады. Бюджетте қаржылық шаруашылық бағыттағы ұйымдардың нақты сандық көрсеткіштері, жалғасымдығы және алдағы жылдық операциялар квартал бойынша анықталады.

Негізгі бюджет, әрбір кәсіпорын үшін құрылуы маңызды, - табыстар мен шығыстардың бюджеті, ақшалай жабдықтардың қозғалысының және балансты болжаудың бюджеті. Негізгі бюджеттер-бұл консолидирленген

бюджеттер. Олар кәсіпорындарда пайданың ортасы бойынша , яғни, қаржылық қорытындыға сүйенетін қаржылық жауапкершілік бойынша құрылады. Негізгі бюджеттердің нышандары стандартқа сай. Негізгі бюджетті жасау кезінде қаржылық қорытындыға сай құжаттарды қолданады. Бұл бюджетті жасау жұмысын біршама жеңілдетеді.

Табыс пен шығынның бюджеті келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 22- Табыс пен шығынның бюджеті, мың теңге

Көрсеткіштер	Есепті жыл
1.Қарапайым қызметтің түрі бойынша табыс пен шығын	
1.Өнімді сатудан түскен пайда	5000.0
2.Өткізілген тауардың өзіндік құны	3385.2
3.Жалпы пайда	1614.8
4.Коммерциялық шығындар	339.0
5.Басқару шығындары	796.4
6.Сатудан т.скен пайда мен шығын	479.4
2.Операциялық табыстар мен шығындар	
7.Алынатын пайыздар	0.0
8.Төленетін пайыздар	0.0
9.Басқа ұйымдардың қатысуынан түскен пайда	0.0
10.Басқа да операциялық пайдалар	0.0
11.Басқа да операциялық шығындар	0.0

Оперативтік қаржылық жоспарлауды күнделікті қызметте өзінің көздеген мақсаттарына жету үшін қолданады. Оперативтік қаржылық шешім стратегиялық және перспективалық жоспарлауға қарғанда оңай шешіледі, бірақ бұл оның маңызының кем екенін білдірмейді, қайта керісінше. Ұйым болашағы бар инвестициялық мүмкіндіктерді көрсетеді, капиталдың тиімді құрылымын анықтайды, жетілген дивиденттік саясатты ойлап табуы мүмкін сонда да көздеген мақсатына жетпеуі мүмкін. Себебі, оның шоттарын төлейтін ақшалай қаражаттардың болуын ешкім ойластырған жоқ. Оперативтік қаржылық жоспарлау келесі міндеттерді шешеді:

- Анықталған бюджеттік тапсырмаларды құрылымдық бөлімдер үшін нақтылау.

- Бюджеттің құрылымдық бөлімдер және қаржылық-экономикалық қызметтерде орындалуын бақылау.

- Айналым капиталы және кредиторлық қарыздарды тиімді басқару.

Қаржылық менеджердің қаржылық жоспарлау процесіндегі негізгі міндеті айналым активтерін тиімді басқару болып табылады. Айналым капиталы көбінесе негізгі капиталдан асып түседі, сондықтан оны басқарумен өндірістік-

шаруашылық қызметтердің тиімділігін көтерудің үлкен резервімен байланысты. Сәйкесінше бұндай басқарудың мәні де жоғары. Айналым активтерін оперативтік басқарудың негізгі бағыттарына жатады:

- ұйымның өтімділігін қамтамасыз ету;
- қаржыландыру шығындарын кеміту;
- өндірістің графигін жүргізілуін қамтамасыз ету;
- өткізуді қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарға жету үшін қаржылық жоспарлауда, өтімділікке шарттарды тұрақтандыру қажет,яғни шығындар себебінен айналым активтерін салудың пайдалы мүмкіндігі қолданбаған. Осылармен байланысты қаржы менеджрінің міндеті келесілер болып табылады:

- ақшалай қаражаттың дефицитін жою үшін қысқа мерзімді қарыз алу;
- бос ақша қаражаттарын салу.

Қаржылық қызметтің оперативтік қаржылық жоспарлауды жасау процесіндегі маңызды бағыттарының бірі- ақшалай қаражаттар легін жоспарлау және төлемдік күнтізбені жасау болып табылады. Ол үшін қаржылық қызмет ақшалай қаражаттардың бюджетін жасайды, онда ағымдағы жоспарлы кезеңдегі ақшалай қаражаттарға қажеттілік бағаланады. Сол себепті ол ақшалай қаражаттарды жоспарлау және бақылаудың негізі болып табылады.

Төлемдік күнтізбе - кәсіпорынның өндірістік-қаржылық бағыттағы жоспары, бұл жерде бір нақты кезең бойынша барлық ақшалай түсімдер және шығындардың көздері өзара байланысты. Ол ұйымның ақшалай айналымын толықтай қамтиды: тұрақты төлемқабілеттік пен өтімділікті қамтамасыз етеді.

Өткізу көлемін болжамдау статистиканы оқудан басталады. Соңғы бірнеше жылдағы өнімнің түрлері бойынша түсімнің көлемі талданады. Осы мәліметтрді экстраномерлеу арқылы, жоспарлы кезеңге болжам жасауға болады, егер қызметтердің шарттары өзгермесе.

Болжамды нақтылау үшін түсімнің көлеміне әсер ететін келесі шарттарды қарастырайық:

-компания қызметін бағытының нарығын күтулі өзгерістер. Егер нарықтың жылдам өсімі болжанса, онда өнімді өткізуден түсетін түсім көлеміне өзгерістер еңгізіледі. Кәсіпорын өз өнімінің нарығына алдағы уақытта бәсекелестің шығуы мүмкін ақпараты болса, ол нарықты үлесі туралы болжам құруы керек. Жылдам өсудегі интернет нарығында көлемді ауытқуларға тәуелді, сондықтанда осы ауытқуларды болдырмау үшін өткізу көлемін жоспарлауға көп мән беру керек;

-ағымдық кезеңі маркетингі және жарнамасындағы өзгешелігі өткен кезеңмен салыстырғанда, ол жаңа жарнамалық акциясын ашу немесе тоқтату және марканың бағдарламасы өткізу көлеміне әсер етеді;

-болжамға өзгерістер еңгізуі мүмкін сатып алушылармен, тапсырыс берушілермен алдын-ала келісілген келісім шарттар, сұраныстар портфелі болып табылады.

Енді кәсіпорынның тұрақта және айнымалы шығындарын және басқа да параметрлерін болжамдауда қолданылатын әдістер;

-түсімді айнымалы шығының белгілі бір пайызын ұлғайту, айнымалы активтер мен қысқа мерзімді міндеттері де сол пайыз көлеміне ұлғайтады;

-негізгі құралдың құнын өсімі болжамды түсім көлеміне және өндіріс көлеміне сай есептеледі;

-ұзақ мерзімді міндеттер және акциялық капитал болжамға еш өзгеріссіз еңгізіледі.

Түсім болжамы және жоғарыда айтылған шығындардың негізінде кірісттер мен шығыстардың есебі,баланс,таза пайда есебі және басқа да жоспарлы қаржылық көрсеткіштер есептеледі.

Параметрдің түсімге пропорционалды тәуелділігі негізінде құрылған баланста түсімнің жоғарлауы болжанса,онда пассивтің дефициті пайда болады(активтер пассивтерден көп болады). Бұл кәсіпорынның активтерінің құралу көздерінің жетіспеушілігін көрсетеді. Олар жоспарланған түсім көлемін қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл активтермен пассивтердің болжамы балансы айырмашылығы,яғни сыртқы қаржылау көздерінің қажеттілігі(несие,қарыздар).

Болжамды есептеуді құру кәсіпорынның сыртқы қаржылаудағы нақты қажеттілігін анықтауға көмектеседі.Ол мына формуламен есептеледі:

$$N=(A\setminus V) dv-(L\setminus v) dv-rv1(1-D)$$

A-активтер сомасы,түсім көлемдерімен пропорционалды болады;

V-кезең ішіндегі түсім көлемі;

dv-түсім көлемінің жоспарлы өзгерісі;

L-пассивтер суммасы,

R-өткізген өнімнің рентабельдігі;

V1-өткізуден жоспарланатын түсім;

D-дивиденттер төлеуге арналған пайда үлесі.

Пассивтермен бөлінбеген пайданың қажетті өсімі активтің қажетті өсімін қамтамасыз ете алса,онда сырқы қаражаттарға қажеттілік туады. Көптеген фирмалар сырттан қаржы тартуды қаламайды,өйткені ол капитал құрылымын оптималдыдан ауытқытып,қаржылық көрсеткішті нашарлатып жібереді.Сондықтан сыртқы қаржылықты қажет етпейтін өткізу (G) көлемін қол жетімді темпін есептеуге мән беріледі:

$$G=R(1-D)(1+S)(A\setminus V)-R(1-D)(1+S))$$

S-қарыз және меншікті қаражаттың жоспарлы ара-қатынасы.

Түсімнің қол жетімді өсімі пайызбен есептеледі.Түсім өсімнің жоспарлы темпі мен G өсімшесі салыстыру пайдалы қорытындылар жасауға көмектеседі.

-егер жоспарлы түсім өсімі G-дан кем болса,онда жоспарлы кезеңде ақша көлемінің және қысқа мерзімді бизнес қаржының көлемі ұлғайып,қарыз қаражатының үлесі азаяды;

-егер де жоспарлы түсім өсімі G-дан кем болса, онда қарыз қаражатының тарту сұрағы пайда болады немесе бизнес қаржының эмиссиясы,дивиденттерді төлеуді азайтады.

Бюджеттеу үрдісі жалпы қаржылық және оперативтік бюджетті құру жұмыстарын қамтиды.

Бюджет белгілі кезеңдегі кірістермен шығыстарды көрсетеді және капитал жоспарының мақсатын орындау үшін тартылады. Бюджеттің мәліметті

болашақтағы қаржылық операциясын жоспарлайды. Кәсіпорынның қызметінің тиімділігін бағалау және бақылау бюджет негізі болып табылады.

Бюджеттің көптеген түрлері мен формалары бар. Жекелеген бюджеттер ағымдағы операцияларды сипаттайды (материалдар мен шикі заттарды сатып алу, өндіріс бюджеті т.б.), ал іріленген бюджеттер (кірістер мен шығыстардың есебі, ақша қаражатының бюджеті) табыстары мен шығыстарын көрсетеді.

Бюджеттегі негізгі ақпаратқа қойылатын негізгі талаптар: толықтылық, анықтылық, қол жетімділік және шексіздігі. Бюджетті құру формаларын әр фирма өзі таңдайды.

Бюджетті кезең жоспардың қысқа мерзімді аспектілерін қамтиды (жыл, тоқсан), бірақ капиталды салымдар мен баланысты бюджеттер ұзақ мерзімге құрылады (5-10 жылға)

Жалпы қаржылық жоспарлау жүйесінде бюджеттеудің ролі мен орны бюджеттің функциясымен сипатталады:

1. операцияларды жоспарлау, ұйымның мақсаттарына жетуді қамтамасыз етеді. Бизнесті құру бюджетті кезеңге берілген стратегиялық жоспарларды бөлшектеуге және нақтылауға негізделеді;

2. кәсіпорынның жекелеген бөлімшелерінде коммуникациясы мен координациясы. Бюджет ұйымдастырушылық құрылымдағы әлсіз буындарды анықтауға орындаушылар арасында жауапкершілікті бөлуге және коммуникация кедергілерін шешуге көмектеседі;

3. жауапкершілік орталықтарымен қойылған міндеттерді орындауға бағытталған басқарушының бағытталуы;

4. жоспарлы дисциплинаны қамтамасыз ету, ағымдағы қызметті қамтамасыз ету. Жоспардың орындалуын бағалау үшін (өткен жылдың есептік мағлұматтарына қарағанда), бюджеттік мағлұматтарды қолдану керек, өйткені ағымдағы уақытта өзгерістер болуы мүмкін (персоналдың құрамы, технологияда, ассортиментте және т.б.);

5. менеджерлердің біліктілігін жоғарлату.

Бюджетті құру бойынша жұмыс бірнеше этаптан тұрады:

- 1) болжам және өткізу жоспарын дайындау;
- 2) күтулі өндіріс көлемін анықтау;
- 3) өнімді өткізу және өндіру бойынша есептер;
- 4) ақша қаражатын есептеу және талдау;
- 5) жоспарлы қаржылық есептемелерді құру.

Мемлекеттік органдар бюджетті құрудың формаларын тағайындайды, бірақ кең қолданыстағы жапы бюджет оның ішіндегі оперативті және қаржылық бюджетті қарастырайық.

Жалпы бюджет (негізгі бюджет) - бұл кәсіпорынның жалпы қызметтің көрсететін, бюджеттің блоктарын қосатын және шешім қабылдауға қажетті ақпараттар ағымын сипаттайтын қаржылық жоспардағы басқарушылық шешім қабылдау және бақылау болып табылады.

Операциондық бюджет (ағымдық, кезеңдік, оперативтік) ұйымның жекелеген функциясы немесе сегменттері үшін жоспарлы кезеңдегі шығындармен кірістерді сипаттайтын бюджеттер үйесі болып табылады.

Жалпы бюджетті құру операциялық бюджеттен басталады, яғни сатушылар бюджеті, ал операциялық бюджетті қорытындылаушы кірістермен шығыстар бюджеті. Операциялық бюджетті құру кезінде әр түрлі шығындар бюджеті құрылады (ішкі зат пен материалдарға арналған, коммерциялық және әкімшілік шығындар т.б.)

### 10.5 Табыстар мен шығындардың шахматты балансы, оның құрылымы мен мақсаты

Ақша түсімдері мен шығындар балансы уақытқа байланысты бизнеске қанша ақша салу керек екенін, ақша қаражаттарының кірістері мен шығыстарының бірдей болуын тексеруін, соның ішінде кәсіпорынның болашақтағы ликвидтілігін тексеруді бағалауға мүмкіндік береді.

Қаражаттардың кірістер мен шығыстар балансы төрт бөлімнен тұрады:

- қаражаттардың кірістері мен түсімдері;
- оның шығыстары;
- несиелік қарым-қатынастар;
- бюджетпен қарым-қатынас.

Осы барлық бөлімдер бойынша кірістер мен шығыстар баланстық байланысы әрбір бөлім бойынша жүзеге асырылады, сонымен қатар қаржылық жоспар бойынша да. Бұл баланстың басты мақсаты – ақша қаражаттарының түсімдері мен шығындарының бірдейлігін тексеру, оның ішінде болашақтағы ликвидтілікті анықтау.

Бұл баланстың жобаланған формасы келесі кестеде көрсетілген. Баланстың баптары анықтаушының айтуы бойынша ірілендірілуі мүмкін, бұл белгілі бір кәсіпорынның қаржылық ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Кесте 23- Төлем балансының ірілендірілген сызбасы

Кірістер	Қосындысы	Шығыстар	Қосындысы
Қаражаттардың кірістері мен түсімдері	5661,7	Шығындар мен алымдар	3840,3
Несиелер алуы	299	Несиелерді жабу, пайыздарды төлеу	1100
Бюджеттен ассигновалау	1430	Бюджетке төлемдер	2450,4
Алынған қаржылық ресурстардың жалпы көлемі	7390,7	Үлестірілген қаржылық ресурстардың жалпы көлемі	7390,7

Кесте 24- Аналитикалық төлем балансының сызбасы

№	Ақшалардың түсімдері мен шығыстар балансы келесі көрсеткіштерді қосады	Вариант 1	Вариант 2
1.	Бастапқы кезеңдегі ақша қаражаттары		
2.	Ақша түсімдері:		

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- реализациядан алынған түсім;</li> <li>- сату кезіндегі шоттар бойынша түсімдер;</li> <li>- несиеге алынған тауарлар;</li> <li>- ссудалар;</li> <li>- басқа да түсімдер</li> </ul>		
3.	Түсімдердің қорытындысы		
4.	Жалпы кезеңдегі барлық ақша қаражаттар (пункт 1 + пункт 3)		
5.	<p>Ақша қаражат төлемдері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тауарларды сатып алу;</li> <li>- еңбек ақы;</li> <li>- ақылы қызметтер;</li> <li>- жарнама;</li> <li>- жалға алу төлемі;</li> <li>- байланыс құралдарының тарифі бойынша төлемі;</li> <li>- сақтандыру төлемдері;</li> <li>- несиеге пайыздар;</li> <li>- несиелер бойынша негізгі сомаларды төлеу;</li> <li>- құрал-жабдықтарды сатып алу;</li> <li>- салықтар;</li> <li>- дивиденттер;</li> <li>- басқа да төлемдер</li> </ul>		
6.	Барлық ақша қаражат төлемдері		
7.	<p>Кезең соңына ақша қаражаттар Балансқа келесі негізгі көрсеткіштер қосылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кезең соңына реализация көлемі;</li> <li>- кезең соңына дебитордың шоты;</li> <li>- кезең соңындағы қарызгерлер;</li> <li>- несиелер шоты;</li> <li>- складтардағы қорлар;</li> <li>- жылдық амортизацияның көлемі</li> </ul>		

Осындай баланс құрғаннан кейін қажетті ақша қаражаттар алу стратегиясын таңдайды. Ең көп тарағаны несие бойынша қаржыландыру. Қаржыландыру мақсатымен акционерлік және серіктес капиталды қарастыруға болады. Фирманың қаржылық басқаруын қаржылық менеджер екі бағыт бойынша іске асырады:

*12 .Активтер бойынша басқару.*

*13 .Пассивтер бойынша басқару.*

Жоғарыда айтып кеткендей, кәсіпорындағы қаржылық жоспарлау – фирманың тұрақты қаржылық жағдайын қамтамасыз ететін негізгі бөлігі болып табылады. Қаржылық жоспарлау барлық жоспарлау жүйесінің бастапқы және соңғы пункті болып табылады. Ол өзіне кәсіпорынның барлық өндірістік-шаруашылық қызметтерін қосады

**Айналым ведомостері, олардың түрлері мен міндеттері.**

Субъектінің өндірістік-шаруашылық іс-әрекетін басқару және бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін тексері үшін қаражаттың кейбір түрлері, шығу көздері мен процестері жөнінде жинақтап қорытылғын мліметтер қажет.



Мұндай мәліметтерді әр айдың соңында шоттардан алады, алайда әрбір шотта есеп объектісінің бірін ғана сипаттайтын көрсеткіштер болады. Есеп объектілерінің жалпы сипаттамасы жекелеген көрсеткіштерді бір жерге топтау жолымен алуға болады. Бұл үшін шоттардағы айлық қалдықтар мен айналымның жиынтық сомасы көрсетілетін айналымдық парағы қолданылады. Ай соңындағы айналым-сальдолық парағы (бұдан бұрынғы шешім негізінде) құрайық:

Кесте 25- Ай соңындағы айналым-сальдолық парағы

	Ай басындағы қалдық		Ай ішіндегі айналымдар		Ай соңындағы қалдық	
	дебет	кредит	дебет	кредит	дебет	кредит
122 «Ғимараттар мен үйлер»	676600				676600	
201 «Шикізат пен материалдар»	171000		32000	19000	184000	
203 «Отын»	40000			1470	38530	
211 «Бітпеген өндіріс»	60000		20000	60000	20000	
221 «Дайын өнім»	55000		60470		115470	
331 «Өтуге арналған ҚҚС»			48000		48000	
441 «Ағымдық шоттағы ақша»	77000		123852	73100	127752	
451 «Кассадағы қолма-қол ақша»	200		19148	19430	188	
333 «Қызметкерлердің берешегі»	118		30	118	30	
334 «Басқа да дебиторлық берешек»	7782			3852	3930	
901 «Негізгі өндірістегі материалдар»			20470	20470		
206 «Басқа да материалдар»			100		100	
900 «Негізгі өндіріс»			80470	80470		
503 «Салымдар мен пайдалар		960000				960000
601 «Банк қарыздары»		80000	35000	120000		165000
681 «Қызметкерлермен есеп айырысу»		21000	21000			
671 «Төленетін шоттар»		19700	10600	36800		45900
639 «Басқа да салықтар, алымдар және бюджетке міндетті төлемдер»		3000	4600	1600		
687 «Басқа да кредиторлық берешек»		4000	3500			500
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>1087700</b>	<b>1087700</b>	<b>436310</b>	<b>436630</b>	<b>1171720</b>	<b>1171400</b>

Ерекшеліктері:

14 Бухгалтерлік есеп дұрыс ұйымдастырылған кезде бағаналардағы жиынтық сомалар екі-екіден жұптасып теңесуі тиіс.

15 Дебеттік бастапқы сальдоның жиыны кредиттік бастапқы сальдоның жиынына теңесуі тиіс.

16 Жиынтық дебет айналымы жиынтық кредит айналымына теңесуі тиіс.

17 Дебет пен кредит бойынша түпкілікті сальдоның қорытындысы да тең болуы тиіс.

**Шахматтық айналымдық ведомосі.** Синтетикалық есеп шоттары бойынша айналым пайдалану мүмкіндіктері едәуір шектеулі. Оларда көрсетілген айналымдар сол немесе басқа да шоттағы жинақ соманы білдіреді. Мұндай мәліметтер негізінде құндылықтардың қайдан келіп, қайда кеткенін білу мүмкін емес. Дегенмен мұндай мәліметтер керек. Кәсіпорынның айналымдары туралы мәліметтерді *шахматтық айналымдық ведомостен* алады. Шахматтық айналым ведомостін жасалық.

Кесте 26- Шахматтық айналым парағы

Дебеттеле тін шот	КРЕДИТТЕЛЕТІН ШОТ												Жиын ы
	671	201	333	634	441	451	203	601	334	211	901	900	
201	3200 0												32000
331	4800												4800
901		1900 0					1470						20470
206			100										100
451			18		1940 0								19418
681				1600		1940 0							21000
634					4600								4600
671					1060 0								10600
601					3500 0								35000
333						30							30
441								1200 00	3852				12385 2
687					3500								3500
900										6000 0	2047 0		80470
221												6047 0	60470
211												2000 0	20000
Жиыны	3680 0	1900 0	118	1600	7310 0	1943 0	1470	1200 00	3852	6000 0	2047 0	8047 0	43631 0

## Кесте 27- Есептің кезең соңының балансы

Актив	Сома, теңге	МҚМ	Сома, теңге
122 «Ғимараттар мен үйлер»	676600	503 «Салымдар мен пайлар»	960000
201 «Шикізат пен материалдар»	184000	601 «Банк қарыздары»	165000
203 «Отын»	38530	671 «Төленетін шоттар»	45900
211 «Бітпеген өндіріс»	20000	687 «Басқа да кредиторлық берешек»	500
221 «Дайын өнім»	115470		
331 «ҚҚС өтеуге»	4800		
441 «Ағымдық шоттағы қолма-қол ақша»	127752		
451 «Кассадағы қолма-қол ақша»	188		
333 «Қызметкердердің берешегі»	30		
334 «Басқа да дебиторлық берешек»	3930		
206 «Басқа да материалдар»	100		
<b>Барлығы</b>	<b>1171400</b>	<b>Барлығы</b>	<b>1171400</b>

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қаржылық жоспардың принциптері, мәселелері, құрылымы және жүйесі.
2. Қаржылық жоспарды құру, құрастыру және бекіту ережелері.
3. Қаржылық жоспарлаудың негізгі әдістері.
4. Корпорациянның қаржылық стратегиясы.

### **СӨЖ тапсырмасы:**

1. Бизнес жоспар құру және оны баяндау.
2. Кәсіпорынның қаржылық нәтижелерін жоспарлау мен болжамдау (мысал келтіру).

## **ХІ БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ**

### **11.1 Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау**

Қаржылық тұрақтылық қазіргі өзгергіш және көпқырлы нарықтық экономика жағдайында маңызды мәселе болып табылады. Әрбір кәсіпорын қызметінің қаржылық тұрақтылығы жалпы мемлекет экономикасының қаржылық тұрақтылығына қандай да бір әсерін тигізеді. Бұл тәуелділікті көру үшін бірнеше авторлардың әдебиеттерінен іріктелген қаржылық тұрақтылық анықтамаларын қарастыру дұрыс болады.

Жалпы жағдайда экономикалық жүйенің тұрақтылығы деп оның өзінің қызметін ұзақ мерзім бойы жүзеге асыра алу қабілетін айтады. И. Богданов экономикалық тұрақтылықты келесідей анықтайды: «Экономиканың тұрақтылығы оның элементтерінің сенімділігі мен қатаңдығын, ішкі жүйедегі тік, көлденең және тағы басқа байланыстарды, сыртқы және ішкі қысымға төзу қабілетін сипаттайды. Бірақ егер экономика дамымаса, онда оның сыртқы және ішкі қауіптерге төзімділігі мен бейімделу мүмкіндігі кенеттен төмендейді. Сондықтан, тұрақтылық пен даму — біртұтас жүйе ретінде экономиканың маңызды сипаттамасы» [7, 12 б]. Бұл тұрақтылық анықтамасының идеясы сыртқы ортаның жағымсыз әсерлерін төзу үшін ресурстармен қамтамасыз ететін кеңірек ұдайыөндіріске деген, сыртқы ортада қалыптасып, дамитын ерекшеліктерге сәйкес бейімделу мен жаңартылуға деген қажеттілікте жатыр. А. Илларионовтың айтуы бойынша, «экономикалық қауіпсіздік— ұзақ мерзімді перспективада өндірісіті жан басына шаққандағы экономикалық ресурстардың көп бөлігімен ең тиімді әдіспен қамтамасыз ететін экономикалық, саяси, құқықтық жағдайлардың үйлесімі» [7, 45 б]. С. Афонцев ұлттық экономиканың қауіпсіздігін «жағымсыз әсерлердің потенциалды пайда болу көздерін бейтараптандыру және нақты болған әсерлермен байланысты зиянды төмендету қабілетінде бейнеленетін экономикалық және саяси ерекшелігі бар эндогенді және экзогенді әсерлерге ұлттық экономикалық жүйенің тұрақтылығы» ретінде сипаттайды [7, 12 б].

И.Петренко кәсіпорынның дамуы мен тұрақтылығының микроэкономикалық мәселесін қарастыру барысында И.Богданов көзқарасына жақын пікір білдіреді [7, 75 б]. Тұрақтылық, И. Петренконың көзқарасы бойынша, сыртқы және ішкі ортаның өзгергіштігі жағдайында өндірісітік жүйе элементтерінің, оның тік және көлденең байланыстарының сенімділігі мен тұрақтылығын, өзінің негізгі функционалдық көрсеткіштерін сақтау қабілетін бейнеледі. Өндірісітік жүйенің тұрақтылығы үшін ол үздіксіз қызмет етіп, дамуы қажет. Егер жүйе дамымаса, өзінің экономикалық потенциалын ұлғайтпаса, онда оның өзгергіш нарықтық экономика жағдайына тиімді бейімделу қабілеті төмендейді. Н. Матвеев пікірі бойынша, кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі тұрақты қаржылық жағдай, коммерциялық табыстылық, мамандандырылған кадрлардың, өндірісітін құқықтық нормаларының болуы және кәсіпорын қызмет етуінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін өндірісітік қатынастардың ұйымдастырылуы,

ғылыми-техникалық прогрессивтілік пен әлеуметтік даму шарттарының жиынтығымен анықталады [7, 7 б]. Бұл автор кәсіпорын экономикалық қауіпсіздігінің негізгі элементі оның қызмет ету табыстылығы деп қарастырады. Бұл анықтама кәсіпорын қаржылық тұрақтылығының кешенділігін, кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасына жатқызылатын көптеген факторларға тәуелділігін нақты көрсетеді.

«Қаржылық тұрақтылық» термині мамандандырылған қаржы лексиконында нақты анықталмаған. Әлем тәжірибесінде «Қаржылық тұрақтылық» түсінігінің әртүрлі баян етілуі баланс талдауының екі жақтылығымен түсіндіріледі: баланс өтімділігін дәстүрлі және қазіргі заман функционалды талдауы. Осы екі көзқарас негізінде аналитиктер қаржылық тұрақтылық түсінігін әртүрлі етіп қарастырады [7, 16-18 б].

Баланс өтімділігін дәстүрлі талдау негізінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы оның қаржылық құрлымының тепе-теңдігін қамтамасыз етілуіне және инвесторлар мен кредиторлардың тәуекелдерден аман болуына бағытталған ережелермен анықталады, яғни қаржылық стандарттың дәстүрлі ережелері қарастырылады, олар төмендегілерді өзіне қосады:

- минималды қаржылық тепе-теңдік ережесі, ол міндетті оң өтімділіктің болуына негізделген, яғни баланс пассивтері мен активтерінің қысқамерзімді элементтер айналым жылдамдығы, уақытында сәйкессіздіктер болу тәуекелімен байланысты міндеттемелерден ағымдық активтер мөлшерінің асу сомасында орын алатын қаржылық тұрақтылық қорын алдын ала қарастыру қажет;

- максималды қарыз ережесі — қысқамерзімді қарыздар қысқамерзімді қажеттіліктерге пайдаланылады; дәстүрлі қаржылық стандарт кәсіпорын қарыздарын меншікті қаражат көздерінен өтеу шегін белгілейді: ұзақ және ортамерзімді қарыздар меншікті қаражаттар көздері мен оларға теңескен ұзақмерзімді қарыз қаражат көздерін өзіне қосатын тұрақты капитал жартысынан аспауы қажет;

- максималды қаржыландыру ережесі алдағы ереженің жүзеге асырылуын ескереді: қарыз капиталын қолдану көзделген барлық салымдар сомасының белгілі бір пайызынан жоғарламауы қажет, ал пайыз әртүрлі несиелеу шартына байланысты болады.

Баланс өтімділігін функционалды талдау негізінде қаржылық тұрақтылық келесі талаптарды орындау кезінде анықталады:

- қаржылық тепе-теңдікті сақтау, негізгі және қалыптастырылуы үшін пайдаланылатын, меншікті капитал бөлігін білдіретін, айналым капиталына бөлшектеп салудан бұрын, тұрақты капитал есебінен өтелетін, қаражаттардың тұрақты орналастырылуы құрамына қосу жолымен жүзеге асады. Соныменен, тұрақты ресурстар — меншікті капитал және оларға теңестірілген қаражаттар — тұрақты орналастырылған активтерді өтеу қажет. Қатынастың 100 пайыздан төмен болуы — салынған қаражаттардың бөлігі кәсіпорынның қаржылық әлсіздігін анықтайтын, қысқамерзімді міндеттемелер түрінде болатын тұрақсыз ресурстармен қаржыландырылғанын білдіреді. Қысқамерзімді қаржыландыру туралы айта келсек, айналым активтеріне (меншікті айналым капиталының

көздері көлемінде) қажеттілік соммасы есеп жылы ішінде өзгереді және бұл өзгерістер төмендегілерге әкеледі:

- айналым капиталының артық қамтамасыз етілуіне, нәтижесінде меншікті айналым капиталының бос көздері уақытша пайда болады;

- немесе айналым капиталына қажеттіліктің қанағаттандырылуына, нәтижесінде қарыз қаражаттарын қолдану тура келеді;

- жалпы қарызды бағалау — қаржылық тұрақтылықты талдау (баланс өтімділігін талдаудың функционалды және дәстүрлі) амалдары бірдей. Бір бұл жерде, барлық қарыз және меншікті қаражаттар арасындағы қатынас арқылы белгіленетін кәсіпорынның жалпы қарыздар деңгейін анықтау қосылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық түсінігін қарастырған кезде онымен тікелей байланысты басқа да қажетті экономикалық-қаржылық құраушыларды анықтау дұрыс болады. Соның ішінде кәсіпорынның төлемқабілеттілігі негізгі орынды алады.

Төлем қабілеттілік пен қаржылық тұрақтылық нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын қызметінің маңызды қаржылық-экономикалық ерекшелігі болып табылады. Кәсіпорынның «қаржылық тұрақтылық» түсінігі көп қырлы, ол ұйым қызметінің әртүрлі жақтарын бағалайтындықтан, «төлемқабілеттілік» пен «несиеқабілеттілік» түсініктеріне қарағанда кең мағынаны иеленеді. «Қаржылық тұрақтылық» түсінігін отандық және шетел экономистері әртүрлі баяндайды. 90-шы жылдардың басында кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын меншікті қаражаттардың қарыз капиталынан ұлғаюы шарты бойынша меншікті қаражаттар көзі капиталымен түсіндірді. Сонымен қатар ол кәсіпорын активтерінде меншікті және қарыз капиталының қатынасымен, меншікті қаражаттардың жинақталу қарқынымен, ұзақмерзімді және қысқамерзімді қаражаттар қатынасымен, материалдық айналым капиталының меншікті көздерден жеткілікті қамтамасыз етілуімен бағаланды.

Қаржылық тұрақтылық — бір қалыпты төлем қабілеттілігін қамтамасыз ететін кәсіпорын шоттарының белгілі бір жағдайы. Қандай да бір шаруашылық әрекетті жасау нәтижесінде қаржылық жағдай не төмендеп, не жоғарлап, өзгеріссіз қалмайды. Күн сайын жасалатын шаруашылық операциялар ағымы қаржылық тұрақтылық жағдайының бір күйден екінші күйге өтуіне негізгі себепкер болады. Негізгі қорларға және өндіріс шығыстарына капитал салымдарын өтеу үшін қаражаттар көздерінің өзгеріс шегін білу кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартуға және қаржылық тұрақтылықты жоғарлатуға әкелетін шаруашылық операциялар ағымының қозғалысына мүмкіндік береді. Қаржылық тұрақтылықты зерттеу барысында алдағысынан ерекшеленетін «төлемқабілеттіліктің» жекеленген түсінігі бөлініп шығарылады. Көріп отырғандай, төлемқабілеттілік қаржылық тұрақтылықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Қаржылық жағдайдың тұрақтылығы кәсіпорынның өндірістік, коммерциялық, қаржылық-инвестициялық қызметтерінің нәтижелеріне тәуелді болады, ал қаржылық жағдайдың тұрақтылығы оның қызметіне әсерін тигізеді. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қорлар мен олардың құнының меншікті және қарыздық қалыптастыру көздерінің көрсеткіштері анықтайды. Қорлар мен шығындардың қалыптасу көздермен қамтамасыз етілуі,

соныменен қаржылық ресурстардың тиімді пайдаланылуы қаржылық тұрақтылықтың маңызды сипаттамасы, ал төлемқабілеттілік оның сыртқы көрінісі болып табылады. Сонымен қатар қорлар мен шығыстардың қамтамасыз етілу деңгейі нақты күнтізбелік күнге есептелетін төлемқабілеттілік деңгейінің қандай да бір себебі болады. Яғни төлемқабілеттілік қаржылық тұрақтылық көрінісінің бір түрі бола алады [8, 254-256 б].

Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның қаржылық жағдайын нақты бағалайтын мақсатты ерекшелігі болып табылады, ал ішкі шаруашылық мүмкіндіктерді, қаражаттарды және оларды тұрақтандыру жолдарын іздестіру экономикалық талдаудың жүргізілуі мен мазмұнының ерекшелігін анықтайды. Соныменен, қаржылық тұрақтылық— қаржылық ресурстардың тиімді қалыптастырылуы, бөлінуі мен пайдаланылуы бойынша қызметінің нәтижесінде кәсіпорынның кепілді төлемқабілеттілігі мен несиеқабілеттілігі. Сонымен қатар ол — қорлардың меншікті қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілуі, және кәсіпорын активтерін өтеу көздері болып табылатын меншікті және қарыз қаражаттарының қатынасы.

Жалпы жағдайда, кәсіпорын қаржылық тұрақтылығы дегеніміз кәсіпорынды кездейсоқтықтан және кенеттен болатын өзгерістерден сақтап тұратын белгілі бір беріктік қорлардың болу нәтижесі.

Кәсіпорынның шаруашылық жағдайының тұрақтылығын бағалау үшін

- кәсіпорын активтерінің құрылымы;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы;
- кәсіпорынның төлемқабілеттілігі;
- қаржылық тұрақтылығының қоры өзгерістерін ерекшелеп көрсететін көрсеткіштер жүйесі қолданылады [14, 37 б].

Бұл көрсеткіштер осы кәсіпорынмен экономикалық қатынастармен байланысқан субъектілер кәсіпорын серік ретінде сенімді ме деген сұраққа жауап бере және олармен қатынастар жалғасының экономикалық тиімділігі туралы шешімді қабылдай алатындай болуы қажет. Инфляция жағдайында баланстың абсолютті көрсеткіштерін тәжірибе жүзінде салыстыру мүмкін емес болғандықтан, кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын талдау салыстырмалы көрсеткіштерге негізделеді. Салыстырмалы көрсеткіштерді:

- тәуекелділік деңгейін бағалау мен банкроттылық мүмкіндігін болжау үшін жалпы пайдаланылатын «нормалармен»;
- кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын және оның мүмкіндіктерін анықтау үшін басқа кәсіпорындардың ұқсас көрсеткіштерімен;

Кәсіпорынның қаржылық жағдайының жоғарғы және төменгі деңгейлер тенденциясын зерттеу үшін өткен жылдың ұқсас көрсеткіштерімен салыстыруға болады [16, 122 б].

Қаржылық жағдайды талдаумен тек кәсіпорын басшылары мен қызметкерлер ғана емес, соныменен ресурстарды қолдану тиімділігін зерттеу мақсатында құрылтайшылар, инвесторлар, несиелендіру жағдайын бағалау мен тәуекелділіктің деңгейін анықтау үшін банктер, төлемдерді уақытылы алу үшін жабдықтаушылар, бюджетке қаражаттардың түсу жоспарын орындау үшін

салық органдары және тағы басқалары айналысады. Осымен байланысты талдау сыртқы және ішкі болып ажыратылады.

Тұрақты қаржылық жағдай кәсіпорынның барлық өндірістік-шаруашылық қызметінің үрдісі барысында қалыптасады. Белгілі бір уақытқа оны анықтау есепті кезең барысында кәсіпорын қаржылық ресурстарды қалай басқарған деген сұраққа жауап береді. Қазіргі таңда кәсіпорында орын алған жағдайды бағалау ғана емес, ол үшін арнайы көрсеткіштер қолданылады, сонымен бірге қаржылық жағдайды жоғарлату жолдарын табу қажет.

Қаржылық жағдайды және оның есепті кезеңде өзгерісін салыстырмалы аналитикалық баланс-нетто бойынша бағалау, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықты абсолюттік көрсеткіштерін талдау, олардың ойынша кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың басқа бөліктерін дамытуға тиісті оның негізгі бастапқы пунктін құрайды. Баланс өтімділігін талдау, тұрақтылықты талдаудан туындап, ағымдағы төлеу қабілеттілігін бағалап, болашақтағы төлем қабілеті мен қаржылық тепе-теңдіктің сақталу мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға тиіс.

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырды. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады:

- 1) көлденең талдау;
- 2) тікелей талдау;
- 3) трендтік талдау;
- 4) салыстырмалы талдау;
- 5) факторлық талдау;
- 6) қаржылық коэффициенттер әдісі.

*Көлденең (уақытша) талдау* - есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

*Тікалей (құрылымдық) талдау* - әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзақ және ағымдағы активтердің кәсіпорын мүлкінің жалпы құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және т.б.

Тікелей және көлденең талдаулар бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан да есептік бухгалтер үлгі құрылымы секілді оның жеке көрсеткіштерінің динамикасын да сипаттайтын кестелерді жиі жасайды.

*Трендтік талдау* барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Басқаша айтқанда, трендтік талдау әрбір есеп позициясын бір қатар өткен кезеңдермен салыстыруды және трендті, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерінен тазартылған көрсеткіш негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді. Трендтің көмегімен



болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі. Қаржылық талдаудың нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдісі әр түрлі қаржылық коэффициенттерді айдалану болып табылады.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреу бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынас ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Қаржылық талдауды салыстырмалы көрсеткіштер негізінде жүргізудің шетелдік тәжірибесін механикалық түрде көшіріп алу, көп жағдайда тиімсіз, себебі бұл жағдайда біздің кәсіпорындардың өз ерекшеліктеріне назар аударылмайды. Нәтижесінде бір көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы туралы берілген кеңестер кейбір кезде расталмайды. Дегенмен, қаржылық жағдайды талдау барысында салыстырмалы көрсеткіштерді зерттеу қажет болады, себебі ол болып жатқан жағдайларды түсінуге және де оларды тек ағымдағы мезетте ғана емес, сонымен қатар болашақта да дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Әлдеқайда кең таралған және зерттелген көрсеткіштерге мыналар жатады: өтімділік, қаржылық тұрақтылық, табыстылық және іскерлік белсенділік.

*Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау* - бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

*Факторлық талдау* - бұл жекелеген факторлардың (себептердің) қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде - тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол кері(синтез) болуы мүмкін.

Дәстүрлі негізде қаржылық жағдайды бағалау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- мүліктік жағдайды, олардың қалыптасу көздерінің динамикасы мен құрлымын талдау;
- өтімділік пен төлемқабілеттілікті талдау;
- іскерлік белсенділікті талдау;
- қызметтің табыстылығын талдау;
- қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін талдау [17, 221 б].

Корпорация несиімен өзара қатынастары барысында **қарыз төлеу қабілеттілігінің** оның жүйемен және басқа кәсіпорындармен талдауды қажеттілік етеді .

Қарыз төлеу қабілеттілігі –корпорация қабілеттілігі өз міндеттерімен дер кезінде және толық есептесу талап етеді.

Уақыттардың санына кері мөлшер қарыз төлеу қабілеттілігі талдауы жанында корпорациялар - мынау активтардың өтімділігі есеп айырысады, ақшаларға активтардың айналуына арналған қажетті; өтімділік балансы корпорациялардың міндеттемелерінің жабу дәрежесінде айтылады, ақшаларға қайсы айналу мезгілі міндеттемелердің өшіру мезгіліне талапқа сай болады.

Пассивпен міндеттемелердің активпен өтімділік балансын талдауы құралдардың салыстыруында болады . Активтердің салыстыру ыңғайлылығына арналған және корпорация пассивтарының баланстық көрсеткіштері топталады. Топталу сәйкестігі екі ережеде өткізіледі :

Өтімділіктің олардың активтар дәрежесімен тиісті топтастырылған болуы және өтімділік кемуінің ретінде орналасқан ;

Қарызды өшірудің олардың пассивтар мезгілдерімен тиісті топтастырылған болуы және төлеу мезгілдерінің өсуінің ретінде орналасқан .

Корпорация активтары 4 топқа бөлінеді :

1)Өтімді активтер А1– корпорацияның ақшалы құралдары және қысқа мерзімді қаражаттық салым ( құнды қағаздар );

2)Тез арада іске асырылатын активтер А2– дебиторлық қарыз өшіру мезгілімен 12 ай және қалғаны айналым активтері ;

3)Баяу іске асырылатын активтер А3– кіретіндері «қорларн бұдан басқа «болашақтағы шығындары ң, сонымен қатар «ұзақ мерзімді қаражаттық салым;

4)Қиын іске асырылатын активтер А4– айналымнан тыс активтар шығарудың ар жағында, қосылғандардың топ алдындағы .

Сонымен қатар корпорация міндеттемелері 4 топқа топталады және тез арада ақы төлеу дәрежесіне байланысты орналасады :

жедел міндеттемелер П1– несиелік қарыз, сонымен қатар уақытында өтелмеген несие;

қысқа мерзімді пассивтер П2– қысқа мерзімді несиелер және қарыздық қаражат;

ұзақ мерзімді пассивтары П3– ұзақ мерзімді несиелер және қарыздық қаражат;

тұрақты пассивтары П4– кіретіндері «дивиденттер бойынша есеп-қисаптарн, «болашақтағы табыстарың,«тұтыну қорларың,«алдағы шығындардың резервтері және төлемің; «болашақтағы шығындары ң мына топ жол мөлшеріне азаяды.

Өтімділік балансын анықтау үшін, келтірілген топтарды активтері және пассивтері бойынша келістіру керек. Баланс өтімді болады, егер арақатынас орыны болса.

$$A1 \geq P1 \quad A2 \geq P2 \quad A3 \geq P3 \quad A4 \leq P4$$

Бір немесе бірнеше теңсіздік белгісі үйлесімдіге қарағанда қарама-қарсы болса, онда өтімділік балансы абсолюттіге қарағанда өзгеше болады. Сонымен

қатар активтардың бір тобындағы жетіспеушілік басқа тобтардың артықшылығымен өтелінеді (тек құндық мөлшермен ғана, өйткені өтімділігі азы өтімділігі үлкенге ауыстыра алмайды).

Өтімді қаражатпен тез өтетін активтерді және жедел міндеттермен қысқа мерзімді пассивтерді салыстырғанда ағымдағы өтімділікті көрсетіледі.

Баяу іске асырылатын активтардың ұзақ мерзімді және орта мерзімді пассивтерді салыстыру Негізінде перспективалы өтімділік көрсетіледі, яғни болашақтағы түсімдер мен төлемдер салыстыру Негізінде корпорацияның төлем қабілетін болжайды. Корпарация өтімділігі келесі қаражаттық коэффициенттер арқасында толықтырылады .

**Абсолютті өтімділік коэффициенті** өтімді активтердің жедел міндеттер және қысқа мерзімді пассивтердің сомасына қатынасы

$$K_{\text{ая}} = \frac{B}{H + M}$$

B - қаражат + қысқа мерзімді салым

H – несиелік қарыз,

M – қысқа мерзімді несиелер және займдар.

Нормалы шек қою  $K_{\text{ая}} > \text{немесе} = 0,2-0,5$ . Ағымдағы қарыздың қай бөлігі балансты құрған мезетіне жақын өтілуін көрсетеді.

**Жабу коэффициенті немесе ағымдағы өтімділік** барлық айналым қаражаттары жедел міндеттемелердің сомасына қатынасы.

$$K_{\text{м}} = \frac{A^o}{H + M}$$

$A^o$  – сырт активтар .

Нормалы шек қою  $K_{\text{тл}} > \text{немесе} = 2$ . Коэффициент ағымдағы активтер қандай дәрежеде қысқа мерзімді міндеттемелерді жабуын көрсетеді.

Кесте 28 - Кәсіпорын қаржылық тұрақтылығын бағалайтын салыстырмалы көрсеткіштер

№	Көрсеткіш		Қалыпты деңгейі	Түсініктеме
1	Тәуелсіздік коэффициенті	$K_n$	$\geq 0,5$	Қаржыландыру көздерінің жалпы сомасындағы меншікті капиталдың үлесін көрсетеді
2	Тәуелділік коэффициенті	$K_z$	$\leq 0,5$	Қаржыландыру көздерінің жалпы сомасындағы қарыз қаражаттар сомасының үлесін көрсетеді
3	Қаржыландыру коэффициенті	$K_{\text{ф}}$	$\geq 1$	Қызметтің қандай бөлігі меншікті және қарыз капиталымен қаржыландырылатынын көрсетеді
4	Қарыз және меншікті капитал арақатынас коэффициенті	$K_{z/c}$	$\leq 1$	Салынған меншікті капиталдың 1 теңгесіне қанша қарыз қаражаттарын тартқанын көрсетеді.

5	Маневірлілік коэффициенті	$K_m$	$\leq 0,5$	Меншікті капиталдың 1 теңгесіне меншікті айналым капиталының қандай бөлігі келетінін көрсетеді
6	Инвестицияларды өтеу коэффициенті	$K_{\text{фy}}$	$\geq 0,75$	Активтердің қай бөлігі тұрақты көздерден қаржыландырылатынын көрсетеді
7	Қорлар мен шығындардың меншікті көздермен қамтамасыз етілу коэффициенті	$K_{\text{o/з}}$	$\geq 0,6$	ТМЗ-нің қай бөлігі меншікті айналым капиталымен өтелетін көрсетеді
8	Айналым активтерінің меншікті капиталмен қамтамасыз етілу коэффициенті	$K_{\text{сф}}$	$\geq 0,5$	Айналым активтерінің қандай бөлігі меншікті көздерден қаржыландырылатынын көрсетеді
9	Берешек-алашақ қарыз коэффициенті	$K_{\text{д/к}}$	$\leq 1$	Берешек және алашақ қарыздарды қаншалықты бағытты және тиімді қолдануын көрсетеді
10	Инвестициялық коэффициент	$K_{\text{и}}$	$\geq 0,5$	Меншікті капиталдың қандай бөлігі негізгі капиталға келетінін көрсетеді
11	Тұрақты актив коэффициенті	$K_{\text{па}}$	$\leq 1$	Меншікті капиталдың 1 теңгесіне қанша ұзақ мерзімді активтер соммасы келетінін сипаттайды

**Іскерлік белсенділік коэффициенті** кәсіпорын өзінің қаражатын қаншалықты тиімді пайдаланатынын талдауға мүмкіндік береді. Әдетте, осы топқа айналымдылықтың әр алуан көрсеткіші жатады. Аталмыш көрсеткіш компания қаржысының жай – күйін бағалауда маңызды, өйткені қаражат айналымының жылдамдығы, яғни қаражаттың ақшалай нысанына айналу жылдамдығы кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне тікелей ықпал етеді. Осы топтың негізгі коэффициентіне мыналар жатады:

**1. Активтің айналымдылық коэффициенті:**

$$K = \frac{T}{\text{АКТИВ}},$$

мұнда: T – таза түсім.

Коэффициент кезең ішінде пайда әкелетін өндіріс пен айналымның қанша толық циклді жасалатынын немесе активтің әрбір бірлігі сатылған өнімнің қанша ақша бірлігін әкелгенін көрсетеді.

**2. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті:**

$$K = 365 : \frac{T}{\text{Деб}},$$

мұнда: Деб- дебиторлық берешек.

Коэффициент есепті кезең ішінде дебиторлық берешек ақшалай қаражатқа орташа қанша рет айналғанын немесе дебиторлық берешектің

күнмен есептелген ұзақтағын көрсетеді. Коэффициентті орташа салалық көрсеткішпен және кредиторлық берешектің айналымдылық коэффициентімен салыстырған орынды.

### 3. Материалдық өндірістік қорлардың айналымдылық коэффициенті:

$$K=365: \frac{TMK}{Z},$$

мұнда:  $Z$  - өнімнің өзіндік құны (коэффициент компанияға табыс етілген шотты төлеу үшін қанша күн қажет екенін көрсетеді)

ТМК – материалдық - өндірістік қорлар құны.

Кәсіпорынның **нарықтық белсенділігінің коэффициентіне** компания акциясының құны мен кірістілігін сипаттайтын әр түрлі көрсеткіш кіреді. Осы топтың негізгі көрсеткішіне мыналар жатады:

#### 1. Бір акцияның пайдалылығы:

$$\text{Акцияға шағылған пайда} = \frac{TT - АД}{\text{Акциялар}},$$

мұнда: АД- артықшылығы бар акция бойынша дивиденд.

2. **Акцияға шаққандағы пайда** айналыстағы бір жай акцияға таза пайданың қанша үлесі келетінін көрсетеді.

3. **Бір акцияның баланстық құны:** бір акцияның баланстық құны бухгалтерлік есеп пен есеп беру дерегіне сәйкес бір жай акцияға шаққандағы акционерлік капиталдың құнын көрсетеді.

4. **Дивиденд төлеу коэффициенті:** Коэффициенттің таза кірістің қай бөлігі дивиденд төлеуге жұмсалатынын көрсетеді. Осы коэффициенттің деңгейі түрлі компанияда 0 – ден 0,9 – ға дейінгі аралықта болуы мүмкін.

## 11.2 Қаржылық нәтижелерді талдау

Қаржылық талдаудың маңызды бөлігі – пайданың құрылуын талдау. Пайда талдауы оның құруы ретімен байланысты болады .

Корпорация пайдасының құрылуының ретінен шыға оның факторлық талдауы жүргізіледі, яғни оның мақсаты баланстық және таза пайданың көрсетілімінің динамикасын бағалау, корпорацияның қаржылық шешімдіріне келесі факторлардың әсер ету дәрежесін көрсету, сонымен қатар: өнімнің өзіндік құнының өсуі(төмендеуі); оның өту көлемінің үлкеюі(азаяуы); оның сапасын жоғарылату және ассортиментінің кеңеюі; рентабельдік көрсеткіштерін талдау; пайданы көбейтудің резервтерін анықтау. Корпорацияның қаражаттық нәтижелерін талдау баланстық және таза пайданың көрсетілімінің динамикасын бағалаудан басталады. Сонымен қатар қаражаттық көрсеткішінің кейінгі және есеп беру кезеңін салыстырады, баланстық және таза пайдағы қайсының көп әсер еткенін көрсетеді. Корпорация қызметінің соңғы қаражаттық нәтижесін көрсететін маңызды көрсеткіш рентабельдік болып келеді. Рентабельдік қаржылық операцияларға немесе басқа кәсіпорынға салынған әрбір теңгеден алынған пайдаға мінездемі береді.

Корпорация мүлігіне салынатын каталдар және кәсіпкер орындайтын шаруашылық қаржылық операциялар үшін рентабельдік көрсеткіш жүйесі бар.

Меншікті

капитал рентабелділігі = Таза табыс/ меншікті капитал мөлшері \* 100%

Пайда

орындауларының рентабелділігі = Таза табыс/ орындаудан пайда \* 100%

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру заңды тұлғаның басқа қызметімен байланысты экономикалық шешім қабылдағанда қажет. Ақша қаражаттың қозғалысы туралы есеп беру қаржылық есеп берудің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Операциялық қызмет – бұл заңды тұлғалардың Негізгі қызметіне байланысты табыс түсіру жөніндегі операциялық және инвестициялық қаржылық қызметке қатысы жоқ, басқа қызметке байланысты операциялар.

Кәсіпорынның есеп саясаты – ұйымның бухгалтерлік есепті жүргізу әдісінің жиынтығын, яғни алғашқы бақылау, құндық өлшеу, ағымдағы топтау мен шаруашылық қызметтің фактілерін жинақтап қорытындылау жолдарын айтады. Бухгалтерлік есепті жүргізу әдістеріне шаруашылық қызмет фактілерін топтау мен бағалау әдістері, активтердің құнын есептеу, құжат айналымын қабылдауды ұйымдастыру, түгендеу, бухгалтерлік есеп шоттарын қолдану әдістері, бухгалтерлік есептің тіркелім жүйесі, мәліметті өңдеу мен басқа да сәйкес әдістер мен амалдар кіреді. Ұйымның өзінің есеп саясатын өңдеу мүмкіндігі мен қажеттілігі бухгалтерлік есеп пен басқа екінші деңгейлі нормативтік құжаттар бойынша баптарда қарастырылған бухгалтерлік есептің кез келген мәселелерін шешудің көп түрлілігімен анықталады.

### **11.3 Корпорацияның қаржылық тұрақтылығына жету жолдары және қаржылық стратегиясының мәселелері**

Стратегияны қалыптастыру процессі әрдайым балама шешімдер таңдау мәселесімен байланысты болып келеді. Менеджменттің негізгі құралы дұрыс дайындалған стратегия болмайынша кәсіпорында стратегиялық әрекеттер мен шешімдердің қажетті біртұтастығына қол жеткізу мүмкін емес. Стратегиясы жоқ кәсіпорын тиімді бәсеке күресін жүргізе алмайды: жалпы оның әрекеттері өзгермелі сыртқы және ішкі жағдайларға жауап бере алмайды және қалыптасқан мәселелерді тиімді шешуге де ықпал ете алмайды.

Стратегиялық жоспарлау басқару шешімін қабылдауға қажетті құрал болып саналады. Оның басты міндеті – ұйымдағы жаңадан енгізілгендерді жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету. Стратегиялық жоспарлау басқару қызметінің төрт түрін қамтиды: ресурстарды бөлу, сыртқы ортаға бейімделу, ішкі үйлестіру және ұйымдық стратегиялық болжамдау.

Кәсіпорынның стратегиялық бағдарлары мен мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, бәсекелестер арасында даму артықшылықтарына мүмкіндік беретін, сонымен қатар, оны жүзеге асырудың қадам бойынша бірізділігін анықтайтын көріністердің, шешімдер қабылдауға арналған ережелер мен

жолдардың болуы жақсы ойластырылған стратегияның өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Кәсіпорынның тұрақты стратегиясын құру барысында мақсатқа сай жұмысты қамтамасыз ету үшін ол – өз тұжырымдамасын жасауға тиіс, осы кезде кәсіпорынды басқару мыналарға сүйенуге тиіс:

- тұрақты даму өнім мен көрсетілетін қызметтердің сапасын, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті және әлеуметтік жауаптылықты қамтамасыз етпей, қоршаған ортаға техногендік жүктемені төмендету бойынша мақсатқа сай және келісілген жұмысқа қатыспай жүзеге асырыла алмайды;

- экономикалық, әлеуметтік және экологиялық теңгерілген шешімдерді іздестіру және олардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде жұмыс үнемі жүргізілуі тиіс;

- бағдарламалық іс-шараларды іске асыру процесінде бірыңғай ғылыми-әдістемелік, метрологиялық және техникалық тәсілдерді қамтамасыз ету;

- бағдарламалық іс-шараларды өз уақытында және толық қаржыландыруды қамтамасыз ету;

- кәсіпорынның өзінің өндірістік қызметінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ой-мақсаттары туралы ақпараттың ашықтығы және қолжетімдігі;

- бағдарламалық іс-шараларды орындауды қатаң бақылау.

Кәсіпорынның тұрақты даму стратегиясының алғышарттарына мыналар кіреді:

- кәсіпорынның экологиялық саясаты принциптері;

- кәсіпорынның жаңашылдық стратегиясы;

- кәсіпорынның қызметкерлері мен басшылары арасындағы тарифтік келісім;

- кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұжымдық келісім-шарт;

- қызметкерлерге және әкімшілікке берілетін кепілдіктерді, жеңілдіктерді және өтемақыларды кеңейту.

Тұрақты даму стратегияны іске асыруды басқаруды жүзеге асыруды ағымдағы үйлестіруді кәсіпорынның тиісті бөлімшесі жүзеге асырады. Стратегияның орындалуына жауаптылық мақсаттық нұсқауларды, бағдарламалық іс-шаралар бойынша шығындарды, оларды іске асыру механизмі мен мерзімдерін нақтылайтын кәсіпорын басшыларына жүктеледі.

**Компанияларда тұрақты даму стратегиясы бар және ол төмендегідей болып келеді:**

1. Компания стратегиясын жоғарғы басшысы тұжырымдайды және жасайды, алайда оны жүзеге асыруға басқарудың барлық деңгейіндегілердің қатысуы көзделеді.

2. Компания стратегиясы жеке бір ұйымға ғана емес, бүкіл корпорацияның болашағы үшін жасалады.

3. Компания стратегиясы көлемді зерттеулермен және нақты деректермен негізделуі тиіс. Қазіргі әлемдегі бизнесмен тиімді бәсекелесу үшін, фирма сапа, рынок, бәсеке және басқадай факторлар туралы толып жатқан ақпаратты ұдайы жинауы, әрі талдауы тиіс.

4. Компания стратегиясы оның айқындылығын, дербестілігін білдіреді, мұның өзі олардың белгілі бір жұмыскерлерді тартуына ықпал етеді.

5. Компания стратегиясының жоспарын жасағада, ұзақ уақыт бойы тұтастығын сақтаумен қоса, қажет болған жағдайда жетілдіруді және қайта бағыттауды жүзеге асыратындай икемді болуы тиіс.

6. Компания стратегиясы, ең бастысы, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге негізделеді, ол үшін ең бастысы – компанияның тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Компанияның қаржылық ақпараттар көздері.
2. Компанияның қаржылық жағдайын талдау әдістері.
3. Компанияның қаржылық жағдайын бағалау көрсеткіштерінің жүйесі.
4. Кәсіпорынның өтімділігі, төлемқабілеттілігі, іскерлік белсенділігі, нарықтық белсенділігі, қаржылық тұрақтылығы, табыстылығы түсінігі.

#### **СӨЖ тапсырмасы:**

1. Бір акционерлік қоғам мысалында үш есепті кезеңнің мәліметтерін пайдаланып оның қаржылық жағдайына талдау жүргізу.
2. Бір акционерлік қоғам мысалында оның қаржылық жағдайына талдау нәтижелерін пайдаланып кешенді рейтингілік баға беріңіз.



## **ХІІ БӨЛІМ. КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ДӘРМЕНСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУ**

### **12.1 Банкроттық ұғымы, белгілері мен қағидаттары**

Дағдарыстық жағдай кәсіпорынның төлем қабілетсіздігімен сипатталып қана қоймай, оны иеленушілер және несие берушілердің қызықғушылықтарын а қысым келтіруімен білінеді. Меншікті капиталға салымдардың тиімділігін инвестицияланған ресурстардың альтернативті қолдану мүмкіншіліктерін ескеру қажет. Қайта құру концепциясы олардың тәуекелділігі және қаржылық негізде жүзеге асырымдылығын ескере отырып жүргізілуі керек. Нарықтық экономика шарттарында, толық жүйеде де, сонымен қатар жеке шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін де дағдарыстық жағдайларсыз болмайды. Жиі жағдайда тәжірибе жүзінде жүйе жауап ретінде алғашында экономикада апробацияны өтетін, соңынан теория негізінде дәлелденетін өз бетімен механизм жасап шығарады. Сол механизмдердің бірі корпоративтік қайта құру болып табылады. Жалпы қабылданған теорияға сәйкес компанияның күнделікті кәсіби циклге қатысы жоқ өндірістегі, капитал немесе меншіктегі кез келген өзгерістерді жатқызады.

Батыстық экономикалық әдебиетте қайта құру мағынасына корпоративтік құрылымдық қайта құру сәйкес келеді. Бұл термин бірігу, жұтып кету, стратегиялық альянс, компанияны немесе компанияның белгілі бір бөлігін сату, бөлімшелер ашу, қарызға компания сатып алу секілді шараларды білдіреді. Ал ағылшын тілінде қайта құру термині жиірек банкроттылық жағдайына қатысты қолданылады.

«Банкроттылық» және «шамасы жоқ» ұғымдарының өте нақты Францияда айырмалығы бар. Тарихта төмендегідей қызық факт бар: кез келген шамасы келмейтін кәсіпорынды ол өзін кредиторларға зияны жоқтығын дәлелдеп ақтайтын құжат әкелмейінше банкроттылық деп жариялауды ұсынды.

Клейнман тек шамасы жоқтылық ол, яғни қоғамға зияны бар банкроттылықтың белгісі емес деп тұжырымдады, ал егер ликвидация кезінде өз кірісін ұлғайту мақсатымен бережақтан алдау арбау белгілері болған болса сот кінәліге қарсы іс ашуға мәжбүр болады.

Ғалымдардың «шамасыздық» және «банкроттылық» ұғымдарының дифференциациясын түсіндіруін талдау берілген проблемаға өзгеше көзқарастарды тудырады. Кейбір ғалымдар, «банкроттылық» және «шамасыздық» терминдерін өзге критерийлермен айыру қажет деп санайды. Осылай, А. Булко және және Л. Шевчук болса банкроттылық және шамасыздық ұғымдарын төлемсіздік критеріі бойынша дифференциалдау керек деп айтып кеткен. Ресей заңнамасын зерттей келе Ле Хоа да осындай тұжырымға келеді. Оның ойынша банкроттылық және шамасыздық ұғымдары синоним емес, шамасыздық – бұл төлем қабілетсіздік, яғни ретімен қарыз берушілердің өз уақытында міндеттемелерін орындай алмауы.

Әрқашанғы созылмалы шамасыздық абсолютті төлем қабілетсіздігіне алып келеді. Ол кезде қарызгер кәсіпорын өзінің қаржылық жағдайын қалпына келтіре алмайды, ал өз қызметін жалғастыру мүмкін емес болады.

Мүмкін еместілік қаржы – шаруашылық қызметін жалғастыру үшін қаржы құралдарының болмауынан, ал мақсатқа сәйкес сәйкес келмеушілік – әлеуметтік экономикалық маңыздылықтың экономикалық және өндірістік потенциалының болмауынан, нарықтық тартымдылықтың болмауынан, бәсекеге қабілетсіздіктен. Бұл шамасыздық банкроттылыққа айналады. Осылайша, Ле Хоа банкроттылықтағы кәсіпорын оның ликвидациялануы туралы шешім шыққан кәсіпорын. Дәл сондай позицияны ұстанған Б. Клоб шамасыздық және банкроттылық ұғымдарының келесі формулировкасын ұсынды:

«Шамасыздық – дегеніміз соңынан әр түрлі төлем қабілеттілікті қалпына келтіру шараларын міндеттеуге алып келетін қарызгер кәсіпорынның несие берушілерге немесе өз қарызын не міндетті төлемдерін төлей алмауы, банкроттылық – арбитражды сотпен тағайындалған немесе қарызгер кәсіпорынның өзімен жарияланған конкурстық өндірісті жүргізу шараларын қолдануға әкеліп соғатын қарызгердің несие беруші алдындағы міндеттемелерін, сонымен қатар міндетті төлемдерді төлеу қабілетсіздігі. »

Сөйтіп, көрсетілген авторлар тізімі банкроттылықты сотпен шешілген төлемқабілетсіздікті, ал шамасыздық бұл жай төлемқабілетсіздікті айтады.

Банкроттық институты ең алғаш орта ғасырларда сауда құқығы институты ретінде пайда болып дами бастады. Ол сол замаңғы тауар-ақша қатынастарының қарқындалуымен тікелей байланысты болды. Бұл институттың субъектілері - саудамен айналысатын жеке тұлғалар болған. Ал жеке кәсіпкерлерді олардың бірлестіктері - сауда серіктестіктері алмастырған кезде, арнайы заңның күші сауда құқығындағы заңды тұлғаларға да таратыла бастады.

Дәрменсіздік (банкроттық) мәселелерін реттейтін алғашқы заңдардың шығу тарихы XV ғасырдың ортасына жатқызылады. Ол кездің заң шығарушысы негізінен қылмыстық сипаттағы қатаң нормаларды қолдана отырып тауарлық айналымға әсер етуді көздеді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, дәрменсіз борышкерлерге қолданылатын ең қатаң шаралардың өзі банкроттық қатаң болуды тия алмады.

Бірте-бірте азаматтық-құқықтық сипаттағы нормалардың саны ұлғайып, дәрменсіздікке байланысты заңнамалардың мақсаты әжептәуір өзгеріске түсіп, олар барған сайын өркениеттілік сипатқа ие бола бастады.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы банкроттық туралы заңнамалар-банкротқа ұшырағандардың мүлкін олардың кредиторларына үлестіріп беру үшін оны қолма-қол ақшаға айналдыруды негізгі мақсат ретінде көзделеді.

Банкроттық себептері:

1. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін ойдағыдай іске асыруына кедергі келтіретіндей жағдайда оның қаржылық тұрақтылығының бұзылуы.

2. Ұзақ уақыт бойы ақшалай ағымдар көлемінің теңсіздікте болуы.

3. Кәсіпорын активтерінің өтімділігінің төмендігіне байланысты кәсіпорынның ұзақ уақыт төлем қабілетсіз болуы..

Банкроттық түсінігі оның түрлерімен сипатталады. Негізгі түрлеріне төменде сипаттама беріліп отыр.

Нақты банкроттық. Ол кәсіпорынның алдағы уақытта қаржылық тұрақтылығы мен төлемқабілеттілігін орнына келтіруге қабілетсіздігін сипаттайды.

Техникалық банкроттық. Аталмыш термин оның дебиторлық берешекті өтеу мерзімінің созылуына байланысты кәсіпорынның төлемқабілетсіздігі жағдайын сипаттайды. Мұнда кәсіпорынның дебиторлық берешек мөлшері кредиторлық берешек мөлшерінен артық болады да оның активтерінің сомасы оның қаржылық міндеттемелерінен айтарлықтай артық болады.

Қасақана банкроттық» Ол кәсіпорын иелерінің оның төлемқабілетсіздігін қасақана қолдан жасауды білдіреді. .

Фиктивті банкроттық. Ол кәсіпорынның өзінің қаржылық жағдайсыздығы туралы жалған ақпарат беріп, кредиторлардан төлем міндеттемелерін орындау мерзімін созыру үшін адастыру.

Кәсіпорынның банкроттық жағдайында жою процедурасындағы қаржылық менеджменттің қызметтері:

- банкрот болған кәсіпорын мүлкін баланстық құн бойынша бағалау ;
- жою массасының көлемі мен құрамын анықтау;
- жою массасының құрамына кіретін мүлікті нарықтық құны бойынша бағалау;
- банкрот болған кәсіпорынның нақты қаржылық міндеттемелерінің көлемін анықтау;
- мүлікті сатудың айтарлықтай эффективті формаларын таңдау;

## **12.2 Фирманың кризистік жағдайының пайда болуы механизмы.**

### **Компания қызметінің кризисінің факторлары**

Кәсіпорынның жандануы және күйреу әрекеттерінің нәтижесі көптеген факторларды бір біріне тәуелді етеді: сыртқы факторларына, бұл факторларға кәсіпорын мүлдем әсер ете алмайды. Және ішкі фактор, бұл фактор ұйымның жұмыс істеу қабілеттілігіне байланысты.

Кәсіпорынның әрекеттеріне әсер ететін сыртқы факторлар қатарына: тұтынушылық көлемі мен құрылымы, табыс деңгейі және халықтық жинақтар, халықтың тауарды сатып алу қабілеттілігі (бұған баға деңгейі мен несиені пайдалану деңгейін жатқызуға болады), тұрақтылық саясаты және ішкі саясатының бағыттылығы; тауар өндірісінің процессін және оның бәсекелестігін анықтайтын техника мен ғылымның дамуы; тұтыну нормаларында және сатып алуда кездесетін мәдениет деңгейі.

Банкротқа ұшыраудың өте ауыр сыртқы факторлардың бірі-технологиялық күйреу.

Әрбір өндірістік технологиялық жүйеде өсу әрекеттерінің себебі болуы мүмкін. Себебі, келесі даму этапы жүйенің базалық мінездемесіне қадам жасауы

тиіс. Экономикалық әдебиеттерде бұл жайттар сынық нүктелер, технологиялық үдерістер деп аталады.

Электрондық шамнан проводниктерге көшу, грампластинкалардан магниттік ленталарға көшу және т.б. технологиялық үдерістерден болады. Нәтижесінде шаруашылық-технологиялық даму өте тез уақытта қалыптасады. Мұндай жағдайда лидер болып келе жатқан кәсіпорын артта қалуы мүмкін. Білікті мамандардың айтулары бойынша, технологиялық үрдістердің нәтижесінде лидер болған он кәсіпорынның жетеуі артта қалады. Олардың көпшілігі тек үлкен ғылыми-технологиялық ашулар мен жаналықтарды бағаламайды, сонымен қатар аса ірі емес жаңаша ашуларды да бағалайды. Осы себептен де кәсіпорын өз әрекет ету деңгейін жоғалтуы мүмкін. Мысалы: балалар подгузниктарын жарнамалау текстильді өнім шығаратын кәсіпорындарға зиян келтірді.

Банкроттың сыртқы факторларына халықаралық бәсекелестіктің күшеюін жатқызуға болады. Шетел кәсіпорындары кейбір жағдайларда арзан еңбекті пайдаланғаны үшін нарықтық экономикада лидер болса, келесі жағдайларда дамыған технологияларды пайдаланғаны үшін алға шығады.

Кәсіпорынның банкротқа ұшырауына себеп болатын сыртқы фактор-экономиканың құлдырауы. Қазіргі кезде нарықтық экономикада кәсіпорынның банкрот болуына көптеген факторлардың әсері себеп бола алады.

Кәсіпорынның банкротқа ұшырауы мына факторларға себепті:

- кәсіпорынның басқарушылық міндеттерінің нашар орындалуы, ойластырылмаған маркетингтік стратегиясының болуы;
- инвестициялық ресурстардың жеткілікті болмағаны;
- бәсекелестік жағдайы жоқ өнім өндіру.

Осындай сыртқы факторларды әсерінен кәсіпорынның банкротқа ұшырауы мүмкін.

Шетел ғылымында банкроттыққа байланысты көптеген қағидалар туындады. Бұл қағидалар кәсіпорынның банкротқа ұшырауының негізділері болып саналады.

1. Әрқайсысына жекеше тоқтау қағидасы-бұл кәсіпорынның жұмыскерлерінің нашар жұмыс атқаруынан болуы мүмкін. Сондықтан жаңа жұмыскерлерді алу, олардың біліктілік наситі себебінен кәсіпорын жағдайы жақсаруы мүлдем мүмкін. Мұндай жағдайға ұшырыған кәсіпорын банкрот болып саналмайды, оған тек дұрыс шешім қабылдау қажет.

2. Несиегерлермен максималды есептесу қағидасы- банкроттылық процедурасы алға қойған жоспарды жандандыруы тиіс. Ол жоспардың іске асуы несиегерлерге қарызды өтеу болып табылады. Негізінен банкроттылық несиелік қарыздардан туындайды.

Сондықтан, ең бірінші мәселе сол қарызды жабу болып табылады. Бәсекелестігі жоғары аумақта жұмыс істеген кәсіпорындар психологиялық қысымда жұмыс күндікті істеуі қажет.

3. Әділдік қағидасы – банкаралық процедурасы несиегерлерге байланысты әділеттікті қанағаттандыру қажет: егер несиегерлер арасында жеке және заңды тұлғалар болса ( банк немесе салықтық бақылау), онда кәсіпорындар оларға

кезек - кезек төленуі тиіс.

4. Эффектілік қағидасы – банкаралық процедурасында эффектілік қағидатын талап ету бірінші қатарда тұрады. Процедурасының мерзімін сызбай тез шешу қажет.

5. Бірлік қағидаты –кәсіпорының банкротқа ұшырағанда мониторинг жағдайы, қаржы экономикалық анализ жасалып, кәсіпорындардың өмірсүрушілік деңгейін көтеру үшін инвесторларды іздеумен айналысу қажет. Бұл кәсіпорынның мәселесін шешу үшін жасалады.

6. Банкроттылықтың әртүрлілік қағидаты әлемдік келісім қағидасы. Әлемдік келісімге тұру мүмкіндігі банкаралық процедура кезінде өте маңызды. Әлемдік келісімге тұру кейбір талаптардан бас тарту болып саналады. Ол кәсіпорындардың жағдайын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

7. Несиегерлермен әлемдік келісімге тұру қағидасы – несиегерлермен жиналыс өткізілгеннен соң, ол келісімге тұру мүмкін. Бұл мәселе дауысқа құқығы бар конкурстың несиегерлермен шешіледі. Әлемдік келісімге тек конкурстық несиегерлермен қарызгер тұруы мүмкін.

8. Сыртқы шаруашылық қағидасы – несиегерлердің шешімімен қарызгердің заңмен қабылданған мерзім ішінде қарызын өтеуі үшін сыртқы басқарма енгізіледі. Бұл қарызгердің төлемқабілеттілігін асырудағы инструмент болып табылады.

9. Бақылау процедурасының міндеттілік қағидасы – бұл қағида жаңаша болып есептеледі. Бұл қағиданың мақсаты банкротқа ұшыраған кәсіпорынның жеке мүлкін сақтап қалып, қаржылық экономикалық анализ жүргізіп , несиегерлер алдындағы қарызынын анықтап тиімді шараларды қабылдау. Бұл қағида барлық қарызгерлерге қабылданады.

10. Банкроттылықты ескерту қағидасы – заң жеке және заңды тұлғаларды, унитарлық кәсіпорындарды, жеке меншіктерді банкротқа ұшырауы туралы ескерту жасауы тиіс. Қарызгерлер несиегерлер мен келісімге тұрса, соттан құтылуға болады. Бұл кезде «банкроттылық құпиясы» сақталуы қажет, Ал қарызгерлердің банкротқа ұшырауы туралы шешім мемлекеттік органмен ресми түрде құжат түрінде басылады.

Экономикалық ғылымның докторлары, профессорлары Т.И. Мухамбетова, А.Г. Нукушева айтулары бойынша ҚРда банкроттық қағидаттары әлі туындаған жоқ, аталған қағидалар тек шетелдермен қалыптастырылды. Бұл қағидалар банкроттық процедурасының дұрыс, әрі тиімді жүргізілуіне мүмкіндік береді.

### **12.3 Банкроттылық ықтималдығын болжау**

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің сан түрлілігіне, олардың деңгейі мен экономикалық мазмұнының өзгешеліктеріне байланысты кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы мен банкроттылығының ықтималдығына баға беруде қиындықтар туындайды. Осыған байланысты ғалым экономистер скорингтік талдау негізінде қаржылық тұрақтылыққа интегралдық баға беруді ұсынады. Бұл әдістеменің мәні - бірнеше негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткішке

сүйене отырып, балдық жүйе негізінде кәсіпорындарды қаржылық тәуекел деңгейі бойынша жіктеуде.

Қаржылық талдау негізінде кәсіпорынның банкроттылығының ықтималдығына баға беруге болады және оның түрлі әдістері бар.

Шет мемлекеттерде банкроттылық ықтималдығына баға беруде белгілі экономистер Альтман, Лис, Тишоудың көп сатылы дискриминантты үлгілері кеңінен қолданылады. Олардың ішінде Альтманның екі, бес факторлы үлгілері (несие қабілеттілік индексі) кеңінен танымал [29,30].

Альтманның екі факторлы  $Z$  – үлгісі:

$$Z = - 0,3877 + K_{\text{ағ.өт.}} * (-1,0736) + K_{\text{т.}} * 0,0579 \quad (18)$$

мұндағы:  $K_{\text{ағ.өт.}}$  – ағымдық өтімділік коэффициенті;  $K_{\text{т.}}$  – қаржылық тәуелділік коэффициенті;  $- 0,3877$ ,  $- 1,0736$ ,  $0,0579$  – үлестік коэффициенттер.

Егер  $Z > 0$  болса, онда банкроттылық ықтималдығы 50%-дан жоғары, ал егер  $Z < 0$  болса, онда банкроттылық ықтималдығы 50%-дан төмен. Егер  $Z = 0$  болса, кәсіпорындар үшін банкроттық ықтималдығы 50%-ға тең.

Екі факторлы  $Z$  үлгінің артықшылығы – оның қарапайымдылығы, ақпараттың жеткіліктілігі, есептеу жеңілдігі, бірақ бұл үлгіде кәсіпорынның табыстылығы есепке алынбайды. Сол себепті Э.Альтман банкроттылық ықтималдығын жобалаудың 5- факторлық үлгісін ұсынды:

$$Z = 1,2 + K_1 + 1,4 * K_2 + 3,3 * K_3 + 0,6 * K_4 + 1,0 * K_5$$

Үлгідегі коэффициенттер келесідей есептеледі:

$K_1$  = Меншікті айналыс қаражаттары/ Баланс валютасы

$K_2$  = Бөлінбеген табыс / Баланс валютасы

$K_3$  = Пайыздар төлегенге дейінгі табыс / Баланс валютасы

$K_4$  = Меншікті капитал / Заемдық капитал

$K_5$  = Өнім өткізуден табыс / Баланс валютасы

Кесте 29- Банкроттылық ықтималдығының дәрежесін 5 факторлы  $Z$ - үлгі бойынша бағалау

Z- мәні	Банкроттылық ықтималдығы
1,81 – дейін	өте жоғары
1,81-2,70	Жоғары
2,71-2,90	мүмкіндік бар
2,91- жоғары	өте төмен

## **12.4 Банкроттық нысандары: санация, қайта ұйымдастыру, келісімдер. Қайта ұйымдастыру әрекеттерінің түрлері мен оны жүргізудің реті**

Корпорацияның «шамасыздық» жағдайында оған банкроттық процедуралары қолдануы мүмкін.

Банкроттық процедуралары – қарыз кәсіпорынға қолданылатын шаралар. Бұл шаралардың ең басты мақсатпен несие беруші және несие алушы арасындағы пайда болатын қарамақайшылықтарды іске асырмау.

Несие алушыға қолданылатын процедуралар:

Бақылау - бұл банкроттық процедурасы. Оның басты мақматы корпорацияны қалпына келтіру немесе жою шараларын дайындау боып табылады. Ол несие берушілердің бақылауы астында жүзеге асады. Өткізуге арналған бақылау процедуралары төрелік сотпен уақытша басқарушы тағайындалады ( несие берушілермен ұсынылған кандидаттардың санынан ), процедураның соғы бойынша уақытша басқарушы өз қызметі туралы төрелік сотқа есептеу нәтижесін ұсынады. Онда қарыз алған корпорацияның қаржылық жағдайы туралы, және оны қалпына келтіру мүмкіндігі немесе мүмкінсіздігі болып табылады.

Сыртқы басқару бұл банкроттық процедурасы , корпорацияны жоймауы туралы мүмкінінше мақсат қойылады. Корпорацияның қаражаттық жағдайын жақсарту үшін, алдымен ұйымдық және экономикалық өлшемдердің өткізу жолымен оның төлеу қабілетін қалпына келтіру керек. Сыртқы басқару несие берушілердің шешімі Негізінде төрелік сотпен енгізіледі . Сыртқы басқару ұзақтығы 12 ай шасында жүргізіледі .

Корпорацияның төлеу қабілеттілігін қалпына келтіру – қарыз алушымен бола алады:

Өндірісті қайта жоспарлау.

Тиімсіз өндірістердің жабылуы.

Дебиторлық қарызды жоюы.

Корпорацияның жарты мүлігін сатуы.

Корпорацияны сатуы.

Конкурстық өндіріс – корпорацияны жоюы сот процедурасы, қайсыда ол мәжбүрлік сатылуға жатады , ал конкурс көпшілік несие берушілер арасында бөлінеді . Конкурс өндіріс мезгілі бір жылдың шамадан асыра алмайды, ерекшелігі - төрелік сот 6 айға көрсетілген мезгілді ұзарта алады . Конкурс өндіріс мақсаттарының орындалуына арналған төрелік сот конкурс басқарушыны тағайындайды.

Дүниежүзілік келісім – мына банкроттық процедурасы , отырған аралық қарызбен және несие берушілермен кезеңде және корпорация өндірістері , қарызға мүмкіндік беретін өз міндеттеме қамсыздандыру жою қолданулары, ал кейінге қалдыру жолымен, мерзімін ұзартулар немесе жеңілдіктің міндеттері . Дүниежүзілік келісім мүмкін егер де несие берушілердің бірінші және екінші кезектер бойынша қарыздарын төлейтін болса.

Банкроттық ескерту - бұл қарыз төлеу қабілеті қалпына келуімен түсіндіріледі . Сақтық өлшемдері аясында қарыз төлеушіге жеткілікті қарыздық міндеттемелерін төлеуге және төлеу қабілетін қалпына келтіруге көмек көрсетілуі мүмкін. Сот болғанға дейін санация жүргізіледі.

Санация – бұл өлшем жүйесі, яғни корпорацияда банкроттық пайда бола бастағанда, корпорацияның жойылмауына бағыт береді.

Корпорацияның меншік иелері, немесе несие берушілер, немесе басқа тұлғалар (өкіметті атқарушылар ) мақсаттық қаражаттық көмек қарызға көрсетеді , жеңілдік несиелер , жеңілдік салық салуды пайдалануына береді . Мемлекеттік қаражаттық сүйеу корпорацияларға пайдалануына, лайықты мүмкіншіліктердің барысы жанында қысқа уақытқа қаражаттық құралдарды нәтижелі қолдануға береді.

Корпорацияның төлеу қабілеттігін жақсартуына екі жол құрастырылған:

- Нарықта олардың өніміне ағымдағы сұраныс бойынша есепке алу санациясы, Негізгі өндіріс қорлардың жағдайы және қуаттылықтары, өндірістегі технологиялардың деңгейі және өндірістегі қызметшінің дәрежесін, ішкі резервтердің бағалаулары ;

- Корпорацияның шаруашылық айналымнан шығаруы олардың төмен нәтижелігіне байланысты .

Төлеу қабілетін қалпына келтіру мүмкіншілік барысында қаражаттық жақсарту жоспарымен кіреді . Осы жоспар келесі бөлімдерді қосады :

1. Корпорацияның жалпы мінездемесі.
2. Жоспар бойынша қаражаттық жақсартудың қысқаша мәлімдеуі.
3. Қаражаттық жағдайын талдауы.
4. Төлеу қабілетін қалпына келтіру және нәтижелі шаруашылық қызмет сүйеу шарасы.
5. Нарық және бәсеке.
6. Маркетинг сферасында қызметі.
7. Өндіріс жоспары.
8. Қаржылық жоспар.
9. Шығындар.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Банкроттық түсінігі, белгілері, принциптері
2. Қосылудың жұтылудан айырмашылығы қандай?
3. Қосылудың жұтылудың мақсаттары қандай?
4. Банкроттықтың негізгі түрлерін атаңыз.

### **СӨЖ тапсырмалары:**

1. Бір кәсіпорын мысалында банкроттылық ықтималдығының дәрежесін 2, 5 факторлы Z- үлгі бойынша бағалау.



## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. *Корпорация қаржысын ұйымдастыру принциптеріне жатпайды:*
  - A) Шарушылық қызметтің өзін-өзі реттеуі
  - B) Өзін-өзі қаржыландыру
  - C) Қаржылық резервтердің бар болуы
  - D) Айналым құралдарын қалыптастыру көздерін меншікті және қарыздық түрлерге жіктеу
  - E) Корпорацияның қаржылық саясатын қалыптастыру.
  
2. *Халық шаруашылығында қаржылық бақылауды қай субъект жүзеге асырады?*
  - A) Салық органдары
  - B) Сақтандыру компаниялары
  - C) Инвестициялық қорлар
  - D) Банктің консалтингтік бөлімдері
  - E) Қаржылық трейдерлер
  
3. *Корпорациялық қаржының функциясын көрсетіңіз:*
  - A) Болжау функциясы
  - B) Жоспарлау функциясы
  - C) Бақылау функциясы
  - D) Қор жинау функциясы
  - E) Анықтау функциясы
  
4. *Қаржының бақылау функциясын жүзеге асырудың құралы ... болып табылады.*
  - A) Туынды қаржы құралдары
  - B) Қаржылық ресурстар
  - C) Қаржылық коэффициенттер
  - D) Қаржылық ақпарат
  - E) Ғылыми-техникалық стандарт
  
5. *Корпоративті шаруашылықты ұйымдастырудың экономикалық нысаны:*
  - A) Технологиялық корпоратизация
  - B) Диверсификациялық корпоратизация
  - C) Өндірістік корпоратизация
  - D) Қаржылық корпоратизация
  - E) Масштабтық корпоратизация
  
6. *Холдингтік компаниялар қандай типтерге ажыратылады?*
  - A) Тура және жанама
  - B) Жеке және жиынтық
  - C) Жүйелік және жеке
  - D) Біріккен және аралас

Е) Таза және аралас

7. Корпорацияның құрылтайшы құжаттарымен анықталған стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешу үшін қаржыларды тиімді қолдану және басқару -

- А) Корпорацияның қаржылық саясаты
- В) Корпорацияның ішкі тәртібі
- С) Корпоративтік бағдарлама
- Д) Корпорацияның технологиялық стандарттары
- Е) Басқару концепциясы

8. Корпорацияның дамуындағы нақты кезеңнің жекелеген міндеттерін шешуге бағытталған қаржылық саясаттың қысқамерзімді курсы

- А) Қаржылық стратегия
- В) Қаржылық саясат
- С) Қаржылық тактика
- Д) Қаржылық жоспарлау
- Е) Қаржылық реттеу

9. Корпорациялық қаржының қандай функциясы оның ақша нысанындағы маңызын көрсетеді?

- А. Жоспарлау функциясы
- В. Бақылау функциясы
- С. Реттеу функциясы
- Д. Анықтау функциясы
- Е. Болжау функциясы

10. Бюджеттер қандай түрлерге жіктеледі?

- А) Жай және арнайы
- В) Операциялық және қаржылық
- С) Ағымдық және болжалдық
- Д) Жүйелік және бағдарламалық
- Е) Маусымдық және жекелеген

11. Бюджеттердің дайындалу кезеңділігіне байланысты жіктелуі:

- А) Тіркелген, өзгермелі
- В) Бақылаушы, аналитикалық
- С) Бірнұсқалы, көпнұсқалы
- Д) Кезеңдік, тұрақты
- Е) Баланстық, баланстан тыс

12. Корпорацияның контрагенттерімен тұрақты ақшалай қатынастарды қамтамасыз ететін қаржылық жұмыстың негізгі бағыттарының бірі –

- А) Қаржылық жоспарлау
- В) Бақылау-аналитикалық жұмыс

- C) Қаржылық реттеу
- D) Қаржылық ұйымдастыру
- E) Ақша айналымын басқару бойынша оперативтік қызмет

*13. Корпорацияның бақылау жүйесінің субъектілері ... болып табылады.*

- A) Құрылымдық бөлімшелер бюджеттері
- B) Бюджеттің жекелеген көрсеткіштері
- C) Құрылымдық бөлімшелер
- D) Бақылау технологиясы
- E) Шығындар сомасы

*14. Корпорацияның бақылау жүйесінің объектілерін көрсетіңіз:*

- A) Құрылымдық бөлімшелер бюджеттері
- B) Бюджеттің жекелеген көрсеткіштері
- C) Құрылымдық бөлімшелер
- D) Бақылау технологиясы
- E) Шығындар сомасы

*15. Корпорацияның қаржылық қатынастарын қаржылық әдіс пен қаржылық тетік арқылы басқару әдісі –*

- A) Қаржылық тетік
- B) Қаржылық әдіс
- C) Қаржылық қатынастар
- D) Қаржылық механизм
- E) Қаржылық талдау

*16. Басқару жүйесіне шарушылық қызметке әсер ете алу мүмкіндігін беретін қаржылық көрсеткіштер жиынтығы –*

- A) Қаржылық тетік
- B) Қаржылық әдіс
- C) Қаржылық қатынастар
- D) Қаржылық механизм
- E) Қаржылық талдау

*17. Қаржылық әдісті көрсетіңіз:*

- A) Таза табыс
- B) Ақпараттық әдістеме
- C) Инвестициялау
- D) Салық салу
- E) Қаржылық жоспарлау

*18. Қаржылық есеп деректері негізінде құрылған сесптілік формаларының жиынтығы - ...*

- A) Бухгалтерлік баланс
- B) Қаржылық есептілік

- C) Кіріс пен шығыс туралы есеп
- D) Ақша қозғалысы туралы есеп
- E) Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

19. *Есептілікті талдау әдісі болып табылмайтынды анықта*

- A) Есептілікті оқу
- B) Көлденең талдау
- C) Тік талдау
- D) Аналитикалық талдау
- E) Трендтік талдау

20. *Алдағы жылмен, тоқсанмен салыстырғандағы есептіліктің әр түрлі баптарының абсолютті және қатыстық өзгерістерін анықтауға мүмкіндік беретін есептілікті талдау әдісін атаңыз*

- A) Есептілікті оқу
- B) Көлденең талдау
- C) Тік талдау
- D) Аналитикалық талдау
- E) Трендтік талдау

21. *Есептіліктің жеке баптарының қорытынды көрсеткіштегі үлестік салмағын анықтау мақсатында қандай талдау жүзеге асырылады?*

- A) Есептілікті оқу
- B) Көлденең талдау
- C) Тік талдау
- D) Трендтік талдау
- E) Қаржылық коэффициенттерді есептеу

22. *Есептіліктің әр түрлі баптарының арасында қаржылық пропорцияларды қай талдау бейнелейді?*

- A) Есептілікті оқу
- B) Көлденең талдау
- C) Тік талдау
- D) Трендтік талдау
- E) Қаржылық коэффициенттерді есептеу

23. *Кәсіпорынның есепті кезең барысында өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу мүмкіндігін анықтау үшін қандай коэффициенттер қолданылады?*

- A) Өтімділік коэффициенттері
- B) Іскерлік белсенділік коэффициенті
- C) Рентабельділік коэффициенті
- D) Төлемқабілеттілік немесе капитал құрылымы коэффициенттері
- E) Нарықтық белсенділік коэффициенттері

24. Абсолютті өтімділік коэффициентінің нормативтік мәні қай аралықта анықталады?

- A) 0,3-0,4
- B) 0,9-1,5
- C) 1,0-3,0
- D) 0,7-0,8
- E) 0,2-0,3

25. Кәсіпорынның өз қаражаттарын қанишалықты тиімді пайдаланатындығын талдауға коэффициенттерінің қай тобы мүмкіндік береді?

- A) Өтімділік коэффициенттері
- B) Іскерлік белсенділік коэффициенті
- C) Рентабельділік коэффициенті
- D) Төлемқабілеттілік немесе капитал құрылымы коэффициенттері
- E) Нарықтық белсенділік коэффициенттері

26. Нарықтық белсенділік коэффициенттерінің құрамына қай коэффициенттер кіреді?

- A) Қаржылық тәуелділік коэффициенті
- B) Активтер рентабельділігі коэффициенті
- C) Операциялық цикл ұзақтығы
- D) Дивидендтерді төлеу коэффициенті
- E) Таза айналым капиталы

27. Дивидендтерді төлеу коэффициенті қалай анықталады?

- A) Бір акцияға дивидендтер/Бір акцияға таза табыс
- B) (Таза табыс – Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер)  
Айналыстағы акциялар саны
- C) Меншікті капитал/Баланс валютасы
- D) Таза табыс/Меншікті капитал \* 100 %
- E) Таза табыс/Активтер \* 100 %

28. Стратегиялық қаржылық талдау неше кезеңде жүзеге асырылады?

- A) 3
- B) 6
- C) 5
- D) 4
- E) 2

29. Ішкі қаржылық ортаның талдауы стратегиялық қаржылық талдаудың қай кезеңінде жүзеге асырылады?

- A) 1
- B) 4
- C) 2

- D) 5
- E) 3

30. *Саяси – құқықтық ортада қаржылық қызметтің дамуына не әсер етеді?*

- A) Экономикалық динамика қарқыны
- B) Халықтың мәдени деңгейі
- C) Қаржылық нарықты мемлекеттік реттеудің әдіс – тәсілдері
- D) Техникалық құралдарды басқару саласындағы инновациялар
- E) Халықтың нарықтық реформаларға көзқарастары

31. *Қаржылық тұрақтылықтың неше типі бар?*

- A) 2
- B) 5
- C) 4
- D) 3
- E) 7

32. *Кәсіпорынның қызметі туралы ақпаратты ішкі қолданушылары кім?*

- A) Мемлекет
- B) Консультанттар
- C) Бағалы қағаздар биржалары
- D) Меншік иелері
- E) Кәсіпорын ұжымы

33. *Пайызды есептеудің қарқындылығын сипаттайтын шама?*

- A) Пайыздар
- B) Пайыздық ставка
- C) Қарыздың алғашқы сомасының өсімі
- D) Өсім коэффициенті
- E) Есептеу мерзімі

34. *Есептелетін пайыздардың қосылу салдарынан қарыз сомасының өсімі*

- A) Пайыздар
- B) Пайыздық ставка
- C) Қарыздың алғашқы сомасының өсімі
- D) Өсім коэффициенті
- E) Есептеу мерзімі

35. *Алғашқы капиталдың қанша есе өскендігін көрсететін шама*

- A) Пайыздар
- B) Пайыздық ставка
- C) Қарыздың алғашқы сомасының өсуі
- D) Өсім коэффициенті
- E) Есептеу мерзімі

36. *Пайыздар есептелетін уақыт аралығы*

- A) Пайыздар
- B) Пайыздық ставка
- C) Қарыздың алғашқы сомасының өсуі
- D) Өсім коэффициенті
- E) Есептеу мерзімі

37. *Пайызды есептеу мен анықтаудың неше тәсілі бар?*

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 6
- E) 5

38. *Пайызды есептеудің қай тәсілінде пайыздар әрбір есептеу интервалының соңында есептеледі?*

- A) Декурсивті
- B) Антисипативті
- C) Жай
- D) Күрделі
- E) Дисконттау

39. *Қай пайыздарды есептеу тәсілінде пайыздар әр интервалдың басында есептеледі?*

- A) Декурсивті
- B) Антисипативті
- C) Жай
- D) Күрделі
- E) Компаудинг

40. *Өскен соманың бастапқы сомасын анықтау қалай аталады?*

- A) Декурсивті
- B) Антисипативті
- C) Дисконттау
- D) Компаудинг
- E) Уақыттық база

41. *Өскен соманың көлемін анықтау не деп аталады?*

- A) Уақыттың база
- B) Дисконттау
- C) Антисипативті
- D) Декурсивті
- E) Компаудинг

42. Есептік мөлшерлеме бойынша алынған табыс, яғни несие көлемі мен берілетін сома арасындағы айырма?

- A) Дисконт
- B) Компаундинг
- C) Уақыттық база
- D) Өсім коэффициенті
- E) Пайыздық ставка

43. Әр түрлі бастапқы жағдайда бірдей қаржылық нәтиже беретін түрлі пайыздық ставка қалай аталады?

- A) Уақыттық база
- B) Дисконттау
- C) Эквивалентті(балама) пайыздық ставка
- D) Пайыздық ставка
- E) Өсім коэффициенті

44. Қарапайым ссудалық ставка бойынша компаундинг формуласы

- A)  $n = S - P / P * i$
- B)  $S = P(1 + i * n)$
- C)  $i = S - P / P * n$
- D)  $i = S - P / P * \delta$
- E)  $I = P * n$

45. Қарапайым ссудалық ставка бойынша дисконттау формуласын тап?

- A)  $n = S - P / P * i$
- B)  $i = S - P / P * n$
- C)  $P = S / (1 + i * n)$
- D)  $i = S - P / P * \delta$
- E)  $I \square = P * n \square$

46. 5 млн. тг. көлемінде қарызды жылдық % мөлшерлемесін 20% етіп жарты жылға жай ставкамен берілген. Өскен соманы анықтау керек?

- A)  $S = 5.0$
- B)  $P = 6.5$
- C)  $P = 6.9$
- D)  $S = 5.5$
- E)  $P = 7.0$

47. Есептеуде инфляцияның қатысты шамасын қолданады. Инфляция қарқыны  $\alpha$ -ң формуласы қайсы?

- A)  $S\alpha = S(1 + \alpha)$
- B)  $Iu = (1 + \alpha m)^n$
- C)  $S\alpha = P(1 + i\alpha)$
- D)  $i\alpha = i + \alpha + i * \alpha$
- E)  $\alpha = \Delta S / S$



48. *Бастапқы қарыз сомасы 300 мың тг., 2,5 жылдан кейін жылдық % мөлшерлемесі 20% болатын күрделі пайыздық ставкамен өсім сомасын анықтау керек?*

- A) S=475.2 мың.тг.
- B) S=479.1 мың.тг.
- C) S=300.9 мың.тг.
- D) S=350.3 мың.тг.
- E) S=469.0 мың.тг.

49. *Ағымдағы активтерге салынған капитал дегеніміз не?*

- A) Негізгі капитал
- B) Айналым капиталы
- C) Қарыз капиталы
- D) Тартылған капитал
- E) Бөлінбеген пайда

50. *Айналым капиталы өндіріс процесіне қатысып неше фазадан өтеді?*

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 6
- E) 7

51. *Айналым капиталының негізгі капиталдан ерекшелігін көрсетіңіз:*

- A) Ерекшелігі айтарлықтай емес
- B) Өндіріске бір рет қатысып, өз құнын дайын өнімге толығымен ауыстырады
- C) Өндіріске бір рет қатысып, өз құнын дайын өнімге жартылай ауыстырады
- D) Өндіріс процесіне қатыспайды
- E) Өндіріске ұдайы қатысады

52. *Басқару дәрежесіне байланысты айналым капиталы жіктеледі:*

- A) Меншікті және қарыз
- B) Нормаланатын және нормаланбайтын
- C) Өндірістік және айналымдағы
- D) Ақшалай қаражаттар және дебиторлық қарыз
- E) Өте өтімді, тез және баяу өткізілетін

53. *Пайда болу көздеріне байланысты айналым капиталы жіктеледі:*

- A) Меншікті және қарыз
- B) Нормаланатын және нормаланбайтын
- C) Өндірістік және айналымдағы
- D) Ақшалай қаражаттар және дебиторлық қарыз
- E) Өте өтімді, тез және баяу өткізілетін

54. Экономикалық негізделген ТМҚ-ның минималды көлемі:

- A) Қажеттілік
- B) Ресурстар
- C) Норма
- D) Норматив
- E) Өндіріс процесі

55. Нормаланатын айналым капиталына қайсысы кіреді:

- A) Өндірістік айналым капиталы
- B) Төленбеген дайын өнім
- C) Барлық ақшалай қаражат
- D) Дебиторлық қарыз
- E) Кредиторлық қарыз

56. Материал мен жабдықтаушымен келісім-шарттағы келісім уақыты кіретін қордың негізгі түрі:

- A) Ағымдағы қор
- B) Сақтық қор
- C) Транспорттық қор
- D) Технологиялық қор
- E) Дайындық қоры

57. Материалды тасымалдау, алу және қоймаларға қою кезіндегі уақыт аралығындағы материалдар қоры

- A) Ағымдағы қор
- B) Сақтық қор
- C) Транспорттық қор
- D) Технологиялық қор
- E) Дайындық қоры

58. Айналым капиталын қаржыландыру көздерін басқаруда қолданылатын модельдерге жатпайды:

- A) Идеалды
- B) Агрессивті
- C) Компромисті
- D) Консервативті
- E) Сызықтық

59. Айналым капиталына қажеттілік неге байланысты?

- A) Нормативке
- B) Нормаға
- C) Өндіріс типіне
- D) Өндіріс процесі ұзақтығына
- E) өтімділігіне

60. *Таза айналым капиталы қалай есептеледі?*

- A) Ағымдағы активтер мен пассивтер айырмасы
- B) Жалпы активтер мен пассивтер айырмасы
- C) Жалпы активтер мен пассивтер қосындысы
- D) АК нормативіне тең
- E) АК тиімді пайдалану көрсеткішіне тең

61. *Шығындар деп нені айтамыз?*

- A) Активтердің келуі мен өндіріс шығындарымен байланысты міндеттердің артуы
- B) Активтердің келмеуі мен өндіріс шығындарымен байланысты міндеттердің артуы
- C) Активтердің келуімен байланысты міндеттердің артуы
- D) Активтердің келуі мен өндіріс шығындарымен байланысты міндеттердің болмауы
- E) Өндіріс шығындарымен байланысты міндеттердің бар болуы

62. *Ақшалай нысандағы субъект шығынына?*

- A) Еңбекақы
- B) Өнімнің өзіндік құны
- C) Жалпы табыс
- D) Негізгі құралдардың тозуы
- E) Амортизациялық аударымдар

63. *Шығындардың түрлерін атаңыз?*

- A) Материалдық және өндірістік
- B) Ақиқат және жалған
- C) Анық және анық емес
- D) Бухгалтерлік және әлеуметтік
- E) Экономикалық және өндірістік

64. *Анық шығынды көрсетіңіз?*

- A) Экономикалық
- B) Әлеуметтік
- C) Өндірістік
- D) Бухгалтерлік
- E) Қаржылық

65. *Анық емес шығынды көрсетіңіз?*

- A) Қаржылық
- B) Әлеуметтік
- C) Өндірістік
- D) Бухгалтерлік
- E) Экономикалық

66. *Шығындардың экономикалық элементтерінің біреуін атаңыз?*
- A) Негізгі құралдардың тозуы
  - B) Өнімнің өзіндік құны
  - C) Таза табыс
  - D) жалпы табыс
  - E) Салық салынатын табыс
67. *Шығындарды жабудағы қаржыландыру көздеріне қайсысы жатпайды?*
- A) Меншікті капитал
  - B) Тарту көздері бойынша
  - C) Бюджеттік және бюджеттен тыс фондтар
  - D) Заемдық қаражаттар
  - E) Сақтандыру қорынан
68. *Шығындар болады:*
- A) Тура
  - B) Ағымдық
  - C) Негізгі
  - D) Тікелей
  - E) Комплекстік және бірэлементті
69. *Мына анықтамалардың қайсысы қаржылық жоспардың мәнін білдіреді?*
- A) Ақшалай қаражаттардың ағымдағы және ұзақ мерзімді кезеңдегі түсімдері мен шығындарын көрсететін жиынтық жоспарлық құжат;
  - B) Оперативтік жоспар мақсатына сәйкес нақты бюджеттерді қалыптастыру процесі;
  - C) Корпорацияның бір жылға дейінгі мерзімге ағымдық, инвестициялық және қаржылық қызметі бойынша қаражаттардың шығындары мен түсімдерін көрсететін оперативті қаржылық жоспар
  - D) Жоспарлық бюджетпен анықталған табыстар мен шығындардың жеке көрсеткіштеріні орындалуына ағымдық бақылау
  - E) Кәсіпорынның алдағы кезеңге ақшалай ресурстарға деген қажеттілігін анықтайтын және көрсеткіштерді есептеу бойынша әрекеттердің тізбегін білдіретін жоспарлық есеп нысаны
70. *Корпорацияның бір жылға дейінгі мерзімге ағымдық, инвестициялық және қаржылық қызметі бойынша қаражаттардың шығындары мен түсімдерін көрсететін оперативті қаржылық жоспар нені білдіреді?*
- A) Смета;
  - B) Бюджеттік бақылау;
  - C) Бюджет;
  - D) Бюджеттендіру;

Е) Қаржылық жоспар

71. *Смета дегеніміз не?*

А) Жоспарлық бюджетпен анықталған табыстар мен шығындардың жеке көрсеткіштеріні орындалуына ағымдық бақылау

В) Кәсіпорынның алдағы кезеңге ақшалай ресурстарға деген қажеттілігін анықтайтын және көрсеткіштерді есептеу бойынша әрекеттердің тізбегін білдіретін жоспарлық есеп нысаны

С) Ақшалай қаражаттардың ағымдағы және ұзақ мерзімді кезеңдегі түсімдері мен шығындарын көрсететін жиынтық жоспарлық құжат;

Д) Оперативтік жоспар мақсатына сәйкес нақты бюджеттерді қалыптастыру процесі;

Е) Корпорацияның бір жылға дейінгі мерзімге ағымдық, инвестициялық және қаржылық қызметі бойынша қаражаттардың шығындары мен түсімдерін көрсететін оперативті қаржылық жоспар нені білдіреді?

72. *Бюджеттендірудің анықтамасын табыңыз:*

А) Жоспарлық бюджетпен анықталған табыстар мен шығындардың жеке көрсеткіштеріні орындалуына ағымдық бақылау

В) Кәсіпорынның алдағы кезеңге ақшалай ресурстарға деген қажеттілігін анықтайтын және көрсеткіштерді есептеу бойынша әрекеттердің тізбегін білдіретін жоспарлық есеп нысаны

С) Ақшалай қаражаттардың ағымдағы және ұзақ мерзімді кезеңдегі түсімдері мен шығындарын көрсететін жиынтық жоспарлық құжат;

Д) Оперативтік жоспар мақсатына сәйкес нақты бюджеттерді қалыптастыру процесі;

Е) Корпорацияның бір жылға дейінгі мерзімге ағымдық, инвестициялық және қаржылық қызметі бойынша қаражаттардың шығындары мен түсімдерін көрсететін оперативті қаржылық жоспар

73. *Жоспарлық бюджетпен анықталған табыстар мен шығындардың жеке көрсеткіштеріні орындалуына ағымдық бақылау:*

А) Смета;

В) Бюджеттік бақылау;

С) Бюджет;

Д) Бюджеттендіру;

Е) Қаржылық жоспар

74. *Қаржылық жоспарлау объектісіне жатпайтын нұсқаны табыңыз:*

А) Пайда және оның үйлестірілуі;

В) Мемлекеттік бюджеттік емес қорларға салымдар;

С) Өнімді сатудан түскен табыс (нетто);

Д) Шетел банктерінде ашылған шоттардағы ақшалай қаражаттар;

Е) Несиелік нарықтан тартылатын заемдық қаражаттардың көлемі

75. *Төмендегі аталған ақпараттық көздердің қайсысы қаржылық жоспарды құруда негізгі ақпарат көзі ретінде танылмайды?*

- A) Мемлекетаралық сауда-саттық бойынша ақпараттар;
- B) Өнімді тұтынаушылар мен материалдық ресурстарды және қызметтерді жабдықтаушылар арасындағы келісім-шарттар;
- C) Алдын-ала кезеңде орындалған қаржылық жоспар мен бухгалтерлік есепті талдау нәтижесі;
- D) Заңды актілермен бекітілген экономикалық нормативтер;
- E) Компания басшылығының қабылдаған есептік саясаты

76. *Құрылған жоспарлардың үздіксіз бірін-бірі ауыстырып отыруы қаржылық жоспарлаудың қандай принципін білдіреді?*

- A) Жүйелік жоспарлау принципі;
- B) Жеке бөлімшелер жоспарларының үйлесімділігі принципі;
- C) Үздіксіздік принципі;
- D) Икемділік принципі;
- E) Нақтылық принципі

77. *Қаржылық жоспарлаудың нақтылық принципіннің мағынасын табыңыз:*

- A) Кәсіпорын бөлімшелерінің жиынтығы мен олардың арасындағы байланыстың бар болуы;
- B) Компанияның әрбір қызметкері оның алатын лауазымына және атқаратын қызметіне байланыссыз жоспарлық қызметтің қатысушысы болады;
- C) Жоспарлау процесі жүйелі түрде белгіленген циклдың шегінде жүзеге асырылады және құрылған жоспарлар үздіксіз бірін-бірі ауыстырып отырады;
- D) Корпоративтік жоспарлардың максималды мүмкіндігінше бөлшектенген және нақтыланған болуы
- E) Корпорацияның қыржылық жоспарының әр түрлі болжанбаған жағдайларға байланысты бейімделіп отыруы

78. *Корпорацияның қыржылық жоспарының әр түрлі болжанбаған жағдайларға байланысты бейімделіп отыруы қаржылық жоспарлаудың қандай принципін білдіреді?*

- A) Жүйелік жоспарлау принципі;
- B) Жеке бөлімшелер жоспарларының үйлесімділігі принципі;
- C) Үздіксіздік принципі;
- D) Икемділік принципі;
- E) Нақтылық принципі

79. *Қаржылық жоспарлаудың қандай әдісі алдын-ала бекітілген нормалар мен нормативтер негізінде корпорацияның ақшалай ресурстарға қажеттілігі мен оны қалыптастыру көздерін анықтаумен байланысты?*

- A) Жоспардың есептік-аналитикалық әдісі;
- B) Жоспарлаудың нормативтік әдісі;
- C) Баланстық әдіс;

- D) Жоспарлық шешімдерді оңтайландыру әдісі;
- E) Экономикалық модельдеу әдісі

80. Қаржылық жоспардың экономикалық-математикалық әдісінің анықтамасын табыңыз:

- A) Ең тиімді нұсқаны таңдау үшін жоспарлық есептіліктің бірнеше нұсқаларын құрастыру әдісі;
- B) Алдын-ала бекітілген нормалар мен нормативтер негізінде корпорацияның ақшалай ресурстарға қажеттілігі мен оны қалыптастыру көздерін анықтайтын әдісі;
- C) Қаржылық көрсеткіштер мен оның көлеміне әсер ететін факторлар арасында байланыстың сандық көрсеткішін анықтауға мүмкіндік беретін әдіс;
- D) Өткен кезеңде жеткен қаржылық көрсеткіштер негізінде оларды болашақтағы кезеңге болжауға мүмкіндік беретін әдіс;
- E) Қолда бар қаржылық ресурстар мен оларға нақты қажеттілік арасында байланысы жеткізілетін әдіс

81. Өткен кезеңде жеткен қаржылық көрсеткіштер негізінде оларды болашақтағы кезеңге болжауға мүмкіндік беретін қаржылық жоспардың әдісі:

- A) Жоспардың есептік-аналитикалық әдісі;
- B) Жоспарлаудың нормативтік әдісі;
- C) Баланстық әдіс;
- D) Жоспарлық шешімдерді оңтайландыру әдісі;
- E) Экономикалық модельдеу әдісі

82. Корпорация және шаруашылық субъектілердің қалыптасу мен қолдануы жағынан корпорациялық қаржыда капитал қандай қатынасты көрсетеді?

- A) Қаржылық қатынастар
- B) Субъективті қатынастар
- C) Объективті қатынастар
- D) Несиелік қатынастар
- E) Салықтық қатынастар

83. Капитал салымы барысында қандай капитал пайда болады?

- A) Айналым және негізгі
- B) Бастапқы және соңғы
- C) Айнамайтын
- D) Ссудалық
- E) Нарықтық

84. Белгілі бір капитал тарту үшін қанша ақша төлеу керек екенін анықтайды...

- A) Капитал уақыты
- B) Капитал бағасы

- C) Капитал түрі
- D) Капитал объектісі
- E) Капитал субъектісі

85. Несиеге немесе облигациялық қарыз алуға кеткен қаражаты және соманың пайызы бұл?

- A) Сауда саттық процесс
- B) Меншікті капитал
- C) Қаржылық капиталдың бағасы
- D) Баланстық капитал
- E) Спекулятивті капитал

86. Қайтарымдылық, төлемділік, мерзімділік, кепілділік және кепілзатпен қамтамасыз етілу шарттарында несиеге берілген ақшалай капитал бұл...?

- A) Қарыздық капитал
- B) Кәсіпкерлік капитал
- C) Аналитикалық баға
- D) Ссудалық капитал
- E) Корпорацияның табысы

87. Пайда табу мен корпорацияны басқаруға құқықтарды алу мақсатында корпорацияның қаржылық және материалдық емес және нақты активтеріне авансталған капитал түрі

- A) Сауда саттық процесс
- B) Меншікті капитал
- C) Қаржылық капиталдың бағасы
- D) Баланстық капитал
- E) Кәсіпкерлік капитал

88. Меншікті формасына қарай капитал қалай бөлінеді?

- A) Мемлекеттік, жекеменшік, аралас
- B) Материалдық
- C) Ақшалай
- D) Несие
- E) Шетелдік, отандық

89. Мемлекеттік экономикаға қарыз тарту қандай капитал формасында болады?

- A) Бюджеттік
- B) Банктік
- C) Шетелдік, отандық
- D) Жекеменшік
- E) Баланстық



90. Қаржылық жоспарды құру неше кезеңнен тұрады:

- A) 2
- B) 3
- C) 5
- D) 6
- E) 4

91. Қаржылық жоспарды құрудың үшінші кезеңі қандай жұмыстарды қамтиды:

- A. Қаржылық жоспардың орындалуы туралы есептерді дайындау
- B. Арнайы есептеулерді жүргізу
- C. Қаржылық көрсеткіштердің базасын құру
- D. Қаржылық көрсеткіштерді талдау
- E. Қаржылық жоспарға қосымша кестелер дайындау

92. Қазақстанда қаржылық жоспарлар көбінесе қандай мерзімге жасалады:

- A) 3-5 жыл
- B) 5-7 жыл
- C) 2-3 жыл
- D) 1 жылға дейін
- E) 10 жылдан артық

93. Залалсыздық графигі нені көрсетеді:

- A) Пайдаға өндіріс көлемі мен өнімнің өзіндік құнының әсерін
- B) Табысқа салықтың әсерін
- C) Өнім көлеміне бағаның әсерін
- D) Өзіндік құнға әкімшілік шығындардың әсерін
- E) Жалпы табыстың таза табысқа қатынасын

94. Нақты инвестициялар көлемі, оларды жұмсау бағыттары мен қаржыландыру көздері қай бюджетте көрсетіледі:

- A) Таза табысты бөлу жоспарында
- B) Несиелік жоспарда
- C) Кассалық жоспарда
- D) Залалсыздық графигінде
- E) Инвестициялық жоспарда

95. Таза табысты бөлу жоспары – бұл:

- A) Жалпы және таза табысты дәстүрлі есептеу
- B) Өзіндік құнды калькуляциялау
- C) Несие көлемін белгілеу
- D) Инвестициялық жобаны бағалау
- E) Шығындар құрылымы мен қаржыландыру көздерін анықтау

96. *Кәсіпорынның қолма-қол ақша қаражаттарының айналым жоспары:*

- A) Несиелік
- B) Есептік
- C) Банктік
- D) Кассалық
- E) Инвестициялық

97. *Несиелік жоспар – бұл:*

- A) Қарыздарды алу және оларды өтеу жоспары
- B) Касса арқылы өтетін төлемдер жоспары
- C) Валюталық табыстар мен шығындар жоспары
- D) Инвестицияларды қаржыландыру жоспары
- E) Айналым активтерін қалыптастыру жоспары

98. *Валюталық жоспарды құру қандай принциптерге негізделеді:*

- A) Валюталық өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру
- B) Валюталық әділеттілік пен теңдік
- C) Валюталық табыстылық пен үздіксіздік
- D) Валюталық тұрақтылық мен болжамдылық
- E) Валюталық бөлгіштік және теңдік

99. *Айналым активтерін қалыптастыру және қаржыландыру бюджетін құру – бұл:*

- A) Активтер мен пассивтердің болжамды көлемін есептеу
- B) Меншікті капитал көлемінің өзгеруін болжау
- C) Ұзақмерзімді несиелер көлемін ұлғайту
- D) Қорлар, дебиторлық және кредиторлық қарыздардың болжамды көлемін есептеу
- E) Қысқамерзімді несиелер көлемін ұлғайту

100. *Банктік мекемелерден қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несие түрі-...*

- A) Банктік несие
- B) Коммерциялық несие
- C) Тауарлық несие
- D) Лизингтік несие
- E) Ипотекалық несие

101. *Ипотекалық несие дегеніміз-....*

- A) Банктердің бір-біріне беретін несиесі
- B) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- C) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие
- D) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

Е) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі

102. Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие-...

- А) Банктік несие
- В) Коммерциялық несие
- С) Тауарлық несие
- Д) Лизингтік несие
- Е) Ипотекалық несие

103. Банкаралық несие дегеніміз- ....

- А) Банктердің бір-біріне беретін несиесі
- В) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- С) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі
- Д) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- Е) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

104. Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие-...

- А) Коммерциялық несие
- В) Тауарлық несие
- С) Банктік несие
- Д) Лизингтік несие
- Е) Ипотекалық несие

105. Лизингтік несие дегеніміз-...

- А) Банктердің бір-біріне беретін несиесі
- В) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- С) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі
- Д) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- Е) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

106. Мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығын және мүліктің құнын толық өтемеуін сипаттайтын лизингтің түрі-...

- А) Қаржы лизингі
- В) Шұғыл лизинг
- С) Факторинг
- Д) Ипотека
- Е) Овердрафт

107. Овердрафт несиесі дегеніміз-

- А) Банктердің бір-біріне беретін несиесі

- В) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- С) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі
- Д) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- Е) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

108. *Факторинг операциясына неше тарап қатысады?*

- А) 2
- В) 3
- С) 4
- Д) 5
- Е) 6

109. *Жабдықтаушының жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем құжаттарын банкке сатумен байланысты комиссиялық –делдалдық операциясы қандай операция?*

- А) Факторинг
- В) Форфейтинг
- С) Ипотекалық
- Д) Фьючерстік
- Е) Форвардтық

110. *Форфейтингтің қатысушылары болып қайсысы табылады:*

- А) Экспортер, импортер, форвард
- В) Экпортер, факторингтік компания
- С) Экспортер, импортер, форфейтор
- Д) Факторингтік компания, клиент, кәсіпорын
- Е) Клиент, экспортер, кәсіпорын

111. *Форфейтордың экспортерға төлеуге тиісті импортердің берген төлем құжатын сатып алу операциясы бұл-....*

- А) Форвардтық операция
- В) Факторингтік операция
- С) Форфейтингтік операция
- Д) Опциондық операция
- Е) Фьючерстік операция

112. *Онкольдық несие бұл-...*

- А) Кредитордың алғашқы талабы бойынша өтелетін қысқа мерзімді несие
- В) Банкердің бір-біріне беретін несиесі
- С) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- Д) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- Е) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

113. Кәсіпорынның активтерін қаржыландырудың ұзақ мерзімді қаражат көздеріне жатады....

- A) Овернайт
- B) Ипотека
- C) Банкаралық несие
- D) Тұтыну несиесі
- E) Коммерциялық несие

114. Анықталған мерзімде анықталған сомамен стандартталған тауарларды сату және сатып алу туралы келісім шарт-....

- A) Форвардтық
- B) Факторингтік
- C) Форфейтингтік
- D) Опциондық
- E) Фьючерстік

115. Биржада тыс нарықтарда аныталған мерзімде анықталған сомамен тауарларды сату және сатып алу мәмілесі-...

- A) Форвардтық
- B) Факторингтік
- C) Форфейтингтік
- D) Опциондық
- E) Фьючерстік

116. Капиталдың бағасы дегеніміз не?

- A) Заемдық қаражаттардан құралған қаражаттар
- B) Қаржы ресурстарын пайдалану үшін төленетін қаражаттар
- C) Кәсіпорынның капитал бағасы
- D) Меншікті капиталдың бағасы
- E) Уақытша тартылған капиталдың бағасы

117. Капиталдың орташа өлшенген құны (ССК) қандай формуламен анықталады?

- A)  $ССК = \sum_{i=1}^n C_i * Y_i$
- B)  $ССК = D/P$
- C)  $ССК = \sum_{i=1}^n C_i * Y_i$
- D)  $ССК = \sum_{i=1}^n C_i * Y_i$
- E)  $ССК = \sum_{i=1}^n \frac{C_i}{Y_i}$

118. Капитал нарығындағы субъективті түріндегі кәсіпорынның бағасы қалай анықталады?

- A) Меншікті капитал көлемімен анықталды
- B) Қарыздық капитал көлемімен анықталады

- C) Уақытша тартылған капитал көлемімен анықталады
- D) Қаржы ресурстардың көлемімен анықталады
- E) Капиталдың өлшенген бағасымен анықталады

119. *Артықшылығы бар акция бойынша қаражаттың бағасы?*

- A) Төленген дивидендтер сомасы мен артықшылығы бар акция бағасының көбейтіндісімен анықталады.
- B) Төленген дивидендтер сомасының артықшылығы бар акция бағасына қатынасымен және дивидендтердің болжамлы өсім қарқынының қосындысына тең.
- C) Төленген дивидендтер сомасы мен артықшылығы бар акция бағасының көбейтіндісіне дивидендтердің болжамды өсім қарқынының қосындысымен анықталады.
- D) Төленген дивидендтер сомасының дивидендтердің болжамды өсім қарқына қатынасына тең.
- E) Төленген дивидендтер сомасының артықшылығы бар акция бағасына қатынасымен анықталады.

120. *Жай акция бойынша алдағы периодтағы қаражаттардың бағасы қандай?*

- A)  $K_{ж.а.} = \frac{D}{B_a}$ ;
- B)  $K_{ж.а.} = \frac{B_a}{D} + G$ ;
- C)  $K_{ж.а.} = \frac{D}{B_a} + G$ ;
- D)  $K_{ж.а.} = D + B_a$ ;
- E)  $K_{ж.а.} = B_a + D$ .

121. *Капиталды қалыптастыру процесінің бірінші принципі қандай?*

- A) Заем арқылы қаржыландыру;
- B) Корпорацияның даму перспективасының есебі;
- C) Капиталды қалыптастырудағы шығындардың минимизациясы;
- D) Рационалды түрде капиталды қолдану;
- E) Капиталды қалыптастыру процесін дамыту.

122. *Капитал құрылымының оптимизациялау әдістері қай шарттарға негізделеді?*

- A) Рационалды түрде капиталды қолдану шарты бойынша;
- B) Қаржы ресурстарын пайдалану үшін төленетін қаражаттарды қолдануы бойынша;
- C) Меншікті капитал рентабельділігінің таза өсімін максимизациялау шарты бойынша;
- D) Капиталды қалыптастыру процесін дамыту шарты бойынша;
- E) Қаржы ресурстардың қалыптастыру шарты бойынша.

123. Инвестор өзінің салымынан күтілетін пайданың минималды нормасы – бұл...

- A) Капитал нарығындағы субъект түріндегі кәсіпорынның бағасы;
- B) Капиталдың бағасы;
- C) Капиталдың орташа өлшенген бағасы;
- D) Бөлінбеген пайда
- E) Өнімді өткізуден түскен табыс

124. «Директ костинг» жүйесі деп нені айтамыз?

- A) Экономикалық нарықтың анықталымы
- B) Шығындардың есебі
- C) Кәсіпорынның жүйелерін басқару
- D) Өндіріс көлемінің өзгеруі
- E) Кәсіпорынның шығындарын жинақтау

125. Күнделікті шығындарға не жатқызамыз?

- A) Арендалық төлем
- B) Несиені пайдаланушылардың пайыздары
- C) Кәсіпорынның басқарылымдарына берілетін еңбекақылардың түрлері
- D) Кезең ішіндегі шығындардың өзгеруін
- E) Шығындарды баптар бойынша топтастыру

126. Мына формула  $K = \frac{\Delta Z}{\Delta N}$  қалай аталады?

- A) Шығындардың өзгеру коэффициенті
- B) Өндіріс көлемінің өзгеру коэффициенті
- C) Кезең ішіндегі шығындардың өзгеру коэффициенті
- D) Өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты шығындардың кертараптылық коэффициенті
- E) Тауарлық өнімді дайындау коэффициенті

127. Қазақстанның кәсіпорындарының осы төменде көрсетілген өнімнің өзіндік құнының калькуляциялау жүйесіне не жатады?

- A) Амортизация
- B) Реттелетін
- C) Үстеме
- D) Жоспарлық
- E) Жанама

128. Өндіріс көлеміне қатынасы бойынша көрсетілген шығындардың қайсысы жатқызылады?

- A) Негізгі
- B) Тұрақты
- C) Тікелей
- D) Кешенді

Е) Біреттік

129. *Тікелей шығындар дегеніміз не?*

- А) Өнімнің нақты бір түрін өндіретін өндіріспен байланысты шығындар
- В) Тауарлық өнімді дайындаумен байланысты шығындар
- С) Жалпы басқару мен жалпы шаруашылық әкішлік тағайындаудағы шығындар
- Д) Өнімді сатып алушыға өткізумен байланысты шығындар
- Е) Белгіленген сапа бойынша қніміді өндіруге кететін шығындар

130. *Реттелетін шығындар дегеніміз не?*

- А) Белгіленген сапа бойынша қніміді өндіруге кететін шығындар
- В) Өнімнің нақты бір түрін өндіретін өндіріспен байланысты шығындар
- С) Жалпы басқару мен жалпы шаруашылық әкішлік тағайындаудағы шығындар
- Д) Шығындар деңгейін реттеуге мүмкін және елеулі ықпал ететін шығындар
- Е) Өнімді сатып алушыға өткізумен байланысты шығындар

131. *Пайда болу кезеңіне байланысты ағымдық шығындар дегеніміз не?*

- А) Жөндеу жүргізу шығындары
- В) Бір ғана элементпен құралатын шығындар
- С) Жиі қайталанатын кезеңдік шығындар
- Д) Белгіленген сапа бойынша қніміді өндіруге кететін шығындар
- Е) Жалпы басқару мен жалпы шаруашылық әкішлік тағайындаудағы шығындар

132. *Бақылау мүмкіндігі бойынша шығындар қалай болып бөлінеді?*

- А) Реттелетін
- В) жоспарлау
- С) Өндірілетін
- Д) Бақылау
- Е) реттік

133. *Экономикалық элемент бойынша шығындарды жіктеу және оның құрылымын зерделеу мен өндіріс шығындар сметасын құру үшін қалай жүргізіледі?*

- А) Бақылау
- В) Іріктеу
- С) Қамтамасыз ету
- Д) Ұйымдастыру
- Е) ынталандыру

134. *Үстеме, аударым және еңбекақы шығындары не үшін қолданылады?*

- А) Шығындарды баптар бойынша топтастыру үшін



- В) Өзіндік құнды калькуляциялау үшін, өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құнын анықтау үшін
- С) Өндіріс шығындарын құру үшін
- Д) Шығындарды жіктеу үшін
- Е) Аударым шығындарын жүргізу үшін

135. Дағдарыс жағдайындағы кәсіпорынды қаржылық тұрақтандырудың келесідей негізгі кезеңдерін рет-ретімен орналастыр: 1) Қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіру, 2) Ұзақ мерзімді кезеңде қаржылық тепе-теңдікті қамтамасыз ету, 3) Төлем қабілетсіздікті жою:

- А) 1,2,3
- В) 2,1,3
- С) 3,1,2
- Д) 3,2,1
- Е) 1,3,2

136. Қаржылық дағдарыс жағдайындағы кәсіпорынның төлемқабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын қайта қалпына келтіруге бағытталған шаралар жүйесі:

- А) Қаржылық санация
- В) Конверсия
- С) Пролангация
- Д) Орталықтандыру
- Е) Жекешелендіру

137. Шаруашылық процесте тиімді пайдалану мақсатымен капиталды интеграциялау немесе диверсификациялау формасы:

- А) Санация
- В) Пролангация
- С) Қайта ұйымдастыру
- Д) Конверсия
- Е) Қайта құрастыру

138. Кәсіпорынды қайта ұйымдастырудың негізгі формалары нешеу?

- А) 2
- В) 5
- С) 6
- Д) 4
- Е) 3

139. Банкроттық кезінде ликвидациялық процедураларды жүзеге асыру процесіндегі қаржылық менеджменттің функцияларына жатпайтын функцияны атаңыз:

- А) Баланстық құны бойынша банкрот кәсіпорынның мүлкін бағалау
- В) Ликвидациялық массаның көлемі мен құрамын анықтау

- C) Мүлікті сатудың тиімдірек формасын таңдау
- D) Банкрот кәсіпорынның жұмысшылар санын анықтау
- E) Банкрот кәсіпорынның нақты қаржылық міндеттемелерінің көлемін анықтау

140. *Несиеге немесе облигациялық қарыз алуға кеткен қаражаты және соманың пайызы бұл?*

- A) Сауда саттық процесс
- B) Меншікті капитал
- C) Қаржылық капиталдың бағасы
- D) Баланстық капитал
- E) Спекулятивті капитал

141. *Кәсіпорындардың бірігуі салалық белгісі бойынша қандай түрлерге ажыратылады?*

- A) Горизонтальді, вертикальді, конгломератты
- B) Достық бірігу, қастық бірігу немесе жаулап алу
- C) Орталықтандырылған, орталықтандырылмаған
- D) Жеке, мемлекеттік
- E) Жоғары, орташа, төмен дәрежелі

142. *Қаржылық тұрақтандырудың механизмдерін атаңыз:*

- A) Ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді
- B) Оперативті, тактикалық, стратегиялық
- C) Горизонтальді, вертикальді, конгломератты
- D) Сыртқы, ішкі
- E) Кәсіпорындық, мемлекеттік

143. *Қаржылық дағдарысының диагностикасы –*

- A) Қаржылық талдау жүйесінің мақсатын көрсетеді
- B) Материалдық емес активтер
- C) Бір уақытта басқа да шығындарды жұмсайды
- D) Рейтинг бағалау
- E) Кеми беретін қалдық әдісі

144. *Қаржылық дағдарысының диагностикасын шешу мақсаттары мен жолдарына қарай кәсіпорынның қандай негізгі жүйелерге бөлінеді:*

- A) Кеми беретін қалдық әдісі, кумулятивтік әдіс
- B) Сақтық қор, транспорттық қор
- C) Қаржылық дағдарыстың экспресс – диагностикасының жүйесі, қаржы дағдарыстың фундаменталды диагностикасының жүйесі
- D) Кешенді жүйе, бір элементті жүйе
- E) Негізгі жүйе, үстеме жүйе

145. *Қаржылық дағдарыстың фундаменталды диагностикасы –*

- A) Вертикалды қаржылық анализ

- В) Идеалды модель
- С) Горизонталды қаржылық анализ
- Д) Кәсіпорынның қаржылық дағдарыстың дамуының бағалау жүйесінің параметрлерін негіздейді
- Е) Салыстырмалы қаржылық анализ

146. *Экспресс- диагностикасының негізгі мақсаты:*

- А) Кәсіпорынның қаржылық дағдарыстың алдын-алу дағдарыс жағдайының масштабына бастапқы баға беру
- В) Негізгі құралдарды ұзақ мерзімге жалға беру
- С) Кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметін қамтамасыз ету
- Д) Өндіріске материалды дайындау
- Е) Кәсіпорынның қаржылық дағдарысына назар аудару

147. *Қаржылық дағдарыстың экспресс – диагностикасының негізгі кезеңі:*

- А) Экономикалық элемент бойынша шығындарды жіктеу
- В) Кәсіпорынның қаржылық дағдарысын әрі қарай жетілдіру
- С) Амортизация есептеу
- Д) Кәсіпорындағы табыс пен залал туралы есеп жүргізу
- Е) Кәсіпорынның қаржылық жағдайының пайда болу қаупіне индикатор бағаларының жүйесін қалыптастыру

148. *Фундаменталды диагностиканың негізгі мақсаттарының бірі –*

- А) Қаржы коэффициентінің анализі
- В) Экспресс- диагностика кезінде пайда болған кәсіпорынның қаржылық дамуының дағдарыс параметрлерінің нәтижені бағаларын тереңдету
- С) «Дюпон моделіне» негізделген интегралды қаржылық анализ
- Д) Нарықтық факторлар
- Е) Инфляцияны анықтау

149. *Қаржылық дамудың сыртқы факторларының бірі:*

- А) Корреляциялық анализ
- В) Жалпыэкономикалық факторлар
- С) Инвестициялық факторлар
- Д) Мемлекеттің жалпы дамуының әлеуметтік-экономикалық факторлар
- Е) Операциондық факторлар

150. *Кәсіпорынның дағдарысының қаржылық дамуының ішкі факторлары*

- А) Жалпыэкономикалық, нарықтық, басқа да факторлар
- В) SAMEL әдісі
- С) Қаржылық, инвестициондық
- Д) Операциондық, басқа да факторлар
- Е) SWOT –анализ, корреляциялық анализ

151. Ақша қаражаттарын жүзеге асырудың қаржыландыру көздерінің неше формасы бар:

- A) 2
- B) 4
- C) 5
- D) 1
- E) 3

152. Ақша қаражаттарын жүзеге асырудың қаржыландыру көздерінің қандай түрлері бар:

- A) Айналым, меншікті
- B) Негізгі, қарыздық
- C) Негізгі, меншікті
- D) Меншікті, қарыздық
- E) Айналым, қарыздық

153. Кәсіпорынның материалдық емес активтерінің пайда болу көздері:

- A) Белгілі ақша сомасына сатып алу бойынша, жарғылық капиталға салымы ретінде, қайтарымсыз тарту бойынша
- B) Субсидия арқылы
- C) Субвенция арқылы
- D) Дотация арқылы
- E) Мемлекеттік бюджеттен

154. Материалдық емес активтер қасиетіне не жатады:

- A) Материалдық-тауарлық құрылымының болмауы
- B) Қолданудың аздығы
- C) Пайда әкелуінің мүмкін еместігі
- D) Белгісіздігі
- E) Ақылы, қайтарымды болуы

155. Банк қарыз алушымен несиелік келісім-шартты жасалмастан бұрын, ол қарыз алушының сенімділігін анықтау үшін келесілерді тексереді:

- A) Заңды және қаржылық несиеқабілеттілігін
- B) Заңды және жеке несиеқабілеттілігін
- C) Заңды несиеқабілеттілігін
- D) Қаржылық несиеқабілеттілігін
- E) Жеке несиеқабілеттілігін

156. Банк жабдықтаушы-кәсіпорынның негізгі есептілігіне сүйене отырып нені бағалауы тиіс:

- A) Баланс өтімділігін, қаражаттарды қолдану эффектілігі
- B) Кәсіпорынның серіктестер
- C) Әр түрлі активтерге қосымша қаражаттарды орнату тенденцияларын
- D) Жұмыскерлердің санын

Е) Инвесторлардың санын

157. Қалдық құны дегеніміз не?

- А) Материалдық активтерді негізгі құралдардың объектісі ретінде бағалауға бірыңғай көзқарас тану сәтіндегі қажетті шарт болып табылады
- В) Негізгі құралдардың физикалық және моральдік болып табылатын сипаттамаларын жоғалту процесі
- С) Негізгі құралдарды пайдалану және сыртқы факторлардың әсер ету нәтижесі болып табылады
- Д) Процесі нәтижесінде активтер, ғылым, техника дамуының қазіргі талаптарына сәйкес келмейтін жағдай болып табылады
- Е) Негізгі құралдардың бастапқы құнынан амортизациялық аударымдар сомасын игерумен анықталатын құн

158. Амортизацияның жылдамдатып есептеу әдісінің несие түрлері бар:

- А) 1
- В) 2
- С) 3
- Д) 4
- Е) 5

159. Негізгі капитал дегеніміз не?

- А) Ұзақ мерзімді активтерге салынған кәсіпорын капиталының бір бөлігі
- В) Ағымдағы активтерге салынған капитал
- С) Салық төленгеннен кейінгі табыс
- Д) Ағымдағы активтер
- Е) Кассадағы ақша қаражаттары

160. Негізгі капиталға кіреді:

- А) Материалдық емес активтер, ұзақ мерзімді инвестициялар, негізгі құрал
- В) Ақша, тауар
- С) Жарғылық қор, бөлінбеген пайда
- Д) Меншікті капитал
- Е) Айналым капиталы

161. Негізгі құралдардың қандай тозу түрлері бар?

- А) Физикалық тозу, моральдық тозу
- В) Алдындағы тозу, қазіргі тозу
- С) Күрделі тозу, жай тозу
- Д) Жаппай тозу, жартылай тозу
- Е) Моральдық тозу, жаппай тозу

162. Негізгі құралдарды жөндеудің қандай типтері бар:

- А) Капиталды жөндеу, ағымдағы жөндеу
- В) Ағымдағы жөндеу, соңғы жөндеу
- С) Бірінші жөндеу, екінші жөндеу

- D) Жаппай жөндеу, соңғы жөндеу
- E) Бірінші жөндеу, соңғы жөндеу

163. *Тозу дегеніміз не?*

- A) Негізгі құралдардың физикалық және моральдық болып табылатын сипаттамаларын жоғалту процесі
- B) Негізгі құралдардың бастапқы құнынан амортизациялық аударымдар сомасын шегерумен анықталады
- C) Активтердің қызмет ету мерзімі ішінде активтердің амортизацияланатын құнын жүйелі бөлу түрінде тозудың құндық көрінісі
- D) Негізгі құралдардың пайдалану және сыртқы факторлардың әсер ету нәтижесі
- E) Ағымдағы жөндеу, соңғы жөндеу

164. *Амортизация дегеніміз не?*

- A) Негізгі құралдардың физикалық және моральдық болып табылатын сипаттамаларын жоғалту процесі
- B) Негізгі құралдардың бастапқы құнынан амортизациялық аударымдар сомасын шегерумен анықталады
- C) Активтердің қызмет ету мерзімі ішінде активтердің амортизацияланатын құнын жүйелі бөлу түрінде тозудың құндық көрінісі
- D) Негізгі құралдардың пайдалану және сыртқы факторлардың әсер ету нәтижесі
- E) Ағымдағы жөндеу, соңғы жөндеу

165. *Амортизацияның есептеу әдістері:*

- A) Бірқалыпты, өндірістік, жылдамдатып есептеу әдісі
- B) Бірқалыпты, кумулятивтік
- C) Бірқалыпты, екіқалыпты
- D) Өндірістік, тауарлық
- E) Өндірістік, тауарлық, кумулятивтік

166. *Қаржылық дағдарысының диагностикасы –*

- A) Қаржылық анализ жүйесінің мақсатын көрсетеді
- B) Материалдық емес активтер
- C) Бір уақытта басқа да шығындарды жұмсайды
- D) Кумулятивтік әдіс
- E) Кеми беретін қалдық әдісі

167. *Қаржылық жоспарды құрудың үшінші кезеңі қандай жұмыстарды қамтиды:*

- A) Қаржылық жоспардың орындалуы туралы есептерді дайындау
- B) Арнайы есептеулерді жүргізу
- C) Қаржылық көрсеткіштердің базасын құру
- D) Қаржылық көрсеткіштерді талдау

Е) Қаржылық жоспарға қосымша кестелер дайындау

168. *Залалсыздық графигі нені көрсетеді:*

- А) Пайдаға өндіріс көлемі мен өнімнің өзіндік құнының әсерін
- В) Табысқа салықтың әсерін
- С) Өнім көлеміне бағаның әсерін
- Д) Өзіндік құнға әкімшілік шығындардың әсерін
- Е) Жалпы табыстың таза табысқа қатынасын

169. *Нақты инвестициялар көлемі, оларды жұмсау бағыттары мен қаржыландыру көздері қай бюджетте көрсетіледі:*

- А) Таза табысты бөлу жоспарында
- В) Несиелік жоспарда
- С) Кассалық жоспарда
- Д) Залалсыздық графигінде
- Е) Инвестициялық жоспарда

170. *Таза табысты бөлу жоспары – бұл:*

- А) Жалпы және таза табысты дәстүрлі есептеу
- В) Өзіндік құнды калькуляциялау
- С) Несие көлемін белгілеу
- Д) Инвестициялық жобаны бағалау
- Е) Шығындар құрылымы мен қаржыландыру көздерін анықтау

171. *Кәсіпорынның қолма-қол ақша қаражаттарының айналым жоспары:*

- А) Несиелік
- В) Есептік
- С) Банктік
- Д) Кассалық
- Е) Инвестициялық

172. *Несиелік жоспар – бұл:*

- А) Қарыздарды алу және оларды өтеу жоспары
- В) Касса арқылы өтетін төлемдер жоспары
- С) Валюталық табыстар мен шығындар жоспары
- Д) Инвестицияларды қаржыландыру жоспары
- Е) Айналым активтерін қалыптастыру жоспары

173. *Валюталық жоспарды құру қандай принциптерге негізделеді:*

- А) Валюталық өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру
- В) Валюталық әділеттілік пен теңдік
- С) Валюталық табыстылық пен үздіксіздік
- Д) Валюталық тұрақтылық пен болжамдылық
- Е) Валюталық бөлгіштік және теңдік

174. *Айналым активтерін қалыптастыру және қаржыландыру бюджетін құру – бұл:*

- A) Активтер мен пассивтердің болжамды көлемін есептеу
- B) Меншікті капитал көлемінің өзгеруін болжау
- C) Ұзақмерзімді несиелер көлемін ұлғайту
- D) Қорлар, дебиторлық және кредиторлық қарыздардың болжамды көлемін есептеу
- E) Қысқамерзімді несиелер көлемін ұлғайту

175. *Банктік мекемелерден қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несие түрі-...*

- A) Банктік несие
- B) Коммерциялық несие
- C) Тауарлық несие
- D) Лизингтік несие
- E) Ипотекалық несие

176. *Ипотекалық несие дегеніміз-....*

- A) Банктердің бір-біріне беретін несиесі
- B) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- C) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие
- D) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие
- E) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі

177. *Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие-...*

- A) Банктік несие
- B) Коммерциялық несие
- C) Тауарлық несие
- D) Лизингтік несие
- E) Ипотекалық несие

178. *Банкаралық несие дегеніміз- ....*

- A) Банктердің бір-біріне беретін несиесі
- B) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- C) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі
- D) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- E) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

179. *Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие-...*

- A) Коммерциялық несие
- B) Тауарлық несие
- C) Банктік несие



- D) Лизингтік несие
- E) Ипотекалық несие

180. *Лизингтік несие дегеніміз-...*

- A) Банкердің бір-біріне беретін несиесі
- B) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- C) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі
- D) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- E) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

181. *Мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығын және мүліктің құнын толық өтемеуін сипаттайтын лизингтің түрі-...*

- A) Қаржы лизингі
- B) Шұғыл лизинг
- C) Факторинг
- D) Ипотека
- E) Овердрафт

182. *Овердрафт несиесі дегеніміз-*

- A) Банкердің бір-біріне беретін несиесі
- B) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- C) Клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша несиенің түрі
- D) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- E) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

183. *Факторинг операциясына неше тарап қатысады?*

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 5
- E) 6

184. ....- бұл жабдықтаушының жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем құжаттарын банкке сатумен байланысты комиссиялық –делдалдық операция.

- A) Факторинг
- B) Форфейтинг
- C) Ипотекалық
- D) Фьючерстік
- E) Форвардтық

190. *Форфейтингтің қатысушылары болып қайсысы табылады:*

- A) Экспортер, импортер, форвард
- B) Экпортер, факторингтік компания
- C) Экспортер, импортер, форфейтор
- D) Факторингтік компания, клиент, кәсіпорын

Е) Клиент, экспортер, кәсіпорын

191. *Форфейтордың экспортерға төлеуге тиісті импорттердің берген төлем құжатын сатып алу операциясы бұл-....*

- А) Форвардтық операция
- В) Факторингтік операция
- С) Форфейтингтік операция
- Д) Опциондық операция
- Е) Фьючерстік операция

192. *Онкольдық несие бұл-...*

- А) Кредитордың алғашқы талабы бойынша өтелетін қысқа мерзімді несие
- В) Банкердің бір-біріне беретін несиесі
- С) Қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие
- Д) Өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несие түрі
- Е) Құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие

193. *Кәсіпорынның активтерін қаржыландырудың ұзақ мерзімді қаражат көздеріне жатады....*

- А) Овернайт
- В) Ипотека
- С) Банкаралық несие
- Д) Тұтыну несиесі
- Е) Коммерциялық несие

194. *Анықталған мерзімде анықталған сомамен стандартталған тауарларды сату және сатып алу туралы келісім шарт-....*

- А) Форвардтық
- В) Факторингтік
- С) Форфейтингтік
- Д) Опциондық
- Е) Фьючерстік

195. *Биржада тыс нарықтарда аныталған мерзімде анықталған сомамен тауарларды сату және сатып алу мәмілесі-...*

- А) Форвардтық
- В) Факторингтік
- С) Форфейтингтік
- Д) Опциондық
- Е) Фьючерстік

196. *Капиталдың бағасы дегеніміз не?*

- А) Заемдық қаражаттардан құралған қаражаттар
- В) Қаржы ресурстарын пайдалану үшін төленетін қаражаттар
- С) Кәсіпорынның капитал бағасы

- D) Меншікті капиталдың бағасы
- E) Уақытша тартылған капиталдың бағасы

197. *Капиталдың орташа өлшенген құны (ССК) қандай формуламен анықталады?*

- A)  $ССК = Ц_i * Y_i$
- B)  $ССК = Д/Р$
- C)  $ССК = Ц_i * Y_i$
- D)  $ССК = \sum_{i=1}^n Ц_i * Y_i$
- E)  $ССК = \sum_{i=1}^n \frac{Ц_i}{Y_i}$

198. *«Директ костинг» жүйесі деп нені айтамыз?*

- A) Экономикалық нарықтың анықталымы
- B) Шығындардың есебі
- C) Кәсіпорынның жүйелерін басқару
- D) Өндіріс көлемінің өзгеруі
- E) Кәсіпорынның шығындарын жинақтау

199. *Капитал нарығындағы субъективті түріндегі кәсіпорынның бағасы қалай анықталады?*

- A) Меншікті капитал көлемімен анықталды
- B) Қарыздық капитал көлемімен анықталады
- C) Уақытша тартылған капитал көлемімен анықталады
- D) Қаржы ресурстардың көлемімен анықталады
- E) Капиталдың өлшенген бағасымен анықталады

200. *Артықшылығы бар акция бойынша қаражаттың бағасы?*

- A) Төленген дивидендтер сомасы мен артықшылығы бар акция бағасының көбейтіндісімен анықталады;
- B) Төленген дивидендтер сомасының артықшылығы бар акция бағасына қатынасымен және дивидендтердің болжамлы өсім қарқынының қосындысына тең;
- C) Төленген дивидендтер сомасы мен артықшылығы бар акция бағасының көбейтіндісіне дивидендтердің болжамды өсім қарқынының қосындысымен анықталады;
- D) Төленген дивидендтер сомасының дивидендтердің болжамды өсім қарқына қатынасына тең;
- E) Төленген дивидендтер сомасының артықшылығы бар акция бағасына қатынасымен анықталады.

## ГЛОССАРИЙ

1. **Акция** - бұл акционерлік қоғамның жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және басқару ісіне қатысуға құқық беретін, сондай-ақ иесіне табыс әкелетін бағалы қағаз.
  2. **Акцияны эмиссиялау** – акционерлік қоғамды құру әдісі, компанияның жарғылық капиталын өсіру.
  3. **Ақша- эмиссиялық саясат** – инфляцияны ұстау, экономикалық өсімді реттеуге бағытталған, ақша айналымы облысындағы іс- шаралардың жиынтығы; макро реттеудің қаржылық әдістерінің бірі болып табылады. Оларға көбінесе валюталық саясатты да жатқызады.
  4. **Ақшалық активтер** – басқа жеке және заңды тұлғалардан ақшалай соманы алу құқы. Бұлар: банктегі депозит, облигациялар, акциялар, несиелер, займдар, кепілдемелер (залог) және т.б.
- б) қажетті қаржылық- есеп және құқықтық- ұйымдық құжаттар жүйесі;
5. **Бағалы қағаздардың өтімділігі немесе нарықтығы** – ұстаушы үшін олардың тез және зиянсыз ақшаға айналуы. Өтімділікті басқа да инвестициялық мақсаттармен байланыстыруға міндетті емес. Бұл тек, бағалы қағаздарды сол берілген бағада сатып алушылар табылатындығын білдіреді. Кей инвесторларға қолма- қол алу үшін бұл маңызды болып табылады.
  6. **Бағалы қағаздардың сертификаттары** – бағалы қағаздардың иелеріне облигацияның, акцияның орнына беретін құжат. Мұндай сертификаттар бағалы қағаздар болып табылмайды. Олар белгілі бір тұлғаның бағалы қағаздарды алғаны туралы куәландыратын рольді атқарады және қандай қағаздар, олардың санын, қандай бағамен және олардың иелері қандай сомаға сатып алғаны туралы мәліметтерді қамтиды. Сертификаттардың әр түрі, яғни өте үлкен номиналды құндылыққа ие джамбо-сертификат, немесе “глобальды” сертификат болып табылады.
  7. **Бағалық саясат** – баға арқылы экономикалық сфераға әсер ету. Қазіргі кезде бағалық саясаттың мүмкіншіліктері өте үлкен. Баға облысындағы саясат салықтық механизммен тығыз байланысты.
  8. **Базистік бағалар** – белгілі бір уақыт кезеңінде қалыптасқан бағалар. Олар тәртіп бойынша инвестициялық мүмкіндіктерді технико- экономикалық зерттеу стадиясында қолданылады.
  9. **Басқару функциялары** – бұл негізгі және қамтамасыз ететін функциялар. Басқарудың негізгі функцияларына координациялау, реттеу, бақылауды жатқызуға болады. Қамтамасыз ету функциясына – ақпараттық, эксперттік- талдаманы, нормативтік- әдістемелікті жатқызуға болады.
  10. **Бекітілген инвестор** – Комитетпен келісімшартқа отырған инвестор.
  11. **Болжамды бағалар** – қызметтерге, ресурстарға, өнімге бағалардың болжамды өзгеру индексіне сәйкес, инвестициялық жобаны шығарудың  $t$  жылының аяғындағы бағалар.
  12. **Бюджеттен қаржы бөлу** – бюджеттік қаржыландыру қаражаттары.
  13. **Бюджеттік саясат** – көптеген экономикалық рычагтарды қолдану бюджетпен байланысты болған соң, бұл экономиканы мемлекеттік реттеудің ең

негізгі механизмі болып табылады.

14. **Бюджеттік тиімділік** – аймақтық және жергілікті бюджеттер үшін жобаны іске асырудың қаржылық жағдайы.

в) әр түрлі салаларға және экономикалық сфераларға капиталдарды көбею мақсатымен салу бойынша жүзеге асырылатын және жоспарланатын іс-шаралардың комплексі.

15. **Диверсификация** – маңызды жоғалтулардың тәуекелділігін төмендету әдісі. Капитал көптеген әр түрлі бағалы қағаздар арасында бөліне бастаған кезде тәуекел төмендейді. Портфельге облигацияларды, артықшылықты және қарапайым акцияларды қосу – бұл бағалы қағаздардың түрі бойынша диверсификация деп аталады. Диверсификацияны экономиканың салалары, аймақтар және елдер, қарызды жабу бойынша ажыратады.

16. **Диверсификацияланатын тәуекел** – диверсификацияның есебінен алынып тасталуы мүмкін, фирманың нақты қызметтерімен байланысты инвестициялық тәуекел.

17. **Дисконттық норма** – табыстың минималды нормасы, одан төмен инвестор өзіне тиімді емес қаражаттарды салу болып табылады.

18. **Әлеуметтік талдау** – жергілікті тұрғындардың өміріне жобаның әсер ету мүмкіндігін зерттеу, олардың жобаға деген көзқарастарын бейтараптау немесе жақсартуға қол жеткізу.

19. **Ерекшеленген кепілдемелер** – қарапайым акцияның иелеріне алдында алынған қағаздардың пропорционалды құнды көлемінде жана акцияларды сатып алуға құқық береді. Мұндай құқық сатып алынатын акциялардың санын, олардың құнын, сатып алу мерзімін анықтайды.

20. **Есепті бағалар** – жалпы инфляцияның индексіне, экономикадағы немесе қызметтердің, ресурстардың, өнімнің орта деңгейдегі бағаларының өсу индексіне сәйкес, дефляторды базистік бағаға көбейту жолымен анықталатын бағалар.

21. **Жанама инвестициялар** – бұл портфельге салым, басқаша айтқанда бағалы қағаздардың немесе мүліктік құндылықтардың жиынтығы. Мысалға, әр түрлі фирмамен шығарылған диверсификацияланған бағалы қағаздардың жиынтығынан тұратын қарсы қордың акцияларын инвестор сатып алуы мүмкін.

22. **Жобаны талдау** – капиталды жобаның табыстылығын талдау. Басқа сөзбен айтқанда, осы жобадан алынатын капиталды жобаның шығындарын пайдамен сәйкестендіру.

23. **Жобаның өмірлік циклі** – жобаның пайда болу уақыты мен оны ликвидациялау кезі арасындағы кезең.

24. **Жобаның сезімталдылығы** – жобаның тиімділігі сақталатын оның көрсеткіштерінің минималды мәні.

25. **Заемдық қаржылық қаражаттар** – банктің несиелері, басқа қаржылық институттың несиесі, бюджеттік несие, коммерциялық несие, кредиторлық қарыз және т.б.

26. **Инвестициялар** – әр түрлі экономикалық сфераларға капиталды ұзақ мерзімге оны сақтау және көбейту мақсатымен салуды айтамыз.

27. **Инвестициялардың қауіпсіздігі** – инвестициялық капитал нарығындағы

жағдайларға инвестицияның әлсіздігі және табысты алудың тұрақтылығы. Әдетте қауіпсіздік салымның өсуі және табыстың зияндылығына жетеді. Ең қауіпсіз - мемлекеттік заемдарды облигацияға салу болып табылады.

**28. Инвестициялық бағдарлама** – инвестициялық жобалардың жиынтығы немесе белгілі бір мақсатты бағыттары бар ұсыныстар, масштабына байланысты мемлекеттік, аймақтық және салалық сипаттамаға ие. Кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасы инвестициялық конкурсқа ұсыну үшін тек олардың жекешелендіру жоспарына сәйкес шығарылады.

**29. Инвестициялық белсенділікті ынталандыру механизмі** – бұл салықтық, бюджеттік және қаржылық- несилік реттеудің құралдарының жиынтығы. Ол экономиканы инвестициялау үшін қажетті қаржылық қаражаттардың көбеюіне әрекет ету керек.

**30. Инвестициялық жоба** – а) жобаның мақсатына жетуді қамтамасыз ететін, істің комплексін жүзеге асырылуын болжайтын іс- шаралар;

**31. Инвестициялық жобаны шығару және құрудың этаптары** – инвестициялық жобаны іске асырудың кезеңдері: инвестициялық ойларды құру, инвестициялық мүмкіншілікті, техникалық- экономикалық негіздерді зерттеу, жер учаскелерін арендаға немесе сатып алуы, келісімшарттық құжаттарды дайындау, жобаның құжаттарын дайындау, құрылыс- монтаждық жұмыстарды іске асыру болып табылады.

**32. Инвестициялық қызметтің субъектілері** – инвесторлар, тапсырмашы, жұмысты істейтін адамдар, инвестициялық қызметтің объектілерін қолданушылар, сонымен қатар жабдықтаушылар, заңды тұлғалар және басқа да инвестициялық процестің қатысушылары.

**33. Инвестициялық сфераның құрылымы** – бұл саланың негізгі және айналымды өндірістік қорларына инвестицияларды салу ісі жүретін, капиталды құрылыстың сферасы; ғылыми- техникалық өнім және интеллектуалды потенциал шығарылатын инновациялық сфера; қаржылық капиталдың айналым сферасы.

**34. Инвестициялық тартымдылық** – берілген инвестицияланатын өндірістің қызметінің экономикалық нәтижесі базасында инвестордың кепілденген, сенімді және уақытында мақсатына жету. Инвестициялық тартымдылықтәр түрлі факторлардың комплексімен анықталады, олардың құрамы және ролі әр түрлі мақсаттарды көздейтін инвесторлардың контингентінен және инвестицияланатын өндірістің өндірісті – техникалық ерекшеліктерге байланысты өзгеруі және айрықшалануы мүмкін.

**35. Инвестициялық ұсыныс** – инвестициялық мүмкіншіліктердің нәтижесі болып табылатын құжат. Ол потенциалды инвесторға нақты жобаға қаражаттардың дұрыс бөлу шешімін қабылдау үшін жеткілікті ақпараттарды беру керек.

**36. Инвестицияны жабу мерзімі** – инвестициялық жобаның бастапқы іске асыру кезеңінен, яғни олардан тыс таза дисконтталған табыс жағымды және сол қалпында қалу, жабу кезеңіне дейін- яғни инвестициялық жобаны іске асырудың бастапқы уақытымен алғашқы инвестициялық салымдар және басқа да инвестициялық жобамен байланысты шығындар оны іске асырудағы

жиынтық шығындармен жабылатын минималды уақыт кезеңі.

37. **Инвестицияның графигі** – табыстардың әр түрлі деңгейі бойынша фирманың жоспарлаған инвестициясын көрсететін график.

38. **Инвестицияның ішкі табыстылық нормасы** – дисконттық норма, және ол бойынша келтірілген эффекттің ауқымы келтірілген инвестициялық салымға тең болуы.

39. **Инвестицияның рентабельділігі** – келтірілген эффекттің сомасын инвестицияның ауқымына қатынасы.

40. **Инвестицияның табыстылығы** – инвестициялаудың мақсаты сияқты. Егерде инвестор инвестициядан табысты максималдауға ұмтылса, онда оған қауіпсіздікпен қоштасуға тура келеді, өйткені төменгі инвестициялық рейтингтегі корпоративтік бағалы қағаздар өте табысты болып келеді.

41. **Инвестор** – инвестициялық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

42. **Инвестициялық белсенділік** – инвестициялық жобаны құру бойынша комплексті жұмыс, потенциалды инвесторлармен байланыс құру, республикалық және жергілікті өкілеттермен, салалық бірлестіктермен қарым қатынас жасау, сонымен қатар кәсіпорынның инвестициялық стратегиялары туралы ақпараттарды іздеу және таралуы.

43. **Инвестициялық қызмет** – инвестициялық процесті іске асрумен байланысты кәсіпорынның қызметі.

44. **Инновация** – негізгі капиталдың жанартылуы немесе технологияны, техниканы, ғылыми жетістіктерді енгізудің негізінде өнімді өндіру.

45. **Инновациялық инвестиция** – техника- технологиялық жаңа енгізулерді коммерциялық пайдалану, және құру процесі.

46. **Инновациялық қызмет** – интеллектуалды өнімді қолдану және шығару бойынша қызмет, жана пайда болған ойларды нарыққа шығаратын дайын тауар түріне дейін жеткізу.

47. **Инновациялық процесс** – бұл бірінен соң бірі болатын процестер. Белгілі бір идеяның нақты өнімге, технологияға немесе қызметке айналуы және шаруашылық тәжірибелерде қолданылуы.

48. **Институционалдық талдау** – құқықтық-ұйымдық, әкімшілік және де саясаттық ортаны талдау. Онда жобаның іске асырылуы қарастырылады және осы жобаның айтылған ортаға адаптациялануы әсіресе мемлекеттік ұйымдардың талаптарына. Басқа маңызды кез – фирманың ұйымдық құрылымы жобаны білуі болып табылады.

49. **Ішкі экономикалық саясат** – ішкі нарықты ынталандырудың маңызды бағыты. Ішкі экономикалық саясат келесі міндеттерді орындайды: ішкі сауданы реттеу, ішкі қаржыландыруды тарту және шетел инвестицияларын тарту.

50. **Капиталда немесе үлесті салымға қатысу**- бұл компанияның капиталының үлесіне белгілі бір уақытта меншік құқығын шектеу. Үлестік салым бағалы қағазға ие болу формасында болуы мүмкін немесе мүлікті анықтаудағы капитал меншіктігі.

51. **Капиталдың көбеюі** – тек акцияны ұстаушылар салымдарды өсіре алады. Капиталды көбейту инвестициялық мақсат болып табылады. Неғұрлым

капиталдың өсімі болса, сонша салық аз болады. Сол үшін көптеген, көбінесе жоғары салық төлейтін инвесторлар салымның табыстылығын олардың өсімін қалайды.

**52. Капиталдың құндылығы** – қолданылатын капиталға процент нормасы.

**53. Қаржы- несиелік саясат** – ҚР Ұлттық Банкінің қаржылық маневрлау әдісі бар мемлекеттің саясаты, ол қазіргі уақытта мемлекеттің экономикалық саясатын іске асыруда басты рөлде тұр. Банктік жүйе коммерциялық банктердің желісін қосады. Есеп айырысу және ақша қаражаттарын аккумуляциялау функцияларын орындай отырып, банк несиелік саясаттың тактикасын және стратегиясын анықтайтын институт болып табылады.

**54. Қаржылық (портфельдік) салымдар** – бұл акцияны және мемлекеттің, кәсіпорындардың, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын сатып алуға салым.

**55. Қаржылық салымдар** – кәсіпорынның бағалы қағаздарды алудағы, кәсіпорында үлестік қатысу, басқа да кәсіпорындарға вексельдер және басқа қарызды міндеттемелер бойынша займдар шығындары. Қаржылық инвестицияның мақсаты – табыс алу және капиталдың құнсыздануынан сақтану болып табылады.

**56. Қаржылық фьючерс** – болашақта фиксирленген бағада белгілі бір базистік активтерді сату немесе сатып алу келісім шарттары. Опционға қарағанда фьючерстік келісімшарт құқық емес, міндеттеме болып табылады.

**57. Қарызды бағалы қағаздар** – қарызға берген қаражаттарды пайыз түрінде алынатын табысқа айырбастауды куәландыратын және қарыз алушының белгіленген уақытта соманы қайтару міндеттемесін білдіретін барлық бағалы қағаздар.

**58. Қарызды міндеттеме** – инвестор мен құжатты шығарған тұлғаның (қарызгер) арасындағы қарыздық қатынасты куәландыратын құжат. Қарыздық міндеттемелерге облигациялар, мемлекеттік қарыздар, депозиттік және банктердің жинақтаушы сертификаттары, вексельдер жатады.

**59. Қарыздың шегі** – капиталдың минималды жиынтық құнын қамтамасыз ететін фирма капиталының құрылымындағы қарызға алған қаражаттың үлесі.

**60. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы** – бұл меншікті қаражаттардың қайнар көздерінің қорлары. Ауыл шаруашылық қызметі өзін өзі қаржыландыру есебінен іске асырылса, ал меншікті қаражаттар ресурстары жеткіліксіз кезінде – заемдық қаражаттар есебінен болатын нарықтың шарттарында кәсіпорынның ішкі заемдық көздерден қаржылық тәуелсіздігі маңызды сипатқа ие болады.

**61. Кәсіпорынның төлемқабілеттілігі** – кәсіпорын, қысқа мерзімді қарыздарын өзінің қаражаттарымен жабу дайындығын айтады. Төлем қабілеттілік-кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Төлем қабілеттілік бағасы айналымдағы активтердің өтімділік сипаты негізінде баланстың мәліметтерінен шығарылады.

**62. Кіші жобалар** – бұл қарапайым, масштабы бойынша үлкен емес және көлемі бойынша шектелген жобалар. Мысалы кіші жобалар: тәжірибелі-өнеркәсіптік құрылғылар, үлкен емес өнеркәсіптік- кәсіпорындар, жұмыс



істейтін өндірістің модернизациясы.

63. **Коммерциялық талдау (маркетингтік)** – инвестициялық жобаны орындаудан кейін өндірілетін өнімді сататын нарықты талдау, бұл өнімді қанша өндіру керек, және өнімнің жобасы үшін сатып алынатын нарықты талдау.

64. **Коммерциялық тиімділік** – жобаны орындаудағы қаржылық пайда болатын жағдайларды олардың бірден бір қатысушылары үшін анықтау.

65. **Қоршаған ортаны талдау** – жобаның қоршаған ортаға тигізетін, яғни мүмкін болар зиянның көлемін анықтау мақсатында қоршаған ортаны зерттеу. Берілген зерттеудің соңғы мақсаты – осы зиянды болдырмау немесе оларды азайту әдістерін ұсыну.

66. **Материалдық емес активтер** – саудалық белгілерді шығару, жерді пайдалану құқығы, өндірістік технологияларға және өнімге сертификаттарды алу, персоналдардың квалификациясын өсіру немесе қайта оқыту бағдарламаларын өткізу нәтижесінде алатын фирмалардың құндылықтары.

67. **Мегажобалар** – мақсатты бағдарламалар, бөлінген ресурстармен және олардың орындалуына жіберілген уақытпен, бірдей мақсатпен бірлескен, көптеген өзара байланысқан жобалар. Мұндай бағдарламалар халықаралық, мемлекеттік, ұлттық, аймақтық, салааралық, салалық және араласқан болуы мүмкін. Тәртіп бойынша бағдарламалар жоғарғы деңгейдегі: мемлекеттік, республикалық, облыстық, муниципалдық басқарушылықпен координацияланады, рәсімделеді.

68. **Меншікті қаржылық ресурстар** – мекеменің алғашқы салымдары, таза пайдадан, амортизациялық аударымдардан, сақтандыру резервтері есебінен құрылатын ресурстар.

69. **Несиелік линия** – белгілі бір уақыт арасында банк қарыз алушыға бере алатын несиенің максималды көлемі туралы қарыз алушы мен банктің арасындағы келісім.

70. **Опцион** - біраз уақыттан кейін фиксирленген баға бойынша иесіне белгілі бір базистік ативті сату немесе сатып алуға құқық беретін бағалы қағаз.

71. **Өндірістік бағалы қағаздар** – оның иелеріне акцияларды және арызды міндеттемелерді сатуға және сатып алуға құқық беретін бағалы қағаздар. Бұлар опциондар, фьючерсті келісімдер.

72. **Салықтық саясат** – бюджеттік саясаттың ең маңызды құралы, мемлекеттің стимулдау, сонымен қатар бөлу стратегиясын орындайды. Салықтық саясат мемлекетте ақшалай қаражаттарды аккумуляциялаудың ең негізгі қайнар көзі болып табылады.

73. **Таза дисконтталған табыс** – бастапқы қадамда келтірілген барлық есепті кезеңдегі ағымдық эффекттердің жиынтығы.

74. **Тартылған қаржылық- қаражаттар** – ағымдағы және инвестициялық қызметте қатысатын үлесті қаражаттар, бағалы қағаздардың эмиссиялануынан қаражаттар, заңды және жеке тұлғалардың, еңбек коллективінің мүшелерінің пайлық (паевые) және басқа да салымдары.

75. **Техникалық көмек** – бұл қандай да бір елге кеңес (консультация) түріндегі көмек, семинарларды өткізу, ауыл шаруашылық, энергетика және жанар- май секторы, жекешелендіру, қаржылық секторы, транспорт, телекоммуникация

және тағы да басқа бағыттарда көмек беру. Барлық техникалық көмек Халықаралық қаржылық ұйымдармен немесе донор- елдермен грант түрінде беріледі.

**76. Техникалық талдау** – берілген инвестициялық жоба үшін сай келетін техника мен технологияны анықтау.

**77. Техникалық- экономикалық зертеу** – инвестициялық жобаны шығарудың мақсаттылығын зерттеу.

**78. Тікелей инвестициялар** – ҚР тәуелсіз кепілдемелеріне байланысты және ҚР ұсынатын ресми техникалық көмек пен грантардан басқа, инвестицияның барлық түрі жатады.

**79. Тікелей шетелдік инвестициялар** – елден тыс алынған алынған материалдық активтер, ығни оған фирма жатады.

**80. Физикалық активтер** – өндірістік ғимараттар және мекемелер, машинаның барлық түрлері және 1 жыл мерзімде жұмыс істейтін құрылғылар, сонымен қатар өндірісте қолданылатын немесе өтімділікке ие басқа да барлық мүліктер.

**81. Шығындардың тиімділігін талдау** – жобаның нәтижесі құнының мағынасын бермеген жағдайда, әлеуметтік облыстардағы жобалардың және бағдарламаларды бағалау кезінде негізі осы әдіс қолданылады.

**82. Экономикалық тиімділік** – жобаны шығарумен байланысты шығындар және нәтижелер.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы конституциясы.
2. Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі. –Алматы, 1995ж.
3. Елдегі жағдай туралы және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы (тиісті жылға арналған). Республика Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы
4. «Қазақстан Республикасының Шаруашылық субъектілері туралы» 19.04.2004. Қазақстан Республикасының Заңы.
5. ҚР салық кодексі.-Алматы, 2009ж.
6. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі.
7. Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының Заңы
8. Банкроттық туралы Қазақстан Республикасының Заңы.
9. Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының Заңы
- 10.ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы.
- 11.ҚР «Бағалы қағаздар туралы» заңы.05.03.1997ж
- 12.ҚР «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заңы
- 13.Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясаты.
- 14.Құлпыбаев С.Қ.Қаржы.Оқу құралы.-Алматы, Қаржы-қаражат,2000ж.
- 15.Ильясов Қ.К,Құлпыбаев С.Қ.Қаржы. Оқу құралы. Алматы, Қаржы-қаражат,2004ж.
- 16.Финансы предприятий: Учебно-практ. пособие. Орманбаев А.Ж., Омирбаев С.М., Комекбаева Л.С.-Карағнда.Болашақ-Баспа,1998ж.
- 17.Финансы предприятий: Учебник/ Под ред.Бородиной Е.И. БИБ,1995г
- 18.Сапарова Б.С. Финансовый менеджмент: Учебное пособие / Под общ.ред.академика НАН РК, д.э.н., профессора У.Баймуратова.- Алматы: Экономика, 2008.
19. Кадерова Н.Н. Корпоративные финансы: Учебное пособие.- Алматы:Экономика, 2008.
- 20.Шеремет А.Д.,Сайфуллин Р.С. Финансы предприятий. М., Финансы и статистика,1999г
- 21.Статистика финансов: Учебник. – 2-е изд. / Под ред. В.Н.Салина. – М.: Финансы и статистика, 2003.
- 22.Т.В.Теплова. Финансовые решения: стратегия и тактика: Учебное пособие.- М.: ИЧП «Издательство Магистр», 1998.
- 23.Ковалев В.В. Финансовый анализ: методы и процедуры. –М.: Финансы и статистика, 2006.
- 24.Ковалев В.В. Введение в финансовый менеджмент.-М.: Финансы и статистика,1999.
- 25.Быкова Е.В., Стоянова Е.С. Финансовое искусство коммерции. – М. : Перспектива,1995.
- 26.Бланк И.А. Стратегия и тактика управления финансами.- Киев, 1996
- 27.Сейітқасымов Ғ.С. Ақша, несие, банктер: Оқулық.- Алматы: «Экономика», 2005.
28. Яблукова Р.З. Финансовый менеджмент М. Проспект, 2004

29. Бендина Т.Ю. Финансовый менеджмент М. Приор, 2002
30. Мазурина Т.Ю., Скамай Л.Г. Финансы фирмы. Учеб. Пос. Инфра М. 2004.
31. Рэдхэд К., Хьюс С. Управление финансовыми рисками. Пер с англ. – М.: ИНФРА –М, 1996.
32. Фатхутдинов Р.А. Стратегический менеджмент; Учебник для вузов.- 3-е изд. , - М.: ЗАО «Бизнес-школа «Интел-Синтез», 1999.
33. Планирование на предприятии. Учебник.- М.: Информационно-издательский дом «Филинь», 1999.
34. Антикризисное управление: Учебник/ Под ред. Э.М. Короткова.- М.: ИНФРА-М, 2000.
35. Балабанов И.Т. Риск- менеджмент.-М. «Финасы и статистика», 1996
36. Бланк И.А. Словарь- справочник финансового менеджера.-Киев «Ника-центр», 1996.
37. Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов. – М.: «Олимп. Бизнес», 1997.
38. Практикум по финансовому менеджменту: Учебник-деловые ситуации, задачи и решения/ Е.С.Стойнова, И.Г.Кукукина, Е.В.Быкова, В.А.Перов; Под ред. Е.С.Стойновой.- М.: Перспектива, 1995.
39. Ван Хорн Дж.К Основы управления финансами.-М.: Финансы и статистика, 2000 г.
40. Бобылева А.З. Финансовый менеджмент. Пос. по финансам для менеджеров. М: 1995г.
41. Коласс Б. Управление финансовой деятельностью предприятия: Учеб.пос. М: ЮНИТИ, 1997г.
42. Кох Р. Менеджмент и финансы: от А до Я Сп-Б 1999г.
43. Лобанова Е. Н., Лимитовский М.А. Управление финансами. М: 1995г
44. Рукина С.Н. Финансы коммерческих предприятий и организаций Учеб. пос. М. 1997г.
45. Сабанти Б.М. Теория финансов. Учеб.пос. М: 1999г.
46. Уткин Э.А. Финансовый менеджмент Учебник –М: 2001г.
47. Шеремет А.Д., Ионова .С. Финансы предприятий: Учеб. пос. М: 2008г.

**БҰЛАҚБАЙ ЖАНАТ МҰҚАНБЕТЖАНҚЫЗЫ**

**КОРПОРАТИВТІК ҚАРЖЫ**

**Оқу құралы**

Шығарушы редактор Байкадамова М.С.  
Компьютерде беттеген Аманжолова А.Д.

Басылуға 05.10.2011 ж. қол қойылды.  
Пішімі 1/16. Көлемі – 14,81. Офсеттік қағаз.  
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 645

Баспа орталығы «Профи-Полиграф»  
010000, Астана қ., Ташенов көшесі 19, тел. 8(7172) 22-81-30